Под выполнением общественного долга понимается осуществление гражданами как специально возложенных на них общественных обязанностей (например, выполняемых депутатами, членами общественных комиссий и др.), так и совершение других действий в интересах отдельных лиц, общества (пресечение правонарушений, сообщение правоохранительным органам о готовящемся преступлении).

Уголовный закон предусматривает повышенные гарантии охраны не только лиц, осуществляющих служебную деятельность или выполняющих общественный долг, но и их близких.

К близким относятся непосредственно близкие родственники: родители, дети, внуки, дед, бабушка, братья, усыновители, усыновленные, супруги (сожители). Посягательство на этих лиц совершается именно в связи со служебной или общественной деятельностью их близкого.

Совершение преступления с особой жестокостью, садизмом, издевательствами, а также мучениями для потерпевшего (п. «и» ч. 1 ст.

54 УК). Для признания совершения преступления с особой жестокостью необходимо установить, что виновный действовал не просто жестоко, а именно с особой жестокостью. Особая жестокость характеризует способ совершения преступления и личность виновного (его исключительное бессердечие, безжалостность, свирепость).

Об особой жестокости, в частности, свидетельствуют такие обстоятельства, как безразличное отношение к страданиям потерпевшего и других лиц (например, истязание матери в присутствии детей). В ряде случаев об особой жестокости свидетельствуют множество ранений, применение пыток, использование мучительно действующего яда и т.п. При совершении преступления с особой жестокостью виновный должен осознавать особо жестокий характер избранного им способа, а также желать либо сознательно допускать именно такой характер совершения преступления.

Под садизмом следует понимать ненормальную страсть к жестокости, наслаждение чужими страданиями.

Совершение преступления с использованием [оружия, боевых припасов, взрывчатых веществ](#), взрывных или имитирующих их устройств, специально изготовленных технических средств, легковоспламеняющихся и горючих жидкостей, [ядовитых](#) и [радиоактивных веществ](#), [лекарственных](#) и иных химико-фармакологических препаратов, а также с применением физического или психического [принуждения](#) либо [общеопасным способом](#) (п. «к'» ч. 1 ст. 54 УК). Использование указанных орудий совершения преступления облегчает совершение преступления, причиняет физический и моральный ущерб гражданам, свидетельствует о повышенной опасности личности виновного.

Применение физического или психического принуждения является во многих случаях способом совершения преступления, оно подавляет свободное волеизъявление потерпевшего, обуславливает достижение виновным поставленной цели. Под физическим насилием следует понимать любую форму воздействия на потерпевшего, связанного с причинением ему побоев, причинением вреда здоровью, истязаний. Психическим насилием признаются различные угрозы применения насилия к потерпевшему или к его близким и причинения материального вреда.

Совершение преступления с использованием условий [чрезвычайного](#) положения, [стихийного](#) или иного общественного бедствия, а также при [массовых беспорядках](#) (п. «л» ч. 1 ст. 54 УК). Совершение преступления при указанных обстоятельствах признается отягчающим обстоятельством, так как данные обстоятельства требуют

от граждан строгого соблюдения дисциплины, норм морали и права. Совершение, например, преступления во время пожара, эпидемии и в других условиях общественного бедствия усиливает общественную опасность действий и свидетельствует о крайней аморальности виновного. Виновный осознает обстановку общественного бедствия и использует ее для совершения преступления.

Совершение преступления с использованием доверия, оказанного виновному в силу его служебного положения или договора (п. «о» ч. 1 ст. 54 УК). Чаще такие преступления совершаются в сфере экономики (при регистрации незаконных сделок с землей, в случаях лжепредпринимательства, незаконного получения кредита и т.п.). Использование доверия может быть признано в качестве отягчающего обстоятельства наказания, если виновный использует свое служебное положение или заключенный с ним договор выставляет в качестве гаранта добросовестности и порядочности.

Совершение преступления с использованием форменной одежды или документов представителя власти (п. «п» ч. 1 ст. 54 УК). Учитывая, что использование форменной одежды или документов представителя власти может дискредитировать определенные органы власти, коммерческие и иные структуры, законодатель впервые предусмотрел данные обстоятельства в качестве отягчающих наказание. Данные обстоятельства могут помочь виновному проникнуть в хранилища, в жилые помещения, получить доступ к документации, что само по себе облегчает совершение ряда преступлений.

ЛИТЕРАТУРА

1. Юридический справочник «Законодательство», 2005г.
2. Постановление Пленума Верховного суда Республики Казахстан от 30 апреля 1999 года N 1 О соблюдении судами законности при назначении уголовного наказания; Безнасюк А.С., Толкаченко А.А. Уголовные наказания военнослужащих: теория, законодательство, практика. - М., 1999; Кругликов Л.Д. Уголовно-правовые средства обеспечения справедливости наказания. - Ярославль, 1986; Лебедев В.М., Лесниевски-Костарева Т.А. Дифференциация уголовной ответственности. Теория и законодательная практика. -М., 2000; Становский М.Н. Назначение наказания. - СПб., 1999 и др.
3. А.В. Ищенко. Назначение наказания по уголовному кодексу Российской Федерации. М., 2002. С.7
4. Шупленков В.П. Индивидуализация наказания за воинские преступления. - М.: ВПА, 1974. - С. 20.

5. Костарева Т.А. Практика назначения более мягкого наказания, чем предусмотрено уголовным законом // Комментарий судебной практики. Выпуск 4. - М.: Юрид. лит., 1998. - С. 155.

6. Брайнин Я.М. Уголовный закон и его применение. - М.: юрид. лит., 1967. -С. 199.

7. Захарян Г.С.. Соучастие и индивидуализация наказания. // Советская юстиция. 1989. № 5. – С.9.

8. Толкаченко А.А. Мотив и цель воинских преступлений по советскому уголовному праву. Дисс. канд. юрид. наук. - М.: ВКИ, 1990. С. 9-13.

9. Мельникова Ю.Б. Индивидуализация наказания с учетом личности преступника. Автореф. дисс. канд. юрид. наук. - М.: Всесоюзный институт по изучению причин и разработки мер предупреждения преступности, 1969. С.12.

10. Ткаченко В. Общие начала назначения наказания. // Российская юстиция. 1997. № 1. - С. 10.

«ПО ПРОСТОРАМ НАШЕЙ РОДИНЫ»

А.Е. ДЖУМАШЕВА

преподаватель русского языка и литературы,
Медико-фармацевтического колледжа «Даналык», г. Астана

Мы живем в замечательной стране, в Республике Казахстан, просторы ее огромны и, если бы мы захотели совершить путешествие по ее территории, то оно продлилось бы очень много времени. Я предлагаю вам отправиться в заочное путешествие по нашей стране, перелистав страницы устного журнала «Простор».

Как имя любимое, нежно и свято
Храни в себе имя любимой земли.
В ней прадедов счастье осталось когда-то,
По ней боевые победы прошли.
Твои и рассветы ее, и закаты,
Твое,
Все, что предки тебе сберегли.
Твое это небо,
Твои эти зори.
И ливни твои, и твои - ветерки.
Твои эти степи, вершины, предгорья.
Твои эти праздники, песни, стихи.

И все,
 Что лежит пред тобой на просторе,
 За это любовью своей нареки.
 Пусть будет очаг ее полон тепла.
 И если ты Родину любишь,
 Так это
 Докажут пускай не слова, а дела!

С самого рождения, с первых колыбельных песен, человек, где бы он ни жил, начинает чувствовать себя частичкой сердца своего народа, частичкой своей земли.

Моё сердце бьётся в унисон с ритмами казахской степи, родиной моих предков. Свободно блуждает взор по привольным просторам, раскинувшимся под голубым небом в сверкающем сиянии солнца. Из степи встаёт солнце, целый день идёт над степью по безоблачной синеве и заходит тоже в степи. «Лишь ты со мною, степь, - моё наследство и утешение в суете земной...»

(М.Шаханов).

Сегодня у нас в гостях – главный редактор алма-атинского журнала «Простор» Валерий Михайлов.

«Простор» — старейший литературно-художественный журнал Казахстана на русском языке. Издаётся в Казахстане с 1933 года. Тематика журнала: стихи, проза, документальная проза. Печатаются как знаменитые авторы, так и молодые гении пера.

Прошло всего 20 лет с момента обретения Казахстаном Независимости. Исторически срок сиюминутный, а для человека, его биографии – огромный.

Во-первых, поменялся имидж страны. Из «братской республики» Советского Союза, Казахстан превратился в самостоятельное государство. Новаторские инициативы, исходящие от молодой республики, заставили говорить о Казахстане весь мир. Ярким тому подтверждением стало проведение Саммита ОБСЕ в Астане в декабре 2010 года. Зимой в республике с большим успехом прошла 7-я зимняя Азиада.

Наша группа работала над проектом «По просторам нашей Родины».

Свою работу мы начали с социологического опроса.

Социологический опрос, проведенный среди учащихся колледжа, показал уровень осведомленности учащихся и наличия их знаний о своей Родине.

Предлагаем вашему вниманию проект «По просторам нашей Родины».

1. Начнем с символики РК.

Государство, не имеющее хотя бы одного из этих символов, не может считаться независимой страной.

Наш герб – это символ целостности мира и первоосновы государства – семьи, это олицетворение крылатой мечты и полета творческой фантазии, это – путеводная звезда государства.

Наш флаг – это голубое безоблачное небо – символ единения всех народов Казахстана. Это символ жизни и развития страны. Это символ широты души степного народа, готового раскрыть свои объятия всем дружелюбным народам и нациям, уважающим гордый, вольнолюбивый дух нашего многонационального суверенного государства.

Наш гимн – это торжественная песнь, отразившая всю жизнь казахского народа. В нем поется о трудностях, которые он пережил за всю свою историю, его героической борьбе за независимость. В нем звучит величие народа, провозгласившего мир и дружбу, вера в счастливое будущее.

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Г.Қ. ӘБЕНОВА

казак тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 42 жалпы білім беру мектебі,

Павлодар қ.

Қазақ қоғамының әрқашан өзін-өзі басқаруға қабілетінің мол мәдени дамуға бейім екеніне тарих куә. көкірегі ояң тындаушы, тұтас халық Абай ойларын ұлттық өмірдің күрделілігінің көрінісі, оның рухани байлығының жиынтығы ретінде мейлінше толық қабылданады.

Абай өз халқын жанындай сүйді және оның жүрегіне жол табуға бар күшін жұмсады. Абай алдына өте жауапты міндет қойды: казак халқының рухани бейнесіне сипаттама беру, оны тұтас көрсету, жекелеген жақтарына шектемеу. абай өзінің сипаттамасында казак халқын қараламайды, жоғары көтереді. оған ізгілікті өмір тілейді.

Абай қазақтардың өз дәстүрлері, құндылықтары, әдет-ғұрыптары, өмір салты барлығын көрсетіп және онымен есептесу керек екенін әрдайым атап отырады. Қандайда болмасын қорлыққа қарсы тұрған ақын, қазақты өзінің ұлттық психология бар, кемсінушілік комплексі жоқ халық, этникалық қауымдастық ретіндегі өзіндік адамгершілік сезімі бар деп уағыздайды.

Адам құндылығы: Қазіргі қоғамда Абайдың адам туралы, оның өміріндегі орны жөнінде ойлары өте жақын, өте түсінікті. Мұнда ойшылдың тұғырлы пікірі адам ақыл иесі болғандықтан да жасампаз бола алатындығы.

Жасампаздық: Адамға тән творчестволық жасампаздық қуат, дүниеге жасампаздық қатынас, білуді күштар етуге де қатынасты болуы керек. Абай адамның жасампаздық рухы туралы ойын аяғына дейін жеткізеді. Оған рухтың жасампаздық талпынысын ақтау мен зерделеу ғана емес, сол сияқты жасампаздықтың діни мәнін түсіну де қажет. Бұл арада Абай өзінің жасампаздық философиясын жасауымен де терең. Ақын қалтықсыз сенуші – діндаруш сапалылыққа: білімге, ақпейілділікке және мейірімділікке ие болуы керек дейді. Бұл адамды жетілуге әкелетін үш күш. Олар әрбір адамда о баста бар. «Бірақ ол күштердің немесе қасиеттердің дамытылуы адамның өз басына байланысты. Осы қасиеттердің әрбіреуінің жетілуі мен олардың үйлесімді қабаттасуы шынайы ынтық және берілгендік арқылы қамтамасыз етіледі. Ғылымға сенімге, өмірге-тіршілікке берілгендіктен.

Байқағыштық құндылығы: Абай шығармаларында байқағыштық өте анық көрінеді, бұл жерден біз ақынның жан-жақты ерекшеліктеріне мән беріп, тыңғылықты қарайтынын байқаймыз. Мысалы, «Қансонарда», «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы», «Жаз», «Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ», тағы басқа өлеңдерінде адам бойындағы жеке-жеке психикалық белгілерге тоқталу, күйіну т.б сезімдерден ақын шеберлікпен әртүрлі психологиялық мінездеме беріп отырады.

Материалдық құндылық.

Құмарлық – адамның бір нәрсеге қатты қызығуы. адам айналадағы заттар мен құбылыстарды көргісі, білгісі, игергісі келген кезде пайда болатын құмарлық – сезімнің пайда болуының бастапқы түрі. құмарлық жағымды немесе жағымсыз болуы мүмкін. адамның рухани, адамгершілік қабілетінің қалыптасуына кейбір ұсақ-түйек жайттармен істерге деген құмарлық оянса, жағымды құмарлық болып табылады. құмарлықтың жағымдысы да, жағымсызы да туа бітетін қасиет емес, мұның әрқайсысы тәрбиенің көзі. абайдың айтуынша, мінез – ғылым мен ақылды сақтап тұратын сауыт. Адам өз мінезін сақтауы қажет. Орынсыз құмарлық, жеңілдікке берілу сияқты әдеттен тыс мінез-құлық түрлері адам бойындағы мінездің беріктігін бұзады. Мінез – адамның дүниеге көзқарасына, снімі мен мұратына, әлеуметтік жағдайларға, сыртқы ортаның әсері мен адамның өзін-өзі тәрбиелеуінен көрінеді.

Саяси құндылықтар. Абайдың саяси көзқарастарының бір бағыты ел басқаратын, шыныққан, қырандай алыстан шалатын,

байсалды, іскерлікпен, шешендікпен қауымды аузына қарататын жайсаң жандар жөніндегі ойлар. Саясаттануда ықпалы мол алдыңғы қатардағыларға, басшыларға үлкен маңыз береді. себебі, қай дәрежеде болмасын беделділердің алатын орны саяси құбылыстарда ерекше.

Философиялық құндылықтар. Абайдың отыз сегізінші қара сөзінде кеменгерлікпен айтқаны мынау: халықта бір ұлы мақсат не болмаса бір ұлы шындық болуға тиіс. Шындық бүкіл халық үшін болуға тиіс. Мұндай шындығы жоқ халық рухани жағынан, саяси мағынада өлгенмен тең, ол халық ілгері дамуға мүмкіншілігін тауысқан деген түсінік.

Ақынның саясат әрекетіндегі ең жиіркенішпен атайтын қарадүрсіндік, тұрпайылық қасиеттер. Рухани ақсүйектілікті жоғары ұстаған Абай текке өмірді зая кетіріп, жеңілдің астымен, ауырдың үстімен жүруді биік дәрежеге рухани талаптарға сәйкес келмейтін әрдайым ескертеді. Айта кетеін жай, Абай рухтық іс-қимылды діншілдікпен шектемеген. Рухтылықтың белгілері саяси өмірдің құбылыстарын объективті түрде түсіне білуде, үкіметтік жағдаяттың барысында, адамдар арасындағы қарым-қатынастарда көрінеді.

Абай ақындыққа ден қойып, ел жайында жазған өлеңдерінде жақсы дамды ақылға еретін, бойын билеп, адам еңбек ететін «Ер кісі», қара қылды қырыққа бөлетін, әр нәрсеге өзінде йбаға беретін «Ақылды адам» бейнесінде, ары бар, ұяты бар «Үлкен адам» тұлғасында, елдің бұзылғанына қайғырып, қапа болып жүрген «Періште» кейпінде, баптап салса, алмайтыны жоқ «Қыран бүркіт» тұлғасында береді. Ал жаман адамды: адал еңбек етпейтін, ұрлық, қулық қылғанына мақтанып, көлбек қаққан «Жамандар», арам ақылды құлағына ілген көп пен дүрмектің ықпалымен жүретін «Надан», шынға сенбей, жоққа сенетін «Ақылсыз», терін сатпай, телміріп, көзін сатқан сұрамшақ «Алдармандар», шаруаға олақ, сырын түземей, сыртын түзегіш «Сидан жігіт», сабырсыз, арсыз. Еріншек, көрсе қызар «Жалмауыздар», арызқой, қалаға шапқыш «Пысықтар», бойы бұлған, сөзі жылмаң «Қулар», не өзі алуға қабілеті жетпейтін, не қыранға алдырмайтын «Күйкентайлар» мен «Қарғалар» бейнесін берген.

Білімділік құндылықтар. Жақсылар аз, онымен жағаласқан ақымақтар аяқ алып жүргісіз болған елінің жайы қабырғасына батқан Абай «Ғылым таппай, мақтанба» деген өлеңінде үлкен әріппен жазылған «Адам болу, яғни ғылымға құштар болу» мәселесін көтереді. ғылымды бүкіл азаматтың болашағы деп біледі. Оныншы қара сөзінде «Сен малды сарып қылып, ғылым табу керек. Өзің таба алмасаң балаң тапсын, ғылымсыз ақырет те жоқ дүние де жоқ .Ғылымсыз оқыған

намаз, тұтқан ораза, қылған қаж ешбір ғибадат орнына бармайды» деп ғылымды бәрінен де жоғары қояды. Әсіресе, ғылым-білімнен мақұрым қалған халқына оның ауадай қажет екенін баса айтқан. Ал, баланы қашан Адам болады деп есептеуге болады деген сұраққа отыз сегізінші сөзінде: «Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты Адам болады», - деп, баланың ғылымға деген махаббатының оянуы оның адам болуының бірінші шарты деп қараған. Абайда жақсы ұсатз «Ғылым табу» мен «Адам болу» бір-бірімен ұштасқан:

Ғылым таппай мақтанба, Адам болам десеніз, - болып келеді де, ғылым тауып, Адам болу үшін не істеу керек дегенде, Абай адам болу қағидасын ұсынады. «Ғылым таппай мақтанба» өлеңіндегі «Адам болам десеніз»қағидасы бір ғана сәттегі ақынның шабытынан туа салмаған, ойшыл ақынды көптен толғандырған терең танымынан туған ой қорытындысы екенін байқаймыз.

Қорыта келе, Абай шығармаларында келтірілген құндылықтар, яғни адами баспалдақтар Адам мәселесін тізіп, сатылайтын болсақ, былай болып шығады.

1. «Жыртқыш хайуан» (Адам баласына дұшпан, залым, ең төменгі сатыдағы адам)

2. «Мал тектес адам» (Өзі үшін ғана еңбек ететін, тәннің, құлқының құлы)

3. «Жарым адам» (Дінге де, ғылымға да берік сенімі жоқ, өзін де өзгені де алдайтын, қулықпен өмір сүретіндер)

4. «Адам» (Ғылымға махаббаты оянған «Бес асыліс» бойынан табылатын адам)

5. «Толық адам» (Үш асыл қасиетке ие: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүректі адам)

6. «Хаким» (Дүние пайдасын ойламайтын, адамзаттың болашағы үшін үлкен ғылыми жаңалықтар ашқан өзіндік ілімі, мектебі бар данышапан адам)

7. Пайғамбар.

8. Жаратушы (Тәңірі, Алла)

Ал адам болып жаратылған адамның міндеті - ең болмағанда Адам болуға, одан Толық адам болуға, Хаким, тіпті пайғамбар болуға ұмтылу.

Ұлы ақын, терең ойшыл, хаким Абайдың шығармаларында адамды рухани жағынан асқақтататын, жан дүниесін тазартып, ішкі сарайын ашатын сан тарау ой арналары бар. Соның бірі – осы тақырыбымызға арқау болған «Адами құндылықтар» белесі.

МҰХТАР ӘУЕЗОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ «НАМЫСТЫҚ ҰСТАНЫМ» КОНЦЕПТІСІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

М.Т. ӘБІКЕНОВ

Семей мемлекеттік педагогикалық институты

Поэтикалық мәтіндегі тіл мен ойлаудың өзара қатынасы ертеде философтарды бірден-бір ойландырған мәселе болғандығы белгілі. Бүгінгі таңда осы мәселе - тілші ғалымдардың күн тәртібінде тұрған өзекті мәселе. Танымдық лингвистика тіл арқылы қоршаған ортаны, адамзат қасиеттерін, қоғамдық құбылыстар мен жаратылысты танып-білудің ғылыми-төриялық негіздерін қарастырады. Қазіргі тілді зерттеуші ғалымдар сөз негізінің түп-төркініне үніліп, оның ұлттық дүниетанымдық көзқарасты бейнелейтін бірлік ретінде алып қарастырады. Карасик, Маслова т.б. орыстың тілші ғалымдары еңбектерінде «концепт» ұғымын жан-жақты зерттеп, анықтама береді.

Қазіргі қазақ тіл білімінде зерттеуші ғалымдар дүниенің тілдік бейнесін танытатын «концепт» ұғымына тереңірек үніліп, ғылыми тұжырымдамаларын жасады.

Заманымыздың заңғар жазушысы М. Әуезовтің кез келген еңбегіне үңілер болсақ, онда біз жазушы қолданған әрбір сөздің астарында терең мән жатқандығына да күмән келтірмейміз. Жазушы астарлы сөздерді қайдан алды немесе қалай қолдану жолдарын ойластыра білген деген сұраудың да жауабы жеңіл. Қазақ халқы ежелден қара сөздің хас шебері болған әрі сөздерді қолдану ерекшеліктерін жетік меңгерген. Сөз қолданысының шеберлік әдісін меңгеру үшін, қарапайым халықпен жақын болып, одан алған қасиеттер артып жығылған десек, аса көп қателесе қоймаймыз. Ең алдымен, қазақ халқының бойындағы сүйекке сіңген қасиет – адамгершілік туын жоғары ұстау немесе өзінің жоғары сезімді тіршілік иесі екендігін есте ұстау. Міне, осы аталған ерекшеліктер Әуезов шығармаларында қалай жол тапты дегенде, біз алдымен «ар немесе намыстық ұстаным» концептілерінің қолданылу ерекшеліктеріне тоқталып өтеміз. М. Әуезов шығармаларындағы «намыс» және «ар» концептілері өзіндік ерекшеліктерге иегер болып келеді. Жазушы шығармаларында кездесетін «ар», «намыс» концептілері ұлттық мінезді саралап, белгілі бір кейіпкердің мінез-құлық өзгешелігін көрсетуде де жұмсалған. Мәселен, жеке басқа тән «намыс» немесе жеке бір руға тән «намыс» т.б. «Намыс» концептісі, «ар» концептісі қазақи ортада ежелден қалыптасқан ұғым болып саналады. М.Әуезов «ар» концептісін

«сүйекке таңба салу», «салық салды», «өлімнен ұят күшті» т.б. деген тұрақты сөз тіркестері арқылы береді.

«Қодар сұмның қылығы сырт елдің алдында менің бетіме салық болса, осы елге, өз келеңе келгенде, осы отырған бәрімізге салық», «Ендеше өлімнен ұят күшті» (1,25).

Намыс, ар концептілерін адами қасиеттерді қамтитын және белгілі бір ортада өмір сүруге бейімделген адамдар санасының ойлау бірліктері мен психикалық ресурстарын, білім мен тәжірибенің бейнелі көрсеткіштерін құрайтын, хабарды құрылымдарды түсіндіруге мүмкіндік беретін танымдық лингвистиканың негізгі ұғымдарының бірі ретінде де алуымызға болады. Қазіргі қазақ тілінің қысқаша түсіндірмелі сөздігінде адами қасиеттерге соның ішінде «намыс», «ар» концептілеріне - «жеке жадының, ментальді қордың, тұжырымдау жүйесінің әрі адам санасында көрініс табатын белгілі бір ұғымның мазмұнды да белсенді бірлігі»[2,90] деген анықтама берілген. Сонымен бірге, адам баласының өзін қоршаған ортаға бейімделу ерекшелігінің нәтижесінде қалыптасқан рухани дәстүрлік ережелерін сақтау да «намыс» концептісімен тығыз түрде байланыстырылған. Мәселен, *«Қыры жоқ, қасиеті жоқ басшы болса ыбылыс, жын иектемей немеді. Адал десек, аман десек, жан берейік, ақтайық, ақыретте айыбын өз мойынымызға алайық» (1,26).* Демек, кез келген адамға тән қасиет тұжырым жасау арқылы адам ойлау әрекетін ғана жүзеге асырып қана қоймайды, ол әлемді танудың негізін құрайтын тәжірибе мен білім жүйелерін талдауды, олардың болмыс-табиғатын пайымдауды міндет етеді. Тұжырым жасау барысында адам өз санасында бұрыннан орныққан қағидаларды басшылыққа алады әрі дүниені тану, оның заңдылықтарын ой таразысынан өткізу, тың деректерді жинақтау, оларды жадыда сақтау секілді мақсаттарды да жүзеге асырады. Ойша жасалған болжам мен адам нақты көріп білген, бақылау нәтижесінде көз жеткізген фактілер өзара тығыз байланыс құрай келе, концептілер жүйесінің негізгі құрылымдық бөлшектерін қалыптастырады. Сөйтіп, субъективті тәжірибе мен объективті қоғамдық норма ұстанымдары адамның танымдық әрекетін айқындауға, оның кез келген қоғамда дұрыс бағдарлай білуіне және заттар мен құбылыстардың, ұғымдардың өзіндік ерекшеліктерін нақты айыра білуге көмектеседі. Осыған орай, ғалымдар тұжырым жасау тек теориялық ұстанымдар арқылы ғана емес, нақты антропологиялық функциялар негізінде де дәйектеледі деп есептейді. Олар маңызды концептілер -- адамның жақсы, жамандықты сезу, бақылау, пайымдау, зер салу әрекеттерімен

байланыса дамытылады деп атап көрсетеді, себебі затты я болмаса құбылысты жан-жақты тану процесі оның сыртқы формалық сипатына түсініктеме берумен шектелмейді, ол үшін оның ортаға деген көзқарасы, сезімталдық қабілеттеріне, бағалану ерекшелігіне және жалпы мақсатына да мән беріледі. Мысалы, *«Әке деп сый қоруден қалсын. Біржолата жат болсын деген мінез гой. Осынишалық қыруар жанды құрым санамаған гой. Шешемен неге ақылдаспады? Өмір бойғы жолдасы сендермен неге санаспайды? Сонда Абай біртүрлі қатты түршігіп, жиреніп кеткен» (1,334).* Осыған орай, адамның «намыс», «ар», «ұятқа» қатысты танымдық ерекшелігін сипаттар концепттік жүйе қазіргі лингвистикалық ғылымда 3 түрлі негізде айқындалады:

1. «Намыс» концептісі - адам ойының негізгі мәдени көрсеткіші ретінде; яғни барлық мәдени құндылықтар жекеленген концепттер мен олардың қарым-қатынасының жиынтығы деп танылатын тұжырым арқылы дәйектеледі;

«Намыс» семантикасы концепт мазмұнын айғақтайтын бір ғана құрал деп есептеледі, сондықтан ғалымдар аталмыш терминді когнитивті семантика элементі есебінде де қарастырады.

Д.С.Лихачев, Е.С.Кубрякова сынды ғалымдар концепт сөз мағынасынан туындамайды, ол адамның жеке және халықтық тәжірибесінің сөз мағынасымен «қақтығысуының» нәтижесі болып табылады деп дәлелдейді.

Жалпы, «ой тұжырым» (концепт) термині 1928 ж. алғаш қолданылған. Онда ол ой құрылымы деп қарастырылады. Қазіргі таңда бұл ұғымның аясы кеңейе отырып, анықтама шеңберінде адамның барша психикалық ресурстары, сана қызметі, жинақталған тәжірибені танытар құрылымдар сөз болуда. «ой тұжырымы — ес-жадының, концептуалды жүйенің, адам психикасында көрініс тапқан әлемдік бейненің, ментальді қордың оперативті бөлшегі» болғандықтан, оның негізінде тіл біліміне концептуалды жүйе, концепттік аясында ұғымдар да қалыптасып, кеңінен қолданыс тауып отыр. Тілшілер концептуалды жүйені «адам ақылы менгерген барша тұжырымдар жиынтығының ментальді деңгейі» деп сипаттаса, концепттік ая деп белгілі бір тілде сөйлеуші тұлғаның дүниетанымын қалыптастыратын, универсалды немесе жалпыхалықтық ілімдер мен жеке индивидуалды танымның сабақтасуынан жинақталатын тұжырымдарды атайды (3,36).

«Жер ашуы-жан ашуы», «Бұдан арым садағам», «Бөкенші, Борсақ Құмадан туып па?», «Қашанғы шыдаймыз», «Қорқа,қорқа тапқаның осы гой», Бұға, бұға болдыңдар», «етекбасты қып өлтіресіңдер» т.б. (1,76).

Е.С.Кубрякова тілдік құрылымдар арқылы айқындалатын концептілер тізбегін 2 түрлі бағытта қарастыруға болады деп атап көрсетеді:

- дүние туралы мағлұматтарды ұсыну, көрсету бағытында;

- адам санасында белгілі бір мазмұнға сәйкес және әр түрлі жағдайларға қатысты деректерді жинақтау бағытында. Ол адам ойын тек тілдік құралдар ғана емес, бейвербалды қимыл-әрекеттер де білдіре алады, себебі олар адамның логикалық заңдылықтарға бағынған әрекеттерінің нәтижесі болып табылады деп есептеді [4,112]. Осыдан келіп, когнитивтік лингвистикада «концепт», «ұғым» және «мағына» сөздерінің ара-жігін ажырату қажеттігі туды. Бастапқы кезде өзара мағыналас, синонимдес деңгейде қарастырылған бұл терминдер, кейін тек мазмұны жағынан ғана емес, әдіснамалық тұрғыдан да, ғылыми жүйеге қатыстылығы тұрғысынан бөлшектеніп талданатын болды. Біріншіден, ұғым — объектінің танып білген белгілерінің ғана жиынтығы делінсе, концепт — кез келген ұғым емес, ментальді ұлттық сипаттағы құрылым, белгілі бір мәдениеттің табиғатын ашуға көмектесетін күрделі механизм ретінде анықталды; екіншіден, ұғым логика мен пәлсапа терминдері қатарында қабылданса, концепт математикалық логика, мәдениеттану, лингвомәдениеттану, когнитивті лингвистика ғылымдарының нысанын құрады; үшіншіден, концепт пен мағына айырмашылығы да екеуінің ұғымдық арақатынасымен дәйектеледі: «концепт шынайы объектінің әлдеқайда тұрақты танымдық көшірмесі іспеттес, өйткені мағынаға қарағанда, ол қоршаған ортамен еркін байланысқа түсе алады, ал сөз бен оның мағынасы, керісінше, сол концепттің бір бөлшегі деп қабылдану керек. Дегенмен, өзге танымдық әрекеттер секілді концепттік тану да, негізінен, тек тілдік құралдар арқылы, яғни сөз, сөйлем, дискурс құрылымдарымен бірлікте ғана жүзеге аса алады»[1,30].

«Концепт сөздердің беретін ұғымын түсіну арқылы жеке бір адамнан бастап, қоғамдық топтардың, бүкіл бір ұлттың, халықтың ой-өрісінің, дүниетанымының ерекшеліктері айқындалады» [5,2] — деп есептеген Б.Тілеубердиев «топонимдердің концептілерін талдауда «адам», «кеңістік», «жан-жануар», «өсімдік» ұғымдарына тоқталды, оларды «мәдениеттің ментальдік ұясы» тұрғысынан зерделеді, ал тілші М.Т.Күштаева «концептілік талдау тәсілдері мен принциптерінің түрліше сипатта болу мүмкіндігін» ескерте отырып, «Тар мағынасында концептілік талдауды екі мағынада түсінуге болады: мәдени құбылыстың, ұғымның немесе мәдени қабаттың концептілердің көмегі арқылы талдануы; сөздерді мәдени құбылыс ретінде қарау арқылы олардың

прагматикасы мен семантикалық құрылымының талдануы» [6,12] деген тұжырыма келді. Ол «концептілік талдау деп тілді қолданушының әлем туралы түсінігінің ерекшеліктерін сөз арқылы ашатын тілдік талдауды» атады. Демек, ғалым А.Ислам атап көрсеткендей, «лингвомәдениеттануда концепт жалпы бір ұлт мәдениетінің басты элементі, адамның ментальды әлемінің басты ұяшығы деп танылды», ол «...этномәдени санада сақталған, белгілі бір ұлттың ұрпақтан ұрпаққа берілетін ықшам әрі терең мағыналы шындық болмыс, ұлттық мәдени құндылықтары жөніндегі сан ғасырлық түсінігін білдіретін құрылым»[7,15] болып табылады. М.Әуезов шығармаларында «намыс», «ар», «ұят» концептілері адамның мәдениеттілікке, ізгілікке негізделген сапалық қасиеттерін де молынан қамтыған. Мәселен, *«Қонағыңның отымен кіріп, күлімен шық. Ердің сыны шабуыл мен шаптығуда емес – кішіпейіл, мейірде деген әже сөзі есінде, намыстанған жоқ»* (1,282).

Лингвомәдениеттануда «концепт» жалпы белгілі бір этнос мәдениетінің басты элементі, адамның менталды әлемінің басты ұяшығы деп танылады. С.Г.Воркачевтың пікірі бойынша «мәдени концепт – тілдік бейнесі және этномәдени ерекшелігі бар ұжымдық білім/сананың бірлігі»[3,48]. Концепттің орыс мәдениетіне қатысты Ю.С.Степановтың «орыстардың және орыс қоғамының рухани өмірінің ұжымдық қазынасы»[2,57] деген анықтамасын басқа мәдениеттер контексті негізінде де қолдануға өбден болады.

А.Б.Әмірбекованың ғылыми зерттеуінде концепт мәселесі қарастырылып, концепттің лингвомәдениеттану, лингвокогнитивтік, психолингвистикалық салаларында өзара ұштасатын қасиеттері айқындалады. Аталған ғылым салаларында концепт әр деңгейде ұғынылатындығы сөз болады. Концепт когнитивтік тіл білімінің басты термині ретінде қаралады. Зерттеушілер концепт лексикалық мағынаға қарағанда ауқымы кең дүние,-деп таниды [6].

«Концепт» пен «ұғым» терминдері ішкі формасына қарай бірдей: концепт латынның «ұғым» сөзінің калькалық аудармасы. «Көркем мәтіндегі ұлттық мәдениеттің тілдік релеванттары» атты зерттеу жұмысында Ш.Елемесова: «Бірақ қазіргі таңда екі ұғымның да өзіндік ерекшелігі байқалуда. Егер ұғым танылатын объектінің, мазмұнды қасиеттерінің жиынтығы болса, ал концепт — ұлттық болмысқа негізделген ментальді білім жиынтығы. Оның мазмұн межесі - объект туралы ұжымдық, тұлғалық санадағы барлық білімі ақпараттар шоғыры болса, тұрпат межесі - тіл бірліктерінің жүйеленген көрінісі (лексикалық, фразеологиялық, паремиологиялық т.б.). Концептіні белгілі бір мағына бере

алатын, әлемді танытатын таңба ретінде қарастыруға болады» -дейді[7]. Концепт ретінде барлық ұғымды ала алмаймыз, тек белгілі бір мәдениетті тануда қолданылатын және автор үшін маңызы зор деп танылатын күрделі ұғымдарды, ең бастысы жалпыадамзаттық, жалпыхалықтық, жалпыұлттық құндылықты таныта алатын ұғымдарды тани аламыз. Мысалы, қазақ халқы үшін *киіз үй, шаңырақ, қамшы, ту, дала, кеш, бөрік, бесік, домбыра, тұмар* т.б сөздер лингвомодени бірлік ретінде ұлттық-мәдени концепт деп таныла алады. Ал В.А.Маслова орыс халқы үшін *баспалдақ, қоңырау* лингвомедени бірлік ретінде мәдени концепт деп танылатындығы айтады. «Балалық шақ» концептісі *қара борбай кез, шыбықты ат қып мінген кез, балық аулаған кез* деген ситуациялармен беріледі. Соның ішіндегі «қара борбай кез» лингвомәдени бірлік ретінде ұлттық-мәдени таным тұрғысынан концептілік құрылымның бір компонентін құрап тұр.

Ал намыс, ұят, ар, абырой концептілері қоршаған ортаның берген тәрбиесінен бастау алады.

Концепт пен ұғымның басқа да өзгешеліктері бар: ұғым өз бойына мәнді, маңызды белгілерді жинайды, ал концепт — бұнымен қоса, мәнді емес қасиеттер де қамтиды. Ұғым құрылымына қарағанда концепт құрылымының шеңбері едәуір кең. Концепт пен ұғымды оның құрылымдары арқылы ажыратуға болады. Ұғым құрылымында тек мазмұндық элементтер болады, оған концептілік құрылымдағы барлық элемент ене бермейді. Концептінің әрқашан эмоционалды, экспрессивті, бағалауыш сәулелері көрінеді (В.А. Маслова). Яғни концепт бойынан адамның объект (дүние) туралы жағымды, жағымсыз бағасы, әсері, эмоциясы, ойы, танымы көрінеді.

Тіл білімінде концепт кешенді қолданыстағы ұғым болғандықтан, әр қырынан тануға мүмкіндік туады.

Лингвомәдениеттаным аспектісінде, концепт— ақиқат дүниенің санадағы ұлттық-мәдени, рухани, этикалық, әлеуметтік танымын айқындайтын бірлік ретінде танылады.

Психолингвистикалық аспектіде, концепт— ақиқат дүние туралы психикалық қабілеттер (қабылдау, жадыда сақтау, көру, есту, ұғыну, сезу) арқылы қабылданған алғашқы ментальді түсініктер ретінде танылады.

3. Лингвокогнитивтік аспектіде, концепт - ақиқат дүниенің санада жан-жақты жинақталып тұжырымдалған ақпараттары (денотатты, стереотипті, ассоциативті, ситуациялардың қабылдануы) мен когнитивтік

семантикасы арқылы танылған көрінісі (бейнесі). Әрбір концепт тіл арқылы көрніс табады, концептіні танытуда тілдік семалар қызмет атқарады. Концепт ұғымына берілген тұжырымдарды зерттеу нәтижесі концептіні танытатын мынадай қағидаларды ұсынуға негіз болды:

концепт ақиқат дүниенің құндылықтарын танытады;

концепт құрылымы санада ақиқат дүниенің мазмұнын беруде стереотиптік танымда (мысалы, *күз — «күрең күз», «салқын кез», «құстар қайтқан кез»*) және стереотиптік емес танымда (мысалы, *күз — «ағаштар сырға таққан кез», «есейгенімді сезінетін кез»*) таңбалады.

концепт тіл арқылы көрініс табады;

концепт тұлғаның білімі деңгейін танытады;

белгілі бір ұлттың мәдени деңгейін көрсетеді;

әрбір ұлттың танымдық белгілерінің мазмұнын айқындайды.

Мысалы: қазақ халқында танылған *«шаңыраққа қара ту тігу»* фреймі өлім концептісін объективтендіреді. Ал, *«абыройдан айырылды»* ұғымы атақтан айырылды деген ұғымды ғана емес, ар-ұяттан жұрдай болды деген түсінікке де иегер.

тұлғаның өзіндік танымдық стилін айқындайды.

концепт — адам тәжірибесіндегі идеалды түсініктің ең кішкене бірлігі.

концепт — білімді тарату, сақтау және оны өңдеудің негізгі бірлігі.

- концепт - белгілі бір мәдени болмыстың негізгі ұясы.

Ал, «намыс», «ар», «ұят» концептілері адамның психикалық жағдайларымен де тығыз байланысты. Сондықтан жоғарыда атап кеткендегіміздей, бұл көрсетілген концептілер тек, мінез-құлықты ерекшелуге ғана қызмет атқарады. Ал, мінез ерекшелігін тек, жеке адаммен ғана шектеп қоймаймыз, оны бүкілхалықтық, ұлттық немесе туысқандық тұрғыдан да саралауға болады. Әрі бұл ерекшеліктер замана ағымына қарай өзгеріп отырады. Мәселен, жазушы Әуезов 19-20 ғасыр аралықтарында өмір сүрген адамдардың ұлттық мінез ерекшеліктерін ««намыс» концептісі аясында қамтыса, 20-21 ғасыр жазушылары өз заманына тән адамдардың «намыс» концептісіне сәйкестіктерді көрсеткендіктері де белгілі.

Қорыта келгенде Мұхтар Әуезов шығармаларында «намыс» концептісі – «намыс, намыскерлік, намысқойлық, намыссыздық, намыстылық, намысшылдық, ар-ұят, абырой, абройсыздық» т.б. сөздері арқылы алмасып қолданылып отырады. Сонымен қабат қазаи тәрбиемен, ұлттық рухпен тығыз байланыста болып келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. А., 1979.
2. Жанпейісов Е. Этнокультурная лексика казахского языка (на материалах произведений М. Ауэзова). А., 1989.
3. Әбікенова Г.Т. Когнитивтік лингвистика. Семей., 2006.

НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ИССЛЕДОВАНИЯ СРЕДНЕГО КЛАССА КАЗАХСТАНА КАК СУБЪЕКТА МОДЕРНИЗАЦИИ

Г.Ж. ЕЛЬМУРАТОВ

к.п.н., доцент., Павлодарский государственный университет им. С.Торайгырова

Процесс формирования среднего класса как важного фактора общественной стабильности и прогресса государственности находится в тесной взаимосвязи с процессом политической модернизации общества.

Наиболее распространенным мнением является, что средний класс представлен малым и средним бизнесом. Число малых и средних предприятий в Казахстане по годам развивалось неравномерно. Так, на основании статистических данных, ежегодный рост числа малых предприятий составлял: в 1995 г. -21260, 1996 г. -17539, 1997 г -21907, 1998 г.-31145, 1999 г - 32587, 2000 г.-33778. 2001 г - 39590, 2002 г.-42516, 2003 г.-46194, а численность малых, средних и крупных предприятий на 1 июля 2003 г. достигла 182796. Из этих данных видно, что доля малых предприятий в общем количестве хозяйствующих субъектов Казахстана неуклонно возрастает, и в 2003 г достигла 93,3% (для сравнения - в 1998 г. - 86,6%), а в 2006г составила 569 тыс. [1].

Кроме того, потенциал развития малого и среднего бизнеса в Казахстане не исчерпан: развитие малого предпринимательства в 2006-2008 гг. стало одним из индикаторов успешного развития экономики. Это же утверждение справедливо и для среднего класса в республике: «особенность нынешней экономической и политической ситуации в нашей стране такова, что в последние годы многие наши сограждане... достигли по своим доходам уровня среднего класса. По данным статистики, сегодня у каждого седьмого казахстанца есть реальная возможность проводить ежегодный отдых где-то за границей» [2].

Безусловный интерес, с нашей точки зрения, представляет эконометрический анализ, выполненный исследователями С.Ж.Мауленовой, Р.Т.Кельтеновой, которые рассчитывали динамику формирования среднего класса в Казахстане. С точки зрения ученых,

говорить о существовании среднего класса можно при выполнении трех важных условий: 1) Он должен составлять половину населения страны; 2) Ему должно принадлежать не менее половины национального богатства; 3) Ему должны принадлежать значительные объемы личной собственности и объекты производственного назначения.

Исследователь Т.Притворова, основываясь на качественно-описательном характере материального благополучия, отмечает, что «самоидентификация представителей среднего класса на текущем этапе рыночных преобразований тесно увязана именно с материальным благосостоянием... Такие направления государственной экономической политики, как стимулирование развития малого бизнеса... формируют одну из базисных составляющих среднего класса»[3].

Эффективная социальная политика играет определяющую роль в развитии средних слоев. «Формирование среднего класса в Казахстане возможно прежде всего на основе повышения уровня трудовых доходов и получения новых рыночных источников доходов»[4].

Однако, как нам представляется, для активного формирования среднего класса в Казахстане существует ряд препятствий, среди которых наиболее характерными являются административные барьеры, неэффективная налоговая политика, несовершенная нормативно-правовая база и др.

Как показывает мировой опыт, неравенство в распределении доходов объективно существует в каждой стране, но не надо забывать, что острота дифференциации населения по имущественным признакам, уровню дохода сглаживается не за счет увеличения доли крайних групп, то есть наиболее бедных и наиболее богатых, а за счет увеличения доли средних слоев населения.

В Казахстане средний класс весьма разнороден, помимо представителей частного бизнеса можно указать и на другие группы населения - интеллигенцию, квалифицированных рабочих, научно-технический персонал, управленцев государственных и общественных структур. С точки зрения исследователей среднего класса, «системообразующим ядром среднего класса в перспективе будет слой инженерно-технических работников, с которым связан научно-технический прогресс общества»[5].

В данном аспекте возможно использовать обобщающий критерий для идентификации среднего класса который представлен группой людей, занятых умственным трудом в различных сферах материального и нематериального производства, в состав которых входят многочисленный административно-управленческий персонал,

выполняющий контрольно-распорядительные функции, а также работающие как в частном, так и в государственном секторах экономики. Казахский исследователь Азирханов Б. делает вывод, что «для Казахстана необходимо обратное терминологическое применение терминов «старый» и «новый» средний класс. Те слои населения, которые для западных стран являются «старыми» средними слоями, в Казахстане представляют собой новый страт» [5, с.78].

Российский ученый В. Иноземцев замечает, что на протяжении последнего столетия структура западных обществ определялась в самых общих чертах наличием двух основных классов индустриального общества - предпринимателей (буржуазии) и наемных рабочих, а также так называемого «среднего класса», к которому принято относить широкую группу достаточно обеспеченных и социально защищенных граждан. Общественная стабильность достигалась на той основе, что предприниматели и наемный персонал имели одинаковые мотивы поведения в социальном пространстве, стремясь в первую очередь к увеличению своего материального благосостояния, в то время как средний класс оставался до известной степени инертным [6].

Формирование среднего класса, который во многих экономически развитых государствах занимает 70-80 % населения страны, является важнейшим фактором стабильности общественной жизни. По мнению одного из исследователей среднего класса Казахстана К. Сагадиева: «Расслоение населения на бедных и богатых становится одной из главных опасностей для стабильности общества (особенно в переходные периоды), если запаздывает оформление среднего элемента общественной структуры, который выступает амортизатором, смягчая силовые действия классов-оппонентов» [7].

Средний класс - это новое звено в структуре общества, возникшее в век научно-технической революции; он несет в себе функции не только для прогресса общества, но и политической системы. Мировой опыт показывает, что средний класс, в лице прежде всего представителей малого и среднего бизнеса, является опорой не только в социально-экономических реформах, его развитие занимает особое место в процессе политической трансформации общества, а также включения в международную интеграцию и глобализацию.

Президент РК Н. Назарбаев отмечает, что «когда в Казахстане в малом и среднем бизнесе будет задействовано 50-60 % трудоспособного населения, не будет зависимости от экспорта нефти и металлов, когда мы добьемся стабильности в обществе, тогда можно будет говорить о роли среднего класса» [8].

К примеру, в ВВП Японии доля малого и среднего бизнеса составляет 80% [9].

Как считают исследователи В.И.Пантин и В.В.Лапкин, в постсоветских обществах критерием выделения среднего класса в большей мере служат профессионализм, уровень образования и квалификации, тогда как роль уровня доходов менее значим, особенно в сравнении с западными странами. В рядах представителей среднего класса в меньшей степени распространены ориентации и ценности, связанные с государственным патернализмом, представления о государстве как единственной силе, от которой зависят жизнь и благополучие граждан, и в большей – приверженность политическим и экономическим правам и свободам [10].

Подводя итоги изложенному, следует, как нам представляется, выделить два основных подхода к изучению среднего класса в современной социально-политической науке. Первый в основном опирается на опыт изучения социальной структуры западноевропейского общества, в котором к среднему классу относятся высококвалифицированные служащие, менеджеры, мелкие и средние частные собственники, большая часть фермеров, лица, владеющие интеллектуальной собственностью, высококвалифицированные рабочие, большая часть ученых, инженеров. Второй подход в качестве критерия отнесения людей к среднему классу определяет их положение – «срединное»- в социальной структуре общества. В рамках такого подхода средний класс выделяется на основании самоидентификации и уровня доходов. В данном случае к среднему классу, или к средним слоям, по определению некоторых исследователей, причисляется достаточно широкий круг населения. Это приводит к тому, что под определение среднего класса попадают представители маргинальных слоев.

С нашей точки зрения, более прогрессивным представляется первый подход, как предполагающий целый ряд мер и усилий государства и общества в направлении повышения образования, квалификации, социального статуса и т.д., с целью увеличения численности среднего класса, а также, что немаловажно, его качественного состава. Очень важным, на наш взгляд, является стимулирование роста численности среднего класса путем поддержки малого и среднего бизнеса. Как нам представляется, в этом случае, во-первых, произойдет количественное увеличение средних слоев за счет индивидов, решивших заняться бизнесом, а также за счет увеличения числа наемных работников, занятых на таких малых и средних предприятиях и получающих достаточный для «среднего уровня» доход. Во-вторых, что также

немаловажно, постепенно сформируются присущие среднему классу, как экономически достаточно обеспеченному страту, определенная идеология и менталитет, носителями которых являются прежде всего предприниматели, для которых характерно стремление к инновациям, что позволит средним слоям реализоваться как политическим акторам.

ЛИТЕРАТУРА

1. Малый бизнес в Казахстане: статистический сборник / Агентство РК по статистике. – Алматы, 2007. – С. 19.
2. Малдыбаев С. Ты записался в средний класс? // Казахстанская правда. – 2009. – 17 января. – С. 6.
3. Притворова Т. Средний класс в Казахстане: идентификация, характеристика, развитие // Экономика и статистика. – 2003. – № 1. – С. 52.
4. Гайсина С. Система социальных показателей и индикаторов: теоретические и методические основы построения // Экономика и статистика. – 2004. – № 2. – С. 3.
5. Азирханов Б.А. Основные приоритеты государственной политики РК по формированию среднего класса: дисс. канд. полит. н. – Алматы, 2002. – 133 с.
6. Иноземцев В.Д. Возвращение Европы. В авангарде прогресса: социальная политика в ЕС // Мировая экономика и международные отношения. – 2002. – №2. – С. 3–14.
7. Сагадиев К. Реформы: аналитический взгляд: (статьи, письма, интервью). В 3 кн. Кн 1. – Алматы: НП ПИК «GAUHAR», 2006. – С.169.
8. Абсалямова Н. Национальная идея: дружба, братство, равенство // Казахстанская правда. – 2001. – 20 января. – С. 3.
9. Пронин С. О приоритетах социальной политики / С. Пронин, В.Люблинский, Р.Цвильев // Общество и экономика. – 2000. – №8. – С. 27–36.
10. Пантин В.И. Средний класс в процессе трансформации / В. И. Пантин, В. В. Лапкин // Полития. – 2000. – № 1. – С. 110.

ОРАЛХАН БӨКЕЕВТИҢ «АТАУ-КЕРЕ» ПОВЕСИНДЕГІ КОНЦЕПТІЛЕР

А. ЕҢСЕБАЕВА

студент, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Концепт – бұл белгілі бір ұлттың санасында сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа берілетін, ұлттық мәдени құндылықтар жайлы ықшам да

терең мағыналы түсінік беретін құрылым. Ол адам санасының ойлау бірліктерін, өмірлік білімі мен тәжірибесінің бейнелі көрсеткіштерін құрайды, жалпы бір ұлттың мәдени деңгейін көрсетеді. Концептілер рухани мәдениеттің басты ұғымдарын оның элементтері ретінде танбалай отырып, олардың мән-мағынасын қамтиды.

Дж.Лакофф, А.Вежбицкая, Ю.С.Степанов сынды ғалымдар концептіні ұғыммен қатар қояды. Ю.С.Степановтың түсіндіруінше, «мәдениеттің ұйытқысы» бола отырып, концепт экстралингвистикалық, прагматикалық, яғни тілден тыс ақпараттарды білдіреді.

Ал Н.Д.Арутюнова концептіні ұлттық дәстүр, фольклор, дін, идеология, өмірлік тәжірибе сияқты факторлардың өзара қарым-қатынасының нәтижесі болып табылатын күнделікті қолданыстағы философияның ұғымы ретінде қарастырады.

Оралхан Бөкеевтің «Атау-кере» повесінде қазақ халқының ұлттық таным-түсінігін, дәстүрін, мәдени құндылықтарын танытатын концептілер молынан ұшырасады. Атап айтқанда, көбінесе «өлім», «қайғы», «түр-түс», «өлшем», «мөлшер» концептілері өте көп кездеседі.

Өлім мен қайғы концептілері өмір, дін, адам, қоғам концептілері сияқты дүние концептілік өрісінің құрамына кіреді. Алдымен, шығармадағы өлім концептілерін талдап қарастырсақ.

«Тура жүріп, тура сөйлейтін Қандауырдың тым-тым қара қылды қақ жарған әділдігі тұқым қуалап, Ерікке жұға қойған жоқ-ты; әкесін **көзі тірісінде** көрмей, мұның **қызыл шақа** кезінде күні бүгінге дейін түсініп болмас **белгісіз сапарға** аттанып кетуі тәлім-тәрбиесіне әсерін тигізгендей; сондықтан да әу бастан тек өзі ғана таңдап алған жолға түсті» [1, 9]. Мұндағы «көзі тірісінде» деген тіркесті дүниеден өтпей тұрғанда, өмірде болғанда деп, ал «белгісіз сапарға аттануды» дүниеден қайту, қайтыс болу деп түсінеміз. «Қызыл шақа» деп адамның әлі жас, бала кезін айтады.

«Қара жолдың үстінде ат тұяғы ойған шұңқыршада түк-түк аяғы дірілдеп біраз жатты да, **жан тәсілімін берді**» [1, 10]. Бұл тіркес дүниеден қайтты дегенді білдіреді.

«Е, әйтеуір, бойында **жаның бар** екен, әйтпесе мен өлтірді деп, пәле жабар еді» [1, 21]. Мұнда «жаның бар» деп бас кейіпкер Ерік Тағанның әлі тірі екенін айтып тұр.

«Бір жағынан кемпірдің де аһылап-үһілегені, өз-өзімен күбірлеп сөйлегені, «**құдай-ау, неге алмайсың**» деп зарлағаны бұған да запыран болып тиіп, көрер таңды көзімен атқызар еді» [1, 28-29]. Мұнда Нүрке кемпірдің сал болып қалып, үйдегілерге ауырлық түсіргісі келмей, құдайдан өлім тілейді. Бұл ойын мына жерде де байқауға болады:

«Екеуінің жамандықтарынды көрмей, **бір күрек топырақ бұйырып, алдарында кеткеннен** озық мұрат бар ма мен үшін» [1, 45].

«Айнаның **пыр етіп ұшып кеткен жаны** қайта айналып қонған сәтте, еңкейіп мылтықты алғысы келді-ақ, амал не, сіресіп қалған денесі бағынбайды» [1, 39]. Мұнда автор адамның жанын ұша алатын қабілеті бар бір жеңіл, көзге көрінбейтін нәрсе ретінде сипаттайды. Бұл мына бір мысалда да көрініс тапқан:

«Бірақ **шыбын жаны ұшып кете қоймаған...** Оның дәл осына **өлім арбасына мінер тұсында**, қандай күдіреттің күші екенін кім білсін, құлағына шіркеу қоңырауының үні естіліп, тау-тасты жаңғырықтыра күмбірлеп ала жөнелген» [1, 210].

Дүниеден қайту, қайтыс болу деген мағынаны білдіретін тағы да мынандай мысалдарды келтіруге болады:

«Неге біз осы бұл дүниенің барлық мүлкін **арғы дүниеге** арқалап кетердей, мұрнымыздан қан аққанша дүние-боқ жиямыз, а?» [1, 53];

«... Мойнына қарыз, ұрпағыма парыз күйінде **қара жер қойнына кірем бе**, жасаған ием» [1, 81];

«Әлемде бірде-бір адамның толық сыры ашылмай, **арғы дүниеге аттанады**» [1, 83];

« - Ал **атау-керені - өлер алдында, ақтық демі таусылғанда ғана ұрттайтын.** ... Алда-жалда **арғы дүниеге** аттанар болсам, маған да ішкізесін» [1, 103];

«Қайран, от ауызды, орақ тілді, Мақа-ай, сен де күндей күркіреп, жаңбырдай сіркіреп **өте шықтың мынау жалғаннан...**» [1, 105];

«Осындай бір қарақатқак күннің бірінде, түнде ғана бүлкілдеп, шешесінің омырауын сипалап, қыңқылдап жатқан қызы **мәңгілікке көзін жұмып еді**» [1, 109];

« - Кешіріңіз, әкені **қара жерге бергеміз**» [1, 168];

«Қазақ тек **о дүниеге аттанар сәтте** ғана бақұлдасып, артық ісім болса кеш деп, иек қакқан» [1, 168];

«Нүрке кемпір «Алланың **ақ өлімін**» іштей мінажат айтып тіледі-ай. Сөйлеуге, тіл қатуға қуаты жетерін біліп-ақ жатыр, бірақ мынау **пәни жалғанмен бақылдасар сәтте** аһылап-үһілеп, арыз-арман уағыздап, балаларының үрейін алғанды жөн көрмеді» [1, 207];

«Адам **о дүниеге көшкен соң** дініне, тіліне, діліне, нәсілге бөлінбей, бар-барлығы жамырасып, ұрыс-керіс, бақталассыз, жалғыз-ақ ізгілікпен «өмір сүреді» екен-ау...» [1, 208];

«Ол – **мәңгілікке сапар шекті**» [1, 211];

«Алтайдың **жамбасқа жұп-жұмсақ қойнауы қойнына алған** Нүрке кемпір қанша діндөр болса да, не мұсылманша, не христианша

жерленбей, **өз иманын өзі айтып, өз жаназасын өзі шығарып, жарық дүниенің бар азабынан осылайша бақилыққа аттанып еді**» [1, 212-213].

Өмірден озғанына көп уақыт өткен адамдарды есіне алғанда, Нүрке кемпір оларды былайша еске алады:

« - Бізге көрші Сарқыт деген кемпір болды, төбені қойып маңдайдан, мұрынның үшінен қан ала беретін, **жарықтық** жақсы адам еді, **жатқан жерің жаннат болсын**» [1, 42-43];

«... Иә, **жатқан жерің жаннат; қараңғы көрің жарық болғыр** атамның **көзі тірісінде** бұл ауыл арақ дегенді аузына алмаушы еді» [1, 104];

« - **Ақирет алдында** да айтар сөзім – үзіңіз үмітіңізді. Мен **о дүниеде** де Қандауырды ұмыта алмаймын» [1, 132];

«Аналық құрбымның жақсылығын **қара жерге кіргенше** неге ұмытайын» [1, 142];

«**Жатқан жерлерің жарық, топырақтарың торқа болсын, жарықтықтар**», - деп, Нүрке кемпір күбірлеп бетін сипады» [1, 142].

Ал мына жерде Айнаның өмір сүргісі келмей, соншалықты түңіліп, қайғыруы көрінеді: «... енді қайтып ешкім уата алмас, басынан сипап жұбата да алмас қайғының, нала мен өкпелің өксігі кетеп, баз кешер ғұмырды **бақилықтың оралмас сапарына** айырбастағандай...» [1, 198].

« - Сенімен тәжікелесіп несіне тұрмын осы, одан да анам **мәңгілік мекен етер жайлы жер** іздеймін» [1, 206]. Мұнда Еріктің әлі қайтыс болмаған анасын қоятын жер дайындамақшы болуы бас қаһарманның анасына деген сезімі салқын екенін байқатады.

Біздің халқымызда адамның өмірден өтер сәтінде ішетін асын атау-кере деп атау қалыптасқан. Соны жазушы осы жерде көрсетеді: «Асықпай дәреттеніп, **ақтық дем – атау-кере суын** ішіп болған соң, Алла Тағала мінажат білдіріп, рахымына көнетінін, төтеден жіберген дертіне мың да бір алғысын айтып, ұзақ күбірледі» [1, 210].

Енді шығармадағы «түр-түс» концептілерінің мән-мағынасын ашып, анықтайық. Жалпы түр-түстердің ұлттық қасиеттер мен ерекшеліктерді айқындауда мүмкіндігі зор. Түр-түсте кез-келген этностың ғаламды түсінуі жақсы көрінеді. Халық өзіндік эстетикалық көзқарасын, эмоциялық қалпын, адамгершілік түсініктерін түр-түс арқылы білдірген. Басқа халықтарда сияқты қазақ халқы үшін әлем екі түске – ақ пен қараға бөлінген. Ақ түс – барлық игі, жақсы қасиеттер бейнесі болса, қара түс – күллі жамандық біткеннің сипатына ие. Повесте «ақ» түске байланысты мынандай мысалдарды кездестіруге болады:

«Оныншы класты тауысқанша, бірде-бір бозбаланың бетіне қарамай, ұяң мінезінің **аппақ парағына** сызат түсірмей, көмелетке

толды» [1, 83]. Мұнда «аппақ парак» деп автор Айнаның пәктігін, тазалығын, бейкүнәлігін көрсетеді.

«... Дегенмен, қамалып жатқандардың барлығы **сүттен ақ**, судан таза екеніне кім кепілдік бере алады» [1, 123]. Сүттен ақ, судан таза деп күнәсіз, жаман істерден аулақ деген мағынаны білдіреді.

«**Ақ көңілдің** аты арып, тоны тозбайды деуші еді атам, аман-есен ақталып келерсің» [1, 125]. Әдетте «ақ көңіл» деп мейірімі мол, ашық адамды айтады.

«...Аюдай ақырған ата-анамның **ақ сүт, ақ батасын** аттап қосылған жарымды жасыққа айырбастаймын ба» [1, 133].

«Айнадай жарқыраған Мұзтау мұның бала кезіндегі **аппақ арманындай** болып, жан дүниесін жайлап алды» [1, 166]. Мұнда «аппақ арман» тіркесі адамның ішкі жан дүниесіндегі қол жетпес арман-қиялы деуге болады.

«Бәлкім, басымнан сипап, бауырына тартар ананың ыстық ықыласын сағынған, көксеген сәтте, Нюра Фадеевнаның **ақ босағасына** тап болуымнан шығар» [1, 209]. «Ақ босаға» деген ұғым қазақ халқында нышанға айналған десек артық етпейді, мұндағы ақ түс киелілікті, қасиеттілікті білдіреді.

Бірақ ақ түстің тек жақсылықты ғана емес, сондай-ақ жағымсыз нышандарды да білдіретіні белгілі. Мына жерде автор «ақ сайтан» деп арақты айтып тұр: «Әлсін-әлі өз-өзінен шөлдеп құрғап, өз-өзінен жыбырлап жоқтан өзгені дәмепіп тұрар өңеш, құлағына «іш-іш» деп сыбырлап тұрар азғырынды **«ақ сайтан»**, тамырынан қан емес, әбден ішімдікке айналып кеткен ап-ашы бір нәрсе жүріп, шаршаған, жүдеген, тозған жүрек – бар-барлығы кейде істеп, кейде істемей қалар милау бастың басқаруымен, екі аяқты сорлатып келе жатыр еді...» [1, 24].

«Әсіресе, **ақ саусақ** болып, арамтамақтыққа үйреніп алған Таған бүгіндікке соңғы саптыаяқ сыраны салып алған соң, тұяқ серпуге, «лекция оқуға» дәрмені таусылып, мұрттай ұшқан» [1, 81]. «Ақ саусақ» деп ауыр, қара жұмыс істемеген адамды айтатыны белгілі. Ал мына бір мысалдағы «ақ сүйек» тіркесі жұттың қаншалықты ауыр, қиын болғанын көрсетеді:

«... аш көз адамдарды аздырып-тоздырған, мал мен жаннан сипандай болып айрылған **ақ сүйек** жұт, азамат малсыз, арғымақ жалсыз қалған қанқұйлы мезгілдің сор сорғалаған құйрығы өзінің де басына тиіп еді-ау...» [1, 106].

Ал енді қара түстің әр түрлі ұғым-түсінікті білдіретінін келесі мысалдардан байқаймыз.

«Ішімдікке салынып, сандалып кеткені болмаса, Тағанның денсаулығы сыр бере қоймаған, **қара жұмысқа** мықты, көмпіс

қара жігіт екен» [1, 80]. Мұнда «қара жұмыс» деп ауыр, тер төгетін жұмысты айтады. Ал мұндағы «қара су» тіркесі Нүрке кемпірдің аштықтан өлуге таяу қалғанын білдіреді: «... өзімнің де аузымнан **қара су** ағып, аш иттей бұралып, ыңырысып жатқан жерімде, осы Тағанның шешесі Аналық емес пе еді, басымнан сүйеп нәр сыздырған...» [1, 107].

«Алтайдың аясындағы үркердей ғана ауылдан **«қара ниет** халық жауы» табылып, қазан құлағындағы қатынға дейін тергеліп, ата тегін ақтарып, сөзін бағып, ойын оқитын аңдыс, науқан басталды» [1, 113]. «Қара ниет» деп жаман, арам пиғылды айтады.

«... Кейде осы ісімнің **ақ-қарасын** ажырата алмай дал болып, тіпті таң атқанша көз ілмей шығатын кездерім бар» [1, 121]. Мұнда істің ақ-қарасы – істің жақсылық-жамандығы дегенді білдіреді.

« - Расында да, қайда барады мына қарашаның **қара суығында**, - деп сөзге араласты Аналық» [1, 128]. «Қара суық» тіркесі күздің қаттылығын танытады.

Кейде қара түс сөзге шешендікті, тапқырлықты білдіреді: «... **Қара тілді** қазақпен қажаспағалы қашан» [1, 169], кейде қасиеттілікті де танытады: «Осына **қара шаңырақтың** бақыт құсына оқ тигендей, суықтау ой ұялап, секем алғандай болды» [1, 202]. Мұндағы «қара шаңырақ» тіркесін талдасақ, жалпы шаңырақ атадан әкеге, әкеден балаға, соның ішінде от басындағы кенже ұлға мирас болар, үлкен үй мағынасында қолданылатын түркі әлемінде – мәдениеті мен дүниетанымында өте бір маңызды да мәнді концептілер құрамына енеді. Оның дөңгелек формасы символикалық белгілер жүйесінде шексіздік, ұрпақ жалғастығын білдіреді.

Шығармада ақ пен қара түстерінен басқа сары, ала, қызыл, көк түстеріне байланысты бірнеше концептілер кездеседі.

«Енесі жасы ұлғайған адам, оның үстіне, міне, жарты жыл болды **саржамбас** күй кешіп, төсек тартқан сал ауру, екі аяғын баса алмайды, оның асты-үстін тазалап, тамағын әзірлеп, сусын жұтқызып отыру да Айнаның мойнында» [1, 28]. Мұнда «саржамбас» деп екі аяғын баса алмайтын сал ауруы айтылады.

«Ерік дәл осылай іштен тынып, **сары уайымға** салына түңілмеген шығар, дәл осылай мұңға батып, керексіздігін сезінбеген шығар» [1, 90]. Жалпы түркі тілінде сары түс атауы сындық мағынада қолданылады. Бірақ **сары** сөзінің негізгі түстік мағынасымен қатар түрлі ауыспалы мағыналары да бар. «Сары уайым» дегендегі **сары** сөзі парсы тілінде уайым, қайғы деген мағынаны білдіреді, сонда «сары уайым» тіркесі бір мағыналы екі сөздің қабаттаса айтылуынан пайда болған.

«Жарының жанына жақындаса болды, салт атты қыз көз алдына көлеңдеп, екеу арасына **ала арқан** керіп тұрып алатын» [1, 88];

«... Ол – біреудің **ала жібін** аттамаған адам» [1, 115];

«Менің кейіпкерімнің **ала бөтен** әдеті бар еді» [1, 190]. «Ала» түсінің белгі, нышандық ұғымы: өмір, тіршілік, қарама-қайшылық, күрес сияқты дерексіз ұғымды, нышанды білдіреді. Ала түсінің қазақ тілінде көптеген ауыс, символдық мағынада қолданылуының себебі, ала түс жалпы ақ түс пен қара түс тобындағы реңктердің араласуы арқылы пайда болуына байланысты. Ала сөзі қазақтың салт-дәстүріндегі кейбір этнографиялық мәні бар сөздерді анықтап, тәрбиелік, тілектестік мағыналарын білдіреді. Бұл түс тұсау кесу ырымында да қолданылады. Тұсау кесу – баланың өмір жолының сәтті болуы үшін ақ ниетпен жасалатын ырым – алажіп аттау. Осыдан кісінің ала жібін аттамау, яғни қасақана жаманжық жасамау ұғымы қалптасқан.

«Өзі де білмейтін өкпелі ашуға алдырып көзі қанталады, көңілі **көгеріп-сазарды**, санасы кекпен кептелді» [1, 91]. Жалпы адамға қатысты көгеріп-сазару ашулануды, долдануды білдіреді.

«Не шықты, қалтасында **көк тиыны** жоқ, менің – еңбекқордың есігінде жуынды-шайынды андып жүр» [1, 148]. «Көк» түс қазақ халқы үшін аспанды, бостандықты ғана білдіріп қоймайды. Мұнда «көк тиыны жоқ» деп мүлде ақшасыз, қаражаты жоқ адамды айтады.

«Ауылдағы ат төбеліндей ағайын тіпті Көкеннің де бастықтығына **қызыл көздік** жасаған еді» [1, 112]. Осындағы «қызыл көздік» тіркесі қызғанышты, арамдықты білдіреді.

«Біздер мектепте: «Ақылдасып-кеңесіп отырысты қос қыран, бірінші қыран – Ленин, екінші қыран – Сталин», немесе енді жиырма жылдан соң коммунизмге жетеміз, бес жылдық жоспарды екі-үш жылда орындап, табиғатты, жер-ананы табындырып, тың жердің жон арқасын тілгілеп тастаймыз сияқты **қызыл сөздің** қызуына балқып, мұңсыз-қамсыз өстік» [1, 157]. Мұнда «қызыл сөз» тіркесі шешендікке, ұранға байланысты алынған.

«Өкініші сол – мұны «ұлтшылсың» деген жалған сөзбен басқа ұрып, **қызыл табан** қылып қаңғыртып жіберген» [1, 193].

Повесте молшылықты, көптік ұғымды білдіретін мысалдарды да келтіруге болады:

«Қатын-Қарағай ауданы мен оған іргелес Үлкен-Нарын ауданының **үйір-үйір** жылқысы, **қора-қора** қойы, **табын-табын** сиыры жаз бойы емін-еркін шүйгіндеп, тау басына алғашқы қар түскенде ғана, етекке мамырлай көшуші еді» [1, 26];

«Жапандағы жалғыз үйде ішіп-жеудің небір түр-түрі ырғын, ас та төк – **ит басына іркіт төгіліп жататын**» [1, 29];

«... Сені маздатып от жағып, алдыңа **астау-астау жал-жая** қойып асырайды деген» [1, 130].

Сондай-ақ белгілі бір мөлшерді, өлшемді:

«... тіпті басынды қабырғаға тоқпақтамасаң, бұл бөлменің ішінде **бір сабақ** жіп жоқ – жаулығына дейін шешіп алған, үстінде көйлегі мен бешпеті ғана бар» [1, 115];

«Қандауырдан хабар жоқ, үш күннен бері **бір жапырақ** қара нан мен қара су тасыған қазақ оқта-текте қатынағаны болмаса, тірі жанның бет-жүзін көре алмады, ол да тілі кесілгендей үндемейді...» [1, 115];

«... Сонда **бір асым ет** емес, алпамсадай етженді қатынды қай тесікке тығасың?» [1, 129];

«Қораға қамап, үйге **бір құшақ** отын құшақтай кірген» [1, 135];

«... Ақымақтың аты – ақымақ, етегіне салған **бір уыс** бидайды төгіп-шашып алады, немесе ап деп асап қояды...» [1, 150];

«Тіпті бет әлпетіне дейін ап-анық; кірпігі ұзын үлкен қара көзі, алмадай беті, сәл ұзындау иегі, бәр-бәрін ажыратады, әдемі қондырылған мұрнының оң жағында **тарыдай** мені бар» [1, 156];

«Таңертең шық ерімей, ызғар себезгілеген шақта, қырылып қалғандай жым-жырт жатқан омарта, омартадағы жәшік ұялар, күн көтеріле гуілге бөленіп, **оймақтай** ғана тесіктен қайшыласып бірі кіріп, бірі шыққан араның жын ойнағына айнала жөнеледі» [1, 163];

«Денесінен сыпырылған жылбысқы жас теріні шелінен тазартып, кашаға іліп кептіру Айнаның мойнында; осынау **қаршадай** ғана келіншектің өмір бақи шаршамайтын бейнетқорлығы, әмісе төзімділігі Тағанның таңдайын қақтыра таң-тамаша күйге бөлейтін» [1, 164];

«Ептеп жіпсіген екен, **күректей** алақанымен құшырлана сүрткіледі де, тақиясын қайта киді» [1, 168];

« - Ең өкініштісі сол аға, ел-жұрттың аузында жүрген Мақанның **бір ауыз** өлеңін жатқа білмеймін» [1, 181];

«... жалғыз-ақ күнде солған, үнемі жанып тұрар **тостағандай** көзінің аясы одан ары ауқымдана бақырайып тұнжырағаны болмаса – нұры сөнген» [1, 198];

«Аю мен Адам **есік пен төрдей қашықтықта** бетпе-бет келіп қалған» [1, 38-39];

«Айналасы **ат шаптырымдай** аудиторияда ине шаншар жер жоқ, орын тимей қалғандары екі жақ қабырғаға, есіктің көзінде иін тіресіп түрегеліп тұр...» [1, 156]; және уақытты:

«Ертеден **қас қарайғанша** созылған осына әбігерлі жұмыс әбден титықтатты білем, үшеуі бірдей тамақ ішуге шамалары жетпей тырапай асты» [1, 81];

« - Ой-бу, биенің сауымы өтіп кеткен-ау, - деп, қабырғадағы таңдайы тақылдап, тілі салақтаған сағатқа қараған Айна, жаулығын түзеп асығыс шыға жөнелді» [1, 105];

«Екінді өтіп, қас қарая, омартадағы бар жұмысты ыңғайлап тастаған қожайындар кешкі асқа жиналды» [1, 145];

«Күн жамбасқа ауып, аспан аясын армансыз кезген шарбы бұлт Мұзтаудың ұшпа басына ұжымдаса бастаған» [1, 170] білдіретін концептілер де кездеседі.

Қорыта айтсақ, Оралхан Бөкеевтің «Атау-кере» повесіндегі «өлім», «түр-түс», «мөлшер», «өлшем», «уақыт» концептілері қазақ халқының салт-дәстүрінен, әдет-ғұрпынан, рухани, мәдени құндылықтарынан сыр шертіп, ұлттық санамызда сақталған таным-түсініктерді танытады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бөкеев О. Атау-кере (Қауіпті будан). Мұзтау (Соңғы ерте). – Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2010. – 320 б.
2. Әбікенова Г.Т. Когнитивтік лингвистика: оқу құралы. – Павлодар: Керек, 2009. – 112 б.
3. Нұрдаулетова Б.И. Когнитивтік лингвистика. – Алматы: Дәуір, 2011. – 307 б.

ІЗДЕНІМПАЗДЫЛЫҚ – ОЙЛАУДЫҢ КӨРСЕТКІШІ

Д. ЕСЕТОВА

орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, №234 Ж. Жабаев атындағы мектебі,
Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті

Қазақстан Республикасының білім беру стандартында білім берудің басты міндеті оқушылардың ойлау қабілетінің дамуы туралы атап айтылған. Білімді меңгеру тек қана заңдылықтарды, ережелерді есте сақтау арқылы емес, оны оқушылардың өздері логикалық талдау жасай отырып алған білімдерін орынды пайдалана білгенде ғана жүзеге асады. Сондықтан бұл өзекті тақырып екенін айта аламын. Оқушылардың алдына проблема туғыза отырып ойлау қабілетін дамыту /1/.

Міндетім:

1. Оқушының бойындағы құмарлығын, қызығушылығын жойып алмай, оның табиғи тілектерін сұраныс-мұқтажықтарын ескеру.

2. Оқушы қабілетті, бойында күш қуаты жеткілікті екендігіне сендіре білу.

3. Оқушының ықыласын оята білу.

4. Оқушыны таңғалдыра білу. Даналыққа ұмтылу таңқалудан басталады.

Мақсатым:

1. Білімді өздігінен меңгеретін және сол білімді өмірде қолдана алатын тұлғаны қалыптастыру.

2. Оқушының таным қабілеттілігін арттырып, дүниетанымын кеңейту.

3. Өздігінен ізденімпаздылыққа, ішкі белсенділікке тәрбиелеу.

4. Оқушыларды шығармашылықпен ізденуге үйрете отырып, ой-қиялын дамыту.

Абай атамыз ақыл мен сана еңбек барысында қалыптасатындығын айтады.

Ендеше оқушының дәл бүгінгі жаңа материалды білетіндігіне, оны білудің қаншалықты қажет екендігін іштей мойындату үшін мұғалімге шеберлік қажет. Ойланбай білім бойға дарымайды. Дұрыс тандалған әдіс-тәсілдер баланың алдына мақсат қойып, нәтижеге жетуге жетелейді. Әр сабақ сайын ізденуге үйренген бала кез-келген проблеманы тез шешуге үйренеді. Қойылған проблеманың шешімін шәкірттің өзі табуы, ізденуі білімнің санаға сіңіп, ұғым түсінікке ұйытқы болады.

Оқығанды көңілге ықыласпен тоқудың арнасы ашылады. /3/

Ал, ойлау дегеніміз – аса күрделі психологиялық процесс. Ойлау ерекшеліктерін таным мен ой процесінің сатысы ретінде зерттеу ойлаудың біліммен тікелей байланысты екенін көрсетеді. Психологияда әдетте ойлаудың үш түрін қарастырады:

1. практикалық іс-әрекет ;

2. көрнекі – бейнелік;

3. абстрактылы (сөзді – логикалық)

Ізденімпаздылық - бұл ерекше тұрғыдағы жасампаздық, жаңадан жасалған нәрсе бұрынғы нәрселердің механикалық қайталануы емес, өзінің біртұмалығымен ерекшеленетін болса, өзін-өзі қуәландыратын, дәлелдейтін болса, онда бұл нәрсені туғызған шығармашылық акт туралы сөз қозғау.

Олар:

1. Мәтін, ертегіні, әңгімені өз ойларымен аяқтау.

2. Ақын, жазушылардың дайын мәтіндерін басқаша аяқтау.

3. Белгілі мақала негізінде әңгіме жазғызу.

4. Мәтін бойынша мақал құрастыру.

5. Табиғат, заттарға жұмбақтар құрастыру.

6. Шығарма, мәтін құрастыру.

7. Шығарма бойынша қиялдау арқылы сурет салу т.б.

Оқушының ізденімпаздылық қабілеті – практикалық әрекеттер арқылы дамиды. Баланың ізденімпаздылығын қалыптастыруда сыныптан тыс, жеке, ұжымдық жұмыстар, жобалар, ғылыми – шығармашылық апталықтар өтілуі тиіс. Сондай-ақ, метептегі пәндік олимпиадалар, сайыстар, көркемөнер, көрмелер, кештер оқушылардың ойлау қабілетін дамытып, ізденісін арттырып, оң нәтижеге жетуге ықпал етеді. /2/

Оқушы жүрегіне ұшқын тастау, биіке талпындыру, қияға қақтыру, асқақ арманға баулу, білімді де, жан-жақты болуына көмек жасау мұғалімнің міндеті. Мұғалім бұл міндетті ата-аналардың көмегінен жүзеге асыру өте қиын. Сондықтан ата-аналармен ынтымақтастықты үзбеген жөн. Бұл оқушылардың сабақ үлгеріміне, жан-жақты тәрбиеленуіне негіз болады. Оқушының жеке тұлға болып қалыптасуына әсері мол. Егер әр оқушыны жеке адам деп қарайтын болсақ, ұстаздар алдындағы міндет осы жеке адамның ерекшеліктерін ескере отырып, оның іздену қасиеттерін дамытуға жағдай жасау.

Жан-жақты мәдениетті тұлғаны қалыптастыру ойлау бағыттарын қамтиды. Тәрбиедегі жетістік жеке тұлғаның дербес қасиеттеріне байланысты.

Мен өз өмірімнен мысал келтіретін болсам, мектепте мәтінді оқып, оның мазмұнын сол күйінде мұғалім тапсырғандай жеткізу, мұғалімнің мәтін бойынша қойған сұрақтарына мәтіннен дайын сөйлемді тауып айту ең жақсы дайындалған, зерек оқушының сипаттамасы болып табылатын. Егер мәтінді сол қалпында қабылдамай, соған деген өзіннің көзқарасын, пікірін білдіруге қолайлы орта жасалғанда қалай болар еді? Мәтіннің деңгейінен кеңірек шығып, өзінің меншікті шешімін ортаға салуға, оны өмірдің ақиқатымен байланыстыра оқығанда, менің қазір көптеген жазу-шығармаларым болар ма еді? Мәтінде жазудың бір түрі. Ендеше менің ой толғанысым, шығармаларым жазылғанда ғана өзінің жалғасын табады.

Сонымен ізденімпаздылық жайлы ойым:

өзіндік пікір

Алынған ақпараттан пайда болады

идея

Сыныпты топтарға бөліп, әр топта бір проблеманы әр қырынан зерттеу немесе тұтас бір мәселені ұсақ бөлшектерге бөліп, топтарда зерттеу кейін олардың басын біріктіру секілді жұмыстарды, сонымен қатар, сыныпқа проблемалық сұрақтар қойып, әр оқушының пірін

дамыту секілді жұмыстардың түрлерін дәстүрлі оқыту аясында көптен бері пайдаланушы едім. Бірақ жобалада жұмыс істеу барысында осыған дейінгі әрекеттерімнің бірқатар кемшіліктерін аңғардым. Біріншіден, топтарда жүріп жатқан жұмыстың барысына мән бермеген екенмін. Онда белсенді оқушы сөйлеп, кейіннен топ атынан да сол оқушы сөйлейтін. Ал сол топта отырған белсенділігі төмен оқушы сол үндемеген қалпы отырып қала беретін. Алдымен мен « Оқушының белсенділігі неге төмен ? Неге ол көп жағдайда үндемей отырып қалғанды қалайды ? Қандай себептер болуы мүмкін ?» деген сұрақтарға жауап іздей бастадым. Бақылай келсем, бір оқушының айтар ойы, қосатын пікірі үнемі болады екен, бірақ мінезінің табиғи ұяңдығы мен жасқаншақтығы және ең бастысы, сыныптастарының қалыптасып қалған «Дархан сөйлемейді, Дархан білмейді» деген көзқарастары бөгет болатын көрінеді.

Осы кезде ұлы психолог Л.С.Выготскийдің «Егер біз ойды сөз жаңбырын төгетін бұлтқа теңесек, онда осы образды салыстыруды әрі қарай жалғастыра түскенде ізденуді сол бұлтты айдап отыратын желге теңередік»-деп айылған ұлағатты сөзі есіме түсті. Кең көлемде ойлау-оқушы үшін сынып шеңберінен шығып ойлау болса, мұғалім үшін мектеп аймағынан шығып ойлау болып табылады. Ізденімпаздылық-танымдық іс-әрекеттің көзі, ойлаудың көрсеткіші, адамды жан-жақты дамытудың негізгі құралдарының бірі екендігі белгілі. Осындай жұмыстарды үнемі жүргізу оқушыларды ізденімпаздылыққа баулуға, шәкірт бойындағы қабілет көзін ашып, тілін байытуға, қиялын ұштауға, өз бетінше ізденуге зор әсерін тигізеді. Қорыта келгенде, қай пәнде болсын оқушылардың танымдық, ізденімпаздық, ойлау қабілеттері олардың сабаққа деген қызығушылығын оятып, өз ойын ашық, қысылмай жеткізе білуін, ынтық дамыта түседі. Сондай-ақ, оқушы бойында ізденімпаздылық, ойлау қабілеттілікті дамытуда үздіксіз құлшыныс, оқуға, білім алуға деген ұмтылыс ұдайы өшпей, күннен-күнге дами түсуі қажет. Сонда ғана оқушы бойында білім нұры тасып, сыныптан-сыныпқа көшкен сайын оқушының ішкі дүниесі, сыртқы ортамен байланысы дамып, оқушы дүниетанымы арта түсері анық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Білім технологиялары» журналы №2, 2006 жыл.
2. Бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелейік. «Қазақстан мектебі журналы» №3, 2006 жыл 7 - бет.
3. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Г. Нұрахметова.

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ МӘДЕНИЕТІ

З.Қ. ЖОМАРТ

химия пәнінің мұғалімі, №204 Ы. Алтынсарин атындағы мектебі,
Қызылорда облысы, Қазалы ауданы

Ұлттық тәрбие ұлттық мектептерде жүзеге асырылатыны дүниежүзілік алдыңғы қатарлы елдерде дәлелденген. Ал қазақтың ұлттық мектебі қандай болуы керек, оның белгілері мен оған қойылатын талаптары нақты анықталмаған, олар зерттеуді қажет ететін арнайы проблема.

«Қазақтың ұлттық мектебі қандай болуы керек, онда ұлттық тәрбие қалай жүргізілуі керек?» - деген проблемаларға нақты жауапты қазақ халқының ұлы ағартушы - педагогтары А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, Х.Досмұхамедов еңбектерінен табуға болады. Олар мұғалімдерге арнап педагогикадан, психологиядан және әдістемеден бірнеше оқулықтар мен оқу құралдарын жазды: А.Байтұрсынов ұлттық әліппе «Оқу құралы», «Тіл құралы», «Әдебиет таңытқыш», М.Жұмабаев «Педагогика», «Бастауыш кластағы ана тілі», «Бастауыш мектепте ана тілін оқыту», «Әліппе», «Сауатты бол»: Х.Досмұхамедов «Қазақ халық әдебиеті», «Тән жүйесін тану», «Аламан», «Адамның тән тірлігі», «Сүйектілер туралы», «Жануарлар»; Ж.Аймауытов «Психология», «Жантану және өнер таңдау», «Тәрбиеге жетекші», «Комплексті оқыту жолдары» және көптеген мақалалар.

Осы еңбектерде қазақтың ұлттық мектебінің мақсаты, міндеттері, ұлттық мектепте білім беру мазмұны, ұлттық тәрбиенің нәтижесі, мұғалімге қойылатын талаптар анықталады. Яғни ұлттық сананың қайнар көзі болып табылатын, еленуге тиіс ерекшеліктер жөнінде айтсақ, ұлттық күретамыры да, қаны да, ең алдымен оның тілі. Ұлт пен тіл - еш уақытта ажырамайтын, бірімен-бірі кірігіп, бірігіп келетін біртұтас құбылыс.

Сонымен қатар қазақтың ауыз әдебиетінің бай мұрасында баланың дамуына, жалпы тәлім-тәрбие ықпал жасайтын мүмкіндіктер бар. Қай заманда болмасын жас ұрпақтың өнеге тұтар өзіндік ұлттық тәлім-тәрбиесі болатыны белгілі. Егемен қазақ мемлекетінің болашақ ұрпақтарының ұлттық сана-сезімін, мінез-құлқын оның сонау ерте замандағы ата-бабалар салт-дәстүрлері мен сабақтастыра тәрбиелеу - қазіргі күннің ең өзекті мәселесі екендігін өмірдің өзі көрсетіп отыр. Олай болатын себебі жетпіс жылдан аса уақыт Кеңес Одағының құрамында болған халықтардың санасына жалпы адамзаттың абстракты мінез-құлық ережелері бойынша сіңірілді де, ұлттар мен ұлыстардың өзіне тән

психикалық ерекшеліктері мен қасиеттері ескеріледі. Оның нәтижесінде өсіп келе жатқан жас ұрпақ өзінің ана тілімен, ұлттық мәдениетімен, ата тарихынан, ұлттық салт дәстүрінен қол үзді.

Қазақ елінің тәуелсіз мемлекет болуы, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуы, «Білім туралы» заңының қабылдануы өскелең ұрпақ тәлім-тәрбиесіне жаңаша қарап, ғасырлар бойы қалыптасқан халықтың салт-дәстүрлер негізінде тәрбиелеуді мақсат етіп қойды. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының сегізінші бабында.

Осыдан қазақ мектебінің алдына қойып отырған мақсаттар:

- Жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани-мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеу.

Терең теориялық білім, білік дағдыларды олардың қабілеттері мен дара ерекшелігіне сай, ой-өрісін, талғамын, дүниетанымын кеңейтіп, дамыта отырып, оқытып тәрбиелеу,

Әр оқушыны дара тұлға ретінде қарастырып, оның жан-жақты дамуына мүмкіндік жасау.

Міндеттері:

Ұлттық сананы ояту, тәрбиелеу жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімін ұялату, ұлттық рухты сіңіру.

Ана тілін, дінін, оның тарихын, мәдениетін, өмірін, кәсібін қастерлеп, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларын меңгерту.

Жас ұрпаққа жағашырлық, сенімділік, шыдамдылық, жинақтылық, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездерді қалыптастыру. Сұлулықты, тазалықты сүйетін, денсаулығы мықты, ұлт алдында тұрған ерекше проблемаларды шешуге қабілетті іскер, жауапкершілігі жоғары, өз бетінше ойлана алатын тексті, алғыр, тәкәппар, жеке тұлға тәрбиелеу.

Ұлттық ерекшеліктерін сақтай отырып, әлемдік қарым-қатынаста өз орнын анықтаған өз халқының патриотын тәрбиелеу.

Қазақ мектебінің мазмұны-ұлтты, түрі-өркениетті болу керек.

Мектептің тәрбие жүйесін ұлттық мәдениет пен ұлттық педагогика идеяларына негіздеу.

Осы қазіргі және өткен заманның ойлаушыларының еңбектерін, идеяларын сабақтастыра отырып, осы қоғамға пайдалануда. Яғни, өткен ата-бабаларымыздың ұлттық мұраларын ұмыт етпей, осы заманғы ойшылдар ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыр. Өйткені, өскелең ұрпақ туған жері мен халқының перзенті. Ол қайда жүрсе де, өз ұлтының жарқын болашағы, әрі өкілі. Сондықтан ұлттық тәрбиені отбасы мен мектептің рөлі және алатын орындары ерекше. Өткені, отбасы мен мектепте жеке тұлғаға халықтың салт-дәстүрлер негізінде ұлттық тәлім-тәрбие беріледі.

Ұлттық тәрбиенің нақты қалыптасуындағы ең шешуші орын-отбасы болып табылады. Себебі, халқымыз «баланы жастан» деп текке айтпаған. Сондықтан да, баланы өсу, жас кезеңдеріне байланысты, яғни:

1. Нәрестелік шақ туғаннан бір жасқа дейін.

2. Сәбилік шақ бір жастан үш жасқа дейін.

3. Мектепке дейінгі балалық шақ үш жастан жеті жасқа дейін - деп бөліп әр жас кезеңдеріне байланысты халықтық тағылымның мән-жайын бойынша сiңiрiп тәрбиелеуде.

Мысалы, баланың шыр етіп дүниеге келуімен байланысты шілдехана тойын өткізуді, оның ата-аналарына, жақын туыстарынан сүйінші сұрау балаға ат қою, қырқынан шығару, бесікке салу, сөйтіп бесік тойын өткізу сияқты жорамалар жасалады. Халқымыз «Қариясы бар үйдің перісі бар» деп текке айтпаған. Өйткені, қазіргі қоғамда ұлттық тәрбие көбіне қариясы бар үйлерде ғана дарытылатыны анық. Өйткені, жас ата-ана (әсіресе қалалықтар) ұлттық жол-жоралғыларды біле-бермей, әр түрлі себептерге байланысты өз ұрпағына ұлттық тәрбиені негіздей бермейді. Сондықтан да, алдымызға қойған мақсат пен міндеттерге негізделі отырып, орта мектептерде ұрпаққа ұлттық дәстүрлермен шектеле тәрбиеленуі керек. Яғни, тәрбиенің алғашқы ошағы-отбасы, ал екіншісі-мектеп пен қоршаған орта. Сондықтан да, ұлттық тәрбие жоғарылауы үшін, ата-ана, мектеп ұжымы әрдайым тығыз қатынаста болуы қажет. Өйткені, халықтық салт-дәстүрлер сан алуан болғандықтан, үй басынан бергі танымал емес дәстүрлерді, бала мектепте біліп, дәстүрлер туралы кең ұғым апатыны анық.

«Білім жүйесінің басты міндеті жеке тұлғаның ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктер негізінде қалыптасуы, дамуы және кәсіптік тұрғыда жетілуі үшін қажетті жағдайлар жасау» делінген.

Бұл міндеттерді шешуде отбасы мен мектептің рөлі және алатын орындары ерекше. Себебі: отбасы мен мектепке, жеке тұлғаға халықтың салт-дәстүрлер негізінде ұлттық тәлім-тәрбие беріледі. Ғұлама жазушы М.Әуезовтың «Ел болам десен, бесігінді түзе» деген ұлағатты сөзінің мән-мағынасына ой салсақ, тәрбие ұрпақты дүниеге келтіруден басталады, сол тәрбиенің ұлттық басталулары мен бағдарын жан-жақты пайдаланып, даналықпен дамыта білу керек деген өсиеттің мәні өте зор. Ұлттық тәрбиенің басы - отбасы, ал оны әрі қарай жалғастырушы мектеп болып табылады. Сондықтан жеке тұлғаға ұлттық құндылықтардың сусынын сіндіру үшін мектеппен отбасы әрдайым тығыз байланыста болуы қажет.

Бастауыш сынып мұғалімі бұл бай мұраны баланың жас кезеңіне, дара ерекшеліктеріне сай, ұғымына байланысты сыныптан тыс уақытта немесе

сабақ барысында ертегі, мақал-мәтелдер, аңыз әңгімелер және алуан түрлі салт-дәстүрлерді педагогикалық тұрғыдан іріктей алуы керек. Сонымен қатар қазіргі кезде теледидарда жиі көрсететін ұлттық ойындарды сабақ барысында ойнатуға мүмкіншіліктер бар. Атап айтқанда: «Мың бір мақал», «Алтын сақа», «Алтын сандық» ойындарының тәрбиелік мәні зор. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін шығаратын нықшан сөздердің мағынасын түсіну, қазақ халқының көнерген сөздерінің мөндерін ашу. Осы ойындардың мәні қазақ халқының бұрыннан келе жатқан әдет-ғұрыптарын жас ұрпаққа үйрету көзделіп отыр.

Бүгінгі күннің жаңару бағыты - ата-бабаларымыздың мұрасы жас өспірімдердің дүниетанымының кеңеюіне, ұлттық мінез-құлықтарының қалыптасуына, жан-жақты жетілген парасатты азаматтар тәрбиелеп шығару болып табылады. Қазіргі кезде өскелең жас ұрпағымызға өз әдет-ғұрып, салт-дәстүрімізді, ұлттық мінез-құлқын ана тілімен күнделікті ұлттық тәрбиемен дамыту мақсатында соңғы 11-12 жыл ішінде этнопедагогика, этнопсихология және халықтық педагогика қанат жайып келеді. Осы бойынша назар аударған С.Қалиев, С.Ұзақбаева, М.Балтабаев, Қ.Жарықбаев, Қ.Бөлеев, З.Әбілова, Ж.Наурызбаев т.б. қазақтың ұлттық мектебін жасау, онда ұлттық тәрбие беру проблемаларын жан-жақты зерттеп, қомақты оқулықтарын жарыққа шығарды. Азап айтсақ қазақ этнопедагогикасынан және оның тарихынан Қ.Жарықбаев пен С.Қалиевтің «Қазақ тәлім-тәрбиесі», «Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы» т.б. С.Қалиевтың «Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы» С.Ұзақбаеваның «Тамыры терең тәрбие», Қ.Бөлеевтың «Болашақ мұғалімдерді ұлттық тәрбиеге дайындау», т.б. еңбектер мұғалімдер қолына тиді. Жалпы салт-дәстүр өте кең ұғым қоғамның дамуына байланысты салт-дәстүрлер өзгеріп, жаңарып отыратынын өмірдің өзі көрсетіп отыр.

Салт-дәстүр - халықтың кәсібіне, сенім-нанымына, тіршілігіне байланысты қалыптасқан, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыратын қоғамдық құбылыс. Ол отбасылық тәрбие қалыптасады.

Осы авторлардың еңбектері ұлттық тәрбиеге деген көз-қарастары және де ұлттық салт-дәстүрлерді өте айқын дәріптеген.

Бастауыш сынып оқушылары мерекелік күндерді өткізу, қонақты күту барысында адамгершілікке, имандылыққа қалыптасып, іс-әрекетпен айналысады. Олар: амандасу, құрмет көрсету, үйді ұстау, қонақ күту, дәмді тамақ дайындауға икемделеді. Бастауыш сынып оқушыларына арналған ұлттық тәлім-тәрбиеге негізделген «Әдеп әліппесі» оқулығы 1-4 сынып оқушыларына әдептілікті,

имандылықты, ұлттық салт-сана мен дәстүрлердің, әдеп-ғұрыптың өркениетті бағдарларын үйрету көзделген.

Қазақ халқының бала тәрбиелеудегі мұрасына көз жіберсек, отбасына байланысты тұнып тұрған дәстүрдің, әдеп - ғұрыптардың заманға сай, ұрпақтарымызды өркендетер өрнектерін халық жоғары бағалайды.

Төменгі сынып оқушыларының ерекшелігін ескере отырып, адамгершілікке тәрбие беруде негізгі жол іс-әрекетті ұйымдастыру. Оқушылардың өз жолдастарымен, құрбыларымен, ересек адамдармен қарым - қатынас жасауда, халықтың дәстүр негізінде балалардың қуанышты көңіл-күйін туғызатын қызықты іс-әрекеттерді педагогикалық, психологиялық талаптарға сай болады.

Халқымыздың қалыптасқан әдеп - ғұрыптар мен дәстүрі ұлттық мәдениет негіздері болғандықтан, мейрам-тойлар сол ұлттық мәдениеттің әдепті рәсімдері ретінде өтілетіндіктен, бұл үрдістердің тәрбиелік әсерін оқушылардың бойына сіңірудің алуан түрлі әдістемелерін қолданамыз. Ең әуелі отбасында ата-ана мен үйелменділер бір-біріне үйрету, талап ету, талап қою арқылы әдеп-ғұрыптар мен дәстүрді ұғымдырын, оны дағдыға айналдырып, әдеттік ұғымын қалыптастырады.

Сонымен қатар бала отбасында, балабақшада, мектепте өзі шыққан тегін, ата-бабаларын біліп өсуі керек. Әдетте жеті ата мөлшері мәжеге алынады. Бұл тұрғыда халқымыздың шежіресін, тарихын балалардың санасына ұйлатудың елеулі маңызы бар.

Бастауыш сынып оқушыларына білім беру барысында ұлттық салт-дәстүрді, мәдениетті пайдалануда. Оқушылардың ұлттық рухын қалыптастыруға қосар үлес орасан. «Баланы жастан» демекші бастауыш сынып оқушыларының санасына біз халқымыздың тәрбие негізі, асыл қазынасы - салт-дәстүрін дұрыс жеткізе білсек, ертеңгі күн олардан зор ұлтжанды азаматты шығатынына кәміл сенемін.

Қоғамның белгілі қайраткері, ақын М.Шаханов «Халықта ең бірінші ұлттық рух болу керек» деп жар салып жүргені бекер емес. Сондай-ақ Асқар ағамыздың жан айқайына қосыла отырып, біздер еліміздің жарқын болашағы үшін атсалысуымыз қажет. Ол үшін біздің міндетіміз бастауыш сынып оқытушыларына салт-дәстүрлерді жай ғана үйретіп қана қоймай, олардың тәрбиелік түп тамырын, мәнін, алтын дінгегін түсіндіре білуіміз қажет. Ол үшін, біздің ойымызша мектеп мұғалімдері ата-аналармен қосылып жұмыс жасауы қажет.

Бастауыш мектеп қабырғасында адамның өмірге деген талпынысының тәлім-тәрбиесінің іргетасы қалатыны белгілі. Ұлттық тәлім-тәрбиенің іргетасын дұрыс қалай білу мұғалімдердің

ата-аналармен қосылып жүргізген шараларына байланысты болады деп ойлаймын. Өйткені, бірінші ұлттық тәрбиенің ошағы-отбасында, екінші-мектепте болғандықтан, ата-ана мен мектеп, яғни мұғалімдер тығыз байланыста болуы қажет.

Сондықтан да, халықтық салт-дәстүрлерді бойларды сіңіріп өскен, ұлттық рухы күшті. Отанымыздың саналы азаматтары бар гүлдеген рухты мемлекет деңгейіне көтерілуі үшін бір жағынан отбасы, екінші жағынан мектеп мұғалімдері, үшінші жағынан мемлекет болып ұрпақтәрбиесіне үлкен көңіл бөлуіміз керек.

Сонымен қазақ халқының салт-дәстүрлерін оқушыларға ұлттық тәрбие беруде жүйелі, оларды бастауыш сыныптың оқу пәнінің бағдарламасында және сыныптан тыс жұмыстарда, әсіресе ата-аналар арасында кеңінен пайдалануды ұсынамыз. Сол мақсатта бастауыш сыныптардың оқу пәндері – әліппе, ана тілі, математика, дүниетану, еңбек және шынықтыру, әдеп әліппесінің бағдарламаларына қосымша қазақтың салт-дәстүрлерін кеңінен пайдалану арқылы оқушыларды ұлтжанды азамат етіп тәрбиелеуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қалиев С., Оразаев М., Смайылова М. «Қазақ халқының салт-дәстүрлері», - Алматы «Рауан», 1994.
2. Кенжеахметұлы С. «Қазақтың салт - дәстүрлері мен әдеп - ғұрыптары», - Алматы: Ана тілі, 1994.
3. Қазыбеков М. «Наурыз. Жанарған салт — дәстүрлер», Алматы: - Қазақстан, 1991.
4. Қалиев С., Базилев Ж. «Қазақ халқының салт - дәстүрлері және демократ ағартушылары», - Алматы: «Рауан», 1993.
5. Табылдиев Ә. «Халық тағлымы», - Алматы: Қазақ университеті, 1992.
6. Сағындықов Е. «Ұлттық ойындарды оқу - тәрбие ісінде пайдалану», - Алматы «Рауан», 1993.
7. Ұзақбаева С. «Тамыры терең тәрбие». - Алматы: «Білім», 1995.
8. Кенжеахметұлы С. «Ұлттық әдеп - ғұрыптың беймәлім 220 түрі», Алматы «Санат», 1998.
9. Наурызбаев Ж. «Ұлттық мектептің ұлы мұраты», - Алматы: Ана тілі, 1995.
10. Сапарұлы Б. Дәуренбеков Ж. «Құтты болсын тойларың», - Алматы: «Өнер». 1993.
11. Қалиев С. «Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы», - Алматы: «Рауан», 1998.

12. Ахметов С. «Бастауыш сыныптарда білім берудің тиімділігін артыру жолдары», - Алматы: «Рауан», 1994.

13. Дорженов С. «Ұлттық тәрбиенің тәлімі»/ «Ақиқат», 1991, №12- бет 33-38.

14. Мұхамеджанов Ә., Жұмашева Н. «Жастарға ұлттық тәлім-тәрбие беру-әлеуметтік мәселе»/ «Бастауыш мектеп», 2000. - бет 15-16.

15. Жарықбаев Қ., Табылдиев О. «Әдеп және жантану», - Алматы: «Атамұра», 1994.

16. Тұрғынтаева Ү.А. «Этнопедагогика элементтерін бала тәрбиесінде пайдалану» әдістемелік құралы, - Тараз, 2001.

17. «Бастауыш мектеп» журналы. - Алматы, 2003, №3.

ЗИЯЛЫЛАРЫМЫЗДЫҢ ТАҢДАУЛЫ ӨКІЛІ

Г.Е. ЖУСУПОВА

аға оқытушы, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Л.А. ҒАППАСОВА

кіші ғылыми қызметкер, С. Торайғыров атындағы

Павлодар мемлекеттік университеті

С.Қ. МОЛДАБАЕВА

оқытушы, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

«Интеллигенция - ұлттық мүдденің шын жоқшысына айналған әлеуметтік топ», - деп Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев ұйғарым жасағандай, мемлекеттік құрылымда жеке тұлғаны саясат субъектісі етіп қалыптастыруда зиялыларының озық идеяларға негізделген қоғамдық-саяси қызметі орасан. Осы тұрғыдан алғанда «Барша ұлттың, түгелдей қоғамның ауыр дағдарысқа ұшырап, ел басына, жалпы халыққа өткенде үлкен қасірет пен зұлмат төнген шақтарда да, аңсаған арманы орындалып, масаттанған жеңіске жетіп, шаттанған сәттерінде де, көш бастар кара нардай бар ауыртпалық пен пілдей салмақты абыроймен көтере алатын, дамудың сара жолымен адымдай түзу жүре білетін және ұлт мүддесін білдіре алатын, халық мұнын парасаттылықпен жете пайымдай білетін де ұлттың осындай зиялылары». Қазақ зиялыларын мәртебелі өз ұлттық мектебін өткен ғасырда ғұлама Шоқан, ұлағатты Ыбырай, данышпан Абай аталарымыз құрып кеткендігі жете белгілі.

Тарихымыздың барлық қиын кезеңдерінде де қазақ зиялылары халық мақсаты үшін өз өмірлерін аямай, «малым жанымның садағасы, ал жаным арымның садағасы», - деген биік қағиданы ұстанған аса

намысшыл өз ұлтымыздың абзал ұлдары екенін өткендегі қияметтей болған қиын өмір айғақтап, өзі танытты. Зиялыларымыздың таңдаулы өкілдері жаугершілік дәуірде гибратты ұран сөздерімен қоса, айбынды қаруымен де елін қорғаса, Ресейдің боданы кезеңінде олардың шәкірттері ақыл-ойы мен өз білімін ұштастырып, елдікті сақтай білді.

Бұл ретте ХХ ғ. басында қазақ қоғамында өріс алған демократиялық азаттық бағыттағы қоғамдық қозғалыстың көш бастаушыларының ерең еңбектері зор мәнге ие. Алаштың көрнекті жетекшілері - Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Мұстафа Шоқай, Міржақып Дулатов, Мұхамеджан Тынышбаев, Халел Досмұхамедов, Жаһанша Досмұхамедов, Әлихан Ермеков, Жақып Ақпаев, Халел Ғаббасов және т.б. ондаған қазақ зиялылары Петербург, Мәскеу, Қазан, Омбы, Орынбор және Варшаваның жоғары және орта оқу орындарын бітіріп шыққан, аса білімді адамдар еді. Олар туған халқының азаттық жолында ондаған жылдар бойы (1905-1919 жж.) үздіксіз әрі табандылықпен күрес жүргізді. Қазақ зиялыларының басым көпшілігі оқу-ағарту ісімен де, қазақ тілінде жарық көрген алғашқы басылымдарды шығарумен де, жан-жақты (шығармашылық жұмыспен айналысып, қазақ қоғамындағы қоғамдық-саяси өмірге белсене араласты.

Ғасыр басында қазақ қоғамының саяси және әлеуметтік-экономикалық өмірінде үлкен өзгерістер өріс алды. Патша өкіметінің отарлау саясатына қарсы халықтың қарсыласу қозғалысы арта түсті. Осы кезеңде саяси тарих сахнасына қазақ қоғамы үшін дербес саяси-әлеуметтік күш қазақ зиялылары шығып, бұл қозғалысқа ұйымдасқан сипат беріп, оны жаңа сапалық деңгейге көтерді.

«Біздерге халықтың қамын ойлау міндет», - деп М. Дулатов қазақ зиялыларын бірлесіп, ұлт азаттығы үшін күресуге үндеді.

Қазақ қоғамында өріс алған қазақ зиялыларының ұлттық-демократиялық қозғалысы орталық билік орындарына қазақ халқының атынан петициялар жазуынан, қазақ халқының мұқтаждықтарын талқылаған съездер өткізулерінен, саяси партия (қазақ конституциялық-демократиялық) құру әрекетінен, ұлттық басылымдар мен жинақтар шығаруларынан, сондай-ақ, Мемлекеттік Думаның қызметіне (қазақ зиялыларының сол кездегі арман-мүддесі көп жылдардан соң бүгінде Қазақстан Республикасының Парламенті жұмысының мысалында жүзеге асқанын көреміз) белсене атсалысуынан айқын көрінді. Нақ осы кезеңде А. Байтұрсынов, М. Дулатов тәрізді саяси ойшылдар қазақ елін «Қырық мысал», «Маса», «Оян қазақ!» сынды отты жинақтары арқылы серпілуге, азаттық үшін күресуге үндеді. 1909 жылы Уфа қаласында басылып шыққан М. Дулатовтың «Оян қазақ!» атты өлеңдер жинағындағы:

«Көзінді аш, оян, қазақ, көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.

Жер кетті, дін нашарлап, хал харам боп,

Қазағым енді жату жарамасты», - деген жолдар шығарманың негізгі өзегі болып табылады. Осы «Оян қазақпен» үндес тағы бір жинақ А. Байтұрсыновтың 1911 жылы Орынборда жарық көрген «Масасы».

«Қоймастан құлағына ызыңдаса?», - деп қазақ халқын маса болып оятып бостандық жолындағы күреске шақырады. Сонымен бірге қазақ зиялылары 1911 жылдан бастап шыға бастаған «Айқап» журналы және 1913 жылдан жарық көрген «Қазақ» газеті беттерінде жалпыұлттық мәселелерді көтеріп, қоғамдық ойға қозғау салу мен халықтың саясатқа деген ынтасын арттырумен айналысты.

XX ғ. 20-30 жылдары Қазақстанның қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық өмірінде түбірлі өзгерістер өріс алды. Ел тағдыры таразыға түскен бұл тарихи кезеңде жалпыұлттық өзекті мәселелерді көтеріп, жүзеге асыруда Сұлтанбек Қожанов, Смағұл Сәдуақасов, Жалау Мыңбаев, Нығмет Нұрмақов, Ыдырыс Мұстамбаев және т.б. қазақ зиялылары табанды саясат ұстанды. Олар республикадағы жауапты қызметтерді атқару кезінде күрделі ұлттық мәселелерді сол жылдардағы саяси-әлеуметтік ақуал шеңберінде қарап, оның халық мүддесіне сай дұрыс шешімін табуына мұрындық болады.

Алайда республика басшылығына Ф.И. Голощекиннің келуіне байланысты Қазақстанның партия ұйымында, саясатта, қоғамдық өмірде, экономикалық салада жағдай аса шиеленіседі. Жауапты хатшы қазақ коммунистеріне шектен тыс сенімсіздікпен қарап, оларға «ұлтшылдар» деген айып тағады. Осы кезеңде Қазақстанның партия ұйымында «оңшыл» және «солшыл» ауытқушылықтармен күрес орын алды. Оларға тағылған бұл жала ұзақ жылдардан соң, яғни, КОКП Орталық Комитеті Саяси Бюросы комиссиясының 1990 жылғы мамырда «ұлттық ауытқушылық» жайлы мәселені арнайы қарап, Т. Рысқұлов, С. Қожанов және басқа партия мен кеңес зиялыларына «идеялық ауытқушылық» пен «ұлтшылдық» айыбының негізсіз таңылғаны туралы ресми құжатты қабылдағанынан кейін ғана теріске шығарылды.

Шын мәнісінде қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси қызметі халқымыздың тәуелсіздігі жолындағы күреске бағытталды. Сондықтан бүгінде Қазақстан Республикасы сынды тәуелсіз мемлекетіміздің қалыптасуына игі үлес қосқан олардың қоғамдық-саяси қызметі азаматтық әрі адамгершілік деңгейімен де осы заманмен үндес. Осыған орай мемлекеттік құрылым мүшелерін саяси саналы, саяси көзқарастары мен бағыт-бағдарлары жетілген жеке тұлға етіп қалыптастыру жолында

қазақ зиялыларының ұлттық мүдде жолында жүргізген саяси күресін негізге алу қоғамдық қажеттілік болып табылады.

Тоталитарлық кеңестік саяси жүйенің билігі кезінде де елу жылдай, оның ішінде ширек ғасыр бойы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 1-ші хатшысы ретінде Қазақстанды басқару ісіне араласып, республиканың өркендеп, дамуына өлшеусіз үлес қосқан қазақ зиялысы - Д.А. Қонаевтың өмірі ұрпаққа үлгі. Д.А. Қонаев халықтың материалдық-әлеуметтік тұрмыс жағдайын, республиканың экономикасы мен мәдениетін көтеруге бүкіл саналы өмірін арнап, халқына қалтқысыз қызмет етті. Сол кезеңде Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы болып қызмет еткен ел ағасы Бәйкен Әшімов ырымдағандай: «...өзі өмір сүрген күрделі уақыттың адал перзенті болу, билік өнерінің тылсым құпияларын игеру, ерекше қарым-қабілет көрсету, сабырлық пен пайымдылыққа негізделген басшылықтың арқау жібін үзбей, өзімен бірге болған үзеңгілес жолдастарының сеніміне ие болу онайшылықпен келе қоймайды».

Осылайша, Д.А. Қонаев қызмет атқарған уақытында республика үшін игілікті мол істер жасап, еліне адал қызмет еткен саяси тұлға. Сонымен бірге Д.А. Қонаев тоталитарлық кеңестік дәуір кезеңінде асқан байыптылықпен, терең көрегенділікпен, нәзік дипломаттылықпен елін, жерін сақтап, басқара білді. «Мейірім-шуағы мол, пейілі кең халықтың перзенті болудан асқан бақыт жоқ. Сол халық - қазақ халқы. Елінің өткенін ұмытпай, келешегіне қалтқысыз еңбек еткен перзенті бар халық та бақытты. Сол перзент - Д. Қонаев», - деп Үндістанның премьер-министрі Джавахарлал Неру бағалағандай, халқының біртуар азаматы, академик, аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Д.А. Қонаевтың есімі дүниежүзіне мәлім болған. Д.А. Қонаев саяси көсем ғана емес, ол ұлттың рухани ұстазы болды.

«Саяси жүйедегі өзгерістер қоғамдық болмыстағы өзгерістер нәтижесі екендігі белгілі. Дүниетаным мен саяси санадағы жаңару осылардан туындайды. Қоғамдық қатынастар, саяси жүйе және саяси сана біріне-бірі әсер бірінің себебі екіншісі болып, өзара тәуелді дамиды» сияқты Желтоқсан қозғалысының қазақ халқының сана-сезімі мен жан дүниесіне тигізген рухани ықпалы мен саяси мәні ерекше. Өйткені 1986 ж. Алматыдағы Желтоқсан қозғалысы - Кеңестер Одағындағы алғашқы демократиялық бас көтеру болды. Қазақ жастары кеңестік тоталитарлық басшылықтың

Г.В. Колбинді Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшылығына алуына қарсылық көрсетіп, бейбіт шеруге шыққан болатын. Алайда КСРО әміршіл-әкімшіл жүйесі олардың

бейбіт шеруін «қазақ ұлтшылдығы», «экстремистік пиғылдағы ұлтшылдар тобының бүлігі» деп бағалады. Сөйтіп, 5 ж. «Оян, қазақ!» деген ұран қайта жаңғырып, «қазақ ұлтшылдары» атанып жапа шеккен, атылған алаш азаматтарының рухы халық махаббатына бөленіп, ұлттық сана бой көрсетті. 20-30 ж. ұлтшылдардың нағыз халық көсемдері екені жалпы қазақ халқына белгілі еді. 1986 ж. қаһармандарын олармен салыстыру, жастарға үлкен мәртебе әкелді. Шынында да Желтоқсан оқиғасының ғасыр басындағы Алаш қозғалысымен байланысы бары анық», деген түсініктеме береді көрнекті ғалым Ғ. Есім.

Қазақстан мемлекетінде «...қазақ зиялылары ...халықтың парасатты саяси қалауын жүзеге асырды және көп жағдайда солардың арқасында Қазақстан мемлекетін дамытудың жолдары саяси шайқассыз, қанды қақтығыссыз тыныш жолымен жүзеге асты... Бұл бағытты бәрінен де ширақ көрсете алатын шығармашылық зиялы қауым біздің тарихи-мәдени шытырман ахуалымызды кімнен болсын жақсырақ біледі... Олар қазақ халқының өзіне тән мәдени болмысын жойып алмауға мүдделі... Келешек ұрпақ өз кезегінде, жаңа басталған тарихымыздың ең бір күрделі кезеңінде тәуелсіз мемлекетіміздің қалыптасуына қазақ зиялыларының көзге түсе бермейтін, бірақ мейлінше игі үлес қосқанын дұрыс бағалауға тиіс», - Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев тұжырымдағандай еліміздің өмірінде ұлттың рухани жетекшілерінің маңызы айрықша.

Сол сияқты зиялы қауым өкілдерінің де қызметі халқымен ғана мағыналы екені анық. Осы тұрғыдан алғанда қазақ елінің көкейтесті мәселелерін шешу үшін зор еңбек сіңіріп жүрген қазақ зиялысы, белді ақын, белсенді қоғам қайраткері, халық депутаты - Мұхтар Шаханов болып табылады. Ол Кеңестер Одағы мен КОКП сақталып тұрған кездің өзінде өз тағдырын қатерге байлап 1986 ж. Желтоқсан оқиғасының саяси, рухани мәніне әділ баға беру қажеттігін көтерді. Сонымен қатар ол Желтоқсан оқиғасының жазықсыз құрбандарын ақтап, оларға көмек көрсету мәселесін ашық қойды. КСРО-ның билігі кезінде желтоқсандықтарды жақтау нағыз ұлтжанды азамат қолынан ғана келетін. Бұл ретте Желтоқсан оқиғасына түпкілікті баға беру жөніндегі комиссияның төрағасы болған М. Шаханов Алматыдағы 1986 ж. Желтоқсан оқиғасында ешқандай ұлтшылдық, нашақорлықтың т.б. болмағанын дәлелдеп, ол оқиғаға мынадай баға береді: «Желтоқсандағы қазақ жастарының бұл жиыны ұлтшылдық бой көрсету емес еді. Ол басқа халықтарға, соның ішінде орыс халқына қарсы бағытталмаған-ды. Алматыдағы Желтоқсан толқуы - шын мәнісінде, елімізде алғаш рет екі күштің жаңа басталып, буыны

қатпаған демократиялық және ол кезде әлі өз күшінде тұрған әкімшіл-әміршіл жүйенің қақтығысы еді».

Сондай-ақ, М. Шахановтың Арал теңізін құтқару мен оның экологиялық жағдайы жолында көрсеткен қажыр-қайраты ерекше. Осы тұрғыдан алғанда М. Шаханов жетекшілік еткен «Арал-Балқаш» экологиялық комитеті (кейіннен «Арал-Азия-Қазақстан») халықаралық қоғамдық комитеті қоғам талабына сай пайда болып, халықаралық деңгейде зор маңызға ие болған қоғамдық ұйым. Бұл ретте 1992 ж. Бразилияның Рио де Жанейро қаласында дүниежүзінің мемлекет басшыларының үлкен жиынында Мұхтар Шахановқа Біріккен ұлттар ұйымы Қоршаған Орта бағдарламасының «Ғалам-500» сыйлығы беріліп, есімінің алтын кітапқа енгізілуі оның азаматтық істерінің әлемдік деңгейде мойындалуы еді. Бүгінде мемлекеттік тіліміздің шынайы жанашыры, қоғам қайраткері - М. Шахановтың атқарып жүрген игілікті істері тәуелсіз еліміздің көкейтесті мәселелерін шешуге түбегейлі негіз болып табылады.

Өз кезегінде Қазақстан халқына әлемдік деңгейдегі көрнекті ақын, саясаткер, қоғам қайраткері Олжас Сүлейменовтің сіңірген еңбегі зор. Ол «Невада-Семей» антиядролық халықаралық қозғалысына басшылық жасап, жерімізді улап, еліміздің тіршілігіне кеселін келтірген Семей өңіріндегі полигонды жабу мен ядролық қаруды сынауды тоқтатуға мұрындық болды. 2002 ж. түркі рухын тербеткен қазақ ақыны, қоғам қайраткері О. Сүлейменов «Тарихқа дейінгі түркілер» атты кітабы үшін «Күлтегін» сыйлығының алғашқы иегері атанды. О. Сүлейменов ақындығымен қоса қоғам өміріне де белсені араласып, қайраткерлік дәрежеге көтеріле білген азамат. Ол Италия, Грекия және Мальта мемлекеттерінде Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі, ЮНЕСКО-ның Қазақстан Республикасындағы тұрақты өкілі міндеттерін атқарып, жас тәуелсіз еліміздің шетелдермен қарым-қатынасын нығайту ісіне атсалысуда.

Кеңестік тоталитарлық басқару жүйесінің күйреуі жағдайында Қазақстанның егемен, тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы республиканың алғашқы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың есімімен тікелей байланысты. Демек, белгілі саясаттанушы М.Б. Қасымбеков атап көрсеткендей: «...көп ұлтты Қазақстанның Кеңес Одағы тарағаннан кейін жанжал, қақтығыстардың қатерлі өртіне шалдықпай, тәуелсіз ел атанып, сан алуан қиындықтарды сәтімен артқа тастап, қаз тұрып кетуінде Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың еңбегі өлшеусіз. Бұл ретте көрнекті ғалым Р.Б. Әбсаттаров Н.Ә. Назарбаевтың көшбасшылық бейнесін

төмендегідей тұрғыда сипаттайды: «Қазақстанның Президенті ретінде Н.Ә. Назарбаевтың билікке келуі бұқараның көңіл-күйіне үндес жаңа идеяларды іздестіруді талап етті. Бұрынғы саяси басшылықтың авторитарлық мәндегі көптеген әдістерін сақтай отырып, Н.Ә. Назарбаев қазақстандық ұлттың өзіндік санасының дәстүрлі құндылықтарына - әділдікке, адалдыққа, ұлттық егемендікке, мемлекеттік мүддеге жүгінді.

Е.А.Климовтың пікірі бойынша, “кәсіпқойлық - іс-әрекеттің белгілі саласындағы адамның іскерлік, білімділік және іс-әрекет нәтижесінің жоғары деңгейі ғана емес, бұл адам психикасының ерекше жүйелі түрде ұйымдастырылуы”. Бұл жүйе келесі аспектілерден тұрады: 1. адамның тұлға және іс-әрекет субъектісі ретіндегі қасиеттері (өзіндік мінез ерекшеліктері, зейіннің кәсіби өзгешелігі, қабылдау мен түйсінулердің, естің, ойлаудың, қиялдың кәсіпке байланысты өзгешеліктері, гностикалық іскерлік, дағдылар, әрекеттер, гностикалық әдебиеттердің түрлері және олардың кәсіби өзгешелігі (ерекше жағдайларда жол таба білу, т.с.с); 2. кәсіпкердің мәдениеті, білімділігі, тәжірибесі; 3. қызметкердің психодинамикасы (психикалық күйзелістердің жылдамдығы, өзгермелілігі), кәсіби іс-әрекеттің салаларына байланысты психологиялық қиыншылықтар; 4. кәсіптің талаптарына байланысты өзінің жыныстық және жас ерекшеліктерін түсіну; кәсіптің белгілі саласына байланысты өзінің денсаулық ерекшеліктерін, физикалық қасиеттердің ролін түсіну [2].

Н.В.Кузьмина кәсіпқойлықтың маңыздылығына байланысты мынандай анықтама береді: “іс-әрекеттің кәсіпқойлығы-бұл іс-әрекет субъектісінің сапалы мінездемесі. Бұл жердегі іс-әрекет субъектісі – кәсіби іс-әрекеттегі мәселелерді тиімді жолмен шешуді, оны жүзеге асырудың ынғайлы тәсілдерін, заманға сай жолдарын меңгере алатын адам. Осындай меңгеру дәрежесі әр адамда әр түрлі болады, сондықтан, әрбір кәсіби іс-әрекеттегі кәсіпқойлықтың жоғары, орташа және төменгі деңгейін бөлуге болады [3]. Автор әр түрлі кәсіптердегі кәсіпқойлықтың жалпы белгілерін бөледі: еңбек мақсаты,

объектісі, мазмұны және тәсілдері туралы арнайы білімдерді меңгеру; іс-әрекеттің дайындау, атқарылу және қорытынды кезеңдерінде арнайы икемділікті меңгеру; белгілі нәтижеге жеткізуші және іс-әрекет процесін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін арнайы тұлғалық қасиеттері мен мінез ерекшеліктеріне жету [3].

А.А.Бодалев “жоғары деңгейдегі кәсіпқойлықты қабілеттердің айқын дамуы, белгілі саладағы тұлғаның терең, жан-жақты білімдері және іс-әрекетті тиімді жолмен орындауға қажетті іскерлікті игеру” деп анықтайды. Кәсіпқойлықты анықтауға жүйелі методология әдістерін қолданған жөн. Автордың пікірі бойынша, белгілі бір жүйе ретіндегі кәсіпқойлықтың пәнаралық моделі 4 деңгейге байланысты негізделеді: 1. әлеуметтік (статистикалық деректер: белгі топтағы кәсіпшіні анықтайтын жалпы ерекшеліктер, оның дәрежесі, материалдық мүмкіншіліктері, орны); 2. әлеуметтік-психологиялық (әлеуметтік бағыттар, тұлғаның қарым-қатынасы, бағыттары, сенімдері); 3. жалпы психологиялық (профессиографикалық бағыттың міндеттері негізінде); 4. психофизиологиялық (адам организмінің өзін-өзі қалыпқа келтіру жағдайлары, психикалық көңіл-күй, қалыптар, жетістікке әкелетін тұлғаның кәсіби табиғи нышандары [4].

Сонымен, іс-әрекеттің кәсіпқойлығы іс-әрекет субъектісінің кәсіпқойлығына байланысты болғандықтан кәсіби іс-әрекет тиімділігін қамтамасыз ететін келесі психологиялық механизмдерді қарастыруға болады:

- мотивацияны (Асеев В.Г., Маркова Н.К., Мельничук А.С., Климов Е.А., Кузьмина Н.В., Скриптунова Е.А. және т.б.)
- адамның тұлға ретінде анықталуы (Анисимов О.С., Козловская С.);
- тұлғаның даярлығы (Деркач А.А., Кузьмина Н.В., Ляшенко А.И. және т.б.);
- тұлғаның біліктілігі (Деркач А.А., Кузьмина Н.В., Маркова А.К., Ситников А.П. және т.б.).

А.А.Деркач және П.Э.Орбан кәсіпқойлыққа байланысты Н.В.Кузьмина, Т.В.Кудрявцева, В.А.Сластенина, Ю.К.Бабанский, А.Маслоу, Э.Фромм жұмыстарында көрсетілген әр түрлі бағыттарды талдау негізінде, кәсіпқойлық адамның өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі жүзеге асыру қабілеттілігімен, тұлғаның өзіндік кәсіби іс-әрекеттің субъектісі ретінде қалыптасуымен тікелей байланысты, деген қорытындыға келді. Кәсіби іс-әрекеттің белгілі түріне дайын болуды толық сипаттай отырып, А.А.Деркач пен П.Э.Орбан өзара байланысты компоненттердің келесі жүйесін қолданады: мотивациялық (кәсіптің белгілі түріне жағымды қатынас); когнитивтік (кәсіби этика туралы

білім); гностикалық (қажетті психотехнологиялар жиынтығын, кәсіпке байланысты тәсілдер мен құралдарды меңгеру); эмоционалдық (өзін ұстай білу, өзін-өзі бақылау, батылдылық, белсенділік); баға берушілік (өзінің кәсіби қасиеттерін моралдық тұрғыдан бағалау) [5].

Кәсіпқойлықтың операционалдық психологиялық көрсеткіштеріне келесілер жатады: кәсіби сана-сезім, болашақ кәсіпкердің бейнесі; әрекеттер, тәсілдер, іскерлік, техникалар, технологиялар; икемділік, бейімділік, білімділік; қабілеттер, кәсіби жарамдылық; ойлау; еңбек жемістілігі, тиімділігі; еңбекқорлық, төзімділік; кәсіпте белгілі деңгейге жету; кәсіби жоғарылау тәсілдері, кәсіпке позитивтік динамиканың болуы; кәсіби іс-әрекетте нәтижелерге жету, кәсіби іс-әрекетте көп салалы жоғары деңгейге жету; кәсіби саладағы қарым-қатынастағы, іс-әрекеттегі жекедаралық стиль; іс-әрекеттің бірнеше түрлерін меңгеру, бір түрінен екіншісіне жеңіл жолмен ауыса білу; ерекше жағдайлардағы кәсіби іс-әрекеттегі тәсілдер; шығармашылық және инновациялық іс-әрекет.

Еңбек психологиясында шеберлік деп – шығармашылық бағыт және дағдылар арқылы пайда болған белгілі саладағы кәсіби іскерліктің жоғары деңгейін және тәжірибе арқылы пайда болатын тұлғаның қасиетін айтады.

Кәсіби шеберлік – бұл кәсіби іс-әрекеттегі тиімді технологиялар жүйесін меңгеру (білім және іскерлік деңгейіде). Осындай меңгеру процесі тұлғаның кәсіби-маңызды қасиеттеріне байланысты болады.

А.П.Ситников кәсіби шеберлік құрылымының келесі түрлерін бөледі: а) тұлғааралық - ұжымдық жұмыс жасау процесіндегі қарым-қатынас пен өзара әрекеттесудегі іскерлік пен дағдылар; б) жүйелік ойлау дағдыларын дамыту негізінде көрінетін кәсіби іс-әрекеттің технологиялық құрылымы туралы жалпы ой-елестер; в) кәсіби қызығушылық пен мотивтерге байланысты тұлғаның кәсіби-маңызды қасиеттері және тұлғаның жеке және бірігіп шешім қабылдауға байланысты қабілеттері, оның осы өмірдегі орнын түсіну және қоғамдық құндылықтарға, кәсіби ұжымның бағыттарына, жалпы қоғамға жауапкершілікпен қарау. [6].

Жоғарыда айтылған кәсіпқойлық концепциясының авторлары тұлғаның мотивациялық аумағындағы кәсіпқойлықтың психологиялық көрсеткіштерін өңдеді: кәсіби құндылықтары, арман-мұраттары; кәсіптің маңыздылығын түсіну; кәсіби көзқарас, мамандыққа байланысты этникалық дәрежелерді меңгеру; кәсіби талпынулар; кәсіби бейімділік, кәсіби ықылас; кәсіби мотивтер (сыртқы және ішкі); кәсіби мақсаттар; кәсіптің мәні, кәсіби тұрақтылықты анықтайтын

кәсіби іс-әрекеттегі шығармашылық; тұлғаның мотивациялық аумағының позитивтік динамикасы (кәсіби іс-әрекетте пайда болатын жаңа мотивтер, мақсаттар, мән-мағыналар, олардың иерархиясы); кәсіби өмірді жоспарлау; даралық, өзіндік кәсіби көзқарас, баға беру жүйесі; кәсіпшінің бағыты: өзін маман ретінде сезіну; жоғары кәсіби деңгейге талпыну, өзін жан-жақты жоғарылату мотивациясы; кәсіпке байланысты іс-бағытын өзгертуге дайын болу; кәсіби тұлғааралық қарым-қатынастар.

Сонымен, кәсіпқойлық құрылымындағы тұлғаның мотивациялық аумағы бірнеше маңызды функциялар атқарады: біріншіден, мамандық таңдауға мүмкіншілік береді, белгілі бір кәсіп саласына тұрақты қызығушылық туғызады; екіншіден, тұлғаның кәсіби маңызды қасиеттерінің динамикалық дамуын қамтамасыз етеді және үшіншіден, кәсіпқойлық деңгейін жоғарылатуға байланысты ынталандырушы функцияны атқарады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Маркова А.К. Психология профессионализма.-М., 1996.–308 с.
2. Климов Е.А. Развивающийся человек в мире профессий.-Обнинск, 1993.–56с.
3. Кузьмина Н.В. Профессионализм личности преподавателя и мастера производственного обучения.-М., 1990.- С. 95-115.
4. Алексеров Р.Г. Психологические механизмы повышения эффективности профессиональных действий гос. служащих: дис.кан. психол. наук.-М., 1998. –136 с.
5. Деркач А.А., Орбан Л.Э. Акмеологические основы становления психологической и профессиональной зрелости.-М., 1998.-136с.
6. Ситников А.П. Акмеологический тренинг: теория, методология, психотехнология.-М., 1996.-400 с.

ХАЛЫҚТЫҚ АСТРОНОМИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРДЫҢ ТІЛДЕГІ БЕЙНЕСІ (МӘШҮР ЖҮСІП КӨПЕЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

Г.Т. КӘРІПЖАНОВА

ф.ғ.к., доцент, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Мәшһүр Жүсіп шығармаларында халықтың мифтік дүниетаным, наным-сенімдерінің, қазақ халқының астрономиялық көзқарастарының

тілдегі бейнелері сипатталады. Тіл- мифологиялық танымның көзі. Тілде мифологиялық жүйенің әртүрлі моделдері бейнеленеді. Сөздің мифологиялық мағынасы тұрақты тіркестерде, идиомдарда бейнелі түрде түсіндіріледі. Ол қазақ халқының дүниетанымының негізін қалайды және ақындар поэзиясында да көрініс табады. Ай, күн, жұлдыздың мифологиялық моделі Мәшһүр Жүсіп шығармаларында кездеседі. Жалпы Мәшһүр Жүсіп көркемдік мұрасының негізгі концептілердің бірі ретінде «Ай», «Күн», «Жұлдыз» концептілерін атауға болады.

*Мешкей жоқ, көріп тұрсаң Күн мен Айдан,
Жақсылық, бойдан шықпас, келер қайдан?!
Міне, сол құтылудың бір хайласы-
Дүниеге адамдарға тисе пайдаң! (191 б.)
Тілімді алсаң, әне, алмасаң да
Бұл сөзді нансаң да, айттым, нанбасаң да!
Баруың Тәңір алдына Күннен жарық,
Ентелеп өз еркіңмен бармасаң да! (183 б.)*

«Ай» концептісі көркем курс шеңберінде әрбір нақты семантикалық-психологиялық, эмоционалдық-эстетикалық түрде жүзеге асуы тұлғаның тілдік санасының ерекшелігімен айқындалады. Ақын поэзиясында «Ай» мен «Күн» өзінің жаны бар, көзі бар тек тілі жоқ құрылғы ретінде көрініс табады.

*Ай басын қосар екен қай күн бізбен?!
Телеграмма, телефоным көзге-көзбен!
Айда – бас бар, ауыз бен тіл болар ма?
Өз тілің өзіңе жау ел (зіл) бола ма?*

Қазақ халқының алғашқы сенімдері шаман дінімен байланысты. Ол дін көк аспанға, айға, күнге, суға, жерге, ата-бабалар рухына сиынады. Мысалы, «Күннің болайын», «Айың болайын», «Күннің оңынан тусын», «Айды аспанға шығарды» т.б. бейнеленген. Шартты түрде алғанда сөздің ассоциациялық өрісінде сол нысан туралы адам санасындағы түсінік, ұғым жиынтығы көрініс табады. Ассоциациялық өріс тіл қолданушы ортаның тілдік бірліктердің мағынасын тілдік қолданыста, жалпы қабылдаудағы түсініктерге негізделеді. «Күн» концептісі Мәшһүр Жүсіп шығармаларында білім, біліктілік деген мағынада да жұмсалғандығын көреміз. Мысалы,

«Нанайын ба?!» деген шығармасында күнді жарық бейне ретінде алады.

*Қараңғы түннің жарық таңы атар ма?
Күннің қызу сәулесі оятар ма?!*

Ақын күн сәулесін бейбіт өмір, тыныштық бол ма деген ойды меңзеу үшін қолданғандығын өлеңді толық оқығанда аңғарамыз.

*Көңілі – тар, көзі соқыр- сұм заманда,
Тұйғындар торғай құрлы құны жоқтан
Қор болды-ау уқаланып құр табанда!*

Қолда бар дүниенің қадірін білмеу жайын айтса, залымдар түн бүркенген күн шыққанын ұнатар ма деп қынжылады.

Тіл әлеуметтік құбылыс болғандықтан, ол тілдік ортамен және де жеке адамның танымымен байланысты.

*Мен ғашық уыз жастан болдым Күнге,
Күн қашан тіліңді алып жүрген жөнге?
Нәрсеге пайдасы жоқ болып құмар,
Кілігіп неше қабат қалдым түнге.
Бойыма бір сіңбейді асым тарап,
Құрғыр Күн батып кетіп, қалды харап
Жете алмай Күн артынан қаниша қуып,
Қадалып қала қалдым көкке қарап.
Тұрумен көкке қарап көрдім Айды,
Аймен ойнап асықты, алдым пайды.
Жердегі не көктегі Айға құмар
Қылып қойған, жаратқан Құдайым-ай!
Қадалумен қарасам мен құмартып,
Аспандағы Ай нұры өседі артып
Толып жүрген қазақтай жасай қарасам,
Жабыланып тұрады кірбің тартып
Менің көңілім әрқашан Айда болған,
Өзге жұлдыз, көне айдай болған?!
Сүйегімен кетеді өлсем бірге,*

Тілдік білімге тән «Ай», «Күн» концептісінің эмоция мен қабылдау аясына қатысты қарастыру көрінісі байқалады. Ай мен Күнге ғашық болуы, махаббат сезімін бастан кешіруді бейнелеуде көрінеді. Мысалы, ақын:

*Телміріп Ай бетіне қарауменен.
Онан басқа нәрседен көзім тайды.
Ай аспанда, мен жерде болдым құмар,
Құмарлықпен емеспін көзді жұмар*

Түн болса, ұйқым қашқан соң, ұйықтататын –
Кітап қарап, ақтарып, тактым тұмар
Анда-санда көрініп қалады Ай,
Ай көрінсе болады көңілім жай,-дейді.

Ғашық көзбен қараса, ай басқадай, ал қарапайым көңілмен
қарғандағы айдың өзгеше болып көрінуі арқылы ғашықтық көзі
кемшілікті көре алмайды деген халық ұғымын береді.

...Шығармаймын сыртыма, біледі ішім –
Айдың көңілі, қалты жоқ, анық менде
Анық байқап қарасаң, Айда жүз бар,
Кәдуілгі адамдай екі көз бар.
Тіл мен ауыз бар-жоғы есеп емес
Көңілден-көңілдерге тілсіз сөз бар.
Екі көңіл арасы – қара жол-ды
Күндіз-түн қатынасады оңды-солды
Болған үшін басында мұң менен зар
Бір күн қылдай жіңішке, бір күн толды.
Мұнда отырып мен толсам, Ай солады.
Екі басы иіліп жай болады.

...Ай толып аспандағы шараланып,
Көркейер он төртінен толған Айдай

Адамды қоршаған шынайы болмыс нысандары өзара байланыста,
үйлесімде немесе өзгешелікке құрылған. Осы байланыстарды
бақылаушы да, танушы да, зерттеуші де, бағалаушы да ең алдымен
адам болғандықтан, олардың көрінісі тілде бейнеленеді. Осы ретте,
адам санасының, ойының ең бір күрделі процесі ретінде метафоралы
ойлау қабілетін айтуға болады. Адам көңілінің биіктігі көрініс табады.
Қолға түспейтін дүниеге құмартуы, ұмтылуы, ғашық болуы. Қолынан
келмейтін дүниенің сырын түсінуге, армандауға адам баласының
құмар болуы бейнеленген. Ал төмендегі шумақта ақын қолдан келмеске
бос ұмтылғаннан пайда жоқтығы жөнінде философиялық ой түйіндейді.

*...Бұлт бар өркеш-өркеш мұнарланған
Көңіл бар көктегі Айға құмарланған
Меңдей бұлт, көрінбей бетін басса,
Түлкідей бүркіт алған, жұмарланған.
Не түсер, көктегі Айды, алғанменен
Шын болмас, айланбан, жалғанменен
Күдер үзіп, түңілу жоқ қой менде
Ала алмай оны тағы қалғанменен*

*Телмірдім тек күн батыс Айға қарап
Мен Айға телмірмеймін жасайға қарап.
Асық ойнап пай салам, Ай болсаң да,
Алатұғын отырмын қайға қарап.*

Қазақ халқының ділімділігінің астрономиялық көзқарастарда
бейнеленуі және оның тілдік көрінісі қазақтардың астрономиялық
көзқарастарының негізі болып табылады.

*Аспанда: Күн күректен, Ай айырлап,
Алмастан ешбір дамыл ол байырлап
Бидайдай желге ұшырып өмініңді,
Екеуі тауысуда, біл байымдап!
Ойласам, осы бір сөз дұрысекен,
Деп айтпас миы бар жан: «Бұрыс екен!»
Бірі – күндіз, біреуі түнде жортқан-
Ай менен күн – өмірдің ұрысы екен.*

Жұлдыздардың қазақ дүниетанымындағы рөлі маңызды,
мәнісі зор болған. Көшпелі қазақтар үшін дүздегі нақты нысана
аспан жұлдыздары. Сол жұлдыздарға қарап түн мезгілін, түннің
қай мезгілінде, қандай жұлдыз пайда болатындығын байқап, айтып
отырған. Олар жылдың, айдың, түннің, қай мезгілінде уақытты
айыныпай айта алған. «Жұлдыз» концептісін қазақ дүниетанымының
кілтті ұғымы деп қарастыруға болады. Себебі, бұл ментальды-
мәдени жасалым қазақтардың ұлттық мәдениетінің іргетасы болған
құндылықтық бағдарларды, көзқарастарды жүзеге асырады.

«Жұлдыз» концептісінің құрылымы күрделі. Оның бес
компонентін көрсетуге болады:

- Ұғымдық компонент ол «жұлдыз» ұғымы туралы түсінік береді.
Мысалы,

*Аспан биік болғанда Жер - аласа,
Таулар зор, дариялар мол – көз қараса
Ай мен Күндей жарық, **жұлдыздар** көп
Жаралған бәрі оңды боп бір тамаша*

Берілген шумақта ақын жұлдыз ұғымын тура мағынасында
қолданған.

Мағыналық компонент.

Бұл компонент «жұлдыз» сөзінің мағыналарын айқындайды:
жұлдыз, ақпа, метөр т.б.

*Күн шықты, жұлдыз біткен өртке күйді,
Күймесе, қайда кетті, не жау тиді.
Жел қатайды, еңсе бір көтерілді,
Файыптан бір қыз келіп беттен сүйді.*

Мәшһүр Жүсіп шығармаларында да жұлдыз концептісі белгілі ұғымдардың көрінісі ретінде жұмсалғандығын аңғарамыз.

*Сонда жарлық түсірді Көк пен Жерге:
-Тауға қарна, алдыма кел,-деп-бірге,
-Ай, Күн, Жұлдыз, ағаш, шөп,-шаибауыңмен
Ажарланып, көркейіп кір,-деп түрге!
Ерік, ықтияр өзіңде, көкпенен жер,
Ай мен күн, бұл кеңеске сенде кір
Тау мен тас, шалқып жатқан дария сулар,
Көгермін алаламай бәріңді бір.*

*...Сейсенбі, сәрсенбі күн көкті қылды
Құдіретпен қылған ісін неше бөлді.
Көкті жерге пар қылып үйжестіріп,
Ай мен күн жұлдыздардан перде құрды.*

- Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы «күн», «ай», «жұлдыз» концептілері шаманизм, ислам мәдениетіне дейінгі яғни тәңірлік дәуірдегі сипатын білдірген. Жер жаһанды жаратушы жұлдыздарды әсемдік үшін жаратты деген ұғымды аңғартады.

*«Әлиф» десем, аспаннан аққан жұлдыз,
Жарықтығы – қылғандай түнді күндіз
Екі ай тұр қатарымен жаңа туған.
Көріп тұр сол әйнектен күнді бұл көз.
Қамалып өмір бойы қалған түнге,
Қадалып қарай-қарай ай мен күнге
Не екенін соның бәрін көргенімен
Білмейді дәнмесін бізден өзге*

Ишарат өлеңдерінде ақын ай мен күнді көргенімен ешнәрседен хабарсыз, қараңғылықта қалған, яғни оқып-тоқымаған жан туралы тұспалдап отыр. Күн мен айды көргенімен қараңғылықта қалғандықтан қолдан келері жоқ дүниені мензеп отыр.

Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағыдай күн мен ай, жұлдыздың қазақ әдебиетінен де символдық мәнін көреміз. Мысалы, ақын-жырау

шығармаларын қарастырсақ, аталған сөздердің символ ретінде қолданғандығын бірден аңғаруға болады.

*Нұрыңнан нұр алып,
Аспанда жарық ай,
Келеді қозғалып,
Жақындап бері қарай
Күн батып жоғалды
Нұрыңнан ұялып,
Жұлдыз бен ай қалды
Сәулеңнен нәр алып.
Жетіқарақшы айналып сені іздеп жүр,
Бәрі де ойлап, мас болып сандалып
Үркер мен таразы
Шашуды шашуға,
Шолпан да қарады
Мауқын бір басуға,
Темірқазық арқандап қос боз атын,
Даратып ойы бар тойына қосуға
...Жүзінді көрсем деп
Күн шықтықайтадан.
Бір көріп өлгелі
Ұмтылды бері таман.*

Ақын сұлулықты, махаббатты, сүйіспеншілікті білдіруде халық ұғымындағы қалыптасқан танымға (күн, ай, жұлдыз – сұлулық символы) басқаша жағдайды қолданған. Яғни әлемдегі барлық құбылыс сұлуға таңдана қарайды.

Сүйгеніне деген терең сүйіспеншілік, шексіз махаббатты білдіруді Мағжан өлеңдерінен оқимыз.

*Келші, көзім, күн бетінді көрейін
Сүйші, сәулем, түншығып мен өлейін
Жет, жұлдызым, жылжып қана жібектей.
Жұлдызды – жүзік,
Айды алқа ғып берейін!*

Ай, Күн, Жұлдыз ғашықтық сезім күйлерін ғана емес, барша адам атауларының бір-біріне деген сүйіспеншілігін көрсетеді.

Б.Күлеевте:

*Сен хорсын, періштемсің, алламсың сен,
Мен үшін сенің көркің тәңірмен тең.
Көркің күн, жүзің жарқын, ажарың ай,
Тізе бүктім, «тәңірі» дедім алдында мен.*

Жүрсең – жер, күлгенде – көк сүйінеді,
Ағаш-шөп сәжде қылып иіледі.
Аспанның ажарлысы Ай менен күн.
Көркінді көріп таң боп күйінеді.

Алдынан әлдеқашан бұлт қашқан,
Құлдықта қол қусырып жер мен аспан.
Айнадай ай жүзіннің ажарынан.
Ұялып жұлдыз біткен бетін басқан.

Демек, *ай мен күн* - өмір өзегі – биік махаббат, терең сүйіспеншілік, асқан сұлулық символы болса, *жұлдызды аспан* – қос ғашықтың махаббатының куәсі. Қазақ халқы ай, күн, жұлдыз сөздерінің символдық белгісіне байланысты: *айдай сұлу, жаңа туған айдай, ай қабақ, он төртінде туған айдай* десе, күнге байланысты *күндей көрік, күндей нұрлы, күндей балқу* т.б. кейде ай мен күнді қосарлана қолданып, мінсіз әдемілікті меңзейді: *ай десе аузы, күн десе көзі, айдай мінсіз* т.б.

Қазақ халқы үшін күн – мәңгілік өмірдің символы.
Оңынан айым, күнім туып сол жақтан,
Алашыма айнадай сәуле бере ме?

Халық тілінде күн сөзінің символдық мәніне қатысты төмендегідей тұрақты тіркестер бар: *күн қору, күнелту, күні туды, күні таусылды, күні жақындады, күні өшті, күні бітті* т.б.

О, менің тірлігім, қуатым!
Неге сен батасың шуақ-күн?
Сақшысы бол-дағы өмірімнің
Төбемде мәңгілік тұр көріп.
Батпа сен!
Бермеші түнге ерік!
Төбемнен ұзама жүз кадам,
Жылыта бер деңемді мұздаған,
Зәредей сәуленді мен сенің
Некелі жарымдай қызғанам.

Сонымен, аспан шырақтары – Күн, Ай, жұлдыз халық танымында сұлулық, ізгілік, махаббат нышандары ретінде танылып, тіл жүйесінде өз өрнегін салған.

«Дойбының ойыны» өлеңінде өмірді тұспалдап отыр. Өмірде сараң болма, сараң болсаң, халықтан байлығыңды тығып, тарылсаң бәрі босқа қалады деген ойды тышқанның інге тыққаны ертең мысыққа ұсталып, жем болса, тыққан, жиған тергенінің босқа қалатындығын айту арқылы жомарт

болуды меңзейді. «Ай» болсаң да, «Күн» болсаң да мәңгі жарқырап тұра алмайсың, олар да батады деген философиялық түйін тастайды.

*Бір жарық түн басынан таң атады,
Мейлің-Ай, мейлің Күн бол-бір батады
Дарияның толқынындай дүние жүзі
Толқында тауып тыныштық кім жатады?
Астыңа – жер, үстіңе көкті жайды:
«Күндіз Күнді көр-деумен, түн болса, Айды!»
Мұның бәрін бекерге жаратқан жоқ,
Білмей қалсаң, мойныңа бұл бір пайды!
Дойбының тақтайындай қылды көкті,
Ай мен Күн, жұлдыздан – тасын тікті.
«Күндіз, түнмен ұтысып, ойнап қал!»-деп,
Күн де бес жылда бір айды артты жүкті.
Өзге ойынның бұл ойын басы болды,
Ойнай мұны білмеген – гасы болды.
Жыл да – он-екі ай болғанда, ай да он екі,
Жиырма төрт дойбының тасы болды.*

*Өзің қимай, ала алмай, құр(ы) қаласың қаласың(қалсаң құры)
«Бермеді!» - деп, Құдайға жүқтырма кір.*

Өзің мақсатына қол жеткізбесең, біреуді кінәлап, қаралама деген ойды тұжырымдайды.

Еңбектен, талмай еңбек ет, бірақ құр жинай бермей халыққа де көмектес деген ой тұспалмен берілген. Тышқанның талмай күні-түні еңбектенгені мысыққа ұсталған күні жер астында қалатындығы арқылы жиған тергенінді аясаң, көпке септігің тимесе ол да босқа қалады деген ой астарлап берілген.

*Ін қазып, үйден-үйге жаса тесік,
Тар болсын, кіре алмастай, кедейге есік.
Жалғыз тал шөп көрінсе, тастамай жи,
«Болд-деп,-заман жайы әлденешік?!»*

Сараңдықты контекстік антонимді «ешкімнің қолы жетпестей жина, тер, дүние жи, кедейлерге есік тар болсын» қолдана отырып әжуалайды.

*Қалады жер астында жиган дүниен,
Бас салса, бір тесіктен, аңдап мысық.*

Дүниеқоңыздықтың, сараңдықтың соңғы шешімі осылай түйінделеді.

Енді бірде ақын жылан бол, алтын жи, күміс жи көңілің тоқ болады дейді. Бірақ бұл жерде де сатира бар, өткір шеңу бар. Өзінен өзі аяп

қалтақтаған өмірден өз орнын табуы екі талай. Сараң болмай әр нәрсені жомарттықпен шешкен адам өмірден өз орныны табады деген ой беріледі. Яғни, әр нәрсені дойбы ойнағандай өмірде де тарылмай, ойланып, ақылмен шешу керек деген тұжырым бар. Өмір дойбының ойны сияқты, надан болмай, сараң болмай, тасты ұтқызса да жеңіске қол жеткізуге болады деген тұжырым арқылы, өмірдегі құбылысты бейнелейді.

«Күндіз бен түннің айырмасы» деген тұспал өлені күн мен түннің құпия сыры толғанады. Күндіз тыныштық қашып, адамзат тіршілік соңына түсіп, күйбең тіршілікпен мазасызданады.

*Жалғанның тозақ пенен бейіші бар,
Бір күн тыныштық, кей бір күн кейісі бар.
Кейісі тозақ болғанда, тыныштық – бейіш,
Міне, осындай муафық келесі бар.
Таң атып, күн шыққан соң, тыныштық қашар,
Бай, жарлы, бәрі отырмай тытырласар.
Біреу өзін бұқтырып жер түбіне,
Біреу өзін әуре ғып аспанға асар.*

Күндіз біреу тіршілік үшін еңбектенсе, енді, бірі қолындағы бар байлығын сұрап келер ме деп қуыстанып, тығылып әлек. Яғни, ақын сараң байдың күйін сынайды.

*Ақшалы бай жүреді төмен бұғып,
Қолдан кетсе бір тиын, жаны, жаны шығып.
«Көрінген жан бір нәрсе сұрайды гой!», -
-Демеумен өзін-өзі інге тығып...*

*Бұл дүние құтқармайтын тозақ болды,
Бейнеттіге, құрығыр, күн ұзақ болды.
Дамыл, тыныштық бір жанда болмаған соң,
Есебі күндіз өзі тозақ болды.*

Қоғамдағы қиыншылық, бейнет өмір, ауыр тұрмыс тозақ сөзі арқылы бейнеленеді.

Мәшһүр шығармаларында әлемнің ұлттық тілдік бейнесі, халықтың мифтік дүниетаным, наным-сенімдерінің, қазақ халқының астрономиялық көзқарастары ұлттың дүниетанымына тікелей байланысты алынған, басқаша айтқанда, ұлттың өзіне тән дүниетанымы мен қабылдауында оның өз әлемінің тілдік бейнесі сомдалған.

ӘДЕБИЕТ ПӘНІН ОҚЫТУДА ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРДІҢ АЛАТЫН ОРНЫ

А. КОВЕЙ

қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, №38 жалпы негізгі мектебі, Павлодар қ.

Мектепте қазақ әдебиетін оқыту мәселесі ерекше назар аударуды талап етеді. Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқытуда Қ. Жүсіп, Қ. Бітібаева, Ә. Дайырова, Е. Жұматаева т.б. тәжірибелі әдіскер ғалымдардың еңбектерін айрықша атап өтуге болады.

Жас ұрпақтың жаңаша ойлауына, олардың біртұтас дүниетанымының қалыптасуына, әлемдік сапа деңгейіндегі, білік негіздерден меңгеруіне ықпал ететін жаңаша білім мазмұнын құру – жалпы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселенің бірі. Ал осы мәселелерді жүзеге асыруға бағытталған оқыту технологияларының оқушының өзіндік әрекетін дамыту, білімді өздігінен меңгеру, дамыта оқыту т.б. педагогикалық ұстанымдары баланың оқуға деген ынтасы мен зейінінің өзіндік ұмтылыстан шығатынына назар аудартады, баланы өз іс-әрекетінің субъектісі етуге ұмтылдырады.

Әдебиет сабағында жаңа технологияны қолданудың өзіндік тиімді жақтары мол. Оқытудың дәстүрлі түрімен салыстырғанда қол жеткізер нәтижелері де қомақты. Оқытудың дәстүрлі түрлері түсіндірмелі – иллюстративті, проблемалық оқыту, модульдік, бағдарламалап оқыту, оқыту элементтері қолданылатын әр алуан әдіс-тәсілдер (репродуктивтік әдіс, сұқбат, дөңгелек үстел, іскерлік ойындар) оқушылардың белсенді әрекеттеріне бағытталады.

Шешендік сөздерді меңгертудегі негізгі мақсат: әдебиет пәні арқылы оқушының жас ерекшелігіне сай таным мүмкіндігін, белсенді сөздік қорын қалыптастырып, сөйлеудің, оның ішінде шешендік сөйлеудің негізін игеріп, қарым-қатынас жасауда қолданып, әңгімелесуге, ана тілін құрметтеуге тәрбиелеу және шығармашылық қабілетін дамыту.

Шешендік сөздерді меңгерту үшін мұғалімнің алдына мынадай міндеттер қойылады:

- сөздік қорын молайту;
- синоним, омоним, антоним сөздерді айыра білу,
- мәтіннен бейнелі, теңеу сөздерді табу;
- астарлы, тұспалдап айтылған сөздердің мағынасын түсіну;
- шаршы топ алдында сөйлеу дағдыларын қалыптастыру;
- баланың көркем сөйлей білуіне көмектесу.

Әдебиет сабағында шешендік сөздерді меңгертуде қолданылатын тиімді әдістердің бірі ретінде деңгейлік тапсырмалар арқылы меңгертуді айтуға болады. Шешендік өнерді үйретуде деңгейлік тапсырмалар қолдану арқылы жаңа сөзді, мағыналы да мәнді, әсерлі, яғни эмоционалды, экспрессивті сөздерді сапалы меңгертуде болады.

Деңгейлік тапсырмалар арқылы меңгертудің негізгі ерекшеліктері біріншіден, үнемі тілдік қатынастың жүргізілуін қамтамасыз етеді, екіншіден, әр оқушының жеке бас қасиетін, қабілетін ескеру белгісі. Сыныптағы оқушылар бір-бірінен өздерінің сөйлеу, ойлау қабілеті, қызығушылығы т.б. қасиеттері арқылы ажыратылады. Деңгейлік тапсырмалар арқылы оқыту осы жеке қасиеттерінің барлығын ескере отырып, әр оқушының танымына, қабілетіне қызығушылығына сай ұйымдастырылады.

Үшіншіден, деңгейлік тапсырмалар арқылы шешендік сөздерді меңгертуде проблемалық түрі де басты орын алады, төртіншіден деңгейлік тапсырмалар арқылы шешендік сөздерді меңгертудің басты ерекшелігі – оқу үрдісінің үнемі өзгеріп отыруымен байланысты, яғни жаңашылдығы. Деңгейлік тапсырмаларда меңгеруге тиісті міндеттермен қоса, күрделі тапсырмаларда қамтылады, әрі оқушының қабілетіне қарай орындауға тапсырма беріледі.

Деңгейлік тапсырмалар – жеңілден қиынға, қарапайымнан күрделіге қарай сатылы түрде орындалатын жұмыстар жүйесі.

Деңгейлік тапсырмалар оқушының ойлауын дамытып, дүниетанымын кеңейтеді. Жеке өзіндік көзқарасын қалыптастырып, ізденушілікке баулиды. Жалпы, деңгейлік тапсырмаларды қолдану оқушының жеке қабілетін ашуға, өзіне деген сенімін арттыруға, әдебиет пәніне деген қызығушылығын арттыруға жол ашады.

Яғни деңгейлік тапсырмалар арқылы әдебиет сабағының риторика саласын сапалы меңгертуде, сабақтың қызықты, тиімді өтуіне ерекше ықпал етеді. Деңгейлік тапсырмалардағы әр деңгейдің өзіндік талап-мақсаттарына сай тапсырмалар беріледі. Берілген тапсырмалар желісі оқушының қабілетін ұштап, шығармашылық жұмысқа жетелейді.

Деңгейлік тапсырмалар арқылы дамыта оқытудың тағы бір ерекшелігіне тоқталар болсақ, деңгейге бөліп оқытуға бола ма? Оның тиімділігі неде? Өзіндік ерекшелігі қандай? Жеке тұлға тәрбиелеуге қандай көмегі бар? деген сұрақтарды туғызады.

Мұның негізгі ерекшелігі жоғарыда айтқанымыздай, оқушылардың сабақ барысында бірнеше деңгейде жұмыс жасай алатындығында. Оқушыны деңгейге бөліп оқыту үшін сабақ жаңаша

жоспарланады. Оқушының алған тапсырмасын орындай алатындығы, жұмысты орындауға бейімділігі бақылауға алынады, алған білімін жүзеге асыра алатындығы ескеріледі.

Деңгейлік тапсырмаларды шешендік сөздерді, ұшқыр мағыналы ұғымдарды терең және жаң-жақты меңгертуде қолдануға болады. Деңгейлік тапсырмалардың тиімділігі оқушы белгілі бір тақырып бойынша түрлі тапсырмалармен жұмыс жасайды. Бірінші деңгейдегі тапсырмаларға қарағанда ізденімділік пен шығармашылық деңгейде орындалатын жұмыстардың мазмұны мен жүргізілу жолдары қиынырақ болады. Жоғарыда атап өткеніміздей, әр деңгейде орындалатын тапсырмалар әр түрлі және түрлі талаптарға сай келеді. Деңгейден деңгейге көшкен сайын тапсырмаларға қойылатын талаптар да артып, тапсырма мазмұны күшейе түседі.

Ғалым Қ.Бітібаева, жоғары санатты мұғалім М.Мұқашева : “Мақсатты білім беру-технологияның басты белгілері,- дей келе, оның ұғымының тың екендігін, жаңа оқу амалдарын, іс-әрекеттерін ізденуді, жаңа ізденістерді оңтайлы пайдалану арқылы жоғары көрсеткіштерге жетуге болатындығын” айтады[1,4-5]. Сондай – ақ, ғалымдар жоғары көрсеткіш білім деңгейін шығармашылық деңгейге жеткізу деген сөз деп атап көрсетеді.

Шешендік сөздерді меңгерту үшін өткізген ашық сабақ: “Іскерлік қарым-қатынас, ондағы сөз әдебі” деп аталады.

Сабақ жоспары

Сабақтың тақырыбы: Іскерлік қарым-қатынас, ондағы сөз әдебі

Сабақтың білімділік мақсаты: Іскерлік қарым-қатынас, ондағы сөз әдебі ерекшелігі туралы білім қалыптастыру.

Дамытушылық мақсаты: Оқушылардың өз ойларын жеткізу жолында сөз мағынасын дұрыс түсініп, орынды қолдануын, айтайын деген ойдан басты, өзекті мәселені ажырата алуларын дамыту.

Тәрбиелік мақсаты: Оқушыларды өз бойларында жауапкершілік, ұжымшылдық, ұйымшылдық қасиетін дамытуға баулу.

Сабақтың типі: Білім тексеру сабағы

Сабақтың көрнекілігі: “Венн диаграммасы”, газет, ұлттық киім, қамшы.

Сабақтың әдіс-тәсілдері: Сұрақ – жауап, дәлелдеу, насихаттау, жарнама.

Сабақтың барысы: 1. Ұйымдастыру кезеңі.

Түгендеу, оқушылардың назарын сабаққа аудару. Іскерлік қарым-қатынас тақырыбына жалпы шолу.

Іскерлік қарым-қатынасқа қатысты сұрақтар қойылады.

Оқушылар жауабынан соң “Шешендік өнер” кітабынан алынған “Қазбек пен Қонтажы” шығармасынан оқушылар алдын ала берілген тапсырма бойынша көрініс береді. Қалған оқушылар шешендік сөздерді көрініс арқылы естіп, би сөздерінің мағынасын аңғаруға төселеді.

Қазбек рөлінде – Дәурен.

Қонтажы рөлінде – Ерік.

Тайкелтір би рөлінде – Болатбек.

Нөкерлер: Жарас, Ернұр, Жандос.

-Жақсы, рахмет, осы көріністе біз қандай билерді көрдік?..

Қазбек пен Тайкелтір.

Ал іскерлік қарым-қатынасқа байланысты қандай қасиеттерді байқадық?

Бірінші Қазбек би бейнесінде байқаған іскерлік қарым-қатынасқа жататын қасиеттерін ашсақ.

Турашыл	Тапқыр	Батыл
Шыншыл	Қазыбек	Ақылды
Жинақы	Намысшыл	Сөзге шешен

Оқушылардың әр айтылған ойды дәлелдеуі.

жігерсіз	жағымпаз	жалтақ
	Тайкелтір	екіжүзді

қорқақ

Оқушылардың дәлелдері тыңдалды.

- Ендеше, іскерлік қарым-қатынас біздің халық үшін жаңадан пайда болған дүние емес, ол сонау ата-бабаларымыздан мирас болып келе жатқан асыл қазыналардың бірі – шешендік бойында көрініп отырған екен. Ал бүгінде өздерің айтқандай формасы өзгерген түрде келеді. Соны дұрыс түсіну мақсатында үйге «Сарыарқа самалы», «Ертіс дидары» газеттеріне насихаттау жұмысын жүргізу туралы тапсырма берілген.

Насихатшыларға сөз бермес бұрын драмалық топ мүшелерінің сарапшылар қызметін атқаруға дайын болуларын сұрады.

Екі газет насихатшыларының жұмысы төмендегідей жоспар бойынша жүреді.

Таныстыру.

Газет қорғау

Жарнама

Насихаттау

Сөз «Сарыарқа самалы» газет насихатшыларына берілді.

Ендігі сөз “Ертіс дидары” тобына.

-Жақсы, енді екі газет насихатшыларының қайсысы үстем түсті екен, соны білу мақсатында сөз кезегін сарапшыларға берейік...

-Өте жақсы, енді келесі тапсырмаға көшейік.

Өткір, биік, терен, шолақ, шебер, құнарлы, жылы, ақ, өсті сөздерін ауыспалы мағынада келетіндей етіп сөз тіркесін құрайық.

-Өте дұрыс, енді осы сөз тіркестерінді пайдалана отырып бүгінгі сабақ туралы алған әсерлеріңді шағын мәтін ретінде жазып шығындар. Мәтін тыңдалды. Үй тапсырмасы берілді. Бағалау. Соңы.

Сонымен қортындылай келгенде, сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы оқушыларды өз ойын еркін жеткізуге дайындайтындығымен, сабақты өткізу барысында стратегиялардың барлығы үш кезең арқылы жүзеге асатын тиімділігімен, мұғалімнің сапалы сабақ өткізуіне мүмкіндік туғызуымен, оқыту мен ұйымдастырудың тиімді әдіс-тәсілдерінің молдығымен, ғылыми-теориялық тұжырымдамаларының тереңдігімен тиімді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бітібаева Қ., Мұқашева М. Технология талаптары және әдебиет сабақтары // Қазақ тілі мен әдебиеті. - Алматы, №2, 2004. - 3-17-б.

МӘШҮР ЖҮСІП ЖАЗБАЛАРЫНДАҒЫ БИ-ШЕШЕНДЕР

Б.Р. ҚОЖАХМЕТОВА

магистрант, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Көшпенділер өркениетінің тарихына шолу жасасақ, ұрпақтарын үлгіге үйірген дала қайраткерлері – би-шешендердің 200 ден артық аттары жатталынып қалған. Әрқайсысы ел-жұртының қуанышы мен қайғы-қасіретін, ерлігі мен ептілігін еселеп жеткізген, ел қамын ойлап, қазақ ұлысын құруға, халықтың әдет-ғұрып, салтын, жол-жоралғысын реттеуге, заңдастыруға үлкен ықпал етті. Ел аузында қалған “Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би” деген мәтелде сөз етіп отырған Майқы би – қазақтың Үйсін тайпасынан шыққан, даналық ой, әділ билік ісімен, шешендік ділмарлығымен «түгел сөздің

түбіне жеткен» мемлекет қайраткері, төбе биі болған. Шыңғыс хандай қаһарлы қағанға бас уәзір болған бабамыз Майқы би туралы жазба деректерге назар аударсақ, Құрбанғали Халидтің шығыс елдерінің тарихы туралы «Тауарих хамса» атты ғылыми танымдық еңбегінде Алтын Орда мемлекеті жөнінде: «... Өзбектен соң, ұлы Жәнібек хан көшпелі мұсылмандарды үшке бөліп, Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз деп ат берген еді. ... Байқотан би Жәнібектің бірінші уәзірі болып, мұның тоғыз ұлы бартын. Бәйбішеден жалғыз Үйсін, екінші әйелінен Арғын, Найман, Қоңырат, Қыпшақ, Уақ, Керей, Үшінші әйелінен Алшын, Жаппас болатын. Байқотан би Шыңғысханға уәзір ағзам (Бас уәзір) болған Майқы бидің бесінші немересі. Майқы би Шыңғысханның атасы Жасубаймен бір тума, яғни Жасубай мен Майқы би Байсұңқардан туған» [1, 233], - деген деректер Майқы бидің кім екенін дәлелдей түседі.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының (1858-1931) тарихи шығармаларының бір тобы болып табылатын 8 томында біз сөз етіп отырған Майқы би туралы біршама деректер бар. Мәселен, «Қазақ хандары» деп аталатын 29 мәтінде (ОҒКҚҚ, № 1645- папканың 76 [250]-87 беттерінен алынған): «Қырық сан Қырым, отыз сан (нышан) Рум, он сан Оймауыт, тоғыз сан Тор[ғауыт], он сан Ноғай бүлгенде, Ормамбет би өлгенде, Ноғайлының елі бір алаша тайдан бүлініпті. «Ала тайдай бүлдірді»- делінген сөз сонан қалыпты. Сол заманда Қондыкер, Құбан, Құтан, Қоғам дегендер болыпты. «Түгел сөздің түбі бір. Түп атасы- Майқы би,- деген болыпты,- Тоғыз ханды қолынан таққа отырғызған кісі»,- дейді» [2, 118]. Сондай-ақ, Майқы бидің Шыңғыс хан тұсында төбе би болғандығы жөнінде төмендегі деректерді келтіруге болады: Майқы бидің нақыл сөздері мен толғауларында халықтың әлеуметтік тұрмысы, адамның жақсы-жаман қасиеттері, өнегелі, жағымды істері дәріптеліп, жағымсыз қылықтары сыналады.

Майқы би қартайып жетпіске келген шағында айтқан екен:

- О, дүние, не болар сенің ақырың, - деп бастапты ол сөзін. Өзімізді өзіміз қыратын да заман болады екен, шығыстан келер сары сақал - өз тұқымымыз жұртымызға аз қорлық көрсетпейді екен. Талайдың қанын жүктейді екен. Елімізді енді, мына мен үш жылдан кейін өлген соң, мың жеті жүз жыл кейін жүнбас шегір сарылар басқарар болар. Бірақ еліміз олардың билік жүргізген кезінде қатты бұзылады, - деп барып, аяғын тақпақтап кетіпті:

Әлі заман өзгерер,
Өзгергенін көз көрер,

Еркек билік тұл болар,
Сиыр пұл болар.
Еркек жасып и болар,
Қатын тұлданып би болар...
Иекке тиер кызыл аз болар,
Адам шаштан айырылып таз болар [3, 16].

Әділ билігі, тапқыр шешендігі бар би-шешендер “қалың елім қазағым” деп сөйледі. Билердің шешендігі — сол халықтың даналығы мен ой-санасынан туындайды, мәдениеті мен өнеріне, табиғи болмысы мен білім-білігіне, салт-дәстүрі мен наным-сеніміне сүйенеді. Қазақтың би-шешендері дүниені әділдік, адамгершілік тұрғысынан түсінді. Адам өмірін табиғатпен біртұтас болмыс деп түсінген. Өркениетті елдің бір көрінісі – оның қоғамдық жүйесінің қалыптасуы, яғни, билігі мен басқарылуы, әкімшілігі. Қазақтың ұлыс болып қалыптасуына, ел болып орнығуына би-шешендер дәстүрінің қосқан үлесі орасан зор деуге болады. Би-шешендердің дәстүрі адами қасиеттерді дәріптеумен қоса, адамның үлгілі, өнегелі, ізгі қасиеттерін рухани құндылық ретінде қалыптастыруға ықпал етті.

Би-шешендер қауымы - халық арасынан шыққан көреген, көсем, білгірлері мен біліктілері. Олардың мәртебесін ел аузында сақталған ұйқастар, мақалдар арқылы аңғаруға болады. Мәселен, *Елге бай құт емес, би – құт. Туғанына бұрғаны – биді құдай ұрғаны. Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ. Ердің құнын екі ауыз сөзбен бітірер би. Ханда қырық кісінің ақылы болса, биде қырық кісінің ары бар.* Ар-намыс пен сөз бостандығын бақ-дәулетпен өлшенбейтін рухани қасиет деп білетін, ел ішіндегі елеулі тұлғалар – би-шешендер «Малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы» деген қағиданы мақтап ұстанған. Еркін ойлап, шешендік тілге жүйрік, айтыс-тартыста парасат-пайым танытып, ұтымды, ұтқыр сөз таба алатын адам ғана би болған. Халықтың алдында еркін, асқан мәнермен сөйлейтін, ұрпақ санасына өшпес өнеге қалдыра білген би-шешендер жөнінде, ғалым С.Негимов: «Ұлтының ұлы мұраттары мен ұлылығы, ірілігі мен бірлігі, саналылығы мен пәктігі, есендігі мен еркіндігі, намысы мен ынтымағы үшін, тәуелсіздігін қорғау, туыстастығын сақтау, қорғаныс қабілетін күшейту жолында күш-қуатын, білім-білігін сарқа пайдаланған, ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермеген сол бір заманның жарқырап туған жарық жұлдыздары, мемлекет мәмлегері Үйсін Төле бидің, Қаз дауысты Қазыбек бидің, айыр тілді Алшын Әйтеке бидің таспадай өрілген, кестедей төгілген тұрлаулы, тұжырымды билік кесімдері, үлбіреген нәзік сезіммен, жан толқытарлық ғажайып құлшыныспен,

терең тебіреніспен айтылған айшықты да асыл ойлары аспандай көнермейді, көктемдей қартаймайды» - деген [4].

Би-шешендер сөздерін ел аузынан жинап, тіл қадірі мен сөз қадірін жете түсінген, оларды жеке мұрасына сақтап бізге жеткізгендердің бірі – белгілі фольклорист, ақын Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Ақынның қағазға түсірілген жазбаларында қазақ ауыз әдебиеті үлгілерімен қоса би-шешендер сөздері де көптеп кездеседі. Ақынның жетпіс жасында, 1927 жылы Жүсіпбек Аймауытұлына жазған хатында:

... Отырмын бұ жалғаннан үзіп күдер,
Жеткен соң жер таянған мезгіліме.
... Жарыстан қарадүрсін қалған кезім,
Мойынға кәрілікті алған кезім.
Жұрт күлер алақанын шапалақтап,
Ақыл танып, азуды шалған кезім [5, 38].

деген жолдарынан кәрілік келген шағындағы өмірге деген көзқарасын аңғарған Жүсіпбек Аймауытұлы осы хатқа жазған жауабында: «Сіз – қазақтың қазақ заманында дүниеге келіп қалған гауһарысыз. Сіздің құлашыңыз ұзын, қиялыңыз терең, арманыңыз алыстағы өткен өмірде. Жаңа заманның бұйынтақ сөзі, жыбырлақ мінезі сізді жарытпайды, тосаңсытады, күні өткен жат адам қылады. Жаңа заман өйте берсін. Сіз онда жалғыздығыңызды, жапандығыңызды, сәнді, салтанатты ескі күнінсізді жырлап өтіңіз. Ақынның ақындығы улаған ойын, тулаған сырын оқушыны толқытқандай қылып, тізген меруерттей кестелі, толғаулы сөзімен айта білуінде ғой!», - дейді. Сондай-ақ енді «қалған өмірді қалай өткізу керек» жайында өз ойын білдіре отырып: «...Одан соңғы сіздегі қымбат нәрсе: ақындардың айтысы, сөздері, билердің, шешендердің үлгілі сөздері. Бұларды да не кітап қылып, не журналдарға басуға тырысар едік.» - деп, ақынның қолжазбасындағы өлеңдерін, ел аузынан жинаған би-шешендердің үлгілі сөздерін жіберуін сұрайды [2, 362, 364].

Би-шешендердің шындық пен әділеттілікті қолдаған, адамның арнамысын қорғаған, алғыр айласы мен кесімді билік сөздері әрқашан халықтың ойынан шығып отырған. Олардың көпшілігі жастайынан ел-жұрттың мұң-зарын ескеріп, алғыр, зерек болып өседі. Шындық үшін сөз өнерін өрбітіп, әділдік үшін ой өрісін жетілдіреді. Осындай би-шешендердің даналыққа толы тағылымдарын, шешендік сөздерін Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының ел арасынан жинап, қағазға түсірген мол мұрасынан кездестіруге болады. Ақынның жинаған би-шешендердің үлгілі сөздері «Шешендік өрнектер» деп аталатын тарауында баспадан 2005 жылы шыққан, 6 томында топтастырылған. Мұнда Абылай

ханның, Қазыбек бидің, Байдалы шешеннің, Едіге бидің, Мөңке, Бөлтірік, Тайкелтір билердің, Жауке шешен, Тәйтеке би, Торайғыр би, Шон би, Шорман би сияқты би-шешендердің нақыл сөздері, тапқырлығы мен төрелігі турасында сөз болады.

Шешендік сөз туралы ғалым Балтабай Адамбаев: «Қазақ ауыз әдебиетінің бір саласы – шешендік сөздер. Шешендік сөздер, ақындық айтыс секілді, қазақ ауыз әдебиетінің өзіндік ерекшеліктерін көрсететін негізгі жанрлардың бірі» [6], - дей отырып, шешендік өнер айтыс-дауда туып, дамитынын, сондай-ақ, ердің, елдің тағдыры сөз болып, соғыс, бітім секілді маңызды мәселелер қозғалатын сот залдары, парламент сарайлары, халық жиналатын ас-тойлар, шынайы шешендер, саяси қайраткерлер сөз сайысына түсіп, сыннан өтетін, шындалатын орындар екенін атап айтады.

Соңғы кездегі зерттеулерді қарастырсақ шешендік сөздерді нұсқасына қарай **шешендік арнау**, **шешендік дау**, **шешендік толғау** деп бөлу қалыптасқан. Ал Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының жазбаларындағы шешендік сөздерде осы нұсқалардың барлығы да кездеседі. Мысалы, Шешендік арнауға белгілі бір адамға арнайы айтылған сәлем, сын, әзіл және бата (тілек) сөздері жатады. Мәселен, «Қазыбектің үшінші билігінде» Ұлы жүзбен Кіші жүздің арасындағы даулы мәселені шешуге келгенде Ұлы жүздің төбе биі, Төле би, Кіші жүздің биі Мама билік айтуға таласып қалады. Сонда Орта жүздің Қазбек бидің: «*Сендер атаны білесіңдер де, өсиетін білмейсіңдер, соған күлдім!*», - деген сөздері **шешендік сын** болса, Төле би мен Мама би атаның өсиетін сұрағандағы, Қазыбек бидің: «*Білмесең, атаңның өсиеті мынау: «Ұлы жүзді қауға бер де, малға қой. Кіші жүзді найза бер де, жауға қой. Орта жүзді қамшы бер де, дауға қой!»- дегені қайда? Соған қарағанда, төре беру жолы менікі емес пе? – депті. – Жығылсам, алдымда ағам бар, сүрінсем, артымда інім бар: билік менікі еді ғой! Мұны біреуіңнің аузыңа алмағандарың қалай?» [7, 115].*» - деген сөздеріндегі өсиет **шешендік арнауға** жатқызуға болады. Қазыбек би атадан қалған өсиетті қысқа, ширақ, тапқырлыққа толы жолдармен тақпақтап, өзінің бабалар сөзін жетік білетінін танытқанда үш жүздің жиналған адамдары оны бірден қолдап, төрелік етуге лайықты екенін мойындапты. Демек, шешендік сөздерді нұсқасына қарай талдағанда бір шешендік өрнектің ішінде шешендік сын, өсиет сөз, төрелік айту да кездесетінін көруге болады бірақ, соның біреуі ғана сол шешендік сөздің өзегін құрап, басқалардан гөрі басым тұрады және пәленше бидің «шешендік сөзі» делініп, ел аузында жатталып қалады. Яғни, «Қазыбектің үшінші билігі» деген шешендік өрнекте

шешендік сын мен шешендік даудан гөрі атадан қалған өсиет сөздің маңызы күштірек болып тұрғанын аңғару қиын емес.

Шешендік толғау табиғат құбылыстары мен әлеуметтік өзгерістерге халықтың өзіндік көзқарасын білдіреді, сондай-ақ шешендік нақыл, шешендік мақал, шешендік мысал, шешендік жұмбақ және шешендік жауап болып беске бөлінеді. Жоғарыда аталған өсиет сөзді мағынасына қарай шешендік нақыл сөзге жатқызуға болады. Себебі, нақыл сөз Ө.Күмісбаевтың айтуынша: «даналық қорытындыға құрылған мейілінше жинақы әрі маңызды сөз» [8]. Демек, ата-бабамыз үш жүздің қабілет-қасиеттерін жете біліп, ғасырлар бойы жинақталған мол өмірлік тәжірибесін түйіндей келе: «Ұлы жүзді қауға бер де, малға қой. Кіші жүзді найза бер де, жауға қой. Орта жүзді қамшы бер де, дауға қой!», - деген даналық қорытынды жасап, болашақ ұрпаққа өсиет етіп қалдырған. Ал Қазыбек би даулы мәселені шешуге төрелік етуге талас туғанда ата-бабасының өсиетіне жүгініп, жиналған адамдарға дау шешуде билік айту - Орта жүз биінің хақында екенін естеріне салады. Қазақ халқы ежелден түспалдап, жұмбақтап сөйледі сүйеді. Жұмбақтап сөйлеу көбінде әзілдеу, сынау, сырласу үстінде айтылады. Сыншыл болу үшін әр нәрсенің жалпылық және жалқылық ерекшеліктерін, ортақ және оқшау белгілерін ажырата білу керек, заттың жаратынды және жасанды қасиеттерін жақсы түсінуі шарт. Сыншы сонда ғана бір нәрсені екінші нәрсемен салыстыра, шендестіре алады, негізгі белгісін жазбай тауып, тыңдаушысына жеткізе біледі. Сондай-ақ, шешендік жұмбақ арқылы адамның ақылын, ой қарымын білуге болады. «Қазыбектің бесінші төрелігінде» шешендік толғауға жататын **шешендік жұмбақ** нұсқасын көруге болады. Бір байдың жалғыз қызы Ақбалық сұлу – бай, мырза, сұлу серілердің бірін, де менсінбей, өз үйінің жас қойшысы Қозыбақ деген жігітке ғашық болады. Қыздың әкесі момын, бірақ ағалары «Бес қасқа» атанған, айбарлы болса керек. Туыстары Ақбалықты жылатпай, өзінің сүйгеніне қосады. Ақбалық сұлу төркінінен еш нәрсе алмай, қотан шетінде үш канат құрым отау тіктіріп, отыра беріпті. Бұған намыстанған Майқы, Бошан руларының басшы, ақсақалдары Қаз дауысты Қазыбек биге келіп даттайды. Қазыбек таң қалып, сынау үшін Ақбалық сұлудың құрым үйіне келіп түседі. Қозыбақ қойын жусатып тастап, үйіне түскі дәмге отырған екен. Қазыбек би Ақбалық сұлуды қағытып:

- *Қарындас, мәнді сөзден мән шығады. Беймәнді сөзден не мән шығады? Жапалақ үйрек іліпті, өйткенмен онан не мән шығады?* – депті. Қазыбек би қызға: «*жапалақ үйрек іліпті*», - деген сөзі, *жапалақ* сияқты жыртқыш құстың олжасына айналасың дегені. Сонда Ақбалық мүдірмей:

- *Рас айтасыз, мәнді сөздің мәнісі бар. Беймәнді сөздің не мәнісі бар? Жапалақ үйрек ілгенге таңырқайсыз, оның енді бір қоңыр қаздан дәмесі бар!* – депті. Бұл жерде қыз бай, мырза жігіттерді менсінбей, кедейлігіне қарамастан, көңілі сүйгендіктен Қозыбаққа күйеуге шыққанын, ал «*оның енді бір қоңыр қаздан дәмесі бар!*» деп, күйеуінің басқа әдемі, сұлу қыздарға да көз сала қарайтындығын, әзілдеп, сынап айтады. Сонда Қазыбек би қыздың ақылдылығы мен сөз тауып сөйлейтіндігіне риза болып: «*Байлық – мұрат емес, кедейлік – ұят емес*», «*Атадан алтау тудым, - деп жалғызға жапа көрсетпе!*»- деген, *қосағымен көгерсін!* – деп бата беріп, басына үй тіккізіп, алдына өнші бөліп бергізіпті [7, 119].

Шешендік сөздер композициялық құрылысына қарай пернелі сөз, термелі сөз болып екі топқа бөлінетінін, қара сөзбен айтылғандары – пернелі сөз болса, толғау, тақпақ түріндегілері термелі сөз деп аталатынын білеміз. Шешендік толғауда халықтың философиялық көзқарасын көруге болады. Көп көріп, көп жасаған қарттардың жас ұрпаққа айтылған өсиеті, ақыл-насихаты болып табылады. Осындай толғау нұсқасы, термелі сөзге «Қазыбектің қартайған шағындағы сөзін» жатқызуға болады

Асқар тау төбе болар тас кеткен соң,
Жақсы ауыл ұры болар бас кеткен соң.
Қадірі бәйбішенің бола бермес,
Қолынан қара саба ас кеткен соң.
Ақсақал төрде отырып не болады,
Кейінгіден: «Тыныш отыр!»- деген сөз жеткен соң?!
Ер жігіт мырза болып не болады,
Қолдан-дәулет, басынан бақ кеткен соң?!
Ханның сөзін қабылдау бола бермес,
Басынан-төж, астынан тақ кеткен соң!
Әкеден бала безер күн болады,
Қуат кетіп, алпысқа жас жеткен соң! [7, 121].

Қазақ би-шешендерінің сөздері ауыз әдебиетінің аз зерттелген жанрлық түрлерінің бірі деуге болады. Себебі кеңестік дәуірде шешендік өнердің зерттелуіне тежеу салынғаны белгілі, өйткені халықтың ұлттық тарихы мен дүние танымы, азаматтығы мен тәуелсіздік рухы адамдар санасына осы шешендік сөздер арқылы жететіні түсінікті болды. Ал бүгінгі күні еліміз төрт құбыласы тең тәуелсіз мемлекет болғанда ұлттық қазынамыз, шешендік өнер мәселесінің өзектілігі артылуда.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Тауарих хамса. – «Өрнек» баспасы: Қазан, 1910 ж. 233 б.
2. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 8 том. Павлодар, 2006 ж. 400 бет.
3. Төреқұлұлы Н. Қазақтың 100 би-шешені. Алматы, 1995. 384 б.
4. Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы: «Ғылым», 2000. -568 б.
5. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шайтанның Саудасы. Таңдамалы шығармалары. Т.2. Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2005, 456 б
6. Адамбаев Б. Халық даналығы. Алма-Ата: «Мектеп», 1976, -147 б.
7. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. Т.6. Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2005, 396 б.
8. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. Семей-Новосибирск. Талер-Пресс. 398 б.

ДИСКУССИИ О ХАРАКТЕРЕ КИПЧАКСКОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ

Н.Е. КУЗЕМБАЕВ

к.и.н., Павлодарский государственный университет им. С. Торайгырова

Проблема разработки кипчакской государственности - сложная научная проблема. При ее изучении необходимо использовать обширный круг исторических, этнографических и археологических источников. Однако и это не является залогом успеха исследователя. Необходимо иметь цельное представление об истории кипчакских племен, их связь с древнетюркскими кочевыми государствами и особенности специфики кочевого общества.

Первым ученым России, обратившим внимание на проблему кипчакской государственности, был В.В. Бартольд. Востоковед на основе анализа нарративных источников пришел к заключению об отсутствии у кипчаков единого государства: «Были отдельные кипчакские ханы, но никогда не было хана всех кипчаков» [1, с. 99]. Положение В.В. Бартольда было активно воспринято в научной среде не только России, но и за ее пределами.

Это подразумевает отсутствие единого государства у кипчаков, но не ставит под сомнение факт существования государственности у кипчакских племен вообще. По мнению ученого: «Одним из чрезвычайных обстоятельств, под влиянием которых создавалось государство, могло быть обострение сословной борьбы между богатыми

и бедными, между беками и простым народом. В кочевом обществе имущественные и сословные различия уже достигают таких пределов, что такое обострение вполне возможно» [1, с. 23].

Сведения повествовательных источников вполне определенно констатируют наличие в кипчакском обществе социальной стратификации и имущественного неравенства. Однако в источниках не сообщаются факты классовой борьбы между богатыми и бедными, возможно обострение социальных противоречий было одним из многих факторов, подталкивавшим к борьбе отдельных предводителей кипчакских родов между собой.

Так, к примеру в казахском обычном праве XV-XVIII вв. различалось как вид наказания - жазы: смертная казнь, при этом она применялась очень редко. К примеру к ней приговаривались виновные в убийстве и изнасиловании замужней женщины или просватанной девушки, однако при согласии потерпевшей стороны смертная казнь заменялась куном. В основном применялись телесные и позорящие наказания, кун, айып (штраф), выдача виновного стороне потерпевшего, изгнание из общины. [1, с. 120].

В истории российского государства смертная казнь законодательно закреплена в 1389 году в Двинской уставной грамоте за кражу, совершенную в третий раз и предусматривалось за воровство в церкви, конокрадство, государственную измену, поджоги. Далее сфера смертной казни расширилась и каралась за разбой, убийство, повторную кражу, клевету, убийство своего господина, измену, святотатство, кражу холопов, поджог, государственные и религиозные преступления. Так, во время правления Ивана Грозного в г.Москве на лобном месте вешали бояр, подозреваемых в заговоре против царя, сжигали еретиков и колдунов, закапывали заживо в землю женщин, виновных в супружеских изменах сажали на кол, четвертовали, колесовали различных преступников, отсекали головы политическим преступникам [2, с. 45].

Использовались и изощренные методы. Виновного человека зашивали в медвежью шкуру, а затем натравливали на него сабак, в попеременном обливании человека кипятком и холодной водой, пока он не умрет, вырезание из кожи ремней, сдирание ее полностью, разрезание человека на куски, кипячение в масле, вине или воде, забивание палками кнутом и другие, не менее варварские методы умерщвления. Кроме того, использовались такие способы исполнения смертной казни как простые (отсечение головы, повешение и утопление), так и квалифицированные (сожжение, залитие горла металлом, четвертование, колесование, закапывание в землю по плечи, посадение на кол [3, с. 49].

Разнообразны способы исполнения смертной казни в указанных странах. По данным организации «Международная амнистия», расстрел как способ смертной казни применяется в 86 странах мира, повешение в 78 странах, обезглавливание используется только в Саудовской Аравии. Существует казнь на электрическом стуле с помощью электродов, специально подключенных к телу приговоренного к смертной казни. Отравление газом применяется также только в США. В ряде штатов США казнь осужденного осуществляется путем введения смертельной инъекции [4, с. 37].

Аргументы ученых юристов, политиков общественных и государственных деятелей как «за», так и «против» смертной казни многогранны. Так, имеются мнения о том, что в нашей стране необходимо сохранить смертную казнь до тех пор, пока не улучшится криминальная обстановка, при этом наличие института смертной казни в уголовном кодексе сыграет роль сдерживающего фактора.

Основными доводами сторонников за отмену смертной казни аргументируют свои доводы тем, что жизнь, это самое дорогое, что дано Богом или природой и люди не вправе санкционировать законом лишение этого блага. Некоторые ученые считают, что жизнь человеку дается лишь один раз и никто не вправе ее отнять, в том числе и государство. Одним из сильных аргументов приводится, как то что смертная казнь, не что иное как насильственное лишение обществом жизни человека, являясь при этом единственной необратимой мерой наказания, затрагивающей первое из естественных прав человека – право на жизнь и потому судебные ошибки, допущенные при вынесении смертных приговоров непоправимы.

В современных условиях отношение государства к проблеме смертной казни определяет уровень его развития. Государство убивающее преступников по нашему мнению не может ожидать улучшения моральной атмосферы в стране, всякая казнь подрывает общественные ценности, а что при этом порождает терпимость к любым нарушениям прав человека.

Пожизненное заключение – достойная альтернатива смертной казни, отвечающая требованиям морали нравственности высокоразвитого гражданского общества. При этом в Казахстане имеется уже почти 9 летний наработанный опыт в указанной сфере. Так, в целях дальнейшей гуманизации уголовной политики государства в соответствии с пунктом 1 статья 15 и пунктом 2 статья 40 Конституции Республики Казахстан Президентом РК 17.12.2003 года № 1251 подписан Указ «О введении в Республике Казахстан моратория на смертную казнь» до решения вопроса о ее полной отмене. Стоит отметить немаловажную деталь, что в казахстанском обществе не зарегистрировано ни одного случая открытого категоричного призыва со стороны общественных организаций, политических партий, политических деятелей, что указанный мораторий необходимо отменить.

Институт пожизненного лишения свободы применяется в республике впервые. На сегодня в колонии особого режима в городе Житикара Костанайской области подготовлен локальный участок для содержания 200 осужденных к пожизненному лишению свободы.

В настоящее время в данном учреждении отбывают наказание двое осужденных.

Смертная казнь – расстрел, как исключительная мера наказания, может быть установлена только за особо тяжкие преступления, посягающие на жизнь человека, а также за совершаемые в военное время или в боевой обстановке государственную измену, преступления против мира и безопасности человечества, особо тяжкие воинские преступления. Так говорится в казахстанском законодательстве. Институт пожизненного лишения свободы применяется в республике впервые. На сегодня в колонии особого режима в городе Житикара Костанайской области был подготовлен локальный участок для содержания 200 осужденных к пожизненному лишению свободы. Сейчас здесь отбывают наказание двое осужденных. Имевшаяся судебная практика подтверждала исключительность применения смертной казни. Так, за с 1998 по 2003 годы в Северо-Казахстанской области местным областным судом к смертной казни приговорены 3 человека за совершение умышленных убийств при отягчающих обстоятельствах. К примеру, в августе 2002 года Северо-Казахстанским областным судом за совершение в ноябре 2001 года и январе 2002 года двух умышленных убийств, сопряженных с кражами и мошенничеством, был приговорен к исключительной мере наказания – расстрелу - с конфискацией имущества ранее четырежды судимый, в частности, за умышленное убийство в 1995 году, 47-летний Сергеев (фамилия изменена). Обстоятельства жестокого убийства двух женщин ужасают: одна была утоплена в ванной собственной квартиры, другая задушена. В обоих случаях преступником были похищены золотые украшения, деньги, ценные вещи. Введенный в стране мораторий на исполнение смертных приговоров не означает отмену смертной казни. От сохранения смертной казни в законодательстве страны до ее полной отмены нужно не только время, но и решение многих финансовых вопросов. [5, с. 35].

Наряду с вышеперечисленным необходимо сделать следующий вывод, что в Казахстане имеется лишь один выход в разрешении данного вопроса, это полная отмена смертной казни. Так, согласно Конституции Республики Казахстан – Казахстан утверждает себя правовым государством. Правовое государство, по общеизвестному мнению - это государство, в котором организация и деятельность государственной власти в ее взаимоотношениях с индивидами и их объединениями основана на праве и ему соответствует. Кроме того, идея правового государства направлена на ограничение власти (силы) государства правом, на установление правления законов, а не людей; на обеспечение безопасности человека в его взаимодействиях с государством.

В связи с тем, что пожизненное заключение нельзя воспринимать только лишь как альтернативу смертной казни. Пожизненное лишение свободы является одной из разновидностей наказания в виде лишения свободы, которое согласно статьи 39 УК РК является одним из основных видов наказания. В статье 53 Уголовного кодекса Республики Казахстан перечислен исчерпывающий список обстоятельств смягчающих уголовную ответственность и наказание. В этой связи мной предлагается внести дополнение в статью 53 УК РК, а именно предусмотреть возможность осужденным к указанному виду наказания, при отбытии пожизненного лишения свободы смягчить наказание путем добровольного донорства, тем самым получить возможность сгладить причиненный вред обществу и государству и помочь нуждающимся гражданам своей страны. Так, в системе здравоохранения Казахстана существуют проблемы донорства костного мозга при различных формах заболеваний лейкозов, проблемы пересадки внутренних органов, к примеру (пересадка почки). Так, доказано, что здоровый человек может прожить с одной почкой. Данную тему необходимо развивать комплексно совместно со специалистами органов здравоохранения и ученых юристов.

ЛИТЕРАТУРА

1. Адиль Е. Обычное право казахов XV-XVIII вв. [История Казахстана Астана, 2002 г., с.121.](#)
2. Михлин А. «Смертная казнь за и против», Российская газета, М.1997. 45 с.
3. Агыбаев А. «Казнить нельзя помиловать»//Юридическая газета, 2004 г., с 49.
4. Балтабаев К.Т. «Проблемы смертной казни в мире», Зангер, 2002 г. с.37.
5. Конюшихин Д. «Смертная казнь в Казахстане: споры продолжаются, Алматы 2005 г. с.35.

ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ

М.Ж. НҰРҒАЛИЕВА

қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, Красноармейка негізгі орта білім беру мектебі, Павлодар ауданы

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың алғашқы ширегінде қазақ әдебиеті шарықтай дамып, ренессанстық

дәуірді басынан кешірді. Көшпелі өмір мәдениетіне ғана тән жыраулық, ақындық дәстүр жазба әдебиетпен жалғасар тұста қазақ поэзиясының заңғар биігіне айналған ұлы Абайды дүниеге әкелді. Ғасырлар бойы адам бойындағы ең бір асыл сезім ретінде жырланған отаншылдық, сүйіспеншілік сезімдері Мағжан поэзиясының күдіретті күшіне айналды, сахарада сайран құрған қазақ халқының азаттықты аңсауы, отаршылдарға қарсы жүргізілген ұлт-азаттық күресі А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, Ә.Бөкейханов және тағы басқалары бастаған ұлтшылдық әдебиетті тудырды. Осы жайлардың барлығы әдебиетте «Алаш» қозғалысы, «Алаш» ұйымы және «Алаш азаматтары» деген атауларды қалыптастырды. Дегенмен, бұл атаулар құлағымызға сіңісті болғанымен ол туралы XX ғасырдың 30 жылдарының ортасы мен 80 жылдардың аяғына дейін ауызға алуға тыйым салынды. Осының салдарынан ғылым мен әдебиетте, жекелеген көркем шығармаларда шындыққа сай келмейтін, Алаш қозғалысын жаппай қаралайтын, оның жетекшілерін «буржуазиялық ұлтшылдар», «халық жауы» деп қаралайтын пікірлер айтылды. Қазақстан Республикасы ресми түрде тәуелсіздік алғаннан кейін, әдебиетіміздегі «ақтаңдақ беттер» шындығы ашылып, Алаш пен Алашордаға байланысты жаңа көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік туды: әр түрлі мақалалар жарияланып, пікірталастар өтті, еңбектер жазылды. Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алуының 20 жылдығы тұсында, «Алаш» қозғалысының көшбасшысы болған алаш азаматтары – әдебиет алыптарының еңбектеріндегі азаттық идеяларын, елінің ертеңін ойлаған, осы қозғалысқа қатысы бар, соның құрбаны болған қазақ әдебиеті өкілдерін оқырмандарға таныстырып өткенді жөн көрдік. Осы алыптар көші әулие ақын Мәшһүр Жүсіп Көпеевтен басталады. Себебі әдебиет - халықтың құлағы, көзі, сезімі. Мәшһүр Жүсіп Көпеев те осы деңгейден көрініп, өз поэзиясының өзегі етіп, қазақ халқының ұлт азаттығы тақырыбын алды. Ақынның «Сарыарқаның кімдікі екендігі» кітабының негізгі сарыны – осы тақырып.

Ақын бірде:

*Есіктен кіре алмайтын қарашекпен,
Орынды қақ жарып кеп алды төрден.
Тұтқында сорлы қазақ қалмап па едің,*

Қол қойып ақ қағазға басқан мөрден, – деп өкініш білдіре күніренсе, жерінен айырылған қазақтардың елдігінен де айырылғанына жаны күйзеле былай жырылайды:

*Адасып осы күнде қазақ қалды,
Бұрынғы ата-баба рәсімінен...*

*Дініңді кім қорласа – сол өш қасың,
Қорлықта ақпап па еді көзден жасың?*

Осындай ұлттық идеялары үшін М.Ж.Көпеевтің есімі соғысқа дейінгі дәуірде мүлде аталмады. Соғыстан кейін де кеңестік дәуір тұсында да қуғын көріп, бағы ашылмады, оның есімі кертартпа, ескішіл, діншіл ақын ретінде сыналып отырды. Өз халқының болашағына жаны күйзелген ақынға жаза осылай қолданылды. Осындай халқын бақытты өмірге жеткізу үшін күрес жолында болған үркердей топтың ішінде Ахмет Байтұрсыновтың азаттық жолындағы атқарған қызметі ерекше. Ол азаттық, тәуелсіздік ойларды халыққа жеткізу үшін «Қазақ» газетін шығарды, газет халықтың саяси санасының оянуында тарихи рөл атқарды. Ақын 1909 жылы «Қырық мысал» деген атпен жарық көрген И.А.Крыловтан жасаған аудармалары арқылы патша ұлықтарының отаршыл-қанаушылық саясатын, ел ішіндегі келеңсіздіктер мен әділетсіздіктерді аяусыз сынады. Ақын халқының жарқын болашағына кәміл сеніп:

*Тәңі көмілер, көпке еткен ісім,
Ойлайтындар мен емес – бір күнгісің.
Жұрт ұқнаса, ұқнасын, жабықпаймын,
Ел – бүгінгіңді менікі – ертеңгі үшін, – дейді.*

Ақпан төңкерісінен кейін қазақ азаматтары топтасқан «Алашорда» партиясының келесі өкілі Мағжан Жұмабаев болды. Алашорданың құрылтайы өткенде Ақмола облысының делегаты ретінде келген М.Жұмабаев оқу комиссиясына мүше болып сайланды. Осы кезден бастап, халық ағарту ісі Мағжанның саналы өмірінің мәніне айналады. Бірақ, көп ұзамай басталған аласапыран оның өмірін күрт өзгертеді. Алашордашыларды саяси жағынан қуғындау басталды. Осы жағдайға байланысты Мағжан 1922 жылы Тәшкенге келеді. Мұнда Түркістан республикасының басшылығында жүрген Нәзір Төреқұлов, Тұрар Рысқұлов, Сұлтанбек Қожанов сынды алаш азаматтары пана болады. Осы жерден шығатын «Шолпан», «Сана», «Ақжол» басылымдарында оның ақындық болмысын танытатын, ұлт-азаттық, түркішілдік сипаттағы өлеңдері мен мақалалары жарияланады. «Шын сорлы», «Сорлы қазақ», «Жаралы жан», «Осы күнгі ой», «Пайғамбар», «Қазағым» өлеңдерінде отаршылдық, қазақ даласының аянышты күйі жырланады.

*Қалың елім, қалың қара ағашым,
Қайраты мол айбынды ер, алашым!
Өзі-ақ құлар, сырың берме, сабыр қыл*

Ақымақтар байқамаған шамасын, – деп көрегендік танытады.
Шынында да, біз тәуелсіздікті қолымызға қару алып күресіп

алған жоқпыз. Мағжан болжағандай, жиырмасыншы ғасырдың соңына қарай отаршылдықтың ордасы өзінен-өзі күйреп, ортасына түсті. «Қараңғы қазақ көгіне, өрмелеп шығып, күн болам!» – осы жыр жолдарының иесі саналы өмірін енді ғана бастаған Сұлтанмахмұт Торайғыров болатын. Өлең өлкесіндегі алғашқы қадамынан - ақ жас ақынның елі үшін күресетіндігін, алған бетінен қайтпайтындығын көреміз. Ал, алашордашылар ұлт азаттығын ту етіп көтеріп, ашық майданға шыққанда ақын да осы топтың ішінде болды. «Жасасын, алаш, жасасын!» деп жар салған ақын ұлт-азаттық қозғалыстың дем берушілерінің бірі болды. Осы бағытта кезінде саяси дау-дамайдың нысанына айналған «Таныстыру» шығармасын жазады. Ол бастан-аяқ алашорда қайраткерлерін марапаттауға арналған. Бұл поэма елді басқара алатындай ешкім жоқ деген, түпкі ойы мен мақсатын бүркемелеген еуропацентристік теорияға берілген жауап болатын. Поэmanın мақсаты – қазақ елі тәуелсіз болса, оның уығын қадап, шаңырағын көтеретін, өкіметін басқаратын Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ә.Ермеков, Х.Ғаббасов т.б. секілді осы орынға лайықты азаматтар бар екендігін халыққа таныстыру болды. Жүсіпбек Аймауытовтың артында қалған әдеби мұрасы аса бай. Ол әдебиеттің барлық салаларында қалам тербеп, идеялық - көркемдік сапасы жоғары туындылар жазды. Ақынның «Ұран», «Әскер марсельезасы» өлеңдері - халықтың қанаудағы халін көрсетіп, одан құтылуға үндеген, азаттық рухта жазылған туындылар. 1909 жылы қазақ даласын дүр сілкіндірген үш кітап жарыққа шықты. Бірі – Абай Құнанбаевтың өлеңдер жинағы, екіншісі – Ахмет Байтұрсыновтың «Қырық мысалы», үшіншісі – «Оян, қазақ!» атты Міржақып Дулатовтың публицистика - лирикалық жинағы. Шөліркеген адамның таңдайын жібіткен бір жұтым сусынның кәдірі қандай болса, қазақ халқының рухани өміріндегі бұл үш жинақтың маңызы сондай болды. «Оян, қазақтың!» алғашқы бетінен - ақ ақынның мақсаты ашық көрінеді. Осы жинаққа енген ақынның кез келген өлеңі қаламгер ақындығының алтын туындай, туған елі үшін сәт сайын дайын тұрған күрескердің бейнесіндей болып елаузында жатталып қалады. Ел мұңын, халық мүддесін өз басының жеке қасіретіндей жүрекке тым жақын қабылдағандықтан, қатты қиналған азамат жанының, халық қамқорындай күрескер адамның қиналған тебіренісі естіледі. Сәбит Мұқанов қазақ кеңес әдебиетінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан қалам қайраткерлерінің бірі. Ол поэзияда да, прозада да, драматургияда да, әдебиеттің сыны мен ғылымында да артына ұлан-ғайыр мұра қалдырды. С.Мұқановтың қазақ әдебиеті туралы зерттеулерінің бір тарауы ХҮІІІ-ХІХ ғасырлардағы қазақ әдебиеті, оның ішінде қазақ ақын-жыраулар поэзиясына арналған. Қазақ қаламгерлерінің

ішінде таптық принципті барынша берік ұстанды деген жазушының өзі ХҮІІІ-ХІХ ғасырлардағы тарихқа қатысты шындықты біршама ашып айтуға мәжбүр болған. Ол орысқа бағынған осы кезең әдебиетін «қазақ халқының тәуелсіздігін қорғау жолындағы күресін сипаттайтын әдебиет» деп білген. Осы кітаптың «Бостандық күресі» тарауында қазақ халқының ХҮІІІ ғасырдағы бостандық жолындағы күресін қысқаша шола келіп, әсіресе, Абылай ханның тарихи рөліне ерекше мән берген. Бостандық жолындағы күрескер ақындар қатарында Бұхар жыраудың, Сырым Датовтың, Махамбет Өтемісовтің өлеңдеріне, Жанқожа батыр, Кеңесары – Наурызбай туралы жырларға, «Бекет батыр» дастанына арнайы тоқтаған. Бұхар жырау Қалқаманұлы туралы өңгімелегенде оны осыған дейін «сарай ақыны», «орда ақыны» деп келген пікірлерге қарсы шығып, «Бұхардың жырларында азаматтық, саяси мотив терең, әлеуметтік маңызы зор. Ол Абылайдың мақтаушысы ғана емес, сыншысы да» деген ойларын нақты мысалдар келтіре отырып, дәлелдеп шыққан. Ақын туралы ойларын жалғастыра отырып, «...Бұхардың барлық шығармасы сол кездегі халықтың тілегінен туған, ол тілек – қазақ халқының жер бостандығы, тәуелсіздігі, тыныштығы, шаттық тұрмысы» деп түйіндейді. Сырым Датұлы туралы қолында жеткілікті материалдар болмай тұрғанын айта келіп, «Бұхар жырау отаршылдықтың өртіне алыстан байбалам салып, оның арты неге соғарын данышпандықпен болжаса, Сырым Датұлы ол өртке шарпылып, оны сөндіруге жанталасты. Сырым Датұлы көтерілісі қазақ халқының азаттық алу жолындағы ұлы күресінің басы», – деп сол кезеңдерде айтыла бермейтін ащы шындықты жайып салған. Заман ынғайына қарай сол кезде теріс ұғынылатын «ұлтшыл» деген ұғымды бүгінгі күні дұрыс мағынасында қолданатын болсақ, С.Мұқановтың ХХ ғасырдың басындағы ұлтжанды қазақ ақын-жазушыларына тұңғыш рет дұрыс баға бергенін түсінеміз.

МӘШҺҮР ЖҮСІПТІҢ «ХАНЫМБИКЕ» АТТЫ ӨЛЕҢІ ТУРАЛЫ

Ж.Т. САРБАЛАЕВ

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Мәшһүр Жүсіптің «Ханымбике» атты көлемді жыры да нағыз діл түзейтін, ел түзейтін туынды деп білеміз. Мұнда мұсылман баласына төрт әйел алуға дейін рұқсат беретін ислам діні қағидасы да тілге тілек болады. Ащы сынға қоса ақиқат сыр да бар.

Біз жүрміз өле-өлгенше дүние – мал деп,
«Қалсын» – деп. – артымда мал, өзімді ал!» – деп.
«Ай, пендем, бізден, – дейді, сұран – дейді,
Құдайым қашан айтты «Қаңғып қал!» – деп.

Өзі – жалғыз, өзгені – жаратты жұп,
«Өсіп-өніп, көркейіп болсын, – деп – көп».
Асырап, сақтап күтуші Ием өзі,
Көбеймегін мақұлықтың ұнатып құп [1,187-б].

Күші келсе, шамасы жетсе, мұсылман еркегіне неге төрт әйелге шейін алуға болады? Құранда жазылғандай, Құдай бұйырғандай – ұрпақ қалдыру үшін. Өсіп-өну, өркендеу үшін. Дін заңы ғана емес, діл заңы да мұны құп көретіндей. Әсіресе қазақ секілді жері – кең, елі – бай, өзі – аз ұлт үшін. Мәшһүр Жүсіп, міне, сол үшін Құдай сөзін құптайтын алуан мысалды алға тартып, «Ханымбикені» арнайы жазған.

Тіпті бұл – алуан мысалды алға тарту ғана емес, өмірде болған оқиға. Жалпы, Мәшһүр Жүсіп қолжазбалары – әулеттік мұрағаттағы ақынның өз қолымен қағазға түсіргендері, баласы Мұхаммедфазыл, туған жиені Жолмұрат көшірмелері болып үш көзден бас құраса, бұлардағы ескертпелер, дерек-дәйектердің осынау жиырма томдықты даярлауда көмегі аса көп екендігі дәлел тілемейді. Мәселен, осындай құнды аңдатпа-ақиқатқа «Ханымбике» толғауын таразылағанда да жолығамыз. Атап айтқанда, ақынның: «Қатынға ғызатқа шаһид өлу – бұйрық емес». «Ер қимақ – жан қимақ» деген сөздің мағынасы: «Үстіне қатын алдырса, Құдай жолында ғызат қылып шаһид өлгеннің тұлыбын осы қатын табады. Егер үстіне қатын алдырмаса, тозақтың қалаулы отыны осы қатын болады», – деген өз жазбасы туындының идеясын-мазмұндық мағынасын ашып тұрса, Жолмұрат көшірмесінде өлеңнің Мейрам Жанайдарұлының аталары туралы сөйлеген сөз екені айтылуы оның нақты тарихи туынды екенін көрсетсе керек.

Жанайдар – ол Биғаштың немересі,

Бұл күнде ол тұғырды Мейрам басқан, – деген жолдар Мейрманның осы шығарма жазылған кезде тірі болып, – ақынның оның тікелей білгенінен де хабардар етсе керек.

Асылы, алдымен айтарымыз – «Ханымбике» әйелдерге арналған сөз. «Мәз болған бойы «Қу бас» атанғанға, Жазамын әдебиет қатындарға».

Керемет сурет, тапқыр образ. Баласыз өткен адам – жарқ еткен бір найзағай. Баласыз өткен қазақ – жалт етіп бір жанған, артында

қызыл шоғы қалмаған, жалғаспайтын от. Мұндай өмірде не мән бар?
Бары – жоғың бәрібір емес пе? Ендеше...

Бұл жалған кімге тоқтап тұрақтаған,
Өркім-ақ «Көнбеймін», – деп бұра аттаған.
«Қатыннан ұл таппаған әр уақытта
Ешкі артық, – деген сөз бар, – лақтаған».

Күмән жоқ, өте ауыр сөз. Сөз ғана емес, шындық. Оның үстіне
бұл – Мәшһүр Жүсіп қалауы ғана емес қой, ол – Алла жолы.

Ақын енді өзінің осы сөзін тірілтер мысал-айғақ ретінде Ханымбике
басындағы жағдайды жырға өзек етеді. Онысы – бұрынырақ өткендіктен
ажарлы аңыздай сезілсе де, ақиқат. Өйткені, ақын оның елін де, жерін де
нақты айтады. Күйеуі – Айтқожа да, Ханымбикенің өзі де сұлу, сұнғақ,
ақылды, ажарлы, көрерге көз, айтарға сөз керек кісілер екен. Әсіресе,
Ханымбике – елге де, ерекке де жағады.

Суырылған шешен екен көмей, тіл де,
Кигені – торғын, камқа, үлде-бүлде.
Ұрғашы онан асар жан жоқ екен де,
Екі тап: Малай, Жәдігер деген елде.

Бірақ кырық-елуге келгенше осы әйелдің пұшпағы қанамайды. Ал,
бұл Айтқожа үшін де, Ханымбике үшін де алдан шығар мін болмаса,
бәрібір сын еді. Міне, осыны ел көшіп, Ханымбике бір өзі ақ киіз
үйді тігіп жатқанда «қасқыр ауыз Ханкелді» атанған қайнағасы айтып
салады. Келініне сүйініп, күйінгендігін білдіреді.

Содан оны елі іздеп, еш жерден таппайды. Арада бір жыл өткенде
күнбатыс Бұхарадан: «Қожа Баһауалдин мазарында түнеп жүрген
қазақ қатын бар» деген хабар жетеді. Байы Айтқожа іздеп барса, сол
– Ханымбике екен.

Барса қатын толулы көңілі тойып,
Әулиеге шын ықылас мойын қойып.
– Жеті ұл берді әулие! – деп айтыпты,
Алтауының беріпті атын қойып.

Ұдайымен туады: Жауғаш, Биғаш,
Оған тете Мырзалы, туар Мырзас!
Онан соңғы: Байгелді, Бостан болар,

Тұра келді: «Құдайға, – деп, – құлдық бас» [1,193-194-б].

Сонымен, Ханымбике осы перзенттерді өмірге әкеледі.

Мәшһүр Жүсіп тамсанып, таңдандырып жырлағандай, Ханымбике
– расында да әйелдің асылы, алты рулы елдің Анасы. Осындай ақылды
әйел, арлы ана бар қазақтың әйеліне өнеге болса, қане!

Ақын қатты айтып тұр. Ашынғаннан анайы да айтып тұр. Алайда
«ұлы сөзде ұят жоқ» дегендей, орынды. Ақын арманы – қазір де
қазақтың арманы десек те асыра айта қояр ма екенбіз. Осы орайда
академик С.Қирабаевтың: «Ахмет пен Міржақыптың қазақ әдебиетіне
әсері ақын-жазушылардың Алашордаға қатысуымен өлшенбейді. Олар
көтерген ұлттық тәуелсіздік, бодандыққа қарсылық, халықты оқу-
ағарту жолына тарту, ұлт мүддесіне адалдық ХХ ғасырдың әдебиетіне
түгелдей осы идея арқылы тарады. Мұны біз сол дәуір әдебиеті
өкілдерінің бәрінен табамыз» [2,19-б],- деген пікірін ескеруіміз керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мәшһүр Жүсіп. Шығарамалары. 1 том, Павлодар, 2003.
2. Қирабаев С. Жүсіпбек Аймауытов. // Аймауытов
Ж. Шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1989.

ТАРИХИ ӨЛЕҢ ШЫНДЫҒЫ

Е.Ж. САРБАЛАЕВ
ҚР ИМ, Павлодар заң колледжі

Тайкелтір би өмірде болған, жастайынан шешендік өнерді
өміріне серік етіп, артына көптеген өнегелі сөздер қалдырған тарихи
тұлға. Мәшһүр Жүсіп оның осы, өміршең өнерін қатты өнеге тұтқан,
сондықтан оған өзінің сүбелі өлеңдерінің бірін арнаған.

«Тайкелтір би» де – өнегесі мол өлең. Өмір шындығына суарылған,
тағылымы тарихи туынды десек те жаңылыспаспыз деп ойлаймыз.

Бес қозы – бәйбішеден бұлар туған,
Қайтеді туысқаннан көңілі суған.
Тайкелтір бір анадан жалғыз туып,
Қай жерден кемдік болса, мұны қуған [1,197-б].

Арада бірнеше күн өтіп, інісі екеуі Ташкентке жетеді. Қанша
ақылды болса да, осы шаһардың Ежен ханы үш бірдей дауды шеше
алмай, «жұртын жинап жатыр екен». Бала Тайкелтір мұны білген
соң, сәлем береді. Хан мұның тегін бала емес екенін білгендіктен, таң

қала тұра, жөн сұрайды. Үш дауды шеше алмаса да, оның данышпан хан екеніне дау жоқ. Баланың айтқан сөзіне малданып, үйіне ертіп барады. Барса ханым басын жуып болып, шашын өріп отыр екен. Оған қарайды да, Тайкелтір бала күледі. Алайда ақылды хан ашуланудың орнына: Шырағым, көрісіңмен күлдін, – дейді. Қызығын бір көрерсің тілдің, – дейді. – Беталды күлген жоқсың, шыныңды айт, Ханымның не жұмысын білдің, – дейді.

Сондағы бала уәжі төмендегіше болады: – Екі бала ордаға келді кіріп,

Ханым басын жаппады бізден жеріп. Күлгенімнің мәнісі осылай болды, Ақ тәнінен алақандай алтын көріп [2, 198-б].

Әрине, ханым да мұндай білгірлік, біліктілік танытқан балаға тәнті болады. Ал, кемеңгер Ежен хан баланың өзін ұстауына, айтқан уәжіне тақ тұрып,

- Ай, бала, мақтағанға аспа! – дейді,
- Ханымның бұл сөзіне таспа! – дейді.
- «Жетімді жеткіземін!» – деген Алла,
- Тағы да бұл шаһардан қашпа, – дейді [1,199-б].

Хан балаға бекер қолқа салып отырған жоқ. Ақылды Тайкелтір де соған орай жауап қатып, оның шешуінің құны тым ауыр екенін айтады. Әрине, онысының астарында «Мұны шеше алмасаң, хан болып неге отырсың?» деген де ой-базына жатыр.

Ұзатқан қыздай бала жүр танысып,
Екі қошқар сөзбенен жүр жанысып.
Біреуі «Алам!», біреуі «Беремін!» – деп,
Екеуі қылды уағда қол алысып [1,199-б].

Па, шіркін! Қандай керемет уақыт, қандай сөзге тұрған, қадір білген, білгірлікті бағалаған асыл заман. Ежен хан айтты, бала сенді. Енді іске кірісу керек.

Ал, сонымен басталды. Жас бала хан даугерлерді алдына келтірді. Үлкен қала халқы тынши алмай, ел иесі шеше алмай жатқан үш дау – немене даулар?! Біріншісі – «бір балаға екі қатын талас» екен. Әрине, бала – іс жүзінде біреуінің ғана перзенті. Міне, соны анықтау керек. Екіншісі – «екі түйе бір ботаға ие». Ал іс жүзінде бота – қайсы інгеннің ботасы? Үшіншісі – «бір жігіт бір қызбенен ойнас екен». Және бір жігіт бар. «Қыз байғұс құдай ұрып, буаз болып, Біреуін күнәлі ғып қоймаса екен...» Байқап отырсаңыз, онай, жеңіл даулар емес. Адамгершіліктен аттамауды да талап ететін, арбаны да сындырмай, өгізді де өлтірмей,

нағыз ақиқатты анықтап, жұрт көңіліне де мейлінше қонақтар шешімін табуды қажет ететін қиын, шие даулар. Мұндайда көсем көңіл, көреген бас қана көмекші бола алса керек.

Шынында да бала Тайкелтір сондай кемеңгерлік көрсетіп, даугерлердің қапысын тауып, қоясын ақтарып, ақиқатты анықтайды. Иә, Тайкелтір – бала, бірақ бала болса да, дана. Міне, екі қатынның бір балаға таласын қалай шешті, оның шын анасы қайсысы екенін қалай анықтады дейсіз ғой.

- Қәнекей, екі қатын келші, – дейді,
- Мен болдым араңызға елші, – дейді.
- Біріне бірі қимаса, бұл екеуі,
- Қылышпен бұл баланы бөлші, – дейді.

Қатал, қисынсыз үкім бе?! Жоқ, бұл – «Ақыры келіспесеңдер, баланы аяп, сүйіп, шын анасы кім екенін өздерің мойындамасаңдар, онда жарты-жарты баладан бөлісіп алыңдар», – деген сөз ғой. Аса ақылды билік. Баланың өтірік анасы: «Жарымын маған берсең, жарар» десе, шын анасы оны өлімге қалай қияды? «Қарағым, тірі жүрсін өлмей, дейді. Баланы бөлмей, тақсыр анағна бер. Біз жүзіқара болармыз елге», – дейді. Тайкелтір дау ақиқатын осылайша анықтап, әділ шешім шығарады.

Енді ботаның енесі – қайсы інген? Жас ботаға қылбұрау салынады. Әрине, қиналған бота зарлағанда «таппаған түйе орнында тұрып» қалады да, «тапқан түйе жібін үзіп», баласына ұмтылады. Әрине, бота – сонікі. «Ана түйенікі» деп жұртты адастырған бұзақы сөзін тындамау керек.

Кезек үшінші дау кейіпкерлері – қыз бен жігітке келді. Тайкелтір қынап пен қылыш алдырады...

- Қынапты қызға берді:
- Салдырма! – деп,
- Салдырып, абыройыңды алдырма! – деп.
- Жігітке айтты:
- Салмасаң, сені тартам,
- Қаныңды мына көпке қалдырма!» – деп.

Жағдай түсінікті, жігітке қылышты қынапқа салдырып қойса, қыз өледі; керісінше салдырмаса, жігіт өледі. Өмір не өлім. Мұндай айқас-арпалыста екеуі де барын салатыны, әдетте кінәсіз адамның жеңетіні белгілі.

Тағы да шындық мәлім болды. Қылышын қыздың қынабына сала алған жігіт ақ екен, жігіттің қылышын қынабына салдырып қойған қыз қара екен. Ол дарға тартылуы керек. Алайда Тайкелтір қиядан тура жол тауып, қан төгілуін тоқтатады.

– Қиындар бір қасықтай маған қанын,
Шырқыратып қайтесің мұнын жанын?
Неке қиып екеуін қоя берді,
– Бұзылма мұнан былай, бар, – деп, – жаным!

Өлең ой мен сезімнің бейнеге айналған көркем жарасымы. Ақын поэзиясы арқылы сезім мен ойдың өрісті өресін танытады. Ақыл мен танымнан туған ғибрат пен насихатты жеткізеді. Осынау тұлабойы терең ақыл-ойдан ғана туатын тапқырлыққа, айшықты астарға, ғажап ғибратқа толы туындыны сырттай әңгімелеп, құр тамсанып, тамаша дегеннен гөрі тікелей табиғатын алға тарттық. Өлеңде өрелі, өрнекті келтірілген үш-ақ мысал – іс жүзінде де Тайкелтірдің ұлы би болғанын көрсетіп, дәлелдейтін оқиғалар ғой. Бүгінгі уақыт шындығына баққанда қанша даналық көрсетіп, халықты даудан, қалың дұшпаннан құтқарып қалса да, әйтпесе елді зұлмат-нәубеттен аман алып қалып, даңғыл жолға түсірсе де, хан-патшалардың билігін тоқтатып, тағын түсіп бере салуы мүмкін емес-ақ. Алайда бұл арада Мәшһүр Жүсіп ақынның айтары – халық арасында кездесер аңыз әңгіме ғана емес, бала Тайкелтір биліктерінің керемет сұңғыла бітімі, таққа лайық екендігі. Ендеше біз ақынның мұндай үлгісі өшпес, үрдісі озық, қыртысы қалың туындыларын нақты да нәрлі танытып, таныстыра білсек, бүгінгі күн қажетін өтеп қана қоймай, болашаққа да қызмет ете берері анық деп білеміз.

Қазақ фольклортану ғылымында аңыз жанры кеңірек ұғымды береді. Бұл жөнінде ғалым С.Қасқабасов мынадай пікір айтады: “Аңыз халықтың жадында сақтап, ауызша айтып келген тарихы дегенде, онда тарихи оқиғалар, еш өзгеріске ұшырамаған, шындық сол қалпында әңгімеленген деген ой тұмау керек. Біріншіден, ауызша таралғандықтан, екіншіден, әңгімеленген оқиғадан көп уақыт өтіп кеткендіктен, үшіншіден, әңгімеге көркемдік элементтер әсер еткендіктен аңызда баяндалған оқиға көмескі тартады, әңгіменің варианттары пайда болады, тіпті оқиғаның мезгілі шатастырылады. Сондықтан онда фактілер мен оқиғалар айтушы мен тыңдаушының қатынасы тұрғысынан баяндалып, тарихи жинақталған бағаға иі болады” [3,124-6.]

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мәшһүр Жүсіп. Шығарамалары. 1 том, Павлодар, 2003.
2. Көпеев М.Ж. Сахарада лала, бақтарда райхан. Дайынд. Н.Жүсіпов. Зерде. 1993.№7.
3. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. Алматы: Ғылым, 1984.124-6.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

О. САХИТЖАНОВ

оқу ісінің меңгерушісі, №204 мектебі, Қазалы ауданы

Ұзақ жылдар бойы жалпы білім беретін мектептің негізгі мақсаты-оқушыға білім,іскерлік дағдыны қалыптастыру деп қарастырылып келді. Ал қазіргі мектеп,ұстаз алдында жеке тұлғаны қалыптастыру мақсаты тұр. Қазақстан Республикасында білім беруді 2010 жылға дейін дамытудың мемлекеттік бағдарламасында ақпараттық және коммуникативтік технологияны қолдану негізгі міндеттерінің бірі ретінде қаралған.”XXI ғасырда білімі дамымаған елдің тығырыққа тірелері сөзсіз.Демек, біз қадам басқан XXI ғасыр жақсы , білімді, бәсекеге қабілетті ұрпақты талап етуі оңды құбылыс.Білім саласындағы бет-бұрыстың негізгі мақсаты-оқу-тәрбие үрдісін түбегейлі өміршендету, жанашылдандыру. Қазіргі таңда білім саласында жүргізіліп жатқан реформаның басты мақсаты-ой-өрісі жаңашыл, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, дүние танымы жоғары, бәсекеге қабілетті жан-жақты қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелу. Бастауыш мектеп оқушыны жеке тұлға етіп қалыптастырудың алғашқы баспалдағы.Әр сабағымда дамыта оқыту технологиясын, оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау дамыту технологиясын қолданамын.Бұл технологиялардың оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыруда алатын орны ерекше.Оқушылардың ойы шындалып, белгілі бір жетістіктерге жетеді, танымдық белсенділігі, сабаққа қызығушылығы, шығармашылық қабілеттері дамиды. Дамыта оқыту үрдісінде оқушы оқу әрекетімен шұғылданып, теориялық ойлауға икемделеді, білімді өзі меңгеруге мүмкіндік алады. Дамыта оқытуда баланың ізденушілік-зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Ол үшін бала өзінің осы кезге дейінгі білетін тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезініп, содан барып оның білім алуға деген ынтасы артып, білім алуға әрекеттенеді. Сабақ мұндай жағдайда төмендегідей 3 құрамдас бөліктерден тұратын болады.

Оқу мақсаттарының нақты қойылуы.

Оны шешудің жолын бірлесе қарастыру.

Шешімнің дұрыстығын дәлелдеу.

Бұл үшеуі - дамыта оқытудың Д. Б. Эльконин – В.В. Давыдов жасаған жүйесінің негізгі компоненттері. Оқушы алдына оқу мақсаттарын қоюда ешқандай дайын үлгі берілмейді. Мақсатты шешу іштей талқылау, сосын жинақтау арқылы жүзеге асады.

Мұғалім сабақ үрдісін ұйымдастырушы, бағыттаушы ролінде ғана болады. Шешім табылған кезде әркім оның дұрыстығын дәлелдей білуге үйретіліп, әр оқушыға өз ойын, өз пікірін айтуға мүмкіндік беріледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Республика білім және ғылым қызыметкерлерінің ІІ съезінде сөйлеген сөзінде білім беру ісін реформалаудағы стратегиялық міндеттердің бірі шығармашылық тұрғыдан ойлау білетін жеке тұлғаны қалыптастыру мен тәрбиелеу екендігіне баса назар аударып, жалпы білім беретін орта мектепте білім берумен қатар адалдық, адамдық. Отанын сүйе білу сияқты гумандық сезімдерге тәрбиелеу қажеттігі өзекті мәселе болып отырғандығын ерекше атап өтті. Гуманизациялаудың түпкі мақсаты – оқушыны жан-жақты танымдық ұмтылысы бар субъект етіп, шығармашылық тұлға етіп қалыптастыратын, дамуға апару.

Ғылыми әдебиеттерде әр саладағы ғалымдар-өркениетті деңгейге жету үшін, гуманизациялаусыз әлеуметтік прогресс туралы сөз қозғауға болмайды деген салмақты пікір айтады.

Баланың қабілеттерін дамыту мәселесі өзінің тамыры адамзат тарихының тереңнен алады. Ежелгі грек ғалымы және философы Сократ өз оқушыларының дамуына үнемі қамқорлық жасап отырған – дейді.

Адамның ақыл – ойын, қабілеттерін дамыту арқылы осы бақыт жолына жеткізу мәселесіне бірнеше күрделі еңбектерін тікелей арнаған шығыстың әйгілі ойшылы - Әл Фараби болады. Бүкіл бір халықтың ұстазы ұлы Абай өзінің қара сөздерінде (43-сөзі). Бала өмірге келгендегі қабілеттері әрі қарай дамытуды қажет ететінін, сонда ғана олар пайдаға асатынын жазған.

Ал назардан тыс қалаған қабілеттер бара-бара жойылып, жоқ болатынын айтқан екен. «Қабілеттер - адамның іс-әрекеттің белгілі бір түрін орындай алу мүмкіндіктері » -деген де анықтама бар. «Мүмкіндік білім де, дағды да емес. Ол адамның белгілі бір істі орындауға даярлығы »– деп қарастырады Ә.Алдамұратов. Психологтер қабілеттердің 2 түрлі деңгейі болатындығын дәлелдейді.

Репродуктивті (өнімсіз) - іс-әрекетті, не білімді берілген үлгі бойынша қабылдай, менгере алу деңгейі.

Шығармашылық – жаңа нәрсе ойлап табуға бағытталған қабілеттер деңгейі.

Ал «шығармашылық» сөзінің мәні неде? десек, «Шығармашылық» сөзінің төркіні (этимологиясы) «шығару», «іздену», «ойлап табу» дегенге келіп саяды.

«Шығармашылық» мәселесін терең зерттеген Я.Н.Пономарев оны «даму» ұғымымен қатар қояды. Өйткені әрбір жаңалық, әсіресе интеллектуалдық тұрғыдағы баланы жаңа психикалық сапаға көтереді.

И.Левитовтың пікірінше, оқушыларды, шығармашылық қабілеттері деп біз іс-әрекет қорытындысында жаңа бір нәрсені үйренулері және олардың даралық бейімділіктерінің, қабілеттерінің көрінуі болып табылады. Бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне сай қабілеті, олардың белгілі бір іс-әрекетпен айналысуға бет бұрысы, оған көңілінің аууы, яғни оянып келе жатқан қабілеттің алғашқы белгісі.

Сондықтан да әрбір педагог балалық кезде ерекше көзге түсетін бейімділіктердің, келешекте олардың қабілеттерінің көрсеткіші екенін ұмытпай, оқушылардың бейімділіктерін дер кезінде көре біліп, оларды соған сәйкес келетін қабілеттерді дамыту біздің міндетті борышымыз екенін ұмытпауымыз керек.

2.Әр жеке адамның шығармашылық кезеңі жаңалық ашуға деген ынтымақпен серіктес екенін есте сақтау қажет. Әсіресе, бала бойындағы шығармашылық қабілеттерін бағыттап, тәрбиелеу-қазіргі таңдағы ата-ана мен мұғалімнің ең басты міндеті.

«Өз біліміңмен балаларды шектеме, олардың туылған уақыты бөлек емес пе?»-деп айтылған пікірге зер салып қарасақ. Қазіргі таңдағы баланың көзқарасы, уақыты қандай, олар неге дайын болу керек?

Оқушыны неге дайындаймыз?

- | | |
|---|-------------------------------------------------------------|
| О | * Қоғамның белсенді азаматы болуға; |
| қ | * Қалаған іске жауапкершілікпен қарауға; |
| у | * Өз ойын, көзқарасын құра білуге; |
| ш | * Сұрақтар қойып, оны жан-жақты талқылай білуге; |
| ы | * Ойын еркін жеткізіп, шығармашыл ізденісті қалыптастыруға; |

Осындай жоспарды алдыма қоя отырып, ұстаздық өмірдегі тәжірибемде оқыту барысында алдыма қойған **мақсатым** –баланы субъект ретінде оқу ісіне өзінше қызықтыратын, оған қабілетін арттыратын жағдай туғызу, ойлау дағдыларын жетілдіру.

Осы мақсатпен тіл, таңдаулы пән сабақтарында оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту- негізгі ұстаным.

1. Дүниетанымдарын кеңейту.

2. Жеке қабілеттерін көре білу, оны дамытуға толық мүмкіндік туғызу.

3. Қабілетіне қарай шығармашылық жұмыспен шұғылдануға машықтандыру

4. Бойындағы қасиетіне қарай ізденуге жол көрсету.
5. Өз жұмысының нәтижесін көру.
6. Өз-өзіне сын көзбен қарауына.
7. Жеткен жетістігінен ләззат алуға мүмкіндік беру.

Біріншіден - баланың шығармашылық қабілеттерін дамыту ісін ерте бастан қолға алу. Мысалы біз тіл үйрету үшін баланың туған сәтінен бастап сөйлесе бастаймыз ғой. Немесе музыканттар жан-ұясында үнемі музыка естіп өскен баланың сол өнерге қабілеті өте ерте ашылады. Осыны басқа қабілеттер дамытуға неге пайдаланбасқа.

Екіншіден- баланың жүйелі, тұрақты ұйымдастырылған шығармашылық әрекеттер, жағдайында болуы. Ерекше ойды талап ететін әлеуметтік қарым- қатынастар шығармашылық қабілеттер дамытуға тиімді әсер етеді деп ойлаймыз.

Үшіншіден - шығармашылық жұмыстар баланың ойлау мүмкіндігінің ең жоғарғы деңгейіне жетуі керек. Күн асқан сайын ол деңгей бейіктей беретіндей болуы қажет. Осындай тынымсыз ой қызметі ғана бала дамуында үлкен нәтиже береді.

Төртіншіден - және ең негізгі шарт бала әрекеттің әр түрімен айналасуға, тыңдауына деген еркіндігінің болуы. Баланың жұмыспен айналысуға деген қызығушылығы, қанша уақыт айналысамын десе де өз еркі болуы керек. Мұндай қызығушылық, қажеттілік, табысқа жетудің бірден-бір кепілі болып табылады. Бірақ балаға берілетін еркіндік үлкеннің, қамқорлығын, көмегін талап етеді. Міне, бұдан шығармашылық қабілеттер дамытудың Бесінші шарты шығады. Еркіндік – ойға не келсе соны істеуге, ал қамқорлық, көмек бала үшін жұмыс істеуге айналмауы керек. Балаға елеусіз болса да өз күшімен, өз ойымен, қиындықты жеңе отырып «Жаңалық» ашуға жағдай жасауымыз қажет.

Ұстаз міндеті- оқушының бойында жасырынып жатқан мүмкіндіктерін ашып көрсету. Кез-келген оқушы мұғалімнің басшылығымен орындаған шығармашылық жұмыстың нәтижесінде өзінің ішкі мүмкіндіктерін дамытады.

Бұл оқушыдан салыстыру, жоспарлау сияқты бала үшін қиындау тәсілдерді қолдануды талап етеді.

Осы тұрғыда әрбір мұғалімнен оқу үрдісін қайта қарауды бұрыннан қалыптасқан әдістермен технологияларды жаңа өмір талабына сай өзгертілген түрлерімен ұтымды ұштастыруды қажет етеді. Оқытудың дәстүрлі түрінен басқа форма бар ма екен? Оқушыны қызықтыру үшін не істеуге болады? деген сұрақты алдыма қойдым. Оқытудың жанаша әдіс түрлерін қосымша оқып, іздене бастадым.

Бұл СТО бағдарламасының философиясын түсінуді талап етеді. Оқушыларға стратегияларды ұсына отырып, жаңа ақпаратты өзінше меңгеруге жұмылдыру жолына әрекет болып табылады. Ол үшін тіл дамыту сабағына өз алдына бағдарламалық талап қойып, күнтізбелік жоспарын жасап, сабақтың үш кезеңінен тұратын модельге көшу тиімді екеніне көзім жетті.

Қызығушылықты ояту

Мағынаны ашу

Толғаныс бөлім.

Бұл қосымша дидактикалық құралды жинақтағандағы мақсатым:

1. Оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру, сабақтың тартымды өтуіне пайдалану.

2. Жаңылтпаштармен баланың тілін ширатып, мүдірмей сөйлеуіне үйрету.

3. Жұмбақтар арқылы жас жеткіншектің тапқырлық пен дүниетанымын қалыптастыру.

4. Мақал-мәтелдерді пайдалану арқылы оқушылардың ойларын түйіндеу.

5. Суреттер арқылы қиялын, шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Оқушыға түрлі тақырыпта мазмұнды шығарма жаздырту жұмысы орын алады. Бұнда ескертетін бір мәселе- бұл оқушыға ең алдымен шығарманың үлгісін көрсету немесе тіре схема беру. Себебі, кез-келген оқушы бірден шығарма жазуға қиналатыны сөзсіз.

Екіншіден, ересектердің ықпалынан құтқару мақсатында оқушыға алдын-ала осы бағытта ізденуіне жағдай жасай отырып, шығарманы іште, яғни сыныпта жаздырту.

Үшіншіден, ерекше бір ескертетін мәселе- бұл оқушы еңбегін бағалау. Бұнда мұғалім ең алдымен, оқушының ізденісін, айтайын деген ойын бағалай білуге тиіс.

Себебі, бұл жастағы балалар көптеген грамматикалық қателер жіберетіні белгілі. Сол себепті де уақытты үнемдей отырып, оқушылармен жеке дара жұмыс ұйымдастыру өте тиімді және бұл арада мұғалімнің оқушымен қарым-қатынасы, тіл табысуы да ерекше рөл атқарады. Өйткені, оқушының арнамысы сын келтірмей, оған керсінше, кеңесші бола отырып, жіберген қателіктерін сыпайы да саналы түрде жеткізе білу кез-келген мұғалімнен үлкен шеберлікті талап етеді.

.Тіл дамыту схемасы

1. Тақырып немесе үйрететін нәрсе

2. Ойына шек келтірмей, тақырыпқа сай жауап жазуға үйрету.
3. Тірек сөздерді пайдалану және сөздік жұмыс істеуге үйрету
4. Грамматикалық тапсырмалармен жұмыс
5. Білімін жүйелеуге үйрету, өз көз қарасын дәлелдеу
6. Топтастыру, салыстыру, орта қасиетін салыстыру
7. Ойын ашық жазу

Болашақтың бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын күш тек білімде ғана. Қай елдің болмасын өсіп өркендеуі өркениетті дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. Жас ұрпақты біз жеке тұлға деп алып қарағандықтан, демократиялы қоғамда осы жеке тұлғаның жан-жақты дамытуға аянбай еңбек етуге тырысамын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасы Президентінің «Тілдерді қолдану мен дамыту бағдарламасы» (1998 жыл, 5 қазан)
2. Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001 – 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА О ГОСУДАРСТВЕННОЙ РЕГИСТРАЦИИ ПРАВ НА НЕДВИЖИМОЕ ИМУЩЕСТВО: ПРЕИМУЩЕСТВА, НЕДОСТАТКИ

О.С. СВИДЕРСКАЯ

ст. преподаватель, Павлодарский государственный университет
им. С. Торайгырова

К.Ж. КАЛИМУЛЛИНА

ст. преподаватель, Павлодарский государственный университет
им. С. Торайгырова

Сделки с недвижимым имуществом составляют сегодня значительную часть хозяйственного оборота и имеют большое значение в повседневной жизни и предпринимательской деятельности граждан и юридических лиц

Гражданский оборот недвижимости является одной из главных задач в области экономической политики. Ведущую роль в организации такого оборота играет правовое регулирование отношений, связанных с недвижимым имуществом. Можно с уверенностью сказать,

что от правильного выбора правовой модели отношений в сфере недвижимости во многом зависит динамика экономических процессов, инвестиционный климат и благосостояние населения. В то же время недостатки правового регулирования в данной области, пробелы в законодательстве и ошибочные решения не могут не сказываться негативно на многих сторонах экономического и социально-политического развития общества.

Признание и установление частной собственности и распространение иных вещных прав в различных отношениях как де факто в течение действия постсоветского времени напрямую связано с постоянным последовательным обновлением законодательства в их правовом регулировании, т.е. закреплении ее де юре.

Особый характер предмета сделок с недвижимостью требует признания и подтверждения государством прав их участников. Являясь гарантией законности заключения сделок с недвижимым имуществом, эти меры позволяют сделать рынок недвижимости прозрачным и снизить возможности для мошенничества и преступлений. Поэтому законодательно было закреплена обязательная государственная регистрация сделок с недвижимостью, включающая проведение правовой экспертизы документов, необходимых для государственной регистрации и проверки законности сделки.

В различных государствах по-разному организована система регистрации прав на недвижимое имущество и сделок с ним. В целом можно выделить следующие типы регистрационных моделей укрепления прав на недвижимость: сделочная (концессуальная), германская и модель Торренса (Act Torrens или Real Property Act).

Суть концессуальной модели укрепления прав на недвижимость заключается в том, что право собственности переходит от продавца к покупателю в момент заключения договора. При этом факт передачи недвижимого имущества и факт регистрации прав регистрирующим органом для перехода права собственности значения не имеют. Подобная модель реализована в гражданском праве Франции. В то же время французская регистрационная система прав на недвижимость не является единой.

Модель Торренса исходит из того, что основанием возникновения вещных прав на недвижимость является оглашение прав на недвижимость, под которым подразумевается внесение записи в поземельную книгу. Заключаемый сторонами договор об отчуждении недвижимости не имеет значения для перехода прав на недвижимость, равно как и пороки волеизъявления (за определенными исключениями) не оказывают влияния на приобретение прав на недвижимость. Таким

образом, приобретение прав на недвижимое имущество связывается исключительно с формальным моментом - моментом регистрации в актовой книге. Модель Торренса в тех или иных модификациях реализована в Австралии, Канаде (за исключением штата Квебек), Великобритании, Новой Зеландии, Сингапуре, в некоторых штатах США, Тунисе, Алжире и др.

В германском праве юридическая конструкция сделки с недвижимой вещью включает два договора: один договор имеет обязательственно-правовой характер и предусматривает обязательство продавца передать недвижимую вещь, а также обязанность покупателя принять вещь и уплатить за нее покупную стоимость. В то же время данный договор сам по себе еще не влечет перехода права собственности на недвижимую вещь. Для этого требуется заключение договора вещного характера, целью которого является передача права собственности от покупателя продавцу. Вещный договор считается юридически независимым от первого договора, и, таким образом, пороки в обязательственно-правовом соглашении сами по себе не влекут недействительности перехода вещного права на недвижимую вещь. Несмотря на кажущуюся избыточность, эта юридическая конструкция позволяет защищать интересы добросовестных приобретателей недвижимого имущества.

К примеру, гражданское законодательство с введением Гражданского кодекса Республики Казахстан Особой части в 1999 году приняло норму, содержащую правило: право собственности на переданный покупателю товар сохраняется за продавцом до оплаты товара или наступления иных обстоятельств, покупатель не вправе до перехода к нему права собственности отчуждать товар или распоряжаться им иным образом. В случае, когда переданный товар не будет оплачен или не наступят иные обстоятельства, при которых право собственности переходит к покупателю, продавец вправе потребовать от покупателя возврата ему товара, если иное не предусмотрено договором (ст. 444 ГК РК). Эта норма носит общий характер и соответственно должна применяться и к государственной регистрации прав на недвижимое или движимое имущество.

Как правило, форма совершения сделок с недвижимостью имеет квалифицированный характер. В некоторых государствах совершение сделки с недвижимостью должно в обязательном порядке осуществляться в нотариальной форме. Так, в итальянском праве сделки с недвижимостью под угрозой их недействительности должны совершаться в нотариальной форме и подлежат обязательной регистрации в едином реестре прав

на недвижимое имущество. Во французском праве обязательному нотариальному удостоверению подлежат отдельные сделки с недвижимым имуществом - дарение недвижимости, договор ипотеки, договор купли-продажи недостроенных зданий и сооружений.

Регистрация прав на недвижимость в узком смысле - это деятельность государства в лице его специальных органов, представляющая собой процесс рассмотрения заявлений заинтересованных лиц о внесении сведений об их правах на объекты недвижимого имущества в правовой кадастр. Основным содержанием этого процесса является установление регистрирующим органом оснований для внесения в правовой кадастр требуемых сведений.

Государственная регистрация выступает в качестве одной из форм применения права. Она состоит в принятии акта применения права как документально оформленного действия государственного органа.

Результатом правоприменительной деятельности органа по регистрации прав является принятие решения о наличии или отсутствии оснований для внесения в единый государственный реестр о зарегистрированных правах на конкретное недвижимое имущество, которые имеют обязательную силу предписания, в том числе и для правообладателя.

Факт регистрации может быть необходимым для реализации уже возникшего права. Но независимо от правового значения факта регистрации, в каждом конкретном случае его сущность состоит в признании этого права государством и предоставлении этому праву той защиты со стороны государства, которая обеспечивается этой системой регистрации прав на недвижимость. Специфика различных оснований возникновения права состоит лишь в определении момента возникновения права. Однако возможность реализации любого права на недвижимость в полном объеме (и, прежде всего, в отношении распоряжения) независимо от основания его возникновения появляется лишь с момента государственной регистрации этого права. Государство не может защищать права, о которых оно не знает. Единственным держателем информации о правах на недвижимость является система регистрирующих органов. Поэтому ключевым в определении государственной регистрации как акта государственного органа и общим для всех таких актов является то, что это акт признания государством регистрируемого права, обеспечивающий возможность реализации этого права его обладателем.

В науке, законодательстве, судебной и правоприменительной практике не решены многие проблемы, среди которых главными

являются вопросы о понятии недвижимого имущества и правовых принципах регистрации прав на недвижимость. Нерешенность именно этих проблем лишает правовое регулирование в сфере недвижимости необходимой упорядоченности и эффективности. Закономерной реакцией на такое положение является, с одной стороны, весьма активная работа законодателя по изменению и дополнению правовой базы в сфере недвижимости. С другой стороны, это вызывает активизацию теоретических исследований в данной области.

Регистрация прав на недвижимое имущество представляет собой новую проблему для права нашей страны. Это признается практически всеми исследователями правового регулирования оборота недвижимого имущества. Однако всякий, кто обратится к истории вопроса, не может не признать относительность такой новизны. Более того, многие вопросы, которые сегодня вызывают оживленные дискуссии, были предметом обсуждения много лет назад как среди российских правоведов Шершеневич Г.Ф. Учебник русского гражданского права (по изд. 1907 г.). М., 1995; Кассо Л.А. Русское поземельное право М., 1999; Ельяшевич В.Б. Очерк развития форм поземельного оборота на Западе. СПб, 1913; Покровский И.А. Основные проблемы гражданского права. М., 1998 и др., так и среди ученых Бабкин С.А. Основные начала организации оборота недвижимости. М., 2001; Системы регистрации прав на недвижимое имущество: Опыт зарубежных стран / Под ред. А.А. Лазаревского М., 2000).

Исследователи отмечают, что на ранних этапах развития различных правовых систем не существовало выраженного разделения имущества на движимое и недвижимое, а, следовательно, не было и специального правового режима последнего. В Древнем Риме основным делением вещей было деление на манципируемые и неманципируемые вещи, критерием для которого было применение или неприменение обряда манципации для перехода права на вещь (Скворцов О.Ю. Сделки с недвижимостью в коммерческом обороте. С. 1-9.).

Очевидно, что даже на весьма ранних этапах развития права одним из элементов правового режима недвижимого, а также особо значимого имущества, было придание публичности актам его отчуждения.

Эту же норму в ст. 13 продублировал Закон РСФСР «О собственности в Казахской ССР». Часть 1 п. 4 ст. 2 этого закона содержала перечень объектов права собственности, среди которых назывались предприятия, имущественные комплексы, здания и сооружения, земельные участки. Собственность на земельные участки получила закрепление в п. 2 ст. 6, на строения - в п. 1 ст. 13 закона.

В принятых в 1991 г. Основах гражданского законодательства Союза ССР и союзных республик (далее - Основы гражданского

законодательства) впервые после длительного перерыва появились нормы, делящие имущество на движимое и недвижимое Основы гражданского законодательства Союза ССР и союзных республик. Утверждены 31 мая 1991 г. ВС СССР // Ведомости СНД и ВС СССР. 1991. N 26. Ст. 733..

Начало коренному изменению ситуации в данной области положил Закон Казахской ССР «О собственности в Казахской ССР». Этот закон впервые провозгласил членов кооперативов, образованных для создания объектов недвижимости (жилищно-строительных, дачно-строительных, гаражно-строительных) собственниками предоставленных им в пользование объектов (квартир, дачных домов, гаражей) при условии полной выплаты ими паевых взносов.

Новые экономические отношения, признание права собственности на недвижимое имущество и в первую очередь права собственности на землю потребовало их правового закрепления. Развитие права собственности как правовой категории в течение постсоветского времени сопровождается принятием многообразных нормативных правовых актов, которые тем или иным образом способствуют ее закреплению за субъектами. Принятие законов и других правовых актов по ее регулированию направлено на закрепление ее за субъектами.

Правовое обеспечение нормативной базой сделок с недвижимым имуществом первоначально было довольно упрощенным, хотя и было связано с обязательностью ее государственной регистрации в органах юстиции.

В редакции последнего Закона «О государственной регистрации прав на недвижимое имущество сделок с ним» государственная регистрация прав на недвижимое имущество и сделок с ним означает обязательную процедуру признания и подтверждения государством возникновения, изменения или прекращения прав (обременений прав) на недвижимое имущество и иных объектов государственной регистрации в правовом кадастре.

С момента введения с 1 марта 1996 года Указом Президента Республики Казахстан «О государственной регистрации прав на недвижимое имущество и сделок с ним», впоследствии введенным в действие новым и ныне действующим Законом Республики Казахстан от 26.07.2007 года, носящим аналогичное название, правовой кадастр и правоустанавливающий документ являются единственными источниками информации, подтверждающими зарегистрированные права (обременения прав) на недвижимое имущество и сделки с ним (ст. 7).

Системы регистрации (укрепления) прав на недвижимость соседствуют и взаимодействуют с системами национального кадастрового учета земельных участков. Институт кадастра

развивается в основном в государствах континентальной правовой традиции, к которой также примыкает Республика Казахстан. Под кадастром понимается осуществляемая государственной властью система документированного учета, в том числе, и земельных участков, а также и ведения государственного реестра этих участков. Создание кадастровой системы явилось предпосылкой для вовлечения земельных участков в гражданский оборот.

В разных государствах функции по регистрации прав на недвижимость возложены на различные органы. Так, в Германии, Латвии, Польше, Швеции, Эстонии эту функцию выполняют суды низшей инстанции, которые ведут поземельные книги. В Болгарии, Венгрии - нотариальные органы. В Австралии, Италии, Швейцарии, Франции - специально созданные государственные органы, компетенция которых ограничена исключительно регистрацией прав на недвижимость. Как правило, организуя систему регистрации прав, государство передает ее в ведение министерства юстиции. Так, в Японии государственную регистрацию прав на недвижимость осуществляют управления юстиции, подконтрольные Министерству юстиции. Аналогично органы юстиции Республики Казахстан выполняют функции регистрирующие органы при Министерстве юстиции Республики Казахстан.

С целью объединения усилий различных государств в унификации подходов к созданию правовых основ регистрации прав на недвижимость создана некоммерческая неправительственная международная организация - Международный центр регистрационного права (СИНДЕР) со штаб-квартирой в Мадриде (Испания). В него входят организации (учреждения) более чем 50 стран мира (среди которых Англия, Аргентина, Бразилия, Голландия, Колумбия, Марокко, Мексика, Норвегия, Португалия, Россия, США, Уганда, Франция и др.). В качестве целей деятельности декларируются такие, как проведение фундаментальных разработок по теории регистрации прав на недвижимость, помощь государствам в создании соответствующей законодательной базы, организационной структуры и подготовки кадров, которые необходимы для функционирования системы регистрации прав. Таким образом, указанные мероприятия в сфере межгосударственного общения стимулируют унификацию систем регистрации прав на недвижимость этих государств.

Система регистрации прав на недвижимое имущество в лице ее уполномоченных органов является превентивной мерой для предупреждения и пресечения правонарушений и преступлений в сфере

отношений, связанных с недвижимостью. Институт регистрации прав на недвижимое и движимое имущество, закрепленных в Гражданском кодексе Республики Казахстан (ст.118), направлен на защиту, прежде всего, гражданских прав граждан и юридических лиц. В отношениях по совершению сделок с недвижимым или движимым имуществом, подлежащим государственной регистрации, возможным и в первую очередь, проявляющимся в случае незаконности действий участника данных правоотношений, выступает регистрирующий орган Министерства юстиции РК, который, анализируя содержание правоустанавливающих документов с точки зрения их соответствия гражданскому законодательству, способен выявить и предупредить уголовное правонарушение.

Без регистрации прав на недвижимость ни один участник гражданского оборота не может быть уверен в действительности своих прав, а равно и прав других участников рынка недвижимости. Будучи актом признания государством зарегистрированного права, регистрация (в зависимости от ее системы и уровня организации) дает определенную степень уверенности в стабильности прав на недвижимость, степень всегда много большую, чем в условиях отсутствия регистрации.

Необходимо помнить, что государственная регистрация прав на недвижимое имущество и сделок с ним имеет цель обеспечения государственной защиты прав на недвижимое имущество, эффективного развития рынка недвижимости. При отсутствии государственной регистрации в установленных случаях права на недвижимое имущество не считаются возникшими. Сделки, подлежащие в соответствии с законодательными актами государственной регистрации, считаются совершенными с момента их регистрации.

Однако анализ законодательства за последние 20 лет свидетельствует о том, что изменения законодательства не носят системного характера, во многих случаях подчинены решению частных проблем. При этом изменению в основном подвергается законодательство о регистрации прав на недвижимость в организационной и процессуальной частях, в то время как в существенной ревизии нуждается концепция правового регулирования недвижимости в целом.

В большинстве правовых исследований сферы недвижимого имущества проблемы государственной регистрации прав на недвижимость занимают подчиненное место. На первый взгляд это вполне оправдано, так как регистрация прав на недвижимость представляет собой лишь один из элементов правового режима

недвижимости. При этом нельзя признать неверным тезис о том, что система государственной (правовой) регистрации должна строиться в соответствии с правовой доктриной недвижимости, а не наоборот.

РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ИСЛАМ ДІНІНЕ ҰСТАНЫМЫНЫҢ САЛДАРЫ (ҚАЗАҚСТАННЫҢ СОЛТҮСТІК ӨңІРІ МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША)

Қ.О. СЕЙТКАЗИНА

доцент, Қазақстан тарихы кафедрасы, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ

Қазақстанның солтүстік аймағындағы ислам дінінің тағдыры XIX-XX ғасырдың басында Ресейдің отаршылдық саясатына тығыз байланысты болғаны белгілі. Егер бұл саясаттың салдарына келетін болсақ, оны бірнеше тарапта қарастыруға болады. Ең алдымен ескертетін мәселе XVIII ғасырдың ортасынан бастап XIX ғасырдың ортасына дейінгі үлкен тарихи кезеңде Ресейдің саясаты ислам дінін қолдауға бағытталды да, объективті түрде исламның солтүстік аймақта кеңірек қанат жаюына мүмкіндіктер жасады. Ш.Уәлихановтың: «Киргизы до вступления в русское подданство были мусульманами только по имени и составляли в магометанском мире особый суннитский раскол. Мусульманские законы никогда не были приняты киргизами и были введены в степь путем правительственной инициативы вместе с прелестями внешних приказов», – дегенінің өзі де осыған байланысты...» [1, 99 б.].

Бұл кезеңде ислам туының астында қазақ жеріне оңтүстіктен де, солтүстіктен де әртүрлі ағым өкілдері мен миссионерлер қаптап енді. Осы себептерге байланысты қазақтың таза табиғи дүниетанымы бұзылып, рухани хаос пайда болды деп есептеуге болады. Ш.Уәлихановтың «Бүкіл дала Орта Азиядан шыққан, өздерін әулиемін деп таныстыратын фанатик кезбелерге және татардан шыққан шаласауатты молдаларға толып кетті. Таяуда шекаралық округтарда дуана болып жүрген күрд, ноғай және түріктер пайда болды» – дей отырып, қазақтың рухани жағдайына алаңдаған ғалым: «Личный интерес иностранных мусульманских странников и особенно татарских семинаристов заключаются в том, чтобы довести киргиз своим влиянием до того слепого религиозного изуверства, при котором так легко живется всем этим старцам, паломникам и дервишам. Пропаганда эта во многом уже успела. В Баян-аульском

и Каракаралинском округах киргизы предавались ханжеству с такой ревностью, свойственной только новообращенным. Там живет под покровительством местных туземных властей много ишанов, ходжей из Бухары и Коканда и ежегодно приезжает и уезжает немало этой сволочи. Татарское духовенство, которому вверило русское правительство наше нравственное воспитание, занималось до сих пор только нравственным нашим расстройством, брало взятки, учило ханжеству и вместе с среднеазиатскими выходцами обманывало наш доверчивый народ», – деген көзқарасын білдіреді. [1, 100 б.].

Сонымен, Ресей империясының XIX ғасырдың ортасына дейін жүргізілген қырдағы исламды қолдау саясатының салдары бір жақты тек жақсы деп бағалау өте қиын. Сырттан келген әртүрлі дін өкілдері мен сектанттар, Орынбор дін басқармасы бекіткен «указной молдалар» өздерінің шала сауаттылығымен, теріс қылығымен қазақ руханиатына тікелей әсер етіп, оның тарихи танымдары мен табиғи дәстүрлерінен, рухани тазалығынан айырды.

XIX ғасырдың ортасында Ресей саясатының объективті түрде исламның тереңірек қазақ даласына енуін қолдағанын немесе мұсылмандану процесіне сәтті ықпал еткенін шала қазақ мәселесінен де көруге болады. Қазақ даласындағы ежелгі жаугершілік ахуал мен рух бәсеңсіген уақытта XIX ғасырдың 20 жылдарынан бастап қыр өңіріне жан-жақтан әртүрлі жолдармен келген бөгде этнос өкілдері көбейіп кетті. Олардың біразы сауда жолдарымен келсе, екіншілері Ресей үкіметінің жазалау шараларынан қашып келді. Сонымен бірге қазақ даласына келген татарлар мен орта азиялық сарттардың ішінде қырда тұрақтап қалып отбасын құрып, балалы-шағалы болғандары да аз емес еді. Осы топтың арасында қазақпен араласқандар көп болды, олар қазақ қыздарына үйленіп, қазақтану процесіне түсті. Екінші жағынан, олар мұсылмандықты күшейтті. Ресей үкіметі қыр өңіріне бей-берекет келіп, саны өсіп кеткен «шала қазақ» атанған осы топты бақылауда ұстау үшін қазақ болыстарына жазылуға мәжбүрледі. Сібір комитетінің ұсынысы бойынша Сенат 1854 жылы шала қазақтар туралы арнайы құжат дайындап, оған патша ағзамның өзі қол қойды. Ол құжатта шала қазақтарды қазақ болыстарына жазу нақты бекітілген. Айтар болсақ: «1) Всех проживающих ныне в Средней орде чалаказаков и Азиатских выходцев обязат через местное начальство, чтобы они в течений года или прописались в округах или удалились в свое отечество. 2) Тех из них кои до сем изъявили и изъявляют желание в течении означенного срока остаться в Киргизской степи на всегдашнее жительство, по приведении их к присяге на подданство

России, причислять по избранию их к волостям на общем положений о киргизах, 3) С теми из сих людей, кто неизъяснит согласия поступить в подданство России и в течении года не возвращается в свое отечество, поступить как с бродягами» [2].

Шала қазақтарды және қазақ даласына әртүрлі шаруалармен келген орта азиялық мұсылмандарды қазақ жағдайына көшіру, сөз жоқ, қазақ даласындағы ислами ортаның қалыптасуына алып келді. Оның бір көрінісі дәл XIX ғасырдың ортасынан бастап қазақ даласының солтүстік аймақтарында мешіттердің салына бастауы. Отырықшылыққа бейімделген бұл этникалық топтар солтүстік аймақтағы аздаған отырықшы қоныстарды мекендеп, сол жерде діни орталықтар мен қауымдар құрумен айналысты.

XIX ғасырдың ортасында қазақ жерінде ислам қағидаларының күнделікті қажеттілікке айналғанының және қазақтың әдет-ғұрып заңдарын алмастыра бастағанының көрінісі мұрағат құжаттарынан нақты көрінеді. Мысалы қыр өңірінде белгілі Көкшетау қазақтарының өкілі полковник З.Байгоқинның соңында қалған мұрасын бөлісу туралы оның балалары арасында болған іс қағаздар. Дау барысында әке мұрасы үшін таласқан екі әйелден туған балалар билердің шешіміне риза болмай шарифат заңы бойынша шешуді талап етеді: «Будучи мусульманами, мы и в делах наших руководствуемся законом мухамеданским, именумый шарифатом, которому киргизские обычаи противореча, породили много злоупотреблений и раздоров... Киргизские бии невежды, незнающие грамоты, не имеющие ни о чем понятия и произносят свой суд в пользу той стороны которая богаче...», – делінеді [3]. Осылайша мұрагерлік туралы мәселе Сираджин ахунның қатысуымен шешілді. Бұл қысқа мысал қазақ қоғамының XIX ғасырдың ортасында бұрынғы іргелі әдет-ғұрып түсініктерінен шығып, шарифатқа бой ұсына бастағанын көрсетеді. Өз кезегінде әдет-ғұрып заңдарының дағдарысы қазақ қоғамын ішкі хаосқа, азаматтық қарама-қайшылықтарға, жалпы заңды мойындамауға тәрбиеледі. Бұл мәселені де Ресей үкіметінің ислам діні бағытында жүргізген саясатының бір көрінісі деп қабылдауға болады. Алғашқы уақытта XVIII ғ. ортасынан бастап патша үкіметі қырға татар-башқұрт ішінен шыққан молдаларды жіберді, мұнымен бірге олар тыңшылық миссиясын да атқарды, өйткені бұл өлкені әрі қарай отарлау үшін қажет еді. Ш.Уәлиханов: «Мұсылман заңдарын қазақтар ешқашан қабылдаған емес, ол далаға сыртқы приказдар, яғни округтерден үкіметтің жүйелі тәртібімен енгізілді», – деп жазды. Расында да, Ресейге бағынышты аймақтарда округ тарапынан арнайы бекітілген молдалардың көпшілігінің мұсылманша білімі жоқ адамдар еді, олардың ішінде татардың (ноғай) солдаттық қызметтен қашып шарифаттан хабары жоқ қазаққа ұстаз болған

алаяқ өкілдері көп болды. Кейін келе Орынбор мұфтиі патша үкіметіне хат жіберіп, указной молдаларды сайлауға рұқсат алды, олардың үстінен округ және облыс ахуны, мухтасиб (есепші) тағайындалды. Бірақ указной молдалар ойына келгенін жасады. Қ.Халид осы мәселе туралы: «бұл указной молдалар ешқандай, ақыл таразысына салмай, ешбір низамға салыстырмай, тамағынан өткенге алданды, адалдықтан бүтіндей бас тартып, ардан жұрдай болып, пара алу жолына көз тігумен күндері өтті», – дейді. Алайда молдалардың санының ұлғаюына қарай және далада исламды уағыздаудың күшеюіне байланысты мұсылман фанатизмі дами бастады. Кейін қазақ даласындағы билігін күшейте келе, патша өкіметі өзінің миссиясынан бас тартуға тура келді, енді молдалар мен мешіттерді қуғындау басталды. Екінші жағынан діни қызметкерлерді қолдаудың қажеті болмай қалды.

Қазақстанның территориясы толығымен империяның құрамына енді. Осыған қарамастан XIX ғ. екінші жартысында исламның ықпалы бүкіл қазақ халқын қамтыды. Бұл тек үкіметтің дін саясатындағы кеңшіліктерінің ғана салдары емес, мұнда басқа да жағдайлар – экономика мен әлеуметтік өмірдегі дағдарыс, елді жайлап кеткен кедейшілік, ұлттық езгі, тұрмыс салтының бұзылуы, миссионерлік және т.б. жағдайлар да өзінің рөлін атқарды.

XIX ғасырдың 67-68 жылдары «Уақытша ереже» елеулі түрде мұсылман діндарларының құқықтары мен артықшылықтарын шектеді. Қазақтардың рухани істері Орынбор мұфтиінің қарамағынан алынып, облыстық әкімшілікке берілді. Мешіттер мен медреселер құрылысына қатаң бақылау қойылды. Әрбір болыста тек бір ғана құдайға қызмет етушінің болуына рұқсат етілді. Оны бекіту және орнынан алу әскери губернатордың құзырында болды. Жаппай репрессиялар, миссионерлікті қатты қолдау, араб жазуымен жазылған кітаптарды таратуға тыйым салу, мешіттердің жанындағы мектептерді жабу, далада татар, бұқар көпестеріне жүріп-тұруға тыйым салу басталды.

Діни қызмет атқарушыларды қуғындау мұсылман дініне, Ш.Уәлиханов ескерткендей, бұдан да күшті қуат пен өміршеңдік берді. Исламды даланың ең атақты адамдары: А. Құнанбаев, М. Шорманов, С. Бабажанов және т.б. жақтады. Бұл мәселе төңірегінде ислам мен қара халық арасында алшақтық болған жоқ.

Діни жүйедегі осы өзгерістерге қарамастан қазақтардың мыңдаған жылдар бойы өмір сүрген және әбден бекіп қалған синкреттік мәдениеті XIX ғасырдың ортасына дейін дәстүрлі болып қала берді. Оның бұзылуына күшті көршілерінің Ұлы далаға басып кіруі және оның артынша басталған шаруашылықтың құлдырауы,

көшпеліліктің одан арғы экономикалық тиімсізденуіне әкеп соқтырған саяси дағдарыстардың салдары әсер ете бастады, бір жағынан төл мәдениеттің эволюциялық дамуын жаңа идеалдардың жоқтығы баяулатты. Осы мәселенің тамырына бойласақ бұл шектеу қазақ қоғамына жанашырлықтан емес, керісінше бір қоғамдық даму сатысынан екінші сатыға өте үлкен қиындықтармен өтіп келе жатқан елдің әрі-сәрі жағдайын пайдаланып оны шоқындыру, азаттық күресті басу, өзге мұсылман елдерімен байланысты жою т.б. мақсаттардан туындағанын көреміз. Бірақ бір қалыптасып қалған діни ахуалды өзгерту оңай емес еді. Белгілі дәрежеде исламды Ресей үкіметі өз деңгейінде бағаламауы да исламмен күресті қиындатты.

Қазақ жерінде көптеген жылдар қызмет атқарған «Уақытша Ереже» авторларының бірі А.К. Гейнс «магометанство со временем легко могло бы и совершенно уничтожиться среди киргиз, если бы муллы под видом снискания святости, но конечно, более из корысти, не проникали в степь» [4,76 б.], – дейді. Бұл субъективті факторларды ғана ескерген қате пікір. Шын мәнінде, ислам отаршылдық қанауға түскен елдің рухани өмірінде өз орнын алып қойған болатын. XIX ғасырдың екінші жартысында ислам қазақ қоғамын түгел қамтыды, оның әсері өмірдің әр саласынан сезіле бастады. Ислам әсіресе отбасы мен неке қарым-қатынастарына, меншік мәселесіне шарият заңдары түрінде енді. Себебі отбасы мен неке қарым-қатынастары отаршылдық қанауға түскен ел үшін мүмкіндігі келгенше сақтайтын басты құндылық болатын.

Дәстүрлі этникалық даму заңдылықтары отаршылдық кезеңінде кенет тоқтатылғаны белгілі, Халықтың саяси құрылымы өзгерді, территориялық бірлігі бұзылды, мәдениеттің дамуы тежелді. Отаршылдық бағыныштылық кезеңінде жеке экономиканы құру мүмкін емес еді, оның инфрақұрылымы метрополия мүддесі үшін жасалды. Бұл мәселе де өз кезегінде рухани біртұтастыққа қатты әсер етті. Осы мәселе Қазақстанның солтүстік аймағында ерекше сезілді. 1867-1868 жылдардағы реформалардан кейін этностың қоғамдық дамуы тоқтап, дәстүрлі саяси және әлеуметтік институттар деградацияға ұшырады.

Бірақ, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басында ұлт зиялылары отаршылдыққа қарсы қозғалысты басқарып, ұлттық дамуға дем берді. Бұл қозғалыс қазақ этносының барлық әлеуметтік топтарын қамтыды. Ұлттық жаңғыру мәдениеттің жаңғыруымен, дін бостандығымен сай келді. Қазақ зиялы тобының аса үлкен еңбегінің арқасында қазақтың төл мәдениетіне еуропалық сипат берген ерекше жаңа мәдениет үлгілері өмірге енгенін көреміз. 1913 жылы Сарыарқада экспедициямен болған Г.Н. Потанин: «қазақ өмірі

соңғы жылдары қатты өзгерістерге түсті», – дейді: «Ол еуропалық мәдениетке бет бұрды, егіншілік көбейді, қырда екпе шөп пайда болды, тек көшпелі малшылардың арасында огород өсіру киін. Қыр өңірінде қыстауға арналған шымнан соғылған тұрақты үйлер толып кетті. Киіз үйлердің ішінде фабрика заттары: темір керзет және бөстектер, кәрәсін шам, орындықтар, тігін машиналарын көресіз. Адамдардың киімінде де өзгеріс бар, бірінің үстінде қазақы киім көрсеңіз, екіншісінің үстінде: еуропалық пиджак, тар шалбар... Соңғы кезде қазақ балаларының оқуға деген талпынысы керемет. Балалар еуропаша білім беретін қазыналық мектептерде оқуға құмар, көбінесе ата-анасы қарсы болса да сонда барады, тек ұлдар ғана емес, қыз балалар да оқуға жанталасуда. Орыс білімі соңғы кезде қазақ арасында аса беделді. Қырда қазіргі уақытта университет бітірген, жоғарғы білім алған заңгерлер мен дәрігерлерді кездестіруге болады. Мұғалім және фельдшер мамандықтарын игерген қазақтар аз емес, акушер әйелдер де бар» [5.282 б.].

Міне, Қазақстанның солтүстік өлкесіндегі исламға қатысты Ресей саясатының салдарын қарастыра отырып біз төмендегі қорытындыларға келеміз:

- XVIII ғасырдың ортасынан бастап XIX ғасырдың ортасына дейінгі үлкен тарихи кезеңде Ресейдің саясаты ислам дінін қолдауға бағытталды да объективті түрде исламның солтүстік аймақта кеңірек бекуіне мүмкіндіктер жасады.

- Шалақазақтарды және қазақ даласына әртүрлі шаруалармен келген ортаазиялық мұсылмандарды қазақ болыстарына жазу қазақ даласындағы ислами ортаны күшейтті.

- Қазақ қоғамы XIX ғасырдың ортасында бұрынғы іргелі әдет-ғұрып түсініктерінен шығып, отбасы мен неке, мұрагерлік мәселелерінде шариятқа бой ұсына бастағанын көрсетеді.

- XX ғасырдың басында Ресей империясын мекендеген түрік-мұсылман халықтардың арасында азаттық күресі, ұлттық сана күшейіп бұрынғы христиан дінін қабылдап жүрген қазақтар қайыра исламға қайтып келді.

- XIX ғ. соңы XX ғ. басында Қазақстанның солтүстік аймағы қазақтарының қажылық сапарға жиі аттануы Ресей империясының аймақтағы ислам дініне қатысты ұстанымдарының салдары деп есептеу керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Валиханов Ч.Ч. Записка о судебной реформе // Валиханов. Собр. соч. в пяти томах. – т.4. – Алма-Ата, 1985.
2. ҚР ОММ. – 15-кор, 1-тізбе, 14-іс, 3-парақ.

3. ҚР ОММ. – 345-қор. 1-тізбе, 282-іс, 19-парақ.
 4. Гейнс А.К. Киргиз-Кайсаки (в Зауральской степи) // Собрание литературных трудов. – Т.1. – Спб., 1868.
 5. Потанин Г.Н. На притоке реки Токрау // Избранные сочинения в трех томах. – т. 3. Труды по истории, этнографии и фольклору. – Павлодар: НПФ «Эко», 2005. – 282 с.

ӘДЕБИ ШЫҒАРМАЛАР АРҚЫЛЫ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ЭТНОМӘДЕНИ БІЛІМДЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАЗМҰНЫ

М.М. СЕЙФУЛЛИНА

PhD докторанты, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

«Білім мазмұны» деп отырғанымыз алдымен «қазақ әдебиеті» пәнінің мектеп бағдарламасына сәйкес келерлік оқу материалдары. Осы материалдардан халықтық педагогика құндылықтарынан рухани нәр алуына мүмкіндіктің бар екенін зерттеу жұмысының барысында байқадық.

Біздер зерттеу барысымызда қазақ мектептерінде халықтық педагогика негізінде құрылуының даму тарихының жемісін кезеңдікке жіктеу арқылы оның мазмұндық жүйесін айқындадық. Қай қоғамда болмасын мемлекеттік тапсырыс болғаны белгілі, сол себепті ҚР Білім және ғылым министрлігінен қазақ мектептеріне стандарт ұсынылып, оның орындалу барысы бақылауға алынады. Аталған мемлекеттік стандарттан білім мазмұны туындайды. Ол мектептердегі пәндердің оқу жоспары, бағдарламалар, тұжырымдамалар, оқулықтар болып табылады, білім мазмұнын оқушыларға меңгерту үшін оқыту іс-әрекеттері мен амал-тәсілдері нұсқалы тұрғыда саралануы нәтижеге бағдарлайды. Сондықтан оны жүзеге асырудың теориялық негізі білім мазмұны мен оқыту мазмұнын іске асыру бағытын айқындауға қызмет атқарады. Халықтық педагогика құндылықтарымен қаруланған оқушылардың ұлттық санасы ізгілікке бағытталады.

Қорыта келгенде, ізгілікті мазмұндағы этномәдени білім беруді қалыптастырудың маңызы мен мазмұны мектепте оқылатын әдебиет пәніне тікелей қатысты жүзеге асырылады. Бұл орайда, екі линияны қатарынан қамту көзделеді.

Біріншісі – білім мазмұны, мемлекеттік стандарт шегіндегі әдеби шығармалардың ауқымын жасөспірімдердің меңгеруіне мүмкіндік туғызылуы қарастырылады. өкінішке орай, бүгінгі таңда балалар тұрмақ,

мектеп ұстаздарының өзі де әр сыныпта жанрлар жіктелмесінде қанша оқу нысаналы мәтіндемелер бер дегенге жауап беруі күмән келтіреді. Оның басты себебі стандарт бағдарлама іспетті беріліп, индикатор нақтыланбай, баяғы тоталитарлық кеністіктегі «білік», «икем», «дағды» деген ұғымдарды (ЗУН) орыс тілінен аударма ретінде қолданымда екені өкінішті. Оның орнына оны жанрлар жіктелмесінде индикаторлар мен өлшемдіктерге негіздеп ізгілікті мазмұндағы этномәдени білімді игерту қызметі іске асырылуы ғана қоғамдық сұранымға сәйкес келуін жүзеге асырады.

Екіншісі – оқыту үдерісін баланың өздігінен іске асыруына қолайлы жағдай туғызу. Жұмыстың бұл түрінде ұстаздың нұсқаулығы өте аз уақыт алып, оларды мәтіндемемен жұмыс жүргізгізу шеберлігін шыңдау тұрғысында нәтижеге қол жетпек. Бұндай оқу еңбегінде жасөспірім ізгілікті іс-әрекетті зұлымдықтан бөліп алу арашегіні ажырату танымына, когнитивтік қабылдауына түрткі болар деңгейлік тапсырмалар берілуі көзделеді.

«Қазақстан -2030» стратегиясы күн өткен сайын айқын бедерленіп, өмір шындығына айналуға. Осы құнды құжатта көрсетілген саяси және экономикалық алғышарттар біртіндеп орындалуда. «Қазақстан -2030» стратегияларындағы негізгі бағыттардың бірі ретіндегі білімі мен білігі жағынан шет елдегі замандастарымен бәсекеде жеңілмейтін, рухы кемел қазақстандықтардың жаңа ұрпағын тәрбиелеу қажеттігі баса айтылған. Бүгінгі таңда өзіміз тәлім- тәрбие беріп отырған жасөспірімдер ертеңгі күні тек білімді маман ғана емес, Отанын жанындай сүйетін, ұлттың тарихы мен мәдениетін қастерлейтін, рухани кемелденген азамат болып өсіп өркен жаюы қажет. Осы орайда жаңа білім беру стандартындағы білім мазмұнының тірегі ретінде жасөспірімдердің тұлғалық өркендеуіне бағытталған білім парадигмасындағы үлкен қадам.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау». Оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп, білім жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделеді. Бұл міндеттерді шешу үшін мектеп ұжымдарының, әр мұғалімнің күнделікті ізденісі арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа тәжірибеге, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттігі туындайды.

Жасөспірімдердің ойлау, шығармашылық қабілеті арқылы өз ой-пікірін бүгінгі өмірмен байланыстыра отырып дәлелдеуде, әр

түрлі жағдаяттарда салыстыру, баға беруде этномәдени біліктілігі жетіспей жатады. Олардың дүниетанымын кеңейтіп, жеке қабілеттерін көрсете білу, оны дамытуға толық мүмкіндік туғызуы, қабілетіне қарай шығармашылық жұмыспен шұғылдануға машықтандыру, оқушы бойындағы қасиетіне қарай ізденуге жол көрсету, оларды шығармашылық бағытта жан-жақты өркендету бүгінгі оқыту мәселесінің өткірлігін көрсетеді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім мен тәрбие алу үшін қажетті жағдайлар жасау» делінген.

Этномәдени шығармашылық дегеніміз – адамның белсенділігі мен дербестігінің және қиял-ойын іске асырудың жоғарғы формасы. Шығармашылық актіні сипаттаушы маңызды ой-тұжырымның бірізділігі негізінде этномәдени логикалық жүйенің және интуициялық сезімнің, асқақ ойлаудың ерекше тәсілдерінің іске асуы болып табылады.

Бұл туралы неміс мұғалімдерінің мұғалімі атанған А.Дистервег: «оқыту барысында оқушының, ізденімпаздығы мен шығармашылығын дамыту – оның ақыл-ой қабілетін қалыптастырудың аса маңызды құралдарының бірі», - деп көрсеткен болатын.

Адамның ақыл-ой өзгешеліктерін, оның жеке қасиеттерін көрсететін кез-келген адам бойынан табылатын этномәдени логикалық бірізділік логикалық жүйеге негізделген шығармашылық шабыт қабілет деп аталады. Жалпы ақыл-ойдың тереңдігі, ауқымдылығы мен түпкіліктігі, оқу материалын түсініп-білуі мен есте сақтай алуы зейінділік пен бақылағыштығы, зеректік пен тапқырлығы, оптималды түрдегі ақыл-ой әрекетінде көрінетін жасөспірімнің өзіндік өзгешеліктері қабілеттік болып табылады.

Жас дарынды тәрбиелеуде және оны ғылыми ізденіске жетектеуде ұстазға үлкен жауапкершілік жүктеп, үздіксіз шығармашылық ізденіске бастайды. Жасөспірімді шығармашылық жұмысқа тәрбиелеу, қабілетін ашу, санасында жылт еткен шоқты үрлеп, үлкен жалынға айналдыру – ұстаз міндеті. Оқытылатын пәндер бойынша этномәдени білімін байқатқан жасөспірімдердің шығармашылық икемділіктерін дамыту өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын мұғалімнен педагогикалық-психологиялық ізденісті талап етеді.

Тұлғаның сабақ барысында өсуі мен қалыптасуын бақылау мақсатындағы басты талап – жасөспірімнің қабілеті туралы ақпаратты алдын ала білу. Сондықтан да сауалнама жүргізілді. Оқушылардың

пәнге деген бейіні мен ықылас деңгейін анықтайтын сауалнама төмендегідей болады:

Бұл қорытынды жасөспірімді қызықтырып, сабаққа жаңалық енгізіп отырудың қажеттілігін көрсетеді. Әдебиет сабағы - сөз өнері.

Көркем шығармамен таныспаған, оны есінде сақтамаған, сазын тұтынбаған жас көркемдік дегенді дұрыс ұғына алмай өседі. Олай болса, жасөспірімді кітаппен таныстырып, кейіпкермен табыстыру қажет. Бұл “оқушы әдебиет танымдылық” деген үштікпен жұмыс жүргізуді көздейді. Сонда жасөспірім оқиды, оқығанын ой-түйсігімен қорытады, талдайды, өзіндік пайымдама жасайды. Көркем шығарманы, әдебиетті оқу үдерісін бақылап, бағыт береді. Көп оқудың пайдасы туралы сынып сағаты, ата-аналармен жұмыс жүргізеді.

Жасөспірім тілін дамытуға қызмет ететін жаттығулар жүйесінде мазмұндаманың рөлі зор. Мазмұндама белгілі бір тақырапқа ғана жазылып қоймай, ойды бастап, ары қарай әр жасөспірім өз сөздерімен жалғастырудың маңызы көп. Шығармашылық тұлға қалыптасуына үйірмелер де мол әсер етеді.

Білім берудің жаңа этномәдени ізгілік бағыттары, философиясы, мазмұны, міндеті, әдіс- тәсілдері дарынды тұлғаның дүниені тұтас қабылдауына мүмкіндік береді. Білім беру ортасын жеке тұлғаның этномәдени білімін дамытатын жағдайда құру өте маңызды. Тұлғаны дамытуға бағытталған жанашыл жобалар және технологияларды пайдалана отырып, жасөспірімдердің этностық құндылықтары мен ұстанымдарын қалыптастыруда жүйелі еңбек етулеріне жағдай жасау көзделді.

Я.А.Коменский: «мұғалім - мәңгі нұрдың қызметшісі, ол барлық ой мен қимыл әрекетіне ақылдың дәнін сөйіп, нұр құятын тынымсыз лаулаған жалын иесі», - деп ұстаз еңбегіне ерекше баға берген.

Олай болса, этномәдени білімі бар жасөспірімді ерінбей еңбекке бағдарлау қарастырылады.

Әдебиет пәнін оқытуда оқыту үдерісіндегі ұтымдылық көрсететін оңтайлы білімденудің технологияларын пайдалану білім сапасының ізгілікке қажетті деңгейіне жетуге негіз болады. Ол өзін-өзі этномәдени білім тірегі ізгілікке бағыттауда өзге оқу пәндерінің инновациялық технологиялар арқылы өзара сабақтасып, ықпалдасуын қажет етеді. Оқу пәндерінің өзара ықпалдасуы пәнаралық байланысты, интеграциялануды дамытуды ғана емес, ол сонымен қатар әр пәннің өзіндік мақсаты мен міндетінің айқындала, толығырақ түсуін де қамтамасыз етеді. Сол себепті мектепке дейінгі білім беру ұйымдарынан бастау алып, үздіксіз білім беру жүйесін тұтас қамтитын және болашақ 12 жылдық білім беру жүйесіне негізгі пәндердің бірі

ретінде ендірілгелі отырған әдебиет пәнінің мазмұндық өрісі ізгілікке бағдарлаудың тиімді амалы болмақ.

Бұл ретте әдебиет пен өзін-өзі ізгілікке бағыттап отырып, танудың бағдары тірек болады. Біртектес гуманитарлық білім аяларын құруға негіз болатын дидактикалық құрылым ретінде бұл пәндердің адамгершілік қағидалары негізге алынады. Рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының мазмұндық құрылымы ана тілі, әдебиет, тарих, философия, психология, педагогика, мәдениеттану, валология, әлеуметтану, әдеп, эстетика ғылымдарының іштей кірігуімен ерекшеленіп, тақырыптық жүйе оқушылардың өзін-өзі ізгілікке жетелеуіне ықпал ететін жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағытталады. Аталған пәндердің мазмұндық құрылымына әдеби көркем шығармалар негіз болатындықтан, білім мазмұнын құрастыруда жалпыадамзаттық құндылықтар туралы ұғымдар жүйесі мен олардың адам өміріндегі көрінісін ескеру қажет.

5–7-сыныптар аралығындағы «Әдебиет» пәнінің білім мазмұны ретіндегі оқу мәтіндерін сұрыптауда жеке тұлғаның өмірлік дағдыларын, әлеуметтік белсенділіктерін дамытуға ықпал ететін көркем шығармалар таңдап алынып, жалпыадамзаттық мұраттар мен ұлттық рухани құндылықтардың өзара сабақтастығының тұтастығын сақтау басты бағдар болды. Рухани-ізгілікті білім беру бағдарламасының дамытушылық міндеттері әр баланың азаматтық келбетінің жоғары болып, олардың кез келген ортада белсенділік көрсете алатын қабілеттерін өркендетуді көздейтіндіктен, әдеби көркем туындыларды сұрыптауда қазақ халқының өрелі өрісінің түп төркіні фольклор мен халық ауыз әдебиетінің үлгілерін егемен елдің бүгінгі әдебиетімен сабақтастыру қарастырылды.

Бұл сыныптардағы рухани-ізгілікті тұрғыда берілетін білім мазмұнында ұлттық руханиятымыздың өзегін құрайтын қазақ халқының фольклоры мен ауыз әдебиеті үлгілері, атап айтқанда, тұрмыс-салт жырлары, мақал-мәтелдер, жұмбақ, жаңылтпаштар, ертегі, әдеби ертегілер, аңыздар, эпостық, лиро-эпостық жырлар, тарихи жырлар, айтыс өнері мен шешендік сөздердің кейбір таңдаулы үлгілері беріледі. Халық ауыз әдебиетіндегі адамзаттық мүддені қорғайтын, өмірге бейімдейтін, өртүрлі әдептілік, әсемдік, әділдік және шыдамдылыққа да жетелейтін құндылықтарды оқып-түйсіну арқылы балалар халқымыздың ділін, дүниетанымын, мәдениетін танып, олардан тәлім алатын болады. Батырлар жырындағы бабалардың елін, жерін қорғаудағы ерліктері; лиро-эпостық жырлардағы сүйіспеншілік пен сезім, салт-дәстүр; айтыс өнеріндегі ой тереңдігі, тапқырлық, суырыпсалма ақындықтан көрінетін

даналық балалардың өз халқына деген сүйіспеншілік, құрмет сезімін асқақтата түседі. Әдебиеттің ерекше жанры драмалық туындылардағы кейіпкерлермен кездесе отырып, балалар адам бойындағы жағымды немесе жағымсыз қасиеттердің мәнін ұғынып, өз істерінде оғаштық көрсетпеді түсінетін болады.

Сонымен қатар мектептегі әдебиет пәні адам мүмкіндіктерінің шексіздігі, әр адамның бойындағы даралық қасиеттер мен қабілеттер және адамның ішкі дүниесі мен сыртқы келбетінің, сөзі мен ісінің үйлесімді болуы туралы да сөз болады. Берілген оқу мәтіндері бойынша оқушылар сыйластық, қайырымдылық, кеңпейілділік, жанашырлық, бауырмалдық тәрізді адамгершілік құндылықтардың адамдардың өзара қарым-қатынас жасаудағы мәнділігін ұғынады. Еліміздегі ынтымақтастық, өзара келісім, бірлік, тәуелсіздік, бостандық, достық, ұлтжандылық сияқты құндылықтарды түсініп, олардың қоғамдағы рөлі туралы оқып, одан өнеге алу ізгілікке бағдарлайды. Оқушыларға табиғатқа ізгілікті қарым-қатынас, қоршаған ортаның орны, денсаулықты сақтау мен нығайтуды үйрету және адамға кері әсерін тигізетін жағымсыз іс-әрекеттерден аулақ болудың жолдарын ұғындыруда көбінесе қазіргі замандық әдеби туындылардағы ізгілік мұраттары таңдалады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ахметов Ш. Қазақ балалар әдебиеті тарихының очеркі. – Алматы, 1965. – 124 б.
2. Қирабаев С. Өнер өрісі. Мақалалар мен зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1971.-272 б.
3. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр-аңыздар. – Алматы, 1985. – 248 б.
4. Саткенова Ж.Б. Кейіпкер тілінің когнитивтік аспектісі (Б.Соқпақбаев шығармалары бойынша: филол.ғыл.канд. ... автореф.: 10.02.02. – Алматы, 2006. - 19 б.

ҒЫЛЫМИ – ӘДІСТЕМЕЛІК ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ОҚУЛЫҚТАРДЫ САРАПТАУ

Т.Ж. ТАЛИПОВА, Г.Б. КУСАИНОВА
№ 25 жалпы орта білім беру мектебі, Павлодар қ.

Математика пәнінің өмірдегі қажеттілігі.
Жылдар жылжып, өмір ағымының қыры мен сыры өзгеріске түскен

сайын өзгеріске түспейтін және қажеттілігі ешуақытта төмендемейтін, тек ағымның ырғағына қарай алдыңғы, ортадаға немесе соңғы қатарға шығып отыратын қажеттілік - математика пәніне деген қажеттілік. Ал қазіргі таңдағы ақпараттық- коммуникациялық технологиялардың дамуына ілесуге ұмтылыс күн сайын үдеп отырған жағдайда, аталған пәнге қажеттілік одан әрі еселене түсуде. Сол қажеттілік толық қанағаттандырылып отыр ма? Болмаса қанағаттандыру жолы қандай? Әрине, толық деңгейде қанағаттандырылмай отырғандығы, жыл сайынғы пәнге сұраныстың артқанымен, жоғарғы квалификациялы техникалық маман иелерін және әртүрлі мамандықтың инженерлеріне сұранысты қанағаттандыру үшін сырттан маман шақырып, сол келген мамандарға жалақыны молырақ төлеп, жылы мен жұмсағымызды ұсынып отырғандығымыз жасырын емес.

Әрі жылдағы ҰБТ көрсеткіші бойынша математика пәнінен оқушылардың біліктілік көрсеткішінің нәтижесі қуантарлық жағдайда емес екендігі белгілі.

Ал, алдымыздағы отырған оқушылардың оқуға деген ынта мен қабілеттіліктері жыл сайын төмендеп бара жатқандығын байқаймыз. Бұл ненің әсері? Жыл сайын оқыту әдісін және оқыту құралдарын дамыту үстіндеміз. Әсері қайда? Сіздерді осы мәселелер бойынша пікір алысуға шақырамын. Оның ішінде менің сіздерге ұсынылғаны отырған негізгі мәселе – математика пәні бойынша оқулықтар мен оқу- әдістемелік кешенінің мәселесі.

Оқу бағдарламасы және оқулық

1. Оқулық жазылу үшін алдымен оқу бағдарламасы оқушының жас ерекшелігі мен психологиялық ерекшелігі ескеріле отырып, орта мектепте қандай тақырыптарды оқыту қажеттілігі нақтыланып, одан әрі әр тарау мен тақырыпқа бөлінген сағат саны шешілгеннен соң, осы оқу бағдарламасы негізінде оқулық жазылуға тиісті. Өкінішке орай бұл мәселе толығынан шешімін таба алмай отыр.

2. Оқу бағдарламасының ұсынылу реті мен оқулықта оқу материалдарының берілу ретінің сәйкессіздігі жиі кездеседі. Бұл оқушы мен мұалімге қиындықтар тудырады, әсіресе оқушыларға тиімсіз. Мысалы: Оқу бағдарламасында Математика, 5-сынып, Т.А.Алдамұратова, Е.С.Байшоланов, Алматы «Атамұра» 2010 «Өрнектер. Формулалар» тарауы соңғы оқылатын тарау болып ұсынылса, ал оқулықта I тарау болып берілген. Математика, 6-сынып, А.Е.Әбілқасымова, Т.П.Кучер, З.Ө.Жұмағұлова, Алматы «Мектеп» 2010, оқулықта ұсынылған тақырыптардың орналасу тәртібімен бағдарламаның ұсынылу реті сәйкес келмейді және оқу

бағдарламасында тараулар бойынша берілген кейбір тақырыптар басқа тарауда берілген. Мысалы, оқулықта VІІ тарау – «Координаталық жазықтық». Ол бағдарлама бойынша «Жазықтық тағы координаттар» деп аталып, III тарау болып оқытылуы қажет және осы тараудағы «Координаталық түзу» тақырыбы оқулықта II «Рационал сандар» тарауында ұсынылған. «Сызықтық теңдеулер мен теңсіздіктер жүйелері» және «Функция» тақырыптарының орналасу реті оқулықта ауыстырылып берілген. Мұндай мысалдарды басқа оқулықтардан да көптеп келтіруге болады. Бұл кемшіліктің болуына оқу бағдарламасының жиі өзгеруінің де әсері үлкен. Таң қаларлық жағдай, осындай кемшіліктер атап көрсетілгенде: «авторлар осылай орналастыруды дұрыс деп шешті» деген пікірдің айтылуы, әр автор өз бағдарламасымен оқулық жазатын болса, онда нені және қалай оқытарымызды білмей, біздерде ойымызға келгенді жасауға мәжбүр боламыз.

Оқулық құрылымында тақырыптардың оқытылу принципі оқу материалдарның сабақтастығына тәуелді болады. Алдыңғы оқытылған тақырып пен тарауың келесі тақырып пен тарауда жалғасын тауып, оқушы өз білімін алдыңғы алған білімі негізінде толықтырып отыру қажеттігі баршамызға белгілі. Алдыңғы уақытта бағдарлама өз міндетін толық атқара алатындай болуы керек.

3. Оқу бағдарламасын ұсынуда оқушының жас ерекшеліктерінің ескерілмеуі, мысалы, 6-сыныптың математика пәнінің бағдарламасы оқушылардың жас ерекшеліктеріне ауырлау, себебі тақырыптар мазмұндық жағынан да күрделі 8 бөлімнен тұрады. Бұл тақырыптарды уақытылы меңгергендері мен кейіннен біліктілік дағдыларға айналдыруда қиындықтар кездеседі. Оның есесіне 7-сыныптың апталық сағат санын I сағатқа арттырып, «Сызықтық теңдеулер жүйелері мен теңсіздіктер жүйелері» тарауын 7-сыныпқа ауыстырылғаны дұрыс болар еді.

4. Математика пәнінің бағдарламасы мен жаратылыстану бағытындағы (сызу, информатика, физика, т.б.) пәндермен сабақтастық, үйлесімділік деңгейінде құрылуы толық ескерілмей келеді, сондықтан ілгерлі – сонды оқытып жүрміз.

Оқулық және сағат саны.

1. Оқулықта ұсынылған тақырыптың толық меңгерілуіне бір-бір қажеттілік сағат санына байланысты.

2. Отандық оқулық негізінде жүргізген жұмысымыздың қорытындысы бойынша 2007-2008 оқу жылынан бері мектепті жаратылыстану-математикалық және әлеуметтік –гуманитарлық бағытта бітіріп шығуда. Бағыттардың аталулары көңілге қонымды. Осы бағытқа бейімделген оқушыларды даярлай алдық па, оны даярлаудың

ерекшеліктері мен жолдары туралы әңгіме бөлек, қазір менің тоқталғым келіп отырғаны апталық математика пәнінің сағаттары.

Жаратылыстану бағытында отырған оқушының өзі 2001 жылға дейінгі сағат санымен салыстырғанда 5-11 сыныптар арасында жыл бойына әр сынып 34 сағаттан 7 жыл ішінде 170-238 сағат математика пәнінен білімді аз алды. 2. Жаратылыстану-математикалық бағытын бітіріп отырған оқушыдан әлеуметтік-гуманитарлық бағытты бітірген оқушыдан екі жыл ішінде (10,11-сыныптарда) 68 сағат білімді кем алады. Бұл цифрлар көрсеткішінің оқушы білімінің төмендеуіне әсер болатындығына ешбір күмән келтіруге болмайды. Сағат саны қысқарғанымен мектеп бағдарламасына ұсынып отырған тақырыптар саны қысқарған жоқ. Қайта уақыт талабына сай комбинаторика және ықтималдық теория элементтері қосымша енгізілді. Және ҰБТ тапсыруда ерекшелік берілмейді, барлығына бірдей тапсырмалар ұсынылып, бірдей талап қойылады.

3. Математика пәнінің алгебра және геометрия деп аталатын 2 пәннен тұратынына мән беріле бермейтіндігін байқауға болады. Сол пәндерге аптасына 3 немесе 4 сағат бөлінеді, ол бөлінген сағаттар теориялық ұғымдар беруге әрең жетеді. Математикалық ұғымдар практикалық тұрғыда еркін жаттығу нәтижесінде ғана оқушы санасында белгілі тұрғыда қалыптасады, сағат санының аздығынан бұған мүмкіндік жоқ. Сондықтан ерекшелік қабілеттіліктері мен бейінділігі басымдау оқушылардың көлеңкесінде қалған оқушылар қалып қояды. Ол оқушы күн ұзай бере қатысушы мен көшірушінің роліне толығынан көшіп алып, оны өзінің үйреншікті жағдайына айналдырады, мұғалімде еріксіз білмейтін баланың ырқына көнуге мәжбүр болады, себебі, ол оқушымен күн сайын, немесе үнемі жұмыс жүргізуге мүмкіндігіде болмайды.

4. Сыныптағы оқушының топқа бөлініп оқытылуы жолға қойылса, оқушының математикалық сауаттылығының жолға қойылуына жол ашылар еді, әр оқушыға жеке көңіл бөлу мүмкіндігінің кеңеюі оның тұлғалық еркіндігінің толыса түсуінің бірден-бір жолы. Математика пәнінің бағдарламасын сынып оқушыларының барлығы дерлік ең кем дегенде 50 пайыздан артық меңгермейінше үлгерімі төмен оқушылардың саны ешуақытта азаймайды. Бұл өмір практикасының дәлелі.

Оқулықтар мен оқу әдістемелік кешен туралы.

1. Жоғарыда айтып өткендей отандық оқулықтармен қанша уақыттан бері оқып келе жатырғанымызды білеміз. Оқулықтардың өзгере беруі, бір оқып кеткен тақырыптардың келесі сыныпта қайталанып келуі пән мұғалімдерін біраз мазалауда, қалалық

жерде отырған біздер үшін хабарласа отырып, жол табуға ұмтылыс жасаймыз. Шалғай ауылдағы мамандардың бұл мәселелерді қалай шешіп отырғандықтарын білу қиын.

2. Геометрия пәнінен гуманитарлық бағыттағы сыныпқа аптасына бір сағаттық бағдарламамен білім беріп отырмыз. Тіпті мектеп бағдарламасында оқушыларға алғашқы түсінік мағлұматтар алудың өзі жеткілікті, оларға тереңдетіп білім берудің қажеттілігі жоқ, өз ізденістерімен толықтыруы қажет, - деген пікірлердің кейде айтылуы, өте қынжыларлық жағдай. Себебі, оқушылардың логикалық ойларының дамуына ерекше көңіл бөлгіміз келсе, геометриялық есептерді көбірек ұсынып, олардың ізденістерін қамшылай түсуіміз керек. Біздің қоғамдағы ең үлкен кемшіліктің бірі - баланың қабілеттілік деңгейін дамыту жолын басқа жақтан іздестіре бастауымызда. Негізгі қабілеттіліктің дамуы мектеп қабырғасында қалыптасып, оның басты көзі - оқыту болып табылады.

3. Математика пәнінен нәтижелі білім берудің басты жолы - пәннің кешенді-мақсатты бағдарламаға негізделген толық құрылымын қалыптастыру. Толық құрылым бір сыныпқа арналған: оқулық, әдістемелік, дидактикалық құралдар, электрондық оқулықтар, электрондық көрнекіліктер, жұмыс дәптерлері, оқушыға, ата-анаға арналған құралдар, т.с.с. Бұл кешенді-мақсатты бағдарламаның толық құрылымы бірнеше нұсқалармен, әр түрлі авторлармен ұсынылса, пән мұғалімдерінің және оқушының, әрі мүмкіндігінше ата-ананың да толық қанды жұмыс жүргізуіне мүмкіндік туындайды.

4. Білім мен біліктілік дағдының өз дәрежесінде болуы - оқу әдістемелік кешеннің жетімді болуы. Жетімді болу дегеніміз: 1. Әр оқушының алдында қосымша жеке тапсырмаларды орындауға мүмкіндік беретін, жанындағы оқушыға алаңдаудың пайдасы жоқ екендігін толық ұғатындай деңгейлік тапсырмалар жинағы, ол компьютерлік немесе кітапша күйінде болуы мүмкін. 2. Мұғалімнің сабақ үстінде немесе сабақтан тыс уақытта оқушы жауабының дұрыс, бұрыстығын қиындықсыз тексеруге мүмкіндігінің болуы. 3. Мұғалімнің әдістемелік жағынан ізденісін шындауға мүмкіндік беретін әдістемелік құралдар. 4. Оқушының өз бетімен үйренуге мүмкіндік беретін көмекші құралдар және бұл құрал ата-анаға да түсінікті болса, тіпті орынды. Біздің жағдайымызда бұл көмекші құралдарымыз оқушыларға мектеп оқулығында берілген есептерді басынан аяғына дейін шығарылған күйінде ұсынылып жүр, мұндай кітаптар оқушыларға ойлануға мүмкіндік бермейді, тек көшірушінің ролін атқаруға бірден-бір таптырмайтын құрал

болып табылады. Және де ең бастысы бұлардың бәрі де түсінікті, сауатты қазақ тілінде болуы.

5.Электрондық оқулықтар мен электрондық оқу әдістемелік кешендерінің саны да күн өткен сайын көбейіп келеді. Бірақ оларды қажетті кезінде қолдану мүмкіндігі мектептегі барлық мұғалім мен оқушыларға жетімді емес. Әрі барлық оқулықтардың және кешендерінің электрондық болуы тиімді деп ойламаймын. Себебі, біздер калькуляторды пайдалану арқылы балаларымызды мисыздандырып алдық, ал, енді электрондық оқулықтарды қолдану арқылы роботқа айналдыру қаупі төнері сөзсіз. Қолына алып отырып парақтап қарап, қажет кезінде қайта қарап, оны қолына ұстап сезініп отыратын кітапты, басқаға ауыстыруымыз, аса ұтымды бола қоймайды. Интерактивтік тақта мен кітапханасы арқылы жұмыс жүргізуге де аса сақтықпен қарағанымыз артық болмас, үнемі бірнеше сағат бойына интерактивтік тақтамен жұмыс жүргізу адам денсаулығына да әсері бар.

Қазіргі таңда барлық сыныптарға арналған оқулықтар мен оқу- әдістемелік кешендерінің негізі қаланып келеді. Әрбір авторлар оқулықтарды ғана ұсынып қоймай оның толық құрылымын ұсынуды мақсат етіп қойып отырғандықтарына көз жеткіздім. Және де негізгі кемшіліктерді жоғарыда атап көрсеттім. Болашақта мына мәселелер ескерілуі керек, деп есептеймін:

1. Жалпы білім беретін орта мектептің әр түрлі деңгейде оқытылатын сыныптардың оқу бағдарламасының тұрақты жүйелі, жан-жақты қамтылған түрде жолға қойылуы;

2. Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру мекемелерінде ғылым негіздерін оқыту ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқаулық хатта арнайы бағдарлама негізінде жазылған оқулықтар мен оқу - әдістемелік құралдар кешенінің бірнеше авторлармен ұсынылып, таңдауға мүмкіндіктің берілуі ;

3. Оқулықтар мен оқу әдістемелік кешендерінің толық жетімділігі, өз уақытысында оқыту үрдісіне ұсынылуы;

4. Оқулықтар мен оқу- әдістемелік кешендерге қойылатан талаптың бір ізділікке негізделуінің ескерілуі, яғни авторлардың оқулық жазуға қойыла тын талаптарды толық ескеруін талап ету;

5. Оқулық тілінің оқушыға түсініктілігіне назар аударылуы;

6. Оқулықтың безендірілуі мен қағазына, толық құрылымының әлемдік талапқа сай келуіне назар аудару;

7. Математикалық кешенді бағдарламаның оқушыға толық жетімділігі үшін – сағат саны, сыныптағы оқушы саны және топқа бөлініп оқытылудың жолға қойылуы;

8. Оқулық пен оқу әдістемелік кешендерін жазуда қазақстандық авторлардың ғалым мен тәжірибелі мұғалімдердің одағын құруды кенейте түсу, оларға қолайлы еңбек етуге жағдай жасау.

РАЗВИТИЕ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ МЫСЛИ КАЗАХСТАНА В НАЧАЛЕ XX ВЕКА

Р.К. ТОГАЙБАЕВ

студент, Павлодарский государственный университет им. С. Торайгырова

С.Н. МАМЫТОВА

д.и.н., Павлодарский государственный университет им. С. Торайгырова

В настоящее время у нас в стране предпринимаются попытки найти пути экономического обновления, предпринимая различные методы изучения, в том числе и исторические. Актуальным моментом является преемственность и передача историко-экономического опыта. 20 лет независимости Казахстана показал экономические достижения и сравнительно-исторический анализ экономической мысли до и после независимости суверенного государства.

Основоположники марксизма-ленинизма придавали огромное значение критическому освоению идейного наследия прошлого, вели решительную борьбу против всяких искажений любой истории вообще.

Размежевание различных течений общественно-экономической мысли Казахстана во второй половине XIX века в значительной мере определялось оценкой этого присоединения. Влияние идей русских революционных демократов, связь с освободительным движением России, дали возможность казахским просветителям-демократом Ч. Валиханову, И. Алтынсарину, Абаю Кунанбаеву правильно сформулировать основные задачи, ставшие перед казахским обществом.

Идей казахских экономистов, просветителей, демократов нашли дальнейшие развитие в трудах продолжателей их дела в новых условиях – крестьянских демократов.

Переход к империализму, а так же прогрессированием аграрных вопросов вследствие дальнейшего развития товарно-денежных и капиталистических отношений в казахском обществе, превращение данный регион в активный район колонизации перед аулом встали новые проблемы.

В зависимости от подхода к решению этих проблем в начале XX века возникли новые течения общественно-экономической мысли. Отдельные представители крестьянско-демократического

течения, выражавшие революционно-демократические настроения трудящихся, не ограничились критикой патриархально-феодальных отношений, они звали к активной борьбе за переустройства общества. К их числу относится С. М. Торайгыров, который понял, что в основе эксплуатации человеком лежит частная собственность на средства производства, что общество раздвигает антагонизм классов, и открыто стал на защиту интересов трудового крестьянства.

Кроме казахских экономистов – ученых, большой интерес привлек русских экономистов в данном периоде экономике Казахстана. Среди них было немало людей с прогрессивным взглядом, сочувственно относившихся к нуждам трудящихся и нередко отстаивавших интересы оппозиции.

Совместное экономическое освоение края привело к взаимному переплетению интересов трудовых слоев казахского и русского крестьянства, породило общие проблемы, решение которых, в свою очередь, зависимо от демократического решения аграрного вопроса в Центральной России. Это оправдывает, на наш взгляд, выделение главы об экономических воззрениях русских прогрессивных исследователей Казахстана, концепции которых затрагивали и интересы широких трудящихся масс. Их труды содержали богатый статистико-экономический материал и элементы научного анализа закономерностей экономики кочевого аула.

Представители крестьянско-демократического направления экономической мысли в Казахстане группировались вокруг журнала «Айкап», выходившего в 1911 — 1915 годах.

Издателем и редактором журнала «Айкап» был Мухамеджан Сералин (1871—1929)—прогрессивный журналист, демократ. Он находился в близких отношениях с революционно-настроенными деятелями России, в том числе с большевиками. После Октябрьской революции М. Сералин стал видным партийно-советским работником. Коллектив авторов журнала был весьма разнородным. В нем сотрудничали Ж- Сейдалин и Б. Каратаев, деятели буржуазно-демократического направления, С.М. Торайгыров, С. Сейфуллин, Б. Майлин, С. Донентаев, выразители интересов народных масс.

На страницах журнала в основном освещались вопросы о земле, оседании, просвещении народа, распространении знаний и их прогрессивном влиянии на казахское общество, прежде всего на развитие производства, резко критиковались патриархально-феодальные отношения. Журнал выступал: поборником нового, передового, пропагандировал развитие новых форм производства и товарно-денежных

отношений. Он защищал интересы трудового крестьянства, показывал их эксплуатацию баями-феодалами, неодобрительно отзывался о колониальной политике царизма. М. Сералин писал: «Цель издателя — не личная выгода, а служение народу».

Одной из заслуг журнала было то, что он всегда расценивал присоединение Казахстана к России как положительное явление, он сумел отличить колониальную политику царизма от благотворного влияния русской культуры, более развитой хозяйственной практики. Журнал постоянно подчеркивал, что только после присоединения к России в Казахстане прекратилась междоусобная борьба, стали распространяться передовые формы хозяйства, развиваться товарно-денежные отношения; произошло взаимообогащение культур двух сопредельных народов.

По вопросу проблем экономического и социального становления имеются различные точки зрения как дореволюционных, так и современных исследователей.

Если рассматривать их в хронологическом порядке, то впервые о наличии двух течений общественной мысли в Казахстане, в частности двух подходов к решению аграрного вопроса, высказались русские исследователи. Один из них Т. Седельников отмечает: «Во взаимной борьбе кочевников и оседлых сталкиваются два разных мира, две эпохи, два мирозерцания. И она будет продолжаться до тех пор, пока побежденные кочевники не откажутся от своей отсталой, пережиточной формы хозяйства и не станут жить, как оседлые, как русские, как все».

О двух течениях общественной мысли в казахской степи писали Г. Чиркин, В. А. Тресвятский и Л. Чермак, но уже более определенно, как о взаимодействующих идеологиях, с одной стороны, богачей, баев-феодалов, выступавших за сохранение старых феодальных порядков, и с другой — трудовых масс крестьянства, выступавших за уравнилельное землепользование.

Формирование двух течений общественной мысли отмечал и лидер казахских буржуазных националистов А. Букейханов, но он извратил их содержание и сущность.

К. Бейсембиев определяет течение, созданное вокруг журнала «Айкап», как буржуазно-прогрессивное, отражавшее объективно настроение молодой нарождающейся национальной буржуазии. Другой исследователь А. Бочагов называл это течение движением «мелкой национальной буржуазии».

С. Брайнин и Ш. Шафиро считали, что казахские буржуазные националисты выражали интересы «байства как класса с типичными для него феодальными чертами».

По оценке К. Б. Бейсембиева, данное «идейно-политическое течение является выражением настроения тех феодально-байских кругов, которые, не желая порвать со старыми патриархально-феодальными традициями и порядками, в силу объективного положения вещей были вынуждены приспособлять свое хозяйство к требованиям развивающейся капиталистической экономики». Все последующие исследователи (Б. Сулейменов, С. Бейсембаев, П. Пахмурный, Х. Айдарова и др.) это течение рассматривали как консервативно-буржуазное, реакционное, отстаивавшее интересы баев-феодалов. Эта реакционность с особой силой проявилась во время национально-освободительного восстания 1916 года, Февральской революции 1917 года и, в особенности, после Великой Октябрьской социалистической революции.

Анализ основных направлений экономической мысли в Казахстане показывает ее классовый характер, острейшую борьбу между течениями, отражавшими интересы антагонистических классов. Это разоблачает домыслы казахских буржуазных националистов и современных «советологов» об отсутствии классов и классовой борьбы в дореволюционном Казахстане.

Переходя к выводу, что нельзя успешно изучать проблемы дореволюционного Казахстана, в частности его аграрных отношений, без ознакомления с историей экономической мысли. Это подтверждает актуальность исследуемой темы. К тому же знание экономических воззрений прогрессивных исследователей прошлого помогает лучше понять настоящее, по достоинству оценить те громадные изменения, которые произошли в республике в области экономического и культурного развития за годы Советской власти.

ЛИТЕРАТУРА

1. Кабдиев Д. Развитие экономической мысли Казахстана (конец XIX – начало XX). Алматы, 1978.
2. Бейсембиев К. Прогрессивно-демократическая и марксистская мысль в Казахстане начала XX века. Алматы, 1964.
3. Кабдиев Д. Социально-экономические воззрения казахских просветителей. Алматы, 1966.
4. Бейсембиев К. Очерки истории общественно-политической и философской мысли Казахстана. Алматы, 1976.
5. Седелников Т. Борьба за землю в Киргизской степи. Алматы, 1991.

ОСЫ ЖҰРТ ИСАБЕК ИШАНДЫ (ҒАЙСАБЕК) БІЛЕ МЕ ЕКЕН?

А.Қ. ТҰРЫШЕВ

ф.ғ.д., ЖОО-ның профессоры, Мәшһүртану ғылыми-практикалық орталығының бастығы С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

*Атасы Мұратқожа әулие откен,
Бұтақтай бірден-бірге келіп жеткен.
Арғы тегін сұрасаң – Назар ишан,
Тазарып шыққан гауһар асыл тектен.
Мәшһүр-Жүсіп
Ғайсабек кім?*

Күні кеше Сарыарқада қасиетті, шарапатты болып өткен **Исабек (Ғайсабек)** ишан дауам айтып отырады екен: «Байлық мұрат емес, жоқтық ұят емес»-деп. Құлақ естігенді көз бір көрмек. 1928-інші жыл, ұлу жылы байлықтың мұрат еместігін көзінен көріп нанды [1, 7]. 1928 жылы байлардың малын тәркілеп, өздерін итжеккенге айдады. Мәшһүр-Жүсіп Исабек ишанның сөзіне дәлел ретінде өзінің көзімен көрген оқиғасын айтып отырғаны анық. Мәшһүр-Жүсіп Исабек ишанды Ғайсабек ишан-деп атап жазған. Жалпы, Иса мен Ғайса бір пайғамбардың есімдері. Оған сәл кейінірек тоқталамыз.

Баянауланың баурында Шаншар деген жерде **Ғайсабек ишан Мұратқожа** (Мұрат ишан-А.Қ.) баласы орнап, дін көтерген-Сарықұсан баласы Қыстаубай абыз. Бұл Ғайсабек ишанға қызын нәзір қылып берген. Ишанның қырық бес жасында туған Қырықбес мағзұм (Нұрмағамбеттен кейінгі ұлы) Қыстаубай абыздың жиені-Малкозы: Басыбектің Сұлтанбегі. Оның үстіне ол кісі һәм қызын нәзір қылып берген. Оны және алған. Оның үстіне Күлік ішінде Күлқожа қызын нәзір қылып берген. Және басқа қыз берушілер болған. Бұл Ғайсабек ишанға-Бауыр Қанжығалы, Ереймен, Ақкөл Жайлыма, Сілеті бойы-Омбыдан бергі жер түгелімен мұрид, міхліз болып, бала болған. Әсіресе Қарабұжыр, Тентек аса ықылас қойған ел.

Бірі-халфе, бірі ишан болып тұрғанда, Жолбарыс диуана, Шалбай диуана-екі диуана Ғайсабек ишанға қонақ болып отырғанда, Ғайсабек ишан сұрапты:

-Диуанам, Қоңырбай қалай, мен қалаймын-мейман күтуге?-деп.

Сонда диуаналар айтыпты:

-Халфекемдікі-төпелеме, сіздікі-сипалама,-деп.

-Рас, рас!-деп, ишан қарқ-қарқ күліпті.

Бұлардың үстіне Қиғаш қожабаласы **Иосіп** (Жүсіп) ишан, Ташкентлік Әбілқасым ишаннан хатаршат алып шығып, Тайкелтір:

Байтоқтың қызын алып, Желтау деген жерде сілөк жолын жүр кезіп мұрит башлады. О да өз әлінше дүрілдеп, «**Иүсіп** ишан» атанып, көп жұртқа мейманхана болды. Мұның үстіне Атығай аулында Файзолла ишан Түркістандық шыныхалсіләм тобынан жария зікір башалап, бірталай жұртты бұқаша күжілдетті. һуадалла халфе Қаракесекте мұрит башлап, жұрт дінге бүртүрлі артық ықыластылығы болып көтерілді. Бәрі Мұса, Секербай заманы еді.

Баянаула қаласында Қамардин ахонды орналастырып, Мұса мырза қырық тоғыз жасында өзі Мұхтасар, луқая илан тәпсір тәбианнан сабақ алып, Мұса бас болып оқыған соң, Сүйіндіктің жасы-куы, жастары мұрыны тесілген тайлақтай елпідеп, кәрілерінің үкінін жүніндей желпідетіп, бір-бір кітап қолдарында теп-тегіс Құдайдың бұйырған жолдарында болып, осынша дуағәйлерінің Арқаға келуіне себеп-Мұса, Секербайдың даңқы болып, Мұса Секербай төбесіне көтерумен халық жұрт шынымен құлап көтеріп алып кеткендіктен, сондай бір жақсы (иахшы) заман болды. Бұл-Мұса, Секербай заманындағы ерлердің қылығы істері (іслері).

Айдабол-Қарақозы-Айтуған-Құрамыстан шыққан Құрманбай абыз-Сасық-қуырдақ-Байқонақтың баласы. Байқонақ, Тәменке тізе қосып, ұрлық қылумен жұрт аузына ілінген қып-қызыл ұры. Сонан туған Құрманбай абыз ата малынан безіп, өз руынан туған ағайыннан қашып, Айдабол-Сары ішінде Қосанбаласы-Қыстаубай абыздың қасына барған. Сонда Қыстаубай абыз-үш жүз қойы бар екен, ақыреттік дос болып, жүз елуін берген. Жүз елу жылқысы бар екен, елуін Құрманбайға берген. Сонан соң Мұса мырза жұрт үстіне: «Қажыға барыңыз!»-деп, Құрманбай абызға мың теңге жиып берген. Қызылжарда ұстазы һәм пірі болған Сейфолла хазірет: -Бұл пұлмен қажы бару жарамайды!-деген соң, сол мың теңгені өзі дәнемеге жұмсамай, Мұса мырзаның өзіне қайта әкеліп берген. Сонан соң Мұса мырза:

-Өзіңнен болмаса да, балаларыңызға мұра болсын!-деп, бір Қаржасқа беріп, «Тайжеген»-деген қыстауды алып берген. –Айдабол ішінде болмай, өзіме іргелес, қоныстас жерде болсын!-деп.

Ақкеліннің оңтүстігінде көрініп тұрады. Өз заманында бір Құдайдан басқаға мойыны бұрылмай кеткеннің бірі болған кісі-осы Құрманбай абыз еді. [Ол] кісі он үшітен асырып қ[ой]ды қолына ұстамай кетті. Неше қыз болса, он үшінде ұзатуменен [болды]. Жазды, күзді, қыстауда жалғыз қалып, ел-жұртқа үйір-шүйір болмастан кеткен бір жан осы кісі еді. Өз көргенімізде, Мұса, Секербай заманында торышолақ ат пен Тұяқ деген жолдаспен қырық бр (бір-А.Қ.) жасында Ошақты-Қоңырбай халфе Арқаға келген Бұхарай-шәріпте халфе Хасенбаласы Ғабдастар

Мағзүммәнен бес жыл қызметінде тұрып қайыр-патихасын алып шыққан мүмин ахон Сағындық ахоннан тағылым алған. Осыны жазып отырған Мәшһүрден бір мүшел бұрын келген кісі екен...

Бұхарай шәріпте болған пірі Ғабдастар мағзүмға жүз қошқар, алпыс кесек ақ кигіз апарған, Бәрі-қазақтың малы, қайран елдің байлығы. Қаракесек-Баймұрын мырза өлгенде, баласы Ақай підиесіне жетпіс «тоғыз» байлаған. Тоғыздың басы ат пен түйе-деп жазады [2, 265-267].

Мәшһүр-Жүсіп: «Баян өңірінде діннің таралу тарихы»-деген жазбасында өзінің аты «Адам Иүсіп» екендігін, Токпанбаласы Самайдын, Байжанның қажыға барғанын, Самайдын нөмересі-Әбділдә хазірет илан Мәшһүр **Иосиф**-деп қойыпты. Қажылыққа алғаш барған уақ Нүркен бай. Ол тоқалымен төрт жыл жүріп бесінші жылы елге аман-есен оралған. Ал Самай сопы руы күлік, Баянаулада дуан болып ашылғанда указ болған хазірет Байжан екеуі қажыға барғанда хабарсыз кеткен. Олар қажылыққа қой жылы 1858 жылы барған. Осы сөзді жазып отырған Мәшһүр-Жүсіп (**Иусиф**) дәл сол жылы туған бала деген екен. Бұдан кейін Құнанбайлармен бірге барған Байзолда (Файзолда) «Исабек ишан» жоқтауында есімдері аталады. Құлболды мен Қаржастың Мұса мен Секербай заманында жұрт көзіне қалай түскенін айтады. Бұхарай шәріптен келген Қоңырбай деген халфенің мұрит болып, Қаракесек пен Сүйіндіктің дінге берілгенін, үш ата Қозған Шыңқожабаласы Шақпақты жалдап, өз үйі, қонақ үйінен басқа намаз оқу үшін-ұзыны жетпіс кез үй және ол үйді жылыту үшін күйген кірпіштен жеті пеш салдырғанын сөз қылған. Баянаула баурында Шаншан деген жерде Ғайсабек (Исабек) Мұратқожаның баласы дінді уағыздап, Қыстаубай абыз қызын Ғайсабек ишанға нәзір қылып бергенін, Ғайсабек ишанға Қанжығалы, Ереймен, Ақкөл, Жайылма, Сілеті бойы, Омбыдан бергі жер түгелімен мұрид, міхліз болып, бала бергенін жазады.

Исабек ишан қалай **Ғайсабек** аталған. **Ғайса** – (Ғиса, Айса, Иса, Иисус Христос) – Мұхаммед (с.а.с.) пайғамбарға дейін дүниеге келген пайғамбар. Қазақ пен орыс – еуропаға ортақ бейне ол – Ғайса (Иса) пайғамбар бейнесі мен оның анасы **Мариям**. Құранда да **Мариям** бейнесі біршама ашылған. Мариям ана мен Иса пайғамбар Құранда (Ғиса): «*Олар шүбаланған Мәрия ұлы Ғиса (ғ.с.) жайындағы Алланың хақ сөзі*» (Құран көрім, -Б. 307) бастау алып, орта ғасыр әдебиетінде жалғасады: **Ғиса пайғамбар мұсафирлік қыла, Гезәр ерді шам еліңдін бір ела; Мариям ұлы қайран қалып, Сол кез екі к өзін көкке тігіп ;** (ЕДӘ, Құсам Кәтиб, -Б. 245, 256). **Иаков родил Иосифа, мұжа Марии, от которой Иисус, назваемый Христос** (Библия, Глав 1. Новый завет.). Иисус, Юсуф, Жусуп, Жүсіп, Түсіп, Иосиф, Иусіф т.б. –Иисус Христостың бір мағыналы атаулары. Оған таң қалатын ештеңе де

жок. Мұхаммед пайғамбарды –Мақымет, Мағамет, Мақамбет, Мәмет, Мәмбет, Махмет, Мухамет, Могомет т.б атау үрдіс алды. Араб тілінен енген формасы Мухаммад. Мұхаммед пайғамбардың есімін жас балаға бергенде не алдынан, не соңынан сирек болса да жана қосымша жалғанады. Мысалы: Сермұхаммед, Бекмұхаммед, Айтмұхаммед, Измұхаммед, Мұхаммедшәһәри, Мұхаммедәмең, Мұхаммедфазыл, т.б. Сондықтан да Исабек (Файсабек) сөздерінің алғашқы түбір тұлғасы **Иса** мен **Файса**, Иисус Христос пайғамбардың есімі де, **бек** түркінің төл сөзі болып табылатын, біріккен сөздің екінші құрамы.

Мәшһүр-Жүсіп Көпеев те өзінің діни дастандарында **Файса** (Иисус Христос) **Иса** (Файса) (ғ.с.) пайғамбардың есімін жырға қосқан. Мысалы: «Шайтанның саудасы» - деген мысал өлеңінде: Лағын он қашыр, бес есекке жүк артып кетіп бара жатады жолда Файса пайғамбар кездесіп: - Сен тура жолдан тайдың, жұрт базарда тері-терсек сатады, ал сен қайда барасың дейді. - Лағын бес есекке: 1-жалған, 2-мекер-хайла, 3-күншілдік, 4-зорлық, -5-төкапарлық тиеп алғанын айтады. – **Файса** енді он қашырға не тиеп алдың дейді. - Шайтан лағын артқаным бәріне де **тамиг*** (дәме ету, тілемсектік) екенін жеткізеді. 1-қашырдағыны тілемсектер лезде талап алады да, қалған 9 қашырға артқан жүгін: елді жеген қожа, молда, ишан, қажылардар қарық олжаға батамыз деп сатып алады. Олар шайтанна көтерме алған жүкті елге қайыра сатамыз деп «шайтан» болып қуанады.

Мәшһүр-Жүсіп:

Сөз салып жаза бердім жоктан-бардан,
Далаға от жандырдым қалап қардан.
Бір нақыл, жұртқа таңсық жәдігер сөз,
Қазіреті **Файса** рухолла пайғамбардан...

немесе,

Көк қошқар Смағұл құрбан бердің,
Жүністі үш зұлматтан халас қылдың.
Жүсіпке құдық түбін бостан қылып,
Файсаға «**Інжіл**» атты кітап бердің ...
«Опасыз әйел» өлеңінде:
Жұрт аузында әңгіме сөз болыпты,
Бір қуарған шүберек бөз болыпты.
Бұл моланың басына Құдай айдап,
Тақсыр **Файса** пайғамбар кез болыпты.

Басқа жырларында да Иса (ғ.с.)-ның есімі Файса түрінде ұшырасады [109]. Файса пайғамбар туралы ф.ғ.д., профессор Қ.Мәшһүр-Жүсіп атап өтті: «Шайтанның саудасы» өлеңінің фабуласына келсек, базарға келе жатқан лағынға (шайтанға) кез болған Файса пайғамбар

оның не әкеле жатқанын сұрайды» - деп негізгі идеясын жазып өтеді (Дін және Мәшһүр-Жүсіп // «Егеменді Қазақстан» газеті., №16-17 (25863) 20 қаңтар, 2010 жыл). Мына мәліметте Павлодар облысында кеңес дәуірі кезеңінде де Файса (Иса) пайғамбардың діни ағымын кейбір мұсылмандардың қолдағаны байқалады.

Павлодар қаласы, 1977 жылғы 23 қаңтардағы КСРО МК жанындағы діндер істері жөніндегі кеңесінің Павлодар облысы бойынша уәкілі Н.Айтбаевтың КСРО МК жанындағы діндер істері жөніндегі кеңесінің мүшесі А.Нұроллаевқа және КСРО МК жанындағы діндер істері жөніндегі кеңестің ҚАЗКСР бойынша уәкілі К.Бегімовке облыста құрбан айттың отуы туралы ақпаратында: Статистикалық есепте 3 киелі орын бар екені көрсетілгенімен, қазір онда ешкім бармайды. Бұрын онда **Файса** [сияқты] дәруіштер тұрғанда баратын, бірақ олар қайтыс болғаннан кейін, онда бару тоқтатылды. Баянауыл ауданындағы М.Көпеевтің бейіміне қажылыққа барып жүрді, қазір онда ешкім бармайды, өйткені бейітті жасауып, топырақпен көміп тастағаннан кейін, діндарлар мен дінге сенбейтіндердің ынтасы жоғалды: олар енді Көпеевтің бұзылмайтын денесін көре алмайды деп жазды Кеңес уәкілі Н. Айтбаев («Ертістің Павлодар өңіріндегі исламның тарихынан» 1919-1999 Құжаттар жинағы. Павлодар, 2001 жыл -Б. 344). Бұл – тарихи деректе Мәшһүр-Жүсіптің 21 жыл бұзылмай сақталып келе жатқан денесін жерге көмдіріп тастаған туралы мәліметті растап қана қоймайды, Файса идеясын қолдаған дәуіріштер туралы да сөз болады.

Шәкәрім:

Файсадай жан беретін таңның желі,
Қайғымды желге ұшырып, тірілт мені!
Ақылым, көрілікке жабырқама
Талпынып тағы да ақтар дүниені

- дейді (162-бет).

немесе,

Таңда шолпан ән салып,
Сөзіме қобыз күйлесе.
Көкте **Файса** қозғалып,
Әніммен қоса билесе... (Шәкәрім, 407 бет).

Кейінен қазақ әдебиетінде С.Торайғыровтың өлеңіне де арқау болған осы – **Файса**. С. Торайғыров шығармаларындағы «Файса» кім?. Ақынның «Файса кім?» өлеңі 1919 жылы жазылды. Ақтар жеңіліп, қызылдар үстемдік құрған уақыт. Ол бар жоғы 16-ақ жаста. Сондықтан да қызылдардың (орыстардың) Файсасын өлеңіне қосуы да мүмкін. Орыстардың өзі шіркеулерді өртеп, икондарын отқа жағып жатқан

еді. Осы мәселе төңірегінде келгенде ақынды басқаларынан бөліп алып қарастыруымыздың себебі анықталады. С.Торайғыров бөлкім «Библияныда» оқып, танысуы мүмкін. Шығармасында «Ғайса» орыс әдебиетіндегі пайғамбарлардан (пророк) кейінгі жаңа ілім әкелген Құдай (господь наш) Иисус Христос. Иисус Иудейдегі Вифлеемеда дүниеге келген. Авраамның ұлы - Давидтың ұлы (Дәуіт). Авраамнан Давидқа дейін он төрт ата. Қысқаша: Соломон (Сүлеймен) – Иаков-Иосиф (Мәшһүр-Жүсіп өзін кейде Иосиф деп жазыпты-Ә.А.) –Иисус (Христос деп аталды). «Библияда» Иисус Христосқа періштелер (ангел) келіп тұрады, ол мен шіркеу саламын деп шіркеу салады, мен сияқты шоқынындар дейді, таза жүруді үйретеді, адамның жаны мен төні ең бастысы рухани тазалығы керек екендігін айтады. Оны «Аспан патшасы» (Царствие Небесное), «Оқытушы» (Учитель), «Құдайдың ұлы» (Сын Божий немесе Царствие Божие, Царствие Отца) т.б. Иисусты шешіндіріп креске керіп, бетіне түкіріп, троспен басынан ұрады. Иисус керілулі тұрып «О Құдайым, О Құдайым» дей береді. Табыттағы Иисусты күзетіп жүреді. Содан Періште келіп, Иисус жоқ, ол ұшып кетті, ол өліктен шоқынып кетті дейді. Иисус: *«Уча их соблюдать все, что Я повелел вам; и се, Я с вами во все дни до скончания века. Аминь»* - деп сөзін аяқтайды (Новый Завет деген Бөлім) [51, 1-37]. Мінекей, христиандарды шоқындырып, дінге енгізіп, жаңа бір ілімнің негізін қалаған Иисустың бейнесі осындай. Кейбір оқу үйретулері, өмірбаяны Мұхаммет пайғамбардың күресіне, іліміне ұқсайды. Мұны тәпшіштеп жазып жатқанымыз С. Торайғыровтың «Ғайса кім?» - дегеніне жауап беру еді.

С. Торайғыровтың өзі:

*Әркімдер-ақ сұрап жүр, **Ғайса кім?**-деп,
Кейбіреулер, пайғамбар **Ғайса** демек
Ашылмайтын бұл әлі құпия сыр
Сондықтан, түсіндірме бергенім жоқ.
Егер де бүгін айтсам, **Ғайса** сол деп
Найза ұшында өлтірер мені түйреп*

- дейді ақын [54, Т-1. -Б. 151].

«Найза ұшында өлтірер мені түйреп» - деп Иисустың креске таңылғанын біліп айтып отыр. (Күншілдік, найза түйрелген – Шәкәрім, 159 бет.) Екіншіден – «Ғайсаның туы айтады, бері жүр, деп» дегенде Ғайсаның көрген қиыншылығын, әділдігін айтып отыр. Тура мағынасында Ғайсаны жырлап отыр ақын. С.Торайғыровтың «Мұхаммед» пайғамбарды да атағысы бар, бірақ та «Ғайсаны» айту оған тиімдірек себебі орыстардың қылышынан қан тамып тұрған шағы. «Ғайса» десе тимеуі мүмкін, ал сол уақытта «Мұхаммед» десе, онда С. Торайғыровты өзі айтқандай:

найза ұшында өлтірер мені түйреп. «Ғайса» Сұлтанмахмұт үшін ол – «Мұхаммед» пайғамбар. Сондықтан да «Ғайса» Ленин, Маркс, Социализм деп бұра тартудың еш қисыны жоқ. «Ғайса кім?» деген сұраққа ф.ғ.д., А. Еспенбетов те жауап іздеген: *«Алдымен аңғарылатын шындық С. Торайғыровтың Ғайсасы да евангелиялық, библиялық Ғайса емес, құрандағы Ғайса да емес («Кейбіреулер, пайғамбар Ғайса демек»). 1910-1914 жылдары жазған шұрайлы, көркем туындыларында дін иелерін масқара етіп, әшкерелеген ақынды 1919 жылы, есейген, кемелденген шағында дінге мойынсұнып, пайғамбарды жасырына қосты деу көпекорнеу қиянат болар еді»* - дейді [56, -Б. 115]. «Інжіл» Иса (ғ.с...) түскен. Орыс ақындары Есенин, Блок т.б. өлеңдеріндегі Иисус Христос бейнесі. Гоголь Ғайса пайғамбарымызды үйімізге кіргізіп алудың орынына, біз оны далаға..., ауруханаларға қуып жібердік деп қапаланған екен. Бірақ, кейінен Гогольдің өзі де «Өлі жандардың» екінші кітабын өртеп, тұңғыш рет нағыз Құдай жолынан адасып қалды. Мінекей, осы Гогольдің сүйікті бейнесі Ғайса да Сұлтанмахмұт өлеңінен орын алған. Белгілі бір кезеңде Сұлтанмахмұт та Гоголь сияқты көңіл күйі өзгеріп, өзгеше күй кешуі мүмкін ғой. А. Еспенбетовтың мына сөзі: *«Ғайсаны әділдіктің символы етіп алған»* [56, -Б. 116] - дегені көкейге қонады. Олар да Есенин мен Блоктың «Ғайсасын» төңкерістің «әділдігі» символы қылып суреттеген. Жалпы, шыны керек Сұлтанмахмұт өлеңіндегі «Ғайса» романтикалық бейне болып табылады. Ал біздің ойымызша, Иса (Ғайса) кейбір қазақ зиялыларының шығармаларына арқау болған сияқты.

Мысалы:

*Ұстара **Ғайса** тілі, әділ тілмек,
Асауды жуасытар тірі жүндеп,
Қиянатшыл замандар өтсе дағы
Ғайса жолы мәңгілік өмір сүрмек* [54, Т-1. –Б. 151].

С. Торайғыров «Дауылдағы әбігер» - деген өлеңінде де «Ғайсаны» жоғарыдағы үзіндімен:

*Ғайсаның қисынының бәрі келер,
Бар адам келешекте соған ерер.
Ғайса туы астында мәңгі жасап,
Шарулар, мәдениетті ел гүлденер* [55, Т-1. –Б. 149].

- деген сияқты мазмұны ұқсас келеді.

«Адасқан өмір» поэмасында:

***Ғайсаны** адам аузы қарғай алмас,
Өзі өлсе де ауыздан аты қалмас.
Негұрлым ай мен күндер өткен сайын
Ғайса тірі, алғыс жоқ оған бармас.*

*Қолыма сол Ғайсаның туын алсам,
«Әділдік!» Жықындық! Деп айғай салсам.
Атым тірі қалмай ма өлгенмен де,
Ісім сөнбес, мен сөніп, көрге барсам* [55, Т-2. –Б. 21].

Ақынның осы - өлең шумақтарынан-ақ Ғайса пайғамбардың әділдігін, ақтығын, суреттеу арқылы орыс-еуропа ғылымы мен өнеріне қазақтарды икемдеу, шақыру мәні мен мазмұны жоқ емес. Жалпы, Ғайса – орыс-еуропа өнері мен ғылымының символы болып табылады. Сондықтан да Гоголь «Өлі емес, тірі жан болындар. Мына әлемде Ғайса Пайғамбар көрсеткен есіктен басқа есік жоқ» - деген еді. Жоғарыдағы А. Еспенбетовтың ислам дініне орайлас ой-тұжырымдар басқа да әдебиеттерде де орын алды. Оларды бас-басынан пікір келтірмей-ақ тізіп шығамыз. Қараңыз: [57, -Б. 142-145]; [58, -Б. 352.]; [59, -Б. 127-130]; [60, -Б. 280] бұл кітапта: Б.Кенжебаев «Ғайса кім?» деген өлеңінен мысал келтіреді де ары барып талдамайды; [61, - 141] мұнда: ақын туралы бір-екі ауыз сөз ғана айтылады [62, -Б. 102-103] мұнда: Романтизм сарыны, реакциялық романтизм, пессимистік сарындағы романтизм т.б. айтылады.

Бәрі де Ишекемнен бір аспады!

Әлқисса, бәрін басынан бастайық. Ақын Мәшһүр-Жүсіп кім көрінгенге жоқтау шығара бермеген. Не ұстаздарына, не адал қол ұшын берген адамдарға ғана арнаған. Соның бірі – «Исабек ишанға» арналған жоқтау. Мәшһүр-Жүсіп Исабек ишанның үрім – бұтағын өте жақсы білген. Мысалы:

*Өзі-ишан жұрт бастаған, заты-қожса,
Сейітзада нәсілі сондай таза.
Әр түрлі қасиеті еске түсіп,
Қайғымен қапаланып болдым наза*

- дейді. Әлемде ислам діні Пайғамбарымыз Мұхаммед с.ғ.с-ның Меккеден Мәдинәға һижрат еткен жылынан, яғни 16 шілде 622-ші жылдан басталса, 718-ші жылы қазақ жерінде (Смарқантта) тарай бастады. Ал 751 жылы «Әулие ата» өңіріндегі халық бүтіндей мұсылман болып еді делінеді бір ислам тарихи деректерінде.

Пайғамбарымыз Мұхаммед с.ғ.с-ның өз әкесінен бастаған төрт атасын айтатын болсақ, олар: Ғабдұллах, Ғабдүмүтәлліб, һашм, Ғабдүлмәнәф, Ғабдүлмүтәлліптен – хазірет Әли және Жағфар, Хазірет Әли 654-661 жылдар аралығында халифалық қылып еді делінеді. Хазірет Әлиден – Хасан және Мұхамедқанафия. Осы Мұхамедқанафиядан – қожалардың руы – имам Раббани болып, Саһид қожә әулетінен таралады. Мәшһүр-Жүсіп жазған **Сейітзада** осы – Саһид. Бұл – ат өзі құбылып, фонетикалық өзгерістерге ұшырап әр елде әртүрлі айтыла береді: Сайд,

Сейіт, Шариф, Шәріп, ағылшынша Шериф т.б. Осы әулеттен, яғни **Саһит қожә** әулетінен: Аққу ишан, Бағдат ишан, Назар ишан, одан Мұрат ишан, Мұрат ишаннан – Смайыл Смағұл (Исмағұл), Мұхаметнияз (Мұхамедияр), Исабек ишан тарайды. Мұхаметияр, Исмағұл

Исабек ишаннан – Нұрмағамбет (Нұрмұхаммед-Мәшһүр-Жүсіп осылай жазған-А.Қ.), Қырықбес мағзұм. Нұрмағамбеттен (Нұрмұхаммед) – Қожахмет қажы, Шұхмет қажы, Жақып, Әбсағит, Мұхаметқасым, Солтан (Мұхаметсолтан), Сағит, Әшім қожалар туады. Қожахметтен – Жандарбек, Айдарбек. Жандарбектен – Қанат, Сағидолла, Ахметолла. Айдарбектен – Ғаббар. Шұхметтен-Сәлім, одан Сопаш. Солтаннан-Раппық, Брабар, Әкпар туады. Мұхамедиярдан-Омар, Оспан. Омардан – Қабен (Қабдолла), Барлыбай. Барлыбайдан – Жақсылық, Мәден. Оспаннан-Әлғамбар, одан Қажыбек [16, 3-190], [17, 4-383].

Мәшһүр-Жүсіп ұстазы Исабек ишанды жер көкке сыйғызбай мақтайды да жоқтайды:

*«Өнер алды-қызыл тіл» - шешенім-ай!
Жылжыған жорғадайын көшелім-ай!
«Абылай аспас Сары бел» - Сүйіндікке
Пір болып үлгі шашқан көсемім-ай!*

Немесе, Шораның Баязит бастасындай, һайбатының Рүстем дастанындай, һайбатың (айбатың) бар-ды - әділ Омардайын, Шынышылың Әбубәкір Сыдықтай бар, Жомартлығың сахаба Садуақастай, Сөйлеген әрбір сөзің – ғылым, хикмет, Дос тұтқан ғылым білген ғалымларды, Табылмас дүррі найаб гауһарым-ай т.б. теңеулерді аямайды. Мәшһүр-Жүсіптің бұл жоқтауы ғана емес, «Мұса Шорманұлына» шығарған жоқтауында да: Бас қосылған жиында бұлбұлдай болып сайраған, Сөйлеген шақта көздері шамшырақтай жайнаған, Айдынды шалқар теңіздей ақылға дана, кең еді сияқты теңеулі эпитеттерге бай. Мәшһүр-Жүсіп ауыз әдебиетінен келе жатқан «Жоқтау» жанрының ілгерлетіп, жазба дәстүрін қалаған – ақын десек қателеспейміз.

Мәшһүр-Жүсіп одан әрірек дамыта отырып:

Исабек ишанның арғы атасы Сейітзада заты қожә екендігін, ол да кезінде Орта Азияда, Бұхарда ислам дінін таратуға көп үлес қосқан текті адам болған. Ақын Исабек ишанның арғы атасы **Сейітзада** – (Саһид) бейнесін былай суреттейді:

*Өзі-ишан жұрт бастаған, заты-қожса,
Сейітзада нәсілі сондай таза.
Әр түрлі қасиеті еске түсіп,
Қайғымен қапаланып болдым наза...*

Исабек ишан отыз бесінде еліне қызмет қылған, пірлік жасаған, жұртты бастаған. Ата-тегінен әулиелік үзілмеген, шарифаттың жолынан жаңылмаған. Ақын Исабек ишанның осы қасиетін:

*Жасынан-ақ халыққа пірлік қылған,
Хақылың болса, бас тартпай ерлік қылған.
Нәсілінен сайып келіп әулиелік,
Келгенде отыз беске пірлік қылған...*

-дейді.

Исабек ишанның шыққан тегі жоғарыда біршама жазылды. Сол шежіреде Назар ишан мен оның атасы Мұратқожа туралы да айтылды. Мәшһүр-Жүсіп ол аталарын жоқтауға қосып, жақсы жақтарынан атап өтеді, Исабек ишанның орнына ұлы Нұрмұхамметтің жалғыз қалғанын тіліне тиек қылады:

*Атасы Мұратқожа әулие өткен,
Бұтақтай бірден-бірге келіп жеткен.
Арғы тегін сұрасаң – Назар ишан,
Тазарып шыққан сауһар асыл тектен*

немесе,

*Жар досың көруші еді сізді жандай,
Сұқбатың бек ләззатты халуа балдай.
Орныңда – қалды жалғыз Нұрмұхаммед,
Болады заманың да әлдеқандай?*

Мәшһүр-Жүсіп Баянтаудың топырағы бұйырған Қоңырбай халфені, Жүсіп ишан, Әмір ишан мен Мағрұб, әулие Құлболды ишан, Файзолла мен Ходай ишанды, Сейітқожа мен қажы Бесмұхамметтерді бас-басына жақсылықтарына баға беріп жоқтауына қосады, Сейітқожадай қожа қайда? - деп, қатты налиды:

*Арқаға Қоңырбай халфе келген,
Қаниша жұрт оған құлап ықылас берген.
Бұйырып Баянтаудан топырағы,
Күнінде қаза жеткен о дағы өлген...*

десе,

*Онан соң Жүсіп ишан шыққан заттан,
Шұбар төс, шынжыр балақ зұрпаттан.
Біраз жыл Әмір, Мағрұб үлгі шашып,
Басынан бір төбенің о да жатқан...*

немесе,

*Әулие Құлболды ишан өткен бұрын,
Не затлар бұл Арқада қлыған орын.
Файзолла, Ходайда ишан қабат шығып,*

Алған соң кетіп қалды халықтың сыры...

сол сияқты,

*Дугайгой кемиді гой әрбір жайда,
Кешегі Сейітқожадай қожа қайда?
Ишан бар: өзі қажы Бесмұхаммед,
Демесең қара қазақ ел-Алтайда...*

Мәшһүр-Жүсіптің «Исабек ишан»-деген жоқтауы және «Исабек ишан»-деген өлеңі бар. Екеуінің арасында бөлендей айырмашылықтар жоқ. Жоқтауда Исабек ишанның мінезін, жомарттығын айта отырып, оның ғылымды жақсы көргені, дін мен ғылымды бөлмей екеуін бірге қарағаны жан-жақты ашылады. Исабек ишан өте жақсы емші болған, алдына аурулар келгенде, не аяқ, қолы сынғандар келгенде құлан таза емдеп шығаратын болған. Исабек ишан бес уақыт намазын, отыз күн оразасын, жылда құрбандық шалуды ешбір қате қылмаған. Мәшһүр-Жүсіп Исабек ишанның бати көзі ашылғанын, оның жай адам көрмейтін нәрсені көріп, болатын жайтты күні бұрын біліп отыратын әулиелігі барлығын тамаша етіп жазған. Исабек ишанның қасында ылғида Қырық шілтен ғайып ирен жүрген. Ақкөл-Жайылма өңірінде аз жыл тұрғанның өзіне елдің құрметіне бөленіп, дүйсенбі күні қой жылы 79 жасында дүниеден қайтқанда күллі жұрт қырық күн аза тұтқанын жоқтауға қосады. Исабек ишан Қыпшақ, Керей, Күрлеуіт еліне, Ақтілес, Сырым, Күшік-Бәсентиін, Найман жұртына, Апай мен Бөріге, Қанжығалы, Айдабол мен Қаржасқа т.б. үлгі шашқан деп суреттейді. Ол Әбубәкір, Ғұмар, Ғұсман, Ғалилардың ілімін насихаттап, қазақ еліне танытты.

Мәшһүр-Жүсіп:

*Жайылма, Ақкөл менен иесіз қалған,
Дуа қыл Ишекемді есіңе алған.
Ақкөлдiң әулиелі өз басында,
Тақсырдың ғимаратын жөнге салған*

-деп, ұрпақтары Исабек ишанның қалдырған сөзін, ғибратын ұрпақтан-ұрпаққа үзбей жеткізіп келе жатқаны өз алдына, келер ұрпақ Исабек ишанның атын ұлықтап, мұрасын жинап, хатқа түсіріп насихаттап, түбі ғажайып кесене салатынын көріпкелдікпен айта алғанына қайран қалмасқа, таң қалмасқа шараң да қалмайды екен.

Исабек ишан қай жылы туған?

Исабек ишан Мәшһүр-Жүсіп дерегіне жүгінсек:
*Сапары бұл дүниеден ақыретке,
Қой жылы, жетпіс тоғыз жасында еді...*

-деп, дүниеден өткен жылы «қой жылы», 79 жасында деп тайға

таңба басқандай қылып жазған. Ал жанбасы жерге тиген күні дүйсенбі: «*Жан-жақтан халық, ағайын, жұрт жиылып, Оқыды дүйсенбі күн жаназасын*»-дейді. Қой жылы 1871 жылға тура келеді. Жоқтауда осы жылы жазылған. 1871 жылдан Исабек ишанның қайтыс болған жасын 79-ды алып тастасақ, туған жылы 1792 жыл шыға келеді. Ақын 1871 жылы 13 жаста еді. 1871-ден 1858-ді ақынның туған жылын алып тастаса 13 жасы шығады. Мәшһүр-Жүсіптің есепке жүйріктігін оның шығармаларынан түрлі тарихи уақиғаны талдағанынан белгілі. Мысалы, «Мұса Шорманұлын» жоқтауы 1885 жылы жазылған Мұса (Моисей-А.Қ.). Мұса 1884 жылы, 26 желтоқсанда қайтады. 1885 жылы 1 қаңтарда жерленеді. Демек, Мәшһүр-Жүсіптің жаңылмағандығына бұл- бір нақты дерек. Екінші бұлтартпас дерек. Өте туған ұлы Мұхаммедәменді «Әменді жоқтауы» 1921 жылы жазылған. Әмен Ташкентте 1921 жылы 18 маусымда (июньде) 33 жасында дұшпандардың қолынан қаза болады. Әмен 1888 жылы туған. Қайтыс болғанда Мәшһүр-Жүсіп:

Қан түсті 63-те аяғыма,

Оқ тиді түзде жүрген саяғыма...

-дейтіні осы уақыт. Бұл да дұрыс есептелген. 1921 жылдан 63-ті алып тастасаңыз ақынның туған жылы 1858 жыл шығады. Олай болса, жоқтау жазылған уақыт пен Әмен қайтыс болған кез дәл келеді. Сондықтан да «Исабек ишанды» жоқтаған өлеңіндегі деректер ойдан алына салған жалаң деректер емес екен. **Исабек ишан 1792 жылы туып, 1871 жылы 79 жасында қайтыс болған.** Мәшһүр-Жүсіп өзінің ұстазы болған Исабек ишанды аса құрметтеп, сөз соңында былай дейді:

Бар құдай Ишекеме рақмет етсін!

Бақ, аруақ руына қайта бітсін!

«Аз сөз-алтын болғанда, көп сөз-күміс»,

Ақыры осыменен тамам етсін!

Мәшһүр-Жүсіп пір тұтқан Ақкөл-Жайылма өңіріне, Ертіс-Баян жеріне, Сарыарқа даласына атағы жайылған, есімі ел жадында мәңгілікке сақталған Исабек ишан туралы бір ауыз сөз осындай. Бірақ, ел ауызында Исабек ишанның әулиелігі, көріпкелдігі жайында аңыз бен ақиқат жеткілікті. Исабек ишанның артында қалған мол мұрасын жинап, ғылыми айналысқа түсіріп зерттеу болашақ ұрпақтың алдағы басты міндеті. Пайдаланылған әдебиеттер [18, 229-247], [19, 227-245], [20, 60-74], [21, 106, 111], [22, 289-294].

Бақ, аруақ руына қайта бітсін!

(Ұрпақ сабақтастығы)

Жандарбек атаға қыдыр дарып, бақ беріп, бабасының әулие қасиеті қонған еді. Оған біздер де куә болдық. Жандарбек қожа жөнінде мен 1992 жылы Қобланды деген досымнан естіген едім. – Бірде, совхоздың парткомы ел аралап, шығып түс ауа Жандарбек атаның үйіне келіп тоқтайды. Шоферы шай іш дегенге қарамай асығып, үсігіп жолға жиналады. Астындағы судай жаңа автомашина от алмай әлегін шығарады. Өмірі рукоятқамен от алдырмаған шофер, қатты айналдырады өзі де шоң күштің иесі болса керек ақыры ортасынан үзіп тынады. Машина от алмайды. Ақ тер, көк тер болған шофер үйге кіріп, еңтігін басып, бір-екі шыны шай ішіп есін жинайды. Қайыра, парткоммен шығып, машинаға отырып, кілтті бұрап қалғанда бағанағы от алмаған машина дүр ете түседі. Міне, ең алғашқы сырттай таныстық осылай басталды. Жандарбек қожа жайында ел-аузындағы аңыз-өңгімелерді жинап, құлағымды түріп жүретінді шығардым. Жандарбек атаның есімі айтылса болды-ақ елеңдеп тұратын болдым. Қолыма, Жұмабек Хамзиннің кітабы түсіп, дем алмай оқып шықтым. Өте қызғылықты, тартымды етіп жазыпты.

Қожахметұлы Жандарбек 1907 жылы туған. Әкесінен 9 айлығында айрылған. Өмірден 1996 жылы, 3 жұлдызында өткен екен. Еліне елулі, халқына қалаулы Жандарбек жастайынан еңбекке араласып, ата – баба аруағын арулап, аузынан біссімилләсін тастамаған. Қылышынан қан тамған кеңес дәуірінде де құран оқып, намазға жығылған дейді ел. 1916 жылғы ұлт азаттық көтеріліс кезінде ес біліп қалған балаң жігіт шағы екен. Ақкөл-Жайылма, Баянауыл өңіріндегі Қартқожа, Әмен бастаған көтерілістердің не бір қиыншылықтарын, ерлердің ерліктерін естіп өскен. Жандарбек жастайынан әкесінен айрылып, бар ауыртпашылық өзіне түседі. 1931-32 жылдың ашаршылығын көзімен көрген Жандарбек халықтың қамын ойлап қатты қапа болады. Осының бәріне кім кінәлі болды екен, соны ойлайды. Аллаға күні, түні құлшылық қылады. Елінің аман-саулығын тілейді. Бәлкім, дуа қонған Жандарбек ата бұл-қырғыннан да аман-есен қалады. Сөйтіп, 1937-нің зұлматы келіп жетеді. Орайы келген соң айталық, Мәшһүр-Жүсіп 1928 жылғы колхоздастырудың арты жақсылыққа апарып соқпайтынын күні бұрттын білген. Тіпті, кеңес дәуірінің де ұзаққа бармайтынын да сезген, өлеңіне арқау еткен. 1931 жылы өзінің асын көзі тірі кезінде беріп, жатар көрін қазғызып, дайындаып кеткен екен. Жандарбек қожа да тура осылай жасаған. Бұл – кездейсоқтық болмаса керек. Бірі – Исабек ишанның шәкірті, бірі-Исабек ишанның шөбересі. Екеуі де өмірден әулие болып өткен адамдар. Мәшһүр-Жүсіптің ақындығынан басқа көріпкелдігі, емшілігі де болған ғой. Осы жағынан да Жандарбек қожа Мәшһүр-Жүсіпке рухани жағынан

жақынырақ келеді. Әрине, Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің ғұлама, данағой, пірмұған, ерекше тұлға екендігінде дау жоқ.

1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталады. Жандарбек ата да құр қарап қалған жоқ, қолына қару алып, 219-шы атқыштар полкінің қатарында майданда, соғысқа аттанды. Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі. Самсаған, қарша бораған оқ арасынан атамыз оқ қағары бар екен еліне аман сау оралады. Техниканы меңгеріп, комбайыншы-тракторшы мамандығын меңгереді. Ел соғыстан титықтап, әбден тұралап қалған уақыт, бірден еңбек майданына араласады. Ел түзеліп, аузы аққа тигеннен кейінгі жылдары Жандарбек ата өзінің ата-баба қанымен келген дін жолына, имандылықтың ақ жолына қайтып түседі. Жандарбек қожаның екінші өмірі басталады.

Жандарбек қожа ақиқаты неше түрлі аңыз бен әңгімелерге арқау болады. Кеңес дәуірі басын айналдырып тастаған қазақ елі шыны керек имандылыққа нәмқұрайлы қарады. Ел ішіндегі тәуіптер, емшілер, дін адамдары молла, халпе, имандар құбыжық болып көрінді. Өз әкесіне жаназасын шығарып жатқанда қолын жаяуға батпаған коммунистер де болды. Ал жұлдызшы, кісеші, жауырыншы, құмалақшы, бақсылар дегендер елден безіп кетті. Не иесінен айрылып қалды.

Бала кезімізде біздің елде Жұмақан деген бір көзі жоқ соқыр кісі болды. Жарықтық айт уақытында жарапазан айтып, ел ақтайтын. Балаларды көзінің мақтасын суырып алып, қып-қызыл қылып алып қорқытатын. Айттың ол уақытта не екенінде шаруамыз жоқ, әйтеуір қант-кәмпит жесек болды. Жұмақанды ит салып, айтақтатып қуушы едік. Бірді айтып, бірге кеттік, мұны тәппіштеп айтып жатқанымыз «жарапазан», «айт» деген ұғымдар біздің ұғымымызға қаншалықты ауыр болса, ел діннен соншалықты қашық болды. Мешіт дегендері соңғы кездерде ғана көре бастадық емес пе. Мінекей, осының өзі-ақ Жандарбек қожаның қаншалықты қиын кезеңде халқына қызмет еткенін байқауға болады. Ол кісі емші болған, халық емін жақсы білген. Жандарбек атаның емшілік қасиетін естіп еліміздің түкпір-түкпірінен халық ағылған. Сынықшы атанған ата, қандай күлдей үгілген сынық болсын қолымен сипап отырып жинап орнына келтірген, сынған сүйек өзінен өзі бітіп кеткен, шыққан қол, аяқ болса, оны да салған. Қазақ сауатсыз халық, оқымаған ел деуші еді кеңес дәуірінде. Құдайға шүкір өшкеніміз жанып, өлгенміз тіріліп ұлықтайтын уақытқа да жеттік. Әйтпесе, Жандарбек атаны кім айтады? Кім ұлылығын ұлықтайды? Көкірегі ояу, көзі ашық қазақ елі ежелден малдың да, құстың да, адамның да емін білген ғой. Мал-жан ауруларының көптеген түрлері бар. Мысалы, маңқа, сақау, қарасан, айналма, топалан, су

мүйіз т.б. Оған қарсы емшілер, тәуіптер ем қолданған. Шөптің әр түрлерінен дәрі жасаған. «Шипагер Баян» кітабында медециналық терминдердің байырғы түрлерін кездестіруге болады. Демек, емшілер тек қана атадан-балаға қалған мирастан үйренбеген, ол аздық еткен, алланың өзі берген сыйы болар не іштей оқып туған. Емшілердің иесі болған, ол шошынша сол емші ауруға душар болған.

Жандарбек қожа халықтың байырғы өнерін бойына сіңіріп, көпке дейін созып әкеліп, кейінгі ұрпаққа жеткізген. Баталы құл арымас, батасыз құл жарымас. Мәшһүр-Жүсіп айтпақшы «дуа қонған» адам ол-Жандарбек қожа. Бүгін біз атаның батасын алып, бір жасап қалдық. Бұл-дүниеде қанша білімді болсаң да тылсым, құпия сыры ашылмаған амалдар көптеп ұшырасады. Исабек ишанды, Мәшһүр-Жүсіпті, Жандарбек қожаны танып, білдік дегенмен, ішкі сырына үңілген сайын, басқа қырынан ашылып, тереңдеп әлі де талай таң қалдыра анық. Баяғы қиял-ғажайып ертегілер қайтадан ақиқатқа айналды. Сайып келгенде бұл-дана кісілер жердің тыныштығы үшін, адамзаттың бостандығы үшін күрескен. Бір замандағы қырық кез көтерілген топан су, Нұқ пайғамбардың кемесі халық аузында сақталған *«Қазығұртта кеме қалған, Ол әулие болмаса, неге қалған?»* бір шөкімдей сөз тарихтың сарғайған көмескі тартқан аббат бағынан сыр береді. Осы ұран сөз әр үйдің босағасында алтын әріппен жазылып, ілініп тұруы керек сияқты. «Арал қасіреті» күллі адамзаттың қайғысы екендігін Елбасы ескертті. Шапағаты нұрын шашқан қасиетті адамдарды еске түсіргенде, адамзаттың қасіреті «экология» да еске түседі. Қасіретті адамзат өзі қолдан жасайды. Имандылық, сенім жоқ жерде өмір сүру бос далбаса. Жоғарыда аты аталған адамдар имандылықты өмір бойы ту қылып жоғары көтеріп, ұстап өткен. Ал оның шапағатын міне өздері көріп отыр. Имандылық, ар алдындағы тазалық ол-адамдардың өзінің тазалығы ғана емес, жер бетінен жаман пиғылдағы адамдарды аластау тазалығы болып табылады. Адам мен жер егіз ұғымдар. Әйтпесе, балшықтан адам, еркектің қабырғасынан әйел заты жартылмас еді. Алғаш табиғатты таныған адам, енді өзін-өзі танымай қайыра бастапқы ойына келе алмайды. Сондықтан да, ей адамзат «балаң, сәби шаққа» оралындар деп, бар әлемге естірте жар салғымыз келеді. Кімнен үйренетін емес, Жандарбек қожа рухы үлгі бола алады. Өзінің бойына қос қасиетті қатар сіңірген бірі-білімі, екіншісі – рухани жан рахаты қатар келіп үйлесім тапқанда ғана адам осы дәрежеге жете алады. Ал біздің ойымыз бен жанымыз бірінен бірі кем соғып жатады. Сондықтан да кекшілміз, күншілміз, қызғаншақпыз, адал адамдардың жанына қас жасауға дайын тұрамыз. Бұдан арылмай қазақ елі бақытты

бола алмайды. Жандарбек атаның ұлағатты істері сайып келгенде, бірлікке, татулыққа, елдікке, өзінді өзін таны дегенге, ұлтжандылыққа шақырады. Олай болса, «*төртеу тугел болса төбедегі келеді, алтау ала болса ауыздағы кетеді*» қорытынды шығарайық ағайын.

«Ишан» көне сөздің құпиясы қандай?

Орта Азия мен Қазақстанға XVII екінші жартысымен XIII ғасырда келген. Осы кезеңде ишандардың беделі арта түсті. Ишан дербіштердің ұйымының жетекшісі болып табылған (ЭСФ (Фасмердің этимол. түс. сөздігі); (парс.) – Дербіштер мен сопылық бағыттағы қауымдастық ағымның басшысы және жетекшісі. И. Діни ұғым бойыншы болашақты болжай біледі, адамдарды аурудан емдейді (Тарихи сөздік). Ишан [Кас. Tob., айшан (п. таранс. А.Қ.) (Dsch.), pers. = «они - sie»] святой, набожный, Ишань- der Heilige, ein frommer Mann, der Ischan. Ишан (v) [айшанбақ (п. транс. А.Қ.) (Dsch. OT.)] = ышан, ыжан вѣрять, имѣть, довѣрие, надѣяться, уповать – glauben, Zutrauen haben, hoffen auf (S. S.). тат. шағ. isan тілінен ауысқан. «қасиетті, діндәр адам» (Рад. 1550). Ишан. «діни мұсылмандық әлпеті бар» (Даль). Ишан- дербіштік, сопылық бағыттағы мұсылман қауымдастығының жетекшісі, басшысы (ауд. А.Қ.) (Рұст, КРТСАИЗС-129). Ишан-діндар, қасиетті, әулие адам (Абай-АТС, 295). Ишан-діни. Дін басшыларының жоғары атақтарының бір атауы (КТТС, 362).

Түркімендерде 1730-1815 жылдары ишандар көп болған. Ибатулла ишан (1794-1867) ішіндегі ең білімді жетекшісі өмір сүрген екен. Тарихта ишандар басшысы болған Кемал ишанның (1911) да есімі аталады. 1898 жылы Әндіжанда ишандар көтерілісінде көптеген қияли (фанатик) молдалар, сопылар, ишандарды өлтіріп жіберді. Мүриттерге – шейхтар, пирлар, ишандар, уставтар да жатты. Мысалы ... ишан орден (орден-деген қазіргі ұғым емес, ұйым, топ сияқты-А.Қ.) накшбэнди Мухаммед-Али-хальфа басқарды. 1858 жылы «Айғұн» келісімі (договоры), Қытайда – амурлық Ишандардың басбасшысы келісім даярлаған. Бұл мәліметтерге қарағанда ислам шеңберінде сол уақытта да түрлі ағымдар болған сияқты. Оның ұшқыны *Павлодарға* да келген болуы керек өйткені «...*Бұрын онда **Файса** [сияқты] дәруіштер тұрғанда баратын, бірақ олар қайтыс болғаннан кейін, онда бару тоқтатылды...*» - деген жоғарыдағы дерек босқа айтылмаса керек. Демек, ишан – деген әулие, көріпкел, емші, діни сауаты бар адам болған екен. Әрине, содан бері талай су ақты, заман өзгерді. Ислам дінін қазақ арасына насихаттау оңай болған жоқ. Құранның аяттары мен сүрелерін дұрыс түсіндіру үшін қаншалықты күш-жігер еңбек керек екендігін қазіргі уақытта да байқап жүрміз. Қазақ арасында келген

дәуіріш, иман, молда, ишан т.б. болсын текқана дұрыс ниетпен келген діни адамдар болды. Олар да қазақ тілін, тарихын сақтау үшін, әдет-ғұрыпты, салт-дәстүрді сақтауға көп атсалысты. Ишандар да қызыл кеңес саясатында қуығын, сүргін көрді итжеккенге айдалды, атылды т.б. Сондықтан да, «өлі жібімей, тірі байымайды» - деген мақал дұрыс айтылған. Өшкөнімізді, өткен тарихты ұлықтау, келер ұрпақ үшін үлкен сабақ. Түркілер батырларының басына мазар салған, бөдізшілер ішін қасиетті өсиет бітікпен өрнектеген, алдына балбал тастар орнатқан.

«Қожа» көне сөздің құпиясы қандай?

Көне сөздің құпиясын ашу үшін тарихшы, әдебиетші болу аздық етеді. Ол үшін базалық білім қажет. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасын, қазақ тілі тарихи грамматикасын, қазақ әдеби тілінің тарихын т.б. жетік меңгеру ол-тілшінің басты міндеті. Сондықтан да, анау айтты, мынау айтты деген болмайды, нақты індетіп (ақад. Қайдар), түпкішектеп зерттеу керек, ұзақ жылықпай көптеген зерттеу еңбектерді зерделеу керек, ой елегінен өткізу керек. Ғылыми зерттеуде дәл осылай болады деп кесіп айту этикаға жатпайды. Және де нақты осы мәселемен айналысып жүрген ғалымдарды да аттап өту нағыз таза ғалымның ісі емес. Біз ертеректе «Кереку» сөзінің шығу тегін жазғанбыз. Сол сияқты «Баянауыл», «Қашыр» бірліктерінің шығу тегіне қатысты да айтармыз. Мысалы, қысқаша «Баянауыл» сөзінің шығуы Ұмай // май // бай (бәйбіше, бәйтерек) пен тығыз байланысты оның аржағы мифке барып тіреледі (Басқаков, Ахметьянов - қараңыз). Ал «Қашыр» лексемасының түбір тұлғасы «қаш» пен «қашар» (құрылыс, мекенжай) сөзінің құрамындағы «қаш» бұлар түбірлес сөздер болуы әбден мүмкін. Бұл да соңғы гипотеза емес. Ол үшін тиянақты бір ғылыми еңбектерге сүйену қажеттігі туындайды. Тағы да қайтальпай айтсақ, «Этимология» деген баланың ойыны, бақсының жыны емес, белгілі бір ғалымдар бұл туралы не жазды, қандай зерттеу еңбектерінде келтірді, барлық деректерді жинап алып барып, түйіні айтылуы қажет деп ойлаймыз. Айталық, жаужұмыр, жаубүйрек, жауқазын бұлар түбірлес сөздер. Түбір тұлғасы «жау». Енді «жау» түбірін анықтаймыз. Жау – етістік, жау – зат есім. Жау (враг) дегендегі «жау» логикалық жағынан келмейді. «Жаубүйрек» адамның организмі өзіне жау бола алмайды. Басқасы да солай әжетке жаратуға болады. Ал енді «жау» (жаңбыр) жаубүйрекке қатысы шамалы, демек, жауқазын мен жаужұмырдың түбір тұлғасы «жау» (жаңбыр) байланыстыруға болар еді, бірақ, бұл - алдамшы түбір тұлғасы ғана. Оны мына зерттеулер дәлелдейді. О баста түріктер өзін танымай тұрып, қоршаған ортаны таныған. Ол: жаужұмыр мен жауқазын, материалдық қажетін өтеген. Логика бұны құптайды. «Жауқазын» мен «жаужұмырдың» түбірін қазып алып, тағам ретінде пайдалануы мүмкін не емге қолданған. Демек, «май» алған. (Тобылғыны отқа қыздырып, әкем тырнағының сөгіліп

кеткен көбесіне жағып отырғанын талай көргем). Бірақ, түркі «май» деген атын білмеген, оның орына «жак» деген уәжин білген. Көзге көрінгені қимыл ғой. Атауы жылдар бойы тұрақталып, айтыла-айтыла «жаққа» айналған. Көне түркілер «жауды» «жак» деген мәліметтер де жоқ емес. Осы «жак» жылдар өте кейіннен «жау» ретінде түзілген де, алғашқы мағынасы «жак» пен «май» ұмытылған. Сөзіміз дәлелді болу үшін былай айтып көрелік: «майбүйрек», «майжұмыр», «майқазын» логика жоққа шығармайды. Бұл сөздердің алғашқы түбір тұлғасын қалпына келтірсек: жак < май > жау сияқты тілдің даму барысын, жолын көреміз. Мінекей, осылай көне сөздерін о бастағы түбір тұлғасын табуға болады екен. Сөз де тірі организм. Олар да бір-бірімен жай ғана тіркесе бермейді. Тіліміздегі күрделі сөздер: бала-шаға, жым-жырт, ұшан-теңіз, заң-закон т.б. Бір сыңары өзінің табиғаты жағынан туысы болып отырады. Ал оның түбір тұлғасын анықтау ұзақ зерттеудің нәтижесінде ғана мүмкін болады. Шаға – кішкене (қызыл шақа не ағаштың бүрі), жырт (шырт: шырт ұйқыда жатыр), ұшан (кеме, ал кеме теңізде жүзеді), заң (қытай тілінде закон). Осындай әлі мәлім емес сөздер қаншама. Оларды анықтау тек қана кәсіби маманның қолынан ғана келеді.

Қожа. «Тіліміздің билігі «алдияр» ұранды төреде, еліміздің билігі «алла» ұранды қолсада. Бірде – бірінің бұшағы қанамай, бізге күн қору қайда. Жас істі баланы-ай деп, зарығып, қамығып жүрген күндерінде ойламаған жерден алты қолса кез келіп, қона қалыпты (М-Ж., 10). Қарасы бар ішінде, қолсағы бар, Бір айтылған таңсық сөз көпке жайып» [33, -Б. 204]. Қожа зат. 1. Діни, Мұхаммед пайғамбардың алғашқы халифтарының ұрпағы, мұсылман дінінің өкілі. Қожа зат. 2. Үй иесі, отағасы; бір нәрсені билеуші, менгеруші (ҚТТС. 7 том. 1976: 327). Қожа – Мұхамметтің алғашқы халифтерінің ұрпағы, ертеде қазақ, т.б. халықтар арасында мұсылман дінін таратушы (ҚСЭ, 1975: 578); Қазақ тілінде: «Ай дейтін ажа, қой дейтін қожа жоқ» фразеологизмнің құрамында «қожа» сөзі кездеседі. А. Кайдар: «...что данное выражение своим происхождением связано с древними традициями провозглашения власти **ажа**-«женщины-предводительницы рода и племени (отсюда и: каз. әже, кирг. еже, уйг. ача, тув. алт., ажа и др. - «старшая женщина в роду») и қожа - «хозяйина рода и племени» (этот термин, вероятно не связан с религиозным названием «ходжа»), чьи указания и приказы, замечания и предупреждения для членов общества были непрекословными» - дейді [34, 19]. Р.Сыздықова: **қожа** сөзі басқа тілден енген сөздің өзінде ешқандай дыбыстық өзгеріске ұшырамаған. **Қожа** сөзі діни атау десек, қожайын ие деген мағынаны білдіреді. Яғни, бұл жерде **-йын** қосымшасының жалғануы арқылы жаңа бір атау туып тұр. Қожайын – үйдің иесі, ең қадірлі адам, үйдің құдайы десе де болады [35, 143, 256]. Г. Потанин: Ходжа - потомок пророка [36, 153]. Л. Будагов: тур. ад. коджа 1) старый, пожилой, старикъ

(сол сияқты қожамаң). 2) мужъ, супругъ. 3) большой, огромный, кожакең, старишок, кожалк, старость, кожамаң, дряхлый, престарельный, кожа қары, старая женщина (ескі славянь харпімен жазылған-А.Қ.) [37, 72]. Л.Будагов: Ходжа бухарцы и сирийские арабы произносятся хаваджэ) старецъ, старшина, господинъ, богатый купецъ, хозяинъ, учитель, профессоръ, хаваджэ называются потомки халифовъ Абу-Бекра и Омара т.б көптеген мағынасы бар [37, 539]. Қожа > мұсылман дінінің өкілі. Хожа - У казахов так назывался один из родов. Преставителей этого рода считали потомками Мухаммеда. В переносном смысле «қожа» - хозяин (ҚЖ, 1963: 284). **Қожа** сөзі **ие** сөзінен айырмашылығы қожайын ер адамның рухын бейнелейді. Чув. şu xozî ~ мар. Būd oza, удмуртарда солай аталады. Vu knzo көбіне шал бейнесінде көрінеді (Holmberg, 1913: 68; Wichmann 1901: 52-55). Хужа-қожа: таг., башк. тілдерде `қожайын, үй иесі` ретінде және `ері, отбасы` диалек. белгілі (ТТДС: 463; Bhh II: 284). Қожа сөзінің мифологиялық бейнесі орад шоқынған татарларда кездеседі. Қожа деп қасиетті рух иелерін де атаған. Су иесі – Мұхамметқали, жер иесі – Сөнгатулла, пайғамбар негізі – Данил, араның иесі – Зөнбер ата, ат иесі – (Хәлил) күс-Гамбөр ана т.б. Кейбір иелердің аттары ауысқандығы байқалады. Қожа: шув., хоса, хуса; мар., козя, озя, удм., кузо, квазь, коми козя, морд., кузя. `қожайын` мифологияда қолданылады. Бұл парсы сөзі монғол бұлғар дәуіріне дейін-ақ (қараныз: коми козя `моншаның рухы`) болып өзгеріске түскен [38, 28]. Төрт түлік малдың өз иесі: жылқының иесі - Қамбар ата, сиырдың иесі – Зенгі баба, қойдың иесі – Шопан ата, түйенің иесі – Ойсыл қара, ешкінің иесі -Сексек ата деп әрқайсысына жекелей ат қояды. Ахметьянов парсы тілінде қожа (хужа) жожа `үй иесі` онша мифологиялық мәні жоқ дейді. Кейде **қожа** сөзі құдайдың синонимі ретінде ғана көрінеді дейді. Расында да парсы тіліндегі қожа `қожайын` мифологиялық мағынасын сақтамады. Көбіне `мырза` сияқты мағынада қолданылады. Мысалы, Қожа Ахмет Иассауи, Жандарбек қожа т.б. Қазақ тілінде қожа жанама ат сияқты көрінгенмен қожа аты бойында діни имандылығы бар адамды ерекше қасиет иесі ретінде бағалайтын дәстүр ел ішінде әлі де сақталды.

Түйін. Қожа о бастағы пайғамбарлық қасиетінен қазір аздап айрылды. Мәшһүр Жүсіп Қожаны қасиетті «алла» дәрежесіне дейін көтеріп қолданған. Қазақтар «қожа» - деп баланы сүндетке отырғызатын адамдарды келемеждеп айтқан. Бұл әсіресе кеңестер дәуірінде қатты байқалды. Қазір қожа-молда өзінің алғашқы қасиетіне ие бола бастады. Қожа > ожа > ожо > ажа > әже > қожайын > коза > қара қожалақ сияқты сөздердің тууына себеп болған. Қожа мен аба (ав) түбірлес сөздер болуы мүмкін. Өйткені әже сөзінің сілемі ана>іне>ене>эне түбірлеріне жол сілтейді. **Қ** дыбысы (қалқа- (қ) алқа) кейін қосылған протезалық құбылыс болып саналады. Қазақ тілінде «Әй дейтін ажа жоқ, қой дейтін қожа

жок» - деген мақал қалыптасқандығын байқауға болады. Қожа сияқты ғажайыптардың бірі-керемет. **Керемет** қожа сияқты көзге көрінбейді бірақ, жақсылық иесі ретінде саналады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мәшһүр-Жүсіп шығармалары. 13 том. Павлодар, «ЭКО» ҒӨФ, 2008 жыл –Б. 7.
2. Мәшһүр-Жүсіп шығармалары. 9 том. Павлодар, «ЭКО» ҒӨФ, 2006 жыл – Б. 265-267.
3. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 2-3 том. Павлодар «ЭКО» баспасы, ҒӨФ, 2003. –Б. 146-160; 42-54. Книга из библиотеки сайта www.islamua.net.
4. Библия. Глава 23, 24. Второзаконие. –М, Моква патриархии, 1990, –С.1-37.
5. Торайғыров С. Сарыарқаның жаңбыры. Бірінші кітап. – Алматы, «Жазушы» 1987. –Б. 151.
6. Еспенбетов А. Сұлтанмахмұт Торайғыров. – Алматы, «Ғылым». 1992. –Б. 115.
7. Еспенбетов А. Сұлтанмахмұт Торайғыров. – Алматы, «Ғылым». 1992. –Б. 116.
8. Торайғыров С. Сарыарқаның жаңбыры. Бірінші кітап. – Алматы, «Жазушы» 1987. –Б. 149.
9. Торайғыров С. Сарыарқаның жаңбыры. Бірінші кітап. – Алматы, «Жазушы» 1987. –Б. 21.
10. Кенжебаев Б. Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары. Қазақ мемлекет баспасы. 1956. –Б. 142-145.
11. Қазақ әдебиетінің тарихы. –Алматы, Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1963. –Б. 352.
12. Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. «Мектеп» баспасы, -Алматы. 1976. –Б. 127-130.
13. Кенжебаев Б. Түркі қағанатынан бүгінге дейін. . –Алматы «Ана тілі» 2004. –Б. 280.
14. Әдеби мұра және оны зерттеу. Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, Алма – Ата, 1961. –Б. 141.
15. Қабдолов З, Қыйрабаев С, Нұрқатов А. Қазақ әдебиеті. Орта мектептің 9-классына арналған. II бөлім . ОМБ. 1955. –Б. 102-103.
16. Ж.Ж. Қамзатөре. Әулие ата шапағаты. Домпечати. Павлодар, 2003. –Б. 3-190.
17. Исабек ишан. Павлодар, «Сыгин» баспаханасы, 2011 жыл, –Б. 4-383.

18. Мәшһүр-Жүсіп шығармалары. 1 том. Павлодар, «ЭКО» ҒӨФ, 2003 жыл – Б. 229-247.
19. Мәшһүр-Жүсіп шығармалары. 4 том. Павлодар, «ЭКО» ҒӨФ, 2004 жыл – Б.227-245.
20. Мәшһүр-Жүсіп шығармалары. 8 том. Павлодар, «ЭКО» ҒӨФ, 2006 жыл – Б. 60-74.
21. Мәшһүр- Жүсіп шығармалары. 10 том. Павлодар, «ЭКО» ҒӨФ, 2007 жыл – Б. 106-111.
22. Мәшһүр-Жүсіп шығармалары. 11 том. Павлодар, «ЭКО» ҒӨФ, 2007 жыл – Б. 289-294.
23. А.Қ. Тұрышев, А.А.Тұрышев. Дуа қыл Жандарбекті есіңе алған //ҚРБЖҒМ., Павлодар ішкі саясат департаменті., С. Торайғыров атындағы ПМУ., Жандарбек Қожахметұлының 100 жылдығына арналған «Адамгершілік-рухани тәрбиенің діни аспектілері және қазіргі қазақстандық қоғам» атты аймақтық конференция материалдары. Екібастұз, 2006. –Б. 86–92.
24. Ахметқалиұлы Н. Исабек ишан кім? // «Сарыарқа самалы» газеті, №58 (13295) 2001 жыл
25. Мәшһүр-Жүсіп Қ. Исабек ишанды ұмытпайық // «Сарыарқа самалы» газеті, №83 (13528) 2003 жыл
26. Жұматов Ф. Киелі ел қасиетінен сыр тартқан // «Сарыарқа самалы» газеті, №8 (13601) 2004 жыл
27. Қасенұлы Қ. Жандарбек қожаның қасиеттері // «Сарыарқа самалы» газеті, №7 (13348) 2002 жыл
28. «Сарыарқа самалы» газеті, №103 (13996) 2006 жыл // Жандарбек қожа туралы бірнеше автордың мақалалары мен өлеңдер топтамасы.
29. Ф.Жұматов. Ақ ниет ақ жолмен келген. «Сарыарқа самалы» газеті, №77 (13970) 2006 жыл
30. С. Ғибатұлы // «Отарқа» газеті, 22-ші мамыр, 2001 жыл, №18. Екібастұз қаласы.
31. Дүйсенбаев Қ. Әулиелер өмірінен естеліктер // «Отарқа» Екібастұз қалалық газеті. Бетті әзірлеген Ж. Садуақас.
32. Түгелбаев Ә. Ақкөзді әулиелі атандырған // «Сарыарқа самалы» газеті, №98 (13991) 2006 жыл
33. Мәшһүр – Жүсіп. Шығармалары. 4 том. – Павлодар, «ЭКО» ЖШС. 2004. –Б. 204.
34. Кайдар А. Тысяча метких и образных выражений. -Астана: Білге, 2003. –19, с.
35. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. - Алматы: Ана тілі, 1993. –143, 256 б.

36. Казахский фольклор в собрании Г.Н. Потанина. - Алма - Ата: Наука, 1972. – 153 с.

37. Будагов Л.З. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. Том I. Санктпетербургъ: Типографія императорской Академіи наукъ, 1869. –С. 539. Том II. 1871. – С.72.

38. Ахметьянов Р.Г. Общая лексика духовной культуры народов среднего Поволжья. - Москва: Наука, 1981. – С. 28.

РЕСЕЙ ҚҰҚЫҒЫ ТАРИХЫНДАҒЫ АНТ БЕРУ

А.Б. АХМЕДЖАНОВ

магистрант, ПГУ имени С. Торайгырова

Ежелгі Ресейде мемлекет және құқық тарихында ант берудің өзіндік орны болған. Ежелгі Ресейдегі ант беру туралы X ғасырдың орыс-византия шарттары және «Повести временных лет» мәтініне кірістірілген аудармалар және оларға ілескен жылнамалық әңгімелер куәлік етеді.

Біріншіден, шарттың өздерінде талапкер мен жауапкерді қатыстыратын ант беру туралы тікелей сөз етілген. Ресейдегі рим құқығының рецепциясы Ресейдің Византиямен 907 жылғы Шартына байланысты деп есептелген.

Осы шарт дауларды шешудің белгілі бір тәртібі болғандығын көрсетеді, сондай-ақ дәлелдемелердің талаптары мен ерекшеліктерінің қалыптасқандығы («показания явленные», «верное о тацех явлении», «клянется часть та, иже ищетъ неятью веры»), белгілі бір іс жүргізу формасының туындағаны туралы куәлік етеді: дауды қарау кезінде сөзсіз орындалатын кейбір формальды талаптардың бөлініп шығуы. Әдетте, «іс бойынша назарға алынатын дәлелдемелер тізімі көрсетілетін». Оларға ант берулер, жазбаша дәлелдемелер, куә айғақтары, сот хаттамалары және т.б. жатқызылған [1, 17 б.]. Осылайша, «Русская Правда» бойынша ант беру дәлелдемелердің бір тарихи түрі болған.

911 жылғы шартта бұл туралы екі мәрте сөз етілген. Бір мақалада былай делінген: әр «тарап» өз наным бойынша ант етеді. Ал басқа тарап оны айыптайды, егер оның айыппұлды өтеуге шамасы келмесе, онда олар: «да о проци да роті ходит своєю вірою» - деген. 944 жылғы шартта құлдың «Ресейлік» біреуден қашқан жағдайдағы оның ант беру тәртібі туралы сөз қозғалған; «до на роту идуть наши х(р)естьяне Руси по вірі ихъ, а не х(р)е(сть)янии по закону своему», ал басқа мақала 911 жылғы шарт мақаласын қайталайды: «а о прошу да на роту ходитъ по своэй вірі». Көріп отырғанымыздай, ант беру екі сөзбен тепе-тең

түрде айтылған: «ант етеді» және «роте (на роту) ходит (идут)», және бұл жерде кез келген ант айыпталушының өз наным бойынша айтылатынын байқаймыз [1, 17 б.].

Екіншіден, ант берудің мәтіні шарттардың және оларға жылнамалық түсіндірмелердің өзінде-ақ айтылған. 907 жылғы шартты жасақаны туралы жылнамашы айтады: «Ц(еса)рь же Леонъ со Олександромъ миръ сотвориста со Олгом, имшеся по дать и роте заход(и) вше межы собою, целовавше [сами – по Ипатьевской летописи (далее – Ипат.)] кр(е)сть, а Олга водивше на роту и муж(и) ег(о) по Рускому закону, кляшася оружемъ своим и Перуном б(о)гомъ своим и Волосомъ скот(ь)емъ б(о)гомъ, и утвердиша миръ» [1, 17 б.].

Бұл жерде орыстардың тілдік ант берулерінің мазмұнын айқын көруге болады: олар қарумен және славян құдайларын атап, ант берген. Одан басқа, ең алғаш орыс жылнамаларында крестті сүю түріндегі ант беру байқалады.

Ресейде қару-жарактың маңызы өте зор және қару-жаракты аузына алып, берілген ант әскери сипатта болған. Шартта көрсетілген әскери заттар: қалқан, қылыш және «шеңбердің» тылсым сиқырлы мәні бар [1, 18 б.].

Шоқынған Ресейде ант беру шіркеу және крест көмегімен өткізілді. «Закон Божий» оқулығында былай делінген: «біз шоқынған кезде ең алдымен айкастырылған саусақтарымызды маңдайымызға ойымыз ашық болуын тілеп, содан соң ішімізге ішкі сезімдеріміз пәк болуын тілеп, сосын оң және сол жақ иықтарымызға күшіміз бен жігеріміз кетпесін деген ниетпен қоямыз» [1, 18 б.]. Яғни, ант беруші тұлға ант беріп тұрған кезде осының барлығын іштей ой елегінен өткізіп, соған саналы түрде жол беруі керек.

911 жылғы шартта және оған жасалған жылнамалық түсіндірмеде мемлекеттер арасындағы бейбітшілік пен келісім ант берумен бекітілген және ешкімнің де оны аттап кетуге құқығы болмаған. Ант беру формалары туралы шарт мәтінінде бекітілген, олар өз қаруымен ант еткен. Гректер құрамына орыстар енген шарт грамотасын бекіткен кезде ант бермеген, олар шарт грамотасына крест күйіндегі мөр басқан. Осылайша, біз қарастырылып отырған құжатта орыстардың қарумен ант бергені туралы және гректердің шартты бекіту үшін христиан символдарын пайдаланғанын байқаймыз [1, 18 б.].

«Повесть временных лет» кітабында ант беру, сондай-ақ гректер және орыс кінәзі Олегпен бейбітшілік келісімін жасасқанда да айтылады. «Клятва» и «рота», «клятися» және «заходить роте», «на роту идти» сөздері шарттарда да, оларға жасалған жылнамалық түсіндірмелерде де бірдей қолданылған. [1, 19 б.].

В. А. Новицкийдің деректері бойынша, Ортағасырлық Ресейде ант берудің екі негізгі түрі болған: уәде етуші және растаушы. Уәде етуші ант беру өз міндеттемесін орындау туралы кепілдік және уәде ретінде қолданылған. Ант берушілер крестті сүйетін, осыдан бұл рәсім «крест сүю» рәсімі деп аталып кеткен. Растаушы ант беру факттың бар-жоғы туралы белгілі бір тараптың сөздерін айқындау үшін қолданылған және ол соттық дәлелдеме болып есептелген. Ант берудің бұл түрі ерікті, қажетті болып бөлінген. Ант берген тұлға ақталған және қарсы тараптан соттық шығындардың өтелуін талап етуге құқылы болған [2, 26 б.].

Ант беру және крестті сүю шарт грамоталарының міндетті белгісіне айналды. Крестті сүюдің діни салты құқықтық салдардың туындауына әсер ететін, себебі бұл салтсыз шарттың заңи күші болмайтын. Одан басқа, жазбаша актілердің дамыған кезінде де крестті сүю салты өз күшін сақтап қалды [1, 19 б.]. Сонымен қатар крестті сүюге аса зор көңіл бөлінді, себебі шартты бұзу құдай жіберген үлкен қасіретке душар еткізуі мүмкін еді.

Ресей іс жүргізу құқығы аясында ант беру рим құқығы ережелерінің рецепциясы нәтижесінде пайда болды. Бұның басы болып, кінәз Олег пен византия императорлары Лев және Александр арасындағы шарт (911 жыл) табылды. Бұл шарт Ресейге соттық дәлелдемелер туралы рим процесінің өзгертілген нормаларын әкелді. Осы сәттен бастап, ант беру, іздестіру, куә айғақтары соттық дәлелдемелер ретінде орыс заңнамасында қолданыла бастады [2, 49 б.].

Римде құқық тарихшылары анықтағандай, дәлелдемелердің жақсы даярланған жүйесі болған. Рим құқығында дәлелдеу құқығының негізгі түсініктері белгілі болған: дәлелдемелер және оларды сұрыптау; дәлелдеу затының даулы фактілері; дәлелдеу ауыртпашылығы (onus probandi); дәлелдеу заттарының да мықты жүйесі жұмыс істеген, мысалы, куә айғақтары, жазбаша хаттар, қылмыс болған жерді қарау, тараптардың анттары *iurjurandum* және т.б.

Дәлелдемелер туралы мәселені қарастырған кезде И.Я. Фойницкий мынаны атап өткен: «Дәлелдемелер сотқа берілген талаптардың негізділігін растайтын формальды сипатта болған, олардың қатарында кінәсін мойындау, соттық жекпе-жек, крестті сүю (ант берудің орысша түрі авт.) және қылмыс орнында ұстап алу» [3, 32 б.].

Дәлелдер ант беру арқылы жүзеге асырылған, және ол «рота» орыс құқықтық терминімен айқындалған. Куәлар және ант берушілер тек бос тұлғалар ғана болған, қайыршылар және бұрын қылмыс жасағандар куәлар ретінде жіберілмеген. Куәлардың екі түрі ажыратылған: видоктар (көргендер) – оқиғаны өз көзімен көргендер және послухтар

(естігендер) – мағлұматты естігендері бойынша білген тұлғалар. Дәлелденетін оқиғаға байланысты олардың айғақтары толық дәлелдеме болу үшін куәлар санына көңіл бөлінген: реніш туралы істерде – 2 адамнан кем емес; өзін өлтіру туралы істерде – 7 адамнан кем емес және т.б. «Ортақ сілтеме», яғни екі тарап та бір куәға сілтесе, онда ол оның толық куәлігі ретінде жіберілген. Видок және послух сыртқы орта әсерлерін қабылдауға қабілетті болулары керек еді, сондықтан куә болуға сақау, мылқау және есі дұрыс емес адамдар жіберілмеген.

Ресейде дәлелдемелер болмаған немесе жеткіліксіз болған жағдайда соттың ерекше формалары қолданылған. Оларға жататындар: соттық жекпе-жек, ант беру, жребий, сумен, темірмен, отпен сынау. Алаң (соттық жекпе-жек) – дауды қару арқылы шешу, рулық-тайпалық қатынастар қауымдастықтарға ауыстырылған кезде және әділдікті өздері жүзеге асыратын шақта пайда болған. Жребий діни нанымға негізделген, яғни құдай соты бал ашу арқылы орындалады деп білген. Жребий – ежелгі формалардың бірі, ол куәлардың дауласу жағдайында және қай тарап ант қабылдау керектігін шешу керек болғанда қолданылады. Тергеулер христиандықты қабылдағаннан кейін пайда болды және өлім, ұрлық істері бойынша қолданылды. Тергеу рәсімі адамға отпен, сумен, темірмен физикалық әсер ету арқылы өткізілетін.

«Русская правда» былай делінген: Егер де біреу қатты соққыға жығылса, онда оған куә іздеп қажеті жоқ, егер соққыға жығылғаны туралы еш із болмаса, онда ол куә әкелуі тиіс, әкеле алмаса, онда іс аяқталады. Егер жәбірленуші өзі үшін кек ала алмаса, онда кінәліден өкпесі үшін 3 гривень және емшіге төлейтін қша алады...

Барлық даулар ерікті куәлар арқылы шешіледі. Қайыршы сотқа бара алмайды, бірақ талапкер оның айғағына сілтей алады [41, 27 б.].

Ресей құқығының алдағы уақыттағы тарихында соттық дәлелдемелер ішінде ант берудің орны бөлек болды.

Ресей құқығы кодификациялануының бірінші тәжірибесі болып Иван III заңи кітабы 1497 жыл табылады. Бұл заңи кітапта барлық аумақтық-әкімшілік бөліністердің заңнамалары біріктірілген және оның іс жүргізушілік сипаты болған.

Бұл кітап 1550 жылы кеңейтіліп, 1566 жылы Нұсқау жарияланды, бұнда тінтуге қай уақыттарда жол берілетіндігі туралы айтылған. 1626 жылы ант беруге қатысты Нұсқауда крестті сүю ант берудің ерекше түрі болып табылады.

1649 жылғы Шіркеу Нұсқауында дәлелдемелер келесідей түрлерге жіктелеген: өз кінәсін мойындау және ант беру (тараптардың айғақтары); куәлардың мойындаулары және жазбаша дәлелдемелер; жребий.

1715 жылғы «Краткое изображение процессов или судебных тяжб (1715 г.)» атты қызықты қайнаркөзде ант беруді реттейтін процессуалдық нормалардың бірқатары ашылған: 1) Өз кінәсін мойындау; 2) Куәлар арқылы; 3) Жазбаша дәлелдемелер арқылы; 4) Ант беру арқылы... [5, 155 б.].

Әрі қарай көрсетілген әдебиетте ант берудің талаптары, ант беруден бас тартудың салдары, сотқа немесе ант беруге келмегені үшін жауапкершілік, сондай-ақ ант беруге байланысты өзге де жағдайлар сөз етілген. Антты, әдетте жауапкер береді.

Ауыр қылмыстар туралы істерді қараған кезде сот мән-жайды анықтауға басқа негіздер болған жағдайда ант беруге жүгінбеуі керек. Себебі, ант беру дәлелдеменің соңғы нүктесі болып саналады және абайлап қолданылады.

Егер жауапкер ант бермесе, онда ол айыпты болып танылады. Бірақ, өлім жазасы көзделген қылмыстарда ант айыптауға негіз бола алмайды. Бұндай жағдайларда оның кінәсін дәлелдейтін нақты айғақтар қажет. Осы нормада әділдіктің маңызды нормасы бар, «ешкімнің өмірін жазықсыздан жазықсыз қиюға ешкімнің де хақысы жоқ» [5, 155 б.].

«Егер талапкердің талабын негіздеуге еш дәлелдемесі болмаса, онда жауапкер ант берген».

«Егер талапкер өзінің шынайылығын дәлелдей алмаса, онда жауапкер өзінің кінәсіздігін дәлелдейтін дәлелдемелер әкелуі тиіс. Егер ол өз кінәсіздігін дәлелдей алмаса, онда оған қатысты ант беру мен тергеуді реттейтін бөлімдерді басшылыққа алады. Куәлардың барлығы сотта ант беруге міндетті. Куәны ант берумен тек талапкер мен жауапкер ортақ келісім арқылы босата алған. Судья ант беруден босата алмаған» [5, 155 б.].

1864 жылғы реформа маңызды төрт нормативтік-құқықтық актіні енгізген: соттық бекітулер мекемесі, азаматтық өндіріс жарғысы, қылмыстық өндіріс жарғысы және әлемдік судьялармен берілетін жазалар туралы жарғы. Соттық реформа соттың әкімшіліктен бөлінгендігін, барлық сословиелік соттардың құрылғандығын, барлығының сот алдындағы теңдігін, прокурорлық қадағалауды жариялады. Құқық шығармашылық қызмет үшін дәлелдемелік құқық аясы өте қызық және дәлелдеу институты рим құқығы рецепциясына сәйкес жасалған. Азаматтық өндіріс жарғысы дәлелдемелердің римдік жүйесін қабылдаған, әсіресе дәлелдемелердің маңыздылығын (*onus probandi*) реттеу қағидасын.

Соттық процессте ант берудің әртүрлі түрлері әрекет етуде: ерікті, мәжбүрлі және бағалау ант беру.

1864 жылы ресей әділет департаменті жалпы және әлемдік болып бөлінді және сот шешімдерін қадағалайтын екі инстанция пайда болды.

Соттық шешімде түсіндірме болуға тиіс, яғни сот іс бойынша өз шешімін шығарған кезде негізді дәлелдер келтіруі керек еді. Талапты мойындаумен қатар ант беру де болды, және ол талапты мойындау сияқты құқықтық салдар туғыза алды.

Осылайша, ресей құқығы тарихында «Русская Правдадан» бастап, XVIII-XIX ғасырдағы нормативтік актілермен соттық ант беру процессуалды дәлелдеудің маңызды құралы болып табылады.

Азаматтық өндіріс тәртібі келесідей болды. Дауласушы тараптар істің ант берумен бітуін қаласа, сол туралы арыз жазулары керек болды, сол арызға қол қойып, онда ант беру жағдайлары және анттың мәтіні алдын ала жазылған ант беру парағы қоса берілуі тиіс [1, 21 б.].

Тараптардың арыздарын қарап шығып, сот ант беруді қабылдау немесе қабылдамау туралы жауап қайтаратын. Егер сот ант беруді қабылдауға шешім қабылдаса, онда олар жөнелтпе хаттармен тағайындалған орынға ант беру үшін шақырылатын. Ант беруге тараптар ант берушінің нанымына байланысты рәсімдер бойынша және шіркеуде немесе басқа да ғибадатханада өткізілетін.

Ант берудің ұқсас жүйесін басқа да діндерден байқауға болады. Құран негізінде ант беруге мысал ретінде Қабардағы XVIII–XIX ғасырдың екінші жартысындағы өндірісті жатқызуға болады. Соттық процестерде егер қылмыс барлығының көзінше жасалса, онда бұл іс бойынша дауды шешу өте оңай болатын, ал егер айыпталушы өз кінәсін мойындамаса, онда ол ант беретін. Айыпталушыға Құранды бергеннен кейін ол келесідей дұғаны айтатын: «Оллахи, биллахи, таллахи, осы кітапты жаратушы иеммен ант етемін, мен шынымды айтып тұрмын». Дұғасын бітірген соң, ол Құранды ерніне тигізіп, ары тұратын. Егер сот мүшелері мен талапкер бұл антты ақтаушы шындық ретінде қабылдаса, онда оған еш айып тағылмай, ол босатылатын. Егер талапкер жауапкердің антын қабылдаса, онда сот процесінің келесі кезеңі үшінші тұлға арқылы тазару антын беру басталатын. Бұл анттың негізінде іске қатысы жоқ үшінші тұлғаның айыпталушының еш кінәсі жоқтығын мойындап, ант береді. Талапкер екі бірге ант беруші тұлғаны өзі тағайындайтын. Ол ант берушілер айыпталушының маңайында тұратын тұлғалар болуы тиіс еді. Талапкер екі қарияның атын атап, олар айыпталушының кінәсіздігі туралы ант беруі керек еді. Әркім ант беруші болуға құлшынбайтын. Сондықтан ең алдымен ант берушінің ант беруге деген келісімі қажет етеді. Айыпталушының кінәсіздігін дәлелдеу үшін ант беруші іс матеиралдарын жинастырып, дәлелдемелермен сот болатын күні келіп, оның айыпсыздығы туралы ант беретін. Кабардиндықтардың бекітілген ережесі бойынша куәмен

берілген ант айыпталушы заңсыз әрекет жасаса да, айыпталушының ақтаудың шешуші актісі болып саналатын [6, 65 б.].

Ант беру коммерциялық өндірісте де қолданылған. Мысалы, Павел Дегаймен жасалған Ресей азаматтық құқығы Оқу кітабының § 148 дәлелдемелер ретінде коммерциялық сотта қолданылады:

- кінәсін мойындау;
- жазбаша актілер мен құжаттар;
- куәлар;
- ант беру [7, 76 б.].

Осылайша, дауласушының антымен расталған мән-жай дәлелденген және басқа дәлелдемелермен датталмайтын болып есептелген.

Бұрын біз XIX ғасырда Ресейде ант берудің үш негізі көрсетілген Ф.А. Брокгауз бен И.А. Ефронның жұмысына тереңірек тоқтала кетсек (13 бетті қар.):

Мемлекеттік деңгейде халқына және Отанына адал қызмет ету туралы ант берген. Әрі қарай ант беруді азаматтардың екі санатына, лауазымдық тұлғаларға тағайындады. Бұл Л.В. Беловинскийдің, Н.М. Карамзиннің, В.О. Ключевскийдің, Н.И. Костомаровтың, А.Т. Кузьминаның және басқа да тарихшы-ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапқан [8, 24 б.].

Шетелдіктер орыс бодандығына кіргісі келсе, губернаторлар мен губерниялық басқармалардың қарауымен ант беретін. Патша Үйінің мүшелері көмелеттік жасқа толғаннан кейін де салтанаттағы түрде ант беретін. Сонымен қатар ер жынысты адамдар қызметтерінің адалдығына ант беретін.

Ең алғаш ант беру натурализация ретінде бодандыққа өту 1721 жылғы манифесте бекітілді, және онда айдалып келген шведтықтарды орыс бодандығына кіруге шақырылған. Бодандықты қабылдау ерікті түрде өткізілетін. Ант беруші нақты өзін қандай кәсіппен асырайтындығы туралы нақия айқынлап айтуы керек. Бірақ ант мәтінінде бодандықтың мәңгілігі туралы еш сөз етілмеген [1, 25 б.].

Бірақ 1747 жылғы 27 тамыздағы Сенат Нұсқауы орыс бодандығына мәңгіге кіргісі келетін шетелдіктер үшін ант мәтінін бекіткен еді: «Аты аталған мен, Құдыретті Құдайымызға, Аса Мәртебелі Патшайымымызға өмір бақи адал құл болуыма және шекарадан ешқайда шықпауға, басқа елдердің қызметіне түспеуге ант етемін» [1, 26 б.].

Бұл мәтін кейінгі Нұсқауларда өзгертусіз болды: 1762 жылғы 8 наурыздан және 1793 жылғы 6 шілдеден. 1796 жылғы 12 желтоқсандағы

және 1801 жылғы 18 сәуірдегі ант беруші өзін құлмын деп атамайтын [3, 27 б.].

Бодандыққа ант беру натурализация тәсілі ретінде XIX ғасырда өз мәнін толығымен өзгертеді. Ант беру шетелдіктер үшін жергілікті халыққа қатысты оларды белгілі бір құқықтық шектеулерден аластатын. О.Б. Кутафий көрсеткендей, 1807 жылғы 1 қаңтарда Манифестті шығарған уақыттан бодандыққа ант беру шетелдіктерге көптеген құқықтар берген, мысалы, олар гильдей көпестігіне берілген сауда құқықтарына қол жеткізе алған. Үкіметтің өзі бодандыққа гильдияға енудің ерекше тәсілі ретінде қарастырады, сондықтан ресми заңнамалық актілерде гильдия құрамына енушілер үшін «мәңгі бодандық» сөзі қарастырылған [6, 95 б.].

В.М. Гессен белгілегендей, натурализацияға осылайша қарау ант беруді жеңілдетудің үрдісіне нұсқайды [9, 223 б.].

Осыған ұқсас антты туысқандыққа да беретін. Осылайша астрахан қалмықтарында тегі жоқ тұл жетім бір қауымдастыққа туысқан болып өзі және келешек ұрпағы үшін ант береді [10, 34 б.].

Қылмыстық өндірісте ант беру куә айғақтарының және басқа да қатысушылардың шынайылығын дәлелдеу болып табылады. Ант беру ол өзінің шынайылығын немесе қарсы тараптың теріс бұрмалаушылық жасап тұрғанын дәлелдейтін бір қалыпқа келтірілген салтанатты түрде беріледі. Ант берудің формальдығын сақтап, дұрыс ант бере алмаған тарап үшін істе жеңіліс табатынын білдіреді [11, 256 б.].

XIX ғасырдың ант беру рәсіміне ант берушінің жұбайы, сондай-ақ жақын туыстары жіберілмейтін. Сонымен қатар ант беруден діндері ант беруге тыйым салатын тұлғалар да жіберілмейтін [1, 29 б.].

Ең алғаш жоғары лауазымға тағайындалған тұлғалар, мысалы, судья, нотариус, сот приставы, сот аудармашысы және фотосуретшісі қызметтеріне сайланғандар ерекше ант беретін. Олар әркім өзінің дініне байланысты өздері орналасқан жұмыстың департаментінде немесе бөлімшесінде ант ететін. Ант берушілер мемлекет, шіркеу, қоғам, отбасы мүдделерін әрдайым қорғауды және сот пен билікке құрмет көрсетуге ант ететін.

Алқабилерге олардың құқықтарын түсіндіру олардың ант беруі. осының барлығы азаматтық-құқықтық атмосфераны қалыптастырады. Бұл туралы Г.В. Плеханов былай дейтін: «Ант беру – дінсіз адам үшін де құдыретті құбылыс. Ант беруші өз арымен өзіне жүктелген міндетті орындауға ант береді» [12, 315 б.].

Ф.П. Васильев пен Н.Ф. Бережкова белгілегендей, Ресейде мемлекеттік қызметтегі барлық адамдар ант беруге міндетті еді. Оны

1715 жылы 26 сәуірдегі Нұсқауымен Петр бірінші бекіткен еді және онда былай делінген: «мемлекеттік қызметке кірген бодандар мен шетелдіктер патшасына ант беруге міндеттенеді» [13, 25 б.].

Әскери ант ерекше көңіл бөлген жөн. Онда әскери борышын өтеудің моральдық және рухани негіздері белгіленген: «әскери адамдарға абыроймен өлген, абыройсыз өмір сүргеннен әлдеқайда артық» [14, 10 б.]. Ең алғаш Ресейде әскери жарғыда (1647 ж.) көрсетілгендей, ант берудің маңызы бөлігі крестті сүю болды [14, 15 б.].

Тарихи деректерге жүгінсек, әскери анттың авторы Петр I болды, және бұл ант мәтініне киелілік берді. 1716 жылы патшамен жазылған мәтін бойынша XIX ғасырдағы әскер ант берген. Ұлы Петрмен бекітілген анттың мемлекеттік заң мәртебесі болды. Ол өзіне өткен ғасырлар тәжірибесін жинақтап, үш маңызды ұғымды біріктірді – Отан, Патша, православиелік дін [1, 32 б.].

«Мен (имярек), Құдыретті Құдайдың атымен Петр Біріншіге және Ұлы Ресей державасына қасық қаным қалғанша қызмет етуге ант етемін. Және Ұлы Мәртебелім мен оның Мемлекеттінің барлық заңдарын бұлжытпай орындауға, сақтауға ант етемін. Барлық жерде Ұлы Мәртебелім мен оның Мемлекетіне төніп тұрған қауіп-қатердің алдын алуға, одан сақтауға ант етемін. Ал Ұлы Мәртебелім мен оның Мемлекетінің қарсыластарын аямауға және оларды елімізге жолатпауға барынша ат салысуға ант етемін. Ұлы Мәртебелім мен оның Мемлекетіне Христиандық адалдықпен қызмет етуге ант етемін. Және маған міндеттерімді адал орындауға бір Құдай жар болсын» [1, 32 б.].

1869 жылғы әскери қаулылар Мәліметтерінде былай жазылған: «Ант беру солдаттың шын жүрегінен шығуы керек, ол Құдай алдында және киелі Евангелияға қолын қойып, «Патшасына және Құдайға адал қызмет етуге ант етеді, Ал антын бұзғандарға елінен де Құбайдан кешірім жоқ» [1, 35 б.].

Ант беру тарихта 1874 жылы жалпы әскери бағыныштылық ретінде таныла бастады, яғни «отанды қорғау» «халықтың ортақ ісі» болып жарияланды. Ол үшін бәрі де бірігіп, ортақ іске жұмылдырылуы тиіс [1, 35 б.].

Бұл тезис декларативті сипатта болды. Негізінен, антты жребий бойынша әскери қызметке түскен христиандар беретін. Әскерге адамдар өз тағдырына қарағандай қарайтын. Кейбіреулер тағдырларынан қашып, өздеріне өзі қастандық жасайтын, кейбіреулер тағдырларына мойынсұнатын, бірақ ешкім де әскерді «киелі міндет» ретінде санамайтын [1, 35 б.].

Ресей құқықтық жүйесінің даму кезеңдеріне қысқаша шолу жасасақ. Ресей құқықтық жүйесіндегі ант беру институты қалыптасуының өзіндік ерекшеліктері болған:

- ең алғаш орыстардың анттары қару-жарақпен және славян құдайларын куәлікке шақырумен өткізілген;

- шоқынған Ресей шіркеу және крест арқылы ант беретін;

- ант беру іс жүргізу дәлелдемесі ретінде рим құқығының әерінде болды, Рим империясының құқық мирасқоры Византиямен экономикалық, саяси және мәдени байланыстар әсерінен Ресей заңнамасында ең алғаш – ант беру, іздестіру, куә айғақтары сияқты дәлелдеме түрлері пайда болды;

- сот процессі («Русская Правда» бойынша) айыптаушы емес, жарыстырушы сипатқа ие еді;

«Русская Правда» ережелері территориялды сипатқа ие болды, демек олар Киев Русінде жаңа феодалдық құрылым пайда болғаны туралы куәлік етеді.

Осылайша, ресей құқығы тарихында «Русская правдадан» бастап, XVIII – XIX ғасырлардың нормативтік актілермен ант беру іс жүргізушілік дәлелдеудің маңызды тәсілі болды.

Осы тарихи кезеңде ант беру нақтылық пен тұрақтылыққа ие болып, мемлекеттік заңнамалық актілермен реттеледі.

Осылайша, ант беру XVII ғасырдан XX ғасыр басына дейінгі кезеңде ант беру тарихи инверсияның негізгі кезеңдерін басынан өткерді: жазалаудан аяушылыққа дейін, әскери анттан діни рәсімдерге дейін, азаматтық пен діни салт-жоралғылардың теңесуі, сөзсіз бағынудан идеологияға дейін.

Жоғары айтылғандарды қорытындылай келе, XVII ғасырдан XX ғасырға дейінгі кезеңде ант беру құқық қорғау органдарының, борыш пен кәсіби қызметіне адал қызмет ететін қызметкерлерді тәрбиелеуде ажырамас және қажетті құраушысы болып табылады.

Осы уақытта ант берудің тек түрлері ғана сақталған. Мысалы, белгілі бір лауазымға кірер алдында адал болуға және алқабилердің ант беруі.

Бұндай өзгерулер біздің ойымызша, заңды құбылыс болған сияқты.

Бұл өзгерулерге мемлекеттік және қоғамдық өмірдің идеологиялық және діни аялардағы өзгерістер негіз болды.

Бұзылған діни құндылықтар мәжбүрлі орындатуды қамтамасыз етудің жойылған орындарында ант берудің феномен ретінде жойылуын байқауға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Русакова Н. Г. Присяга как общеправовой феномен. Дисс. ... канд. юрид. наук - Нижний Новгород – 2008. - С. 17–21, 25 – 26 -29, 32, 35- 37.
2. Новицкий В. А. Теория российского процессуального доказывания и правоприменения. Монография. – Ставрополь. Изд–во СГУ. 2002 – 584 с., - С. 49.
3. Фойницкий И. Я. Курс уголовного судопроизводства 1.1. – СПб. Изд–во «Альфа», 1996. - С 27, 32.
4. Чельцов–Бебутов М. А. «Курс уголовно–процессуального права (Очерки по истории суда и уголовного процесса в рабовладельческих, феодальных и буржуазных государствах)», М, 1987г. - С. 77, 218, 306, 307.
5. Краткое изображение процессов или судебных тяжб (1715 г, март) //Хрестоматия по истории государства и права России: Учебное пособие / Сост. Титов. – М. 2004. – С. 155.
6. Кутафип О. К. Российское гражданство. – М., 2004. – С. 95.
7. Клеандров М. И. Экономическое правосудие в России до 1832. –2006 – С. 33, 76.
8. Мельник В.В. Искусство защиты в суде присяжных: учебно-практическое пособие. М.: Дело, 2003. - С. 25
9. Гессен В. М. Подданство, его установление и прекращение, – М. 1914. – С. 223–224.
10. Харузин П. П. Очерки первобытного права. (Семья и род). – М., 1818. – С. 34.
11. Уголовный процесс: учебник / под ред. К. Ф. Гуценко. – М.: Зерцало, 2005 г. - С.256.
12. Плеханов Г. В. Соч. Т. 24 – М. 1952. – С. 315.
13. Васильев Ф. П., Бережкова Н. Ф. Становление и развитие процесса принятия присяги в системе государственных органов в России // Государственная власть и местное самоуправление. – 2005. – № 3. – С. 24–25
14. Лобов В.Н. О долге и чести воинской в Российской армии. – М., 1991, С. 10, 15.

МАЗМҰНЫ

Р.К. Альсентов	
О понятии «народный» ислам (к вопросу о сущности и особенностях «казахского» или «степного» ислама)	3
А.М. Амирова, А. Авилхан	
Кәмелетке толмаған қылмыскердің тұлғасы криминологиялық зерттеу объектісі ретінде	10
Д.К. Аскержанова	
Развитие науки и инноваций в Казахстане	13
Е.Х. Ауезов	
Официальные праздники Республики Казахстан: история в контексте политики	18
А. Батай, А. Авилхан	
Баланы тәрбиелеудегі және дамуындағы жанұяның рөлі.....	25
Т.Э. Воронова	
Правовое регулирование борьбы с международным терроризмом в Республике Казахстан.....	31
С.М. Гарбузенко	
Способ лечения воспалительных заболеваний женской половой сферы в условиях поликлиники.....	38
Д.Е. Демешев	
Назначение наказания при наличииотягчающих обстоятельств	41
А.Е. Джумашева	
По просторам нашей родины	49
Г.Қ. Әбенова	
Абай Құнанбаев шығармашылығындағы құндылықтар.....	51
М.Т. Әбікенов	
Мұхтар Әуезов шығармаларындағы «намыстық ұстаным» концептісінің қолданылу ерекшеліктері.....	55
Г.Ж. Ельмуратов	
Некоторые аспекты исследования среднего класса Казахстана как субъекта модернизации.....	62
А. Еңсебаева	
Оралхан Бөкеевтің «Атау-кере» повесіндегі концептілер	66
Д. Есетова	
Ізденімпаздылық – ойлаудың көрсеткіші.....	74
З.Қ. Жомарт	
Ұлттық тәрбие мәдениеті	78
Г.Е. Жусупова, Л.А. Ғаппасова, С.Қ. Молдабаева	
Зиялыларымыздың таңдаулы өкілі.....	84
А.Л. Захаренко	
Очерки исторического краеведения Павлодарского Прииртышья. (Об историческом краеведении как науке).....	92

М.С. Казангапова, Д.С. Мусабекова	
Построение информационной модели учебного материала для дистанционных учебных курсов.....	98
А.Б. Каиргельдинова	
Использование презентаций на уроках литературы при обучении глухих и слабослышащих учащихся	103
С.А. Каиржанова, К.А. Малгаждаров	
Сословие торе в казахском фольклоре (на основе фольклорных данных).....	107
Г.М. Кәрібаева	
Тұлғаның өзін-өзі маман ретінде жетілдіруінде кәсіпқойлық пен шеберлік түсініктерінің алатын орны	111
Г.Т. Кәріпжанова	
Халықтық астрономиялық көзқарастардың тілдегі бейнесі (Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармалары негізінде)	115
А. Ковей	
Әдебиет пәнін оқытуда шешендік сөздердің алатын орны.....	125
Б.Р. Қожахметова	
Мәшһүр Жүсіп жазбаларындағы би-шешендер.....	129
Н.Е. Кузембаев	
Дискуссии о характере кипчакской государственности	136
О.С. Лифанова, И.Э. Сулейменов	
Ынталандыру-сезгіш полимерлер негізіндегі экрандар.....	145
А.В. Маликов	
Гуманитарные науки и их роль в развитии общества.....	149
Ғ.И. Мурунбаева	
Дарынды оқушының ғылыми жұмыстарын ұйымдастыру.....	153
Б.К. Нургазинов	
Некоторые предложения по вопросу отмены смертной казни в Казахстане....	158
М.Ж. Нұрғалиева	
Қазақ зиялылары және әдебиет	162
Ж.Т. Сарбалаев	
Мәшһүр Жүсіптің «Ханымбике» атты өлеңі туралы.....	166
Е.Ж. Сарбалаев	
Тарихи өлең шындығы	169
О. Сахитжанов	
Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдары.....	173
О.С. Свидерская, К.Ж. Калимуллина	
Сравнительный анализ законодательства о государственной регистрации прав на недвижимое имущество: преимущества, недостатки	178
Қ.О. Сейтказина	
Ресей империясының ислам дініне ұстанымының салдары (Қазақстанның солтүстік өңірі материалдары бойынша).....	186
М.М. Сейфуллина	
Әдеби шығармалар арқылы жасөспірімдердің этномәдени білімдерін қалыптастырудың мазмұны	192

Т.Ж. Талипова, Ғ.Б. Кусайнова	
Ғылыми – әдістемелік әдебиеттер мен оқулықтарды сараптау.....	197
Р.К. Тоғайбаев, С.Н. Мамытова	
Развитие экономической мысли Казахстана в начале XX века	203
А.Қ. Тұрышев	
Осы жұрт Исабек Ишанды (Ғайсабек) біле ме екен?	207
А.Б. Ахмеджанов	
Ресей құқығы тарихындағы ант беру	228

**«Д.А. ҚОНАЕВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН ДАМУЫНЫҢ
ТАРИХИ КЕЗЕҢДЕРІ» АТТЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-
ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ
РЕСПУБЛИКАНСКОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«Д.А. КУНАЕВ И ИСТОРИЧЕСКИЕ ВЕХИ
В РАЗВИТИИ КАЗАХСТАНА»**

2 ТОМ

Техникалық редактор: Д.Н. Айтжанова
Корректорлар: Б.Б. Әубәкірова, Б.В. Нұрғожина
Компьютерде беттеген: М.А. Ескожинова

Басуға 25.01.2012 ж.
Әріп түрі Times.
Пішім 29,7 × 421/4. Офсеттік қағаз.
Шартты баспа табағы 13,7. Таралымы 500 дана.
Тапсырыс № 1746

«КЕРЕКУ» баспасы
С. Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64.